

Регистрационный № 4188-Ж
Основан в 1997 году

№ 2-3, 2016 г.
Выходит 4 раза в год

Ғылыми журнал

І. Жансүгіров атындағы
Жетісу мемлекеттік университетінің


ХАБАРШЫСЫ



ВЕСТНИК

Жетысуского государственного университета
им. И. Жансугурова

Научный журнал



Бас редакторы – главный редактор

К.М. Баймырзаев

ректор, доктор географических наук, профессор,
почетный академик Национальной академии Наук
Республики Казахстан

Редакция алқасы – Редакционная коллегия:

главный редактор – ректор, доктор географических наук, профессор,
почетный академик Национальной академии Наук
Республики Казахстан

К.М. Баймырзаев

зам. главного редактора – д.п.н., профессор М.Ж. Мальтекбасов
ответственный секретарь – к.б.н., доцент А.С. Бахтаулова

Члены редколлегии:

Л.К. Еркинбаева – д.ю.н., профессор
М.Т. Кангуреев – д.э.н., профессор
Д.Н. Нургабыл – д.ф.м.н., профессор
Е.С. Андасбаев – д.т.н., профессор
Х.Т. Наубаева – д.пс.н., профессор
С.И. Мурыгина – магистр образования

**Регистрационное свидетельство издания № 4188-Ж выдано
Министерством информации и общественного согласия
Республики Казахстан от 12 сентября 2003 г.**

**Международный центр ISSN в Париже зарегистрировал
журнал «Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік
университетінің хабаршысы» под номером
ISSN 1813-1123**

ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ

UDC 81.139

USE OF COMPARATIVE METHOD IN TEACHING OF STYLISTIC DEVICES IN KAZAKH AND ENGLISH POETRY

Dyusebaeva S.B.

*Zhetysu State University named after I. Zhansugurov, Taldykorgan,
s.berikovna@mail.ru*

Key words: comparison method, stylistic devices, poetry, teaching, repetition, metaphor.

Comparative method of teaching is widely used and effective in learning foreign languages. Comparative analysis between language substances or phenomena between two or more languages make understanding easily and create relevant cross-cultural communication of students and can serve as a foundation of polylingual education.

Teachers of FL may use this method to explain role and use of different stylistic devices except for grammar or lexica of a target language. Because stylistic devices are one of the difficult to understand, “tricky” but at the same time actively used elements of any language. They attract readers’ attention and show emotions of the author through coloring of the idea. One of the frequently used stylistic devices is repetition. Repetition is an instance of using a word, phrase, or clause more than once in a short passage--dwelling on a point. Types of repetition with examples:

Anadiplosis

Repetition of the last word of one line or clause to begin the next.

*"My conscience hath a thousand several tongues,
And every tongue brings in a several tale,
And every tale condemns me for a villain."
(William Shakespeare, Richard III)*

Anaphora

Repetition of a word or phrase at the beginning of successive clauses or verses.

*"I want her to live. I want her to breathe. I want her to aerobicize."
(Weird Science, 1985)*

Antistasis

Repetition of a word in a different or contrary sense.

*"A kleptomaniac is a person who helps himself because he can't help himself."
(Henry Morgan)*

Commoratio

Emphasizing a point by repeating it several times in different words.

*"Space is big. You just won't believe how vastly, hugely, mind-bogglingly big it is. I mean, you may think it's a long way down the road to the chemist's, but that's just peanuts to space."
(Douglass Adams, The Hitchhiker's Guide to the Galaxy, 1979)*

Epiphora

Repetition of a word or phrase at the end of several clauses.

*"She's safe, just like I promised. She's all set to marry Norrington, just like she promised. And you get to die for her, just like you promised."
(Jack Sparrow, The Pirates of the Caribbean) [1, 18].*

One of the outstanding Kazakh poets M.Makataev used skillfully repetition in his poems. Repetition as a stylistic device is clearly reflected in his poem ‘Шыда’. For example:

Шыда, шыда, шыдай түс шыда тағы,

Шыдамдыны мына өмір ұнатады.

Үміттің құлан иек құла тағы,

Әйтеуір бір атады, бір атады [2, 32].

Repetition of the words 'шыда' and 'бір атады' emphasize the idea of the author that he should be strong, powerful and patient, because after sunset comes the sunrise. But English poet R.Kipling used repetition in his poem 'If' in order to show the conditions to remain a mankind. For example:

If you can dream-and not make dreams your master,

If you can think – and not make thoughts your aim,

If you can meet Triumph and Disaster [3, 10].

Alliteration is one of the stylistic devices, which is used in order to achieve musical effect by combination or group of sounds. For example, "*The soul selects her own society.*" (Emily Dickinson)

"The Gramercy Gym is two flights up some littered, lightless stairs that look like a mugger's paradise, though undoubtedly they are the safest stairs in New York."

(Edward Hoagland, "Heart's Desire," 1973) [4, 24].

Kazakh poet M.Makataev used masterly alliteration based on repeatedly and melodically use of soft sounds in his poem 'Шыда':

Өкінбе, өкпелеме бүгінге,

Өмір, өмір болмайды түңілуге,

Мәңгі сені жазбаған сүрінуге,

Қайта тұрып қақың бар жүгіруге [5, 7].

In English alliteration is based on repeatedly use of consonant sound 'F' in this way:

The **f**aint **f**resh **f**lame of the young year **f**lushes,

From leaf to **f**lower and **f**rom **f**lower to **f**ruit

And **f**ruit and leaf are as gold and **f**ire.

Rhetorical questions. **A question asked merely** for effect with no answer expected. The answer may be obvious or immediately provided by the questioner or rhetorical questions are those so worded that one and only one answer can be generally expected from the audience you are addressing. In this sense, they are like the unmentioned premises in abbreviated reasoning, which can go unmentioned because they can be taken for granted as generally acknowledged. "Thus, for example, Brutus asks the citizens of Rome: 'Who is here so base that would be a bondman?' adding at once: 'If any, speak, for him have I offended.' Again Brutus asks: 'Who is here so vile that will not love his country?' Let him also speak, 'for him I have offended.' Brutus dares to ask these rhetorical questions, knowing full well that no one will answer his rhetorical questions in the wrong way.

One of the famous Kazakh poets, known as a King of poetry Abai used many times rhetorical questions in his poems. For example the content of poem Балалықөлді, білдің бе? based on this stylistic device:

Балалық өлді, білдің бе?

Жігіттікке келдің бе?

Жігіттік өтті, көрдің бе?

Кәрілікке көндің бе?

Кім біледі, сен кәпір,

Баяндыдан сөндің бе,

Баянсызға төндің бе?

Әлде, айналып, кім білер,

Боталы түйе секілді,

Қорадан шықпай өлдің бе? [6, 66].

Rhetorical question was masterly used by famous English poet W. Shakespeare:

"Hath not a Jew eyes?

Hath not a Jew hands, organs, dimensions, senses, affections, passions?

If you prick us, do we not bleed, if you tickle us, do we not laugh?

If you poison us, do we not die? [7, 28].

(Shylock in William Shakespeare's Merchant of Venice). Like in Abai's poem the whole content based on rhetorical question.

Honestly, rhetorical questions are mostly used in poems of famous Kazakh poet M. Shakhanov. It is evident in these lines:

Кім айтты саған?

Тұлпарды сүрінбейді деп,

Ақ көйлек кірлемейді деп,

Ақ ешкі мүжіген ағаш

Қайтадан гүлдемейді [8, 97].

These lines are devoted to one person, to all or may be even for nobody, it isn't clear, but they show the emotions of the author.

While reading monologue of Hamlet written by great English poet Shakespeare readers can also face with rhetorical questions like this:

'When he himself might his quietus make

With a bare bodkin? Who would these fardels bear? [9, 51].

Periphrasis occurs when a single word is replaced by several others to form a longer phrase that names the same thing: for instance, 'briny deep' for 'ocean,' or 'the manly art' for boxing. . . . It's often used in euphemisms to speak 'around,' and thus spare readers from any distasteful associations the more direct, single-word variant might trigger: 'little girl's room' for 'toilet,' or 'passed on to greener pastures' for 'died.' Writers also use periphrasis to elevate their prose, to raise it from the informality of the low and middle styles to the formality of the high one, as in the following example . . . :

And those who hope that the Negro needed to blow off steam and will now be content will have a rude awakening if the nation returns to business as usual. And there will be neither rest nor tranquility in America until the Negro is granted his citizenship rights. The whirlwinds of revolt will continue to shake the foundations of our nation until the bright day of justice emerges. (King, "I Have a Dream"). Periphrasis can also lend prose a poetic or even archaic flavor. As Katie Wales notes, periphrasis is at work in the 'kennings' of Old English poetry ('swan road' for 'sea,' or 'heath stepper' for 'deer')."

There are many Kazakh poems which appeared to be famous Kazakh songs where used stylistic device called periphrasis. Periphrasis is based on putting things in a round about way in order to bring out some important feature or explain more clearly the idea or situation described. For example, let's analyze words of 'Song about mother' written by Sh.Kaldayakov.

Әлемнің жарығын сыйладың сен маған,

Даланың әр гүлін жинадың сен маған.

Сен бердің құстардың қанатын самғаған.

Expression Әлемнің жарығын сыйладың is paraphrased by 'giving a birth' or 'bring somebody into the world', but the author wanted to impress his gratitude for his mother that she presented her the light of sun giving him a birth. Next expression "Құстардың самғаған қанатын беру" means to educate, to stimulate qualities which children need in their life like wing that birds need in order to fly. In English literature 'student' may be paraphrased like "the cap and gown", 'a lawyer' like 'a gentlemen of the long robe'. One more example from "Madame Bovary" written by Gustave Flaubert "Human speech is like a cracked cauldron on which we bang out tunes that make bears dance, when we want to move the stars to pity."

A **metaphor** is a figure of speech in which an implied comparison is made between two unlike things that actually have something important in common. The word metaphor itself is a metaphor, coming from a Greek word meaning to "transfer" or "carry across." Metaphors "carry" meaning from one word, image, or idea to another.

When we think of life as purposeful, we think of it as having destinations and paths toward those destinations, which makes life a journey. We can speak of children as "getting off to a good start" in life and of the aged as being "at the end of the trail." We describe people as "making their way in life." People worry about whether they "are getting anywhere" with their lives, and about "giving their lives some direction." People who "know where they're going in life" are generally admired. In discussing options, one may say "I don't know which path to take." When Robert Frost says, *Two roads diverged in a wood, and I--*

*I took the one less traveled by,
And that has made all the difference*
("The Road Not Taken")
*Two roads diverged in a wood, and I--
I took the one less traveled by,
And that has made all the difference*
("The Road Not Taken") [10, 47]

we typically read him as discussing options for how to live life, and as claiming that he chose to do things differently than most other people do.

Many poems of well-known Kazakh poet S.Toraigirov based on using sustained metaphors. Metaphor – the application of a word or phrase to an object ; it doesn't literally denote to suggest comparison with another object or concept. For example:

Қараңғы қазақ кегіне
Өрмелеп шығып күн болам,
Қараңғылықтың кегіне,
Күн болмағанда кім болам? [11, 101].

He wanted to enlighten Kazakh people who weren't aware of education and compare himself with sun which symbolizes lightness. English poet R. Kipling also used metaphor in his poems to impress his ideas. For example:

If you can meet with **Triumph and Disaster**,
And treat those **two impostors** just the same.

'Two impostors' is a metaphor based on resemblance of Triumph and Disaster with impostors, which can appear and at the same time disappear so suddenly.

There are many constant epithets used by Kazakh poets while describing the beauty of Kazakh girls. Epithet – a word or phrase used to describe someone or something with a purpose to praise or blame: ақ тамақ, алма мойын, қыпша бел. For example:

«Құралай көз, қолаң шап,
Алма мойын, қизаш қас,
Сүйген сәулем Қарлығаш»

Mostly used epithets exist in English too. For example, sweet dream or heavy heart. Repeatedly use of epithet reflects in these lines:

"Bravely bold Sir Robin rode forth from Camelot.
He was not afraid to die,
O brave Sir Robin.
He was not at all afraid to be killed in nasty ways,
Brave, brave, brave, brave Sir Robin! . . .

"Yes, brave Sir Robin turned about
And gallantly, he chickened out.

Bravely taking to his feet,
He beat a very brave retreat,
Bravest of the brave, Sir Robin."

(Monty Python and the Holy Grail, 1974) [12, 87]

Antithesis - choice or arrangement of words that emphasizes a contrast. In 'Song about mother' readers can face with these lines where masterly used antithesis:

**Есейіп кетсем де,
Мен саған сәбимін.**

Көгілдір көктемде,
Көзіңнен танымын [13, 19].

The author wanted to say that he remains a baby even if he got older. In poem 'If' written by R. Kipling also used antithesis:

'...or watch the things you gave your life to, broken,
And stop and build'em up with worn-out tools'

This antithesis shows the state of man who maybe give up some time but starting again to live.

Lyric Kazakh poet M. Zhumabaev reflected the power, spirit of Kazakh youth with the help of simile. Simile is an explicit statement of partial identity: affinity, likeness similarity of two objects. For example:

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Мен жастарға сенемін [14, 99].

"*Maidens, like moths, are ever caught by glare*" (Byron), we have a simile. 'Maidens' and 'moths' belong to heterogeneous classes of objects and Byron has found the concept moth to indicate one of the secondary features of the concept maiden, i.e. being easily lured. Of the two concepts brought together in the simile—one characterized (maidens), and the other characterizing (moths)—the feature intensified will be more inherent in the latter than in the former. Moreover, the object characterized is seen in quite a new and unexpected light, because the writer, as it were, imposes this feature on it.

Enumeration is a stylistic device by which separate things, objects, phenomena, properties, actions are named one by one so that they produce a chain, the links of which, being syntactically in the same position (homogeneous parts of speech), are forced to display some kind of semantic homogeneity, remote though it may seem.

Let us examine the following cases of enumeration:

"There Harold gazes on a work divine,
A blending of all beauties; streams and dells,
Fruit, foliage, crag, wood, cornfield, mountain, vine
And chiefless castles breathing stern farewells
From grey but leafy walls, where Ruin greenly dwells." (Byron)

There is hardly anything in this enumeration that could be regarded as making some extra impact on the reader. Each word is closely associated semantically with the following and preceding words in the enumeration, and the effect is what the reader associates with natural scenery. The utterance is perfectly coherent and there is no halt in the natural flow of the communication. In other words, there is nothing specially to arrest the reader's attention; no effort is required to decipher the message: it yields itself easily to immediate perception.

An outstanding Kazakh poet Abai used enumeration in his poem "ҒЫЛЫМ ТАППАЙ МАҚТАНБА":

Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.

Тілеуің, өмірің алдында,
Оған қайғы жесеңіз.
*Өсек, өтірік, мақтанишақ,
Еріншек, бекермалишаптақ –*
Бес дұшпаның, білсеңіз.
*Талап, еңбек, тереңой,
Қанағат, рақым, ойлапқой –*
Бес асыл іс, көнсеңіз.

Жамандық көрсең нәфрәтлі [15, 105].

This comparative analysis of use of stylistic devices:

- make the lesson easy to understand, interesting and contentful;
- orientate students to think critically through compare linguistic phenomena of different languages and do their own research;
- force to enrich students' vocabulary, expressiveness and specific outlook.

LITERATURE:

1. Galperin . Stylistics. LKI 1998.
2. Макатаев М. Үш томдық шығармалар жинағы. Алматы «Жазушы».1997. 27б.
3. Readings from American and English literature. Санкт-Петербург. 2007. 45б.
4. Readings from American and English literature. Санкт-Петербург. 2007. 102б.
5. Макатаев М. Жырлайды жүрек. Алматы «Жазушы». 1998. 67б.
6. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, ISBN 5-7667-2949-9. 89б.
7. Shakespeare W. Original reading English. Санкт-ПетербургКАРО. 2005. p.107.
8. Қазақ әдебиеті. 9 сынып. «Атамұра» баспасы. 2001. 111б.
9. Shakespeare W. Original reading English. Санкт-Петербург КАРО. 2005. p.96.
10. Утевская Н.Л. American and English literature. Санкт-Петербург Антология . 2009. 143б.
11. Торайғыров С. Шығармалар жинағы. «Жазушы».1997. 78б.
12. Знаменская Т.А. Стилистика английского языка. Москва ЛКИ. 2007. 95б.
13. Қалдаяқов Ш. Өндер жинағы. Алматы баспасы.1998. 105б.
14. Жұмабаев М. Шығармалар. Алматы «Білім». 1996. 193б.
15. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, ISBN 5-7667-2949-9. 109б.

ӘОЖ 94 (574)

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАҒЫТТАРЫ

Буланов Е.О., Умираллинов Б.Б.

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
erzhan_bulanov@mail.ru; jan_b.b@mail.ru*

Мақалада Ұлы Жібек жолының Батыс Қазақстан аумағы арқылы өтетін бағытына тоқтала отырып, оның бойында орналасқан ру-тайпалардың экономикалық, мәдени дамуына, қалалардың пайда болуына әсері жан-жақты қарастырылады.

В статье акцентировано внимание на направлениях Великого Шелкового пути, которые проходили через территорию Западного Казахстана. Всесторонне рассматривается влияние торгового пути на экономическое и культурное развитие

племен, расположенных вдоль трасс и появление городов

This article describes the direction of the Great Silk Road through the territory of Western Kazakhstan and fully examines its impact on the economic and cultural development located on its path of clans and tribes, as well as the emergence of cities.

Тірек сөз. Каспий, Алтын Орда, халиф, Еділ Бұлғариясы, мисионер, көпес.

Ұлы жібек жолының бір тармағы Каспий теңізінің солтүстік жағы, яғни Қазақстанның батысындағы қалалар арқылы Қара теңізге қарай өткені белгілі. Қазақстанның батыс өңірлерінің қалалары Еуропа мен Азия сынды екі алып құрлықтардың шекарасында болғандықтан саяси өзгерістерге жиі ұшырап отырды. Бұл өлкедегі қалалардың құрылысына өз әсерін тигізіп отырды. Сондықтан да біз, әлі тың зерттеулер күтіп тұрған еліміздің батыс өңірінен негізгі зерттеу нысаны етіп Сарайшық пен Жайық қалаларын қарастырсақ деген ойдамыз. Жазба деректермен қазба материалдарын салыстыру арқылы мұндағы қалалардың қаншалықты дәрежеде Еуразия тарихында орын алғандығын көруге болады. Бұл қалалардың тарихы ертеден басталатындығы бірқатар зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылды.

Батыстағы Қазақстан жерлері туралы ең көне мәліметті «тарих атасы» атанған Геродоттан табуға болады. Б.з.д. V ғ. жазылған оның «тарихында» Каспий теңізі туралы ұшырасатын мәліметте, оның айтуынша одан әрі «жазық ұшы қиырсыз кеңістік», ал тағы онан әрі «тастақ және шоқалақ жер», одан кейін «биік, асу бермес таулар орналасқан». Бұл суреттеуде, артқы жағында «биік» Орал таулары тұрған, «тастақты және шоқалақ» Жалпы Сырт пен Оралдың алдыңғы жағына ұласатын Каспий маңайының жазықты далаларын оңай аңғаруға болады.

Белгілі араб саяхатшысы және жазушысы Ибн Фадланның қалдырған жазбалары қызықты болып табылады. Ол 921-922 жылы Халифтың елшісі ретінде Еділдік Бұлғарияда болды және оның жолы Орал өзенін бойлай созылып жатқан-ды.

Екінші мыңжылдықтың басында араб елдері және Орал мен Еділ қосөзені халықтары арасындағы байланыс тұрақтанады. Шығыс географтарының бұл алыс өлке туралы мәліметтері жақсы деңгейде болды. 1154 жылы араб географы әл-Идриси Руза өзенін суреттеп, асылы Жайықпен теңестірді, бірақ Руза туралы басқа пікірлерде бар. Ол бойынша Жайықпен Даранда өзені салыстырылады.

Жайық өзенін ортағасырлық батыс еуропалық көпестер, мисионерлер, елшілер талай рет кесіп өтіп және оны өздерінің жол күнделік жазбаларында белгілеп қойған. Ортағасырлық Сарайшық қаласы ауданына Жайық арқылы: басында рим папасы Иннокентий IV елшісі Джовани Пано Карпини (1249), ал сәл кешірек француз корольі Людовик IX елшісі Гильом де Рубрук (1253) өтті.

Жайық арқылы Қырымнан және онан әрі шығысқа өтетін жол туралы, Франческо Бальдучи Пегалотти «Сауда тәжірибесі» атты өзінің шығармасында жазады. Тан өзенінен Сарайшыққа баратын жолдың ерекшелігін, өтетін тауарлар және жергілікті тұрғындармен саудаласуға ыңғайлы ақшалар жөнінде де суреттей кетеді. 1333 жылы өзенді Марокколық белгілі араб саяхатшысы, ел кезуші көпес Ибн Баттута кесіп өткен. Бірақ, Орал аймағы туралы жалпы мәліметтер мардымсыз. Оңтүстік Орал далаларын және Орал маңайын қарқынды тарихи зерттеу тек XVI ғ. соңында басталды.

Орал облысы ескерткіштері туралы ең ерте мәліметтер П.И. Рычковтың 1762 ж. жарияланған, «Орынбор губерниясының топографиясы» шығармасында жарық көрген болатын. П.И. Рычковтың еңбегі шыққаннан соң сегіз жылдан кейін Кіші және Орта жүздің жерлеріндегі ескерткіштер жөнінде Ресей (патшалық) Ғылым Академиясының академигі П.С. Палластың еңбектерінде ұшырасады. Өлкенің заттық мәдениет ескерткіштері жөніндегі келесі мәлімдемелер XIX ғ. пайда болады. «Ішкі қырғыз ордасы», яғни Бөкейлік басқармасының Орынборлық кадеттік

корпусын аяқтағаннан кейін, Салық Бабажанов өз зерттеулерін бастайды.

XIX ғ. 80-ші ж.ж. соңында Орынборда Ғалымдық архивтік комиссияның негізі қаланып, ол 1917 жылға дейін бүгінгі Батыс Қазақстан аумақтарында өлкетанулық жұмыстардың бәріне басшылық еткен болатын.

1889 жылы этнограф А. Харузин ортағасырлық 22 обаны қазуды ұйымдастырып және қазба жұмыстарын жүргізді, ал ерекше тапсырмалардың шенеунігі И.А. Кастанье XIX ғ. соңына таман өлкенің ескерткіштері туралы мәлімдемелер жинауды бастап және 1910 ж. «Орынбор өлкесі мен қырғыз даласының көне ескерткіштері» атты ескерткіштердің тізімін дайындады.

Қазіргі Атырау қаласынан 50 шақырым жерде, Жайық өзенінің оң жағасында, бір кездегі ұлы да атақты Сарайджук (қазіргі атауы - Сарайшық) қаласының қираған құландысы жатыр. XVIII ғ. зерттеушісі П.Рычковтың сипаттамасы бойынша: «Сарайшық - Жайық өзеніндегі ғаламат қала елесі, Гурьевке 50 верст жетпейді, Сарайшық қазіргі форпост. Ол жерден тіпті күні бүгінге дейін көптеген шатырлар (ғимараттар) табылады. Осы арада айтулы адамдардың зираттары көп» [1]. Адамдардың сұлулық бейнелері поэтикалық формада Сарайшық тұрғындарының жадында сақталған, соған мысал, мына бір шумақ:

«Сарайшықтың саздары,
Қаңқылдайды қаздары.
Су сұрасаң бал берер
Ноғайлының қыздары» [2].

Тарихшы И. Казанцевтың жазуынша XIX ғасырдың бірінші жартысында Сарайшық қамалының маңында қазақтың әлімұлы, байұлы және жетіру сияқты рулары көшіп-қонып жүрген, олар сауда керуендеріне не атқосшы, кейбірі керуенбасы болған [3].

Мыңдаған жылдар бұрын саудагерлер, әскери бөлімдер, басына оқиға іздеген елкезбе жиһанкездер салған дала соқпақтарымен ғасырлар бойы есепсіз керуендер қатынап жатты. Екі мың жыл бойы бұл жол жұртқа терістіктегі Ұлы Жібек жолы ретінде белгілі болды. Жауынгер қосындар, сауда керуендері және қоныс аударған көшпелілер ұзаққа созылған жорықтарынан кейін жұтаған жұрт пен төрт түлікке тіршілік сыйлаған арнасы кең, ағысы қатты өзеннің жағасына тоқтап тыныс алған. Бұл өзенді көне дәуір географтары ауызға алады, ал бірінші Ұлы түрік қағанаты құрылған заманда ол Жайық деген атпен белгілі болды. Зәмзәм суы, тайдай тулаған балығы, шүйгін шөбі және қыстың боранына ықтасын болған қоғалы қамысы. Тәңірі ұлдары жаратқан Жайық иесі рухының көрінісі деп есептелді. Жайықтың борышы – «Кісілерді барлық жамандықтар мен зұлымдықтан қорғап, оларға өмір сыйлау» болған. Өзен, өзі шырайлы да қуатты, әрі кірпияз болды.

Әбілғазы Бахадүр-ханның (XVII ғ.) Сарайшықтың негізін Батухан (билік құрған уақыты 1221-1256 ж.ж.) салған деген тарихи пікірімен келісуге болады. Әбілғазы былай деп жазады: «Берке хан болғаннан соң ұлық той жасап, көп сыйлықтар берді. Барлық аға-інілеріне Батухан бағындырған ұлыстарды бөліп берді, қағанға көп сый-сияпат жіберді. Одан соң құдай тағала бір күні Берке ханның көңіліне мұсылмандықтың ұрығын сеуіп, өз дінінің бос нәрсе екенін білдірді. Бір күні аттанып, ағасының салдырған Сарайшық атты шаһарына барды. Мұнда Бұхарадан көп керуен келіп жатыр еді. Ол керуеннің ішінен екі жақсы кісіні бір аулақ жерге шақыртып, мұсылмандықтың шарттары мен тарихын сұрады. Бұл кісілер мұсылманшылықты жақсы баян қылды. Берке хан таза жүрегімен мұсылман болды. Одан соң кіші інісі Тоқай-Темірді шақырып, бұл сырын оған айтты, ол да мұсылман болды. Сосын ол халқына исламға сенуге жарлық берді» [4].

Сарайшық өзге қалалармен қатар, Ертістен Дунайға дейінгі ұлан-байтақ өлкені билеген, кейінірек Алтын Орда аталған империя – Жошы Ұлысының алғаш құрылған бірінші онжылдығында салынған. Бұл қалалардың құрылыстары

алғашында нөкер, ноян және басқа да ел басқарушы шонжарлар үшін Сарай және әкімшілік ғимараттар ретінде бой көтерген. Ондағы орталық ғимараттың төңірегінен кейінірек біртіндеп қолөнершілер, еркін тұрғындар, көпестер және т.б. әр түрлі адамдарға арналған үй-жайлар салынған [5]. Сарайшық сондай қалалардың бірі еді. Оның стратегиялық жағынан Европа мен Азияның түйісер тұсынан ұтымды орнығуы, Европа елдері мен Еділдің бойындағы Алтын Орда астаналарынан (Сарай-Бату және Сарай-Берке) Хорезм шаһарларына, Иранға, Үндістанға және Қытайға баратын кұрлық аралық керуен жолының қауіпсіздігін қамтамасыз етті.

Көптеген көпестер мен саяхатшылардың осынау жолдардың бағыт-бағдарлары туралы, тауарлардың сипаты мен бағасы және қатынас тәсілі туралы жазбалары мен хикаялары бізге дейін жетіп отыр. Сарайдан Сарайшыққа, одан әрі Үргенішке дейінгі сауда жолының соқпақтарында құдықтар болды және керуен-сарайлар қызмет етті. XIII-XIV ғ.ғ. осы жол Шығысты Батыспен негізгі жалғастырушы болды.

XIII-XIV ғ.ғ. керуенші сауда жолдарының қауіпсіздігі туралы Италияндық Франческо Пеголоттидің мәліметтері бойынша айғақтауға болады: «Таныдан Қытайға баратын жол, сонда саяхат жасаған көпестердің айтуынша күндіз де, түнде де аса қауіпсіз көрінеді, тек қана, егерде көпес бара жатқан не кері қайтқан жолда көз жұмса, онда оның барлық мал-мүлкі өзі қайтыс болған елдегі патшаға табысталатын болған, ал егерде оның жанында өзінің туысқаны немесе жақын дос-жараны бірге болып, өзін қайтыс болған кісінің туысқанымын деп айтса, онда өлген кісінің мал-мүлкі соған тапсырылып, аман сақталатын болған» [6]. Осылайша, Сарайшықта салтанатты сәулетті сарайлар, керуен-сарайлар, моншалар, мешіт-медіреселер және басқа да ғаламат ғимараттар салынған. Оларды атақты сәулет өнері мектептерінен өткен дарынды шеберлер тұрғызған. Қаланың өте тамаша жобаланып салынған түзу де кең көшелері мен алаңдары болған. Қаланың келбетінен шығыстың әсері айырықша байқалады. Керуен саудасынан келетін түсім, әскери олжа, жергілікті халық төлейтін салық және аса мол арзан еңбек күшінің есебінен Сарайшық қаласы тез өсті. Қала аумағының тез кеңеюіне оның бекініс қамалдарының болмауы себеп болған. Онсыз да қала әрқашан хандық биліктің бақылауында, әрі тақ таласындағы жеңімпаздар тарапында болуға мәжбүр болды, ал жеңімпаздар болса оның қауіпсіздігіне кепіл болды.

Кейбір зерттеушілер Алтын Ордалық Сарайшықтың төменгі мәдени қабаттары X-XII ғасырлардағы хазар және қыпшақтардың қалалары немесе қоныс-тұрақтарының қалдықтары деп есептейді. Алайда соңғы жылдардағы археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері әзірше ол заманның қабаттарын көрсете қойған жоқ. Десе де, осы арада Алтын Ордаға дейінгі қоныстар болуы мүмкін. XIII-ғасырға тән бір құрылыстардың бұрышынан қыпшақтардікіне ұқсайтын ошақтың (қазандық) және қолмен жапсырылып жасалған қыш ыдыстың қалдықтары табылды. Ал ерте орта ғасырлық қоныс тұрағы орналасқан жағаның бір көрнекілеу жерін су орып кеткен, немесе XIII ғасырда үстіне жаңа қаланы салғанда, ескі қоныстардың орны сырылып кеткен. Демек, онда Моңғол дәуіріне дейінгі адамзат тіршілігінің іздері бар, немесе, кейін бір кезде табылады деп сеніммен айтуға болады.

Сарайшық туралы неғұрлым ертерек мәлімет бергендердің бірі араб көпесі әрі жиһангезі Ибн-Батута еді. Ол мұнда 1333-1334 жылы келді. Ибн-Батута өзінің «Саяхатнамасында» былай дейді: «Сарайдан шығып, он күннен кейін біз Сарайджук деген қалаға жеттік, джук – «кіші» деген мағынаны береді. Ол Ұлысу деп аталатын үлкен әрі ағынды өзеннің жағасына орналасқан. Онда Бағдаттың көпіріндей қайықтардан жасалған көпір бар... Осы қалада біздің аттылы-арбалы сапарымыз аяқталды. Біз онсыз да арып-жүдеген ат-көлігімізді қаладағы арзаншылыққа байланысты, әр жылқыны төрт күміс динарға бағалап, төмен бағамен саттық. Арбаға жегу үшін біз түйелер жалдадық. Бұл қалада түркіден шыққан құрметті тақуа діндар

кісінің тұраржайы (Завия) бар, оның аты – Ата. Ол бізді қонақ қылды әрі батасын берді. Бізді тағы да осы қаланың аты-жөні менің есімде қалмаған бір қазысы қонаққа шақырды. Біз осы арадан Хорезмге дейін отыз күн суыт жүрдік, жол бойы тек екі-ақ сағат, бірде түс әлетінде, ендігі бірде ақшамда ғана аялдадық» [4, 101]. Саяхатшылардың өздері жазуынша, керуен жолында жүрген кісілер алыс сапарға шығар алдында көбінесе мұсылман зираттарының жанында тұратын шейх-хазіреттердің батасын алып аттанып отырған. Олардың рухы да жолда керуенді желеп-жебеуші болады деп есептесе керек.

Сарайшықтың ұлылығы - онда тек мұсылман діндарларының жерленгендігінде ғана емес, ең алдымен оның Алтын Орда хандарының қасиетті зиратханасына айналғанында. Әбілғазы Бахадүр ханның жазуынша мұнда Алтын Орда хандары, мәртебелі кісілер және шоңжар-ұлықтар жерленген. Сарайшықтағы хандар пантеонында ең алғаш жерленген кісі деп 1266-1280 жж. билік құрған Мөңке Темір ханды атайды [7]. Мұнда келесі жерленген кісі – 1280 жылдан 1312 жылға дейін ел билеген – Тоқтамыс хан. Оны Марко Поло кезінде «Батыстың патшасы» деп атаған [7, 90].

Сарайшықтың қирандылары мен жәдігерлерін ғылыми тұрғыдан зерттеу жұмыстарының екі ғасырдан астам тарихы бар. XVIII ғ. 60 ж. соңында қалашықты П.С. Паллас көріп қайтты. 1834 ж. Ф. Гебель осында шағын қазба жұмысын жүргізді. Қала туралы қызықты мәліметтер XVIII-XIX ғғ. П. Рычковтың, А. Левшиннің, Н. М. Карамзинның шығармаларында бар.

Көпшілік арасында Ұлы Жібек жолы тек Қазақстанның оңтүстік-шығыс (Жетісу) және оңтүстік өңірлерінде қалыптасып, ерекше дамыған деген түсінік қалыптастырған болатын. Мақала барысында өркениеттер арасында байланыстырушы әрі дәнекер рөлін атқарған сауда жолының Батыс Қазақстан аумағында да кең қанат жайғандығын, қарқында дамығанын жазба деректер мен ғылыми зерттеулер негізінде дәлелдедік. Бұның өзі Жібек жолының Қазақстанның барлық өңірлері үшін, онда мекен еткен тұрғындар үшін де аса маңызға ие болғандығын нақты көрсетіп берді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сафарғалиев М.Г. Распад Золотой Орды и ее падение. – М., 1996. – 350 с.
2. Токтабаев А. Сарайшықтың ақу көлі // Егеменді Қазақстан. - 1998. - 22 наурыз.
3. Казанцев И. Описание киргиз-кайсаков.-СПб.: Общественная польза, 1867.- С. 49.
4. Абулгази Бахадур-хан. Родословное древо тюрков. – Москва-Ташкент-Бишкек, 1996. – С. 99.
5. Тасмағамбетов И., Самашев З.С. Сарайшық. – Алматы: Берел, 2001. – 114 б.
6. Путешествие Ахмеда ибн Фадлана на реку Итиль и принятие в Булгарии ислама // На стыке континентов и цивилизации. – М.: Инсан, 1996. – С. 357.
7. Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. Золотая Орда и ее падение.- М.- Л., 1950. – С. 83.

ӘОЖ 82.015:39

ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ МЕН ҰЛТТЫҚ ОЙЛАУДЫҢ ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ

Кыяхметова Ш.А., Қайсарова Е.

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
Aset_Shara@mail.ru*

Бұл мақалада Ілияс Жансүгіров поэзиясының көркемдік-стильдік ерекшеліктері, соның ішінде ұлттық сипаты талданады.

В этой статье были рассмотрены художественно-стильные особенности и национальные характеры поэзии Ильяса Жансугурова.

This article reviewed artistically-stylish features and characters of national poetry Ilyas Zhansugurov.

Тірек сөздер: ұлттық көркемдік таным, жаңа заман, кеңестік идеология, суреткерлік шеберлік.

Өмірі халық тарихындағы аса бір күрделі кезеңдер тұсында өткен, сол дәуірдің барша қарама-қайшылығын жүрегімен сезінген, тарихтың тар жолдарында өмірін шындық іздеумен өткізген, сол тауқыметі мол жылдар тез есейтіп, қаламына қайрат бітірген, қатарға қосып, замандастарының алдына шығарған Ілияс Жансүгіров - қазақ әдебиетіндегі аса ірі тұлға.

Қоғамда жаңа заман орнағанда әдебиетте оны қуаттаған немесе жат көрген шығармалардың тууы - заңдылық. Революция дәуірі ақындардың шығармашылық тұрғысына өз таңбасын түсірді, әсер етті. Ол әр ақынның арман-ойына, мінез-кұлқына, таным-талғамына байланысты. Ақынның өз тұлға бейнесі оны тебірткен ой-сезімдерден, айтылып, баяндалып отырған өмірдегі алуан түрлі жағдайларға, қоғамдық мәселелерге әр түрлі адамдардың іс-әрекеттеріне оның қатынасынан, берген бағасынан айқындала түсіп, жан-жақты көрініс табады.

Әбіш Кекілбаев Ілиястың ақындығын жоғары бағалап, былайша пікір білдіреді: «Ілияс талантының тағы бір артықшылығы төл әдебиетіміздегі өз тұсындағы соны бағыттардың бірде-бірін қалт жібермей, бәріне де өз үлесін қоса білгенінде. Біз Жансүгіров шығармашылығынан сол тұстағы қазақ поэзиясының барша тақырыптық, мазмұндық, түрлік ізденістерін түгел таба аламыз. Бәрінде де оның ізденістері эксперимент дәрежесінде қалып қоймай, түбегейлі эстетикалық нәтижеге жетіп, толыққанды көркем туындыға айналып отырған. Бәрінде де өз тұстастарының соңында қалмай, қақ жарып қақ маңдайдан көрініп отырған» [1, 206].

Ақындық сапарын лирикалық өлеңдер жазудан бастаған Ілияс Жансүгіров бұл жанрдан әрдайым қол үзген жоқ. Ақынның лирикасы оның өз шығармашылығының кең бір арнасын құраумен бірге, жалпы поэзиямыздың ерекше бағалы құбылысы болып табылады. Лирикалық өлеңдерінен І.Жансүгіровтің ақындық эволюциясы, шын шебер суреткер ретіндегі өсіп, қалыптасуы анық байқалады.

Дәстүрлі поэтикалық бейнелілікті еркін пайдалана білген ақын жана тақырыпты жаңаша жырлауда шеберлік көрсетті. Еңбекті, еңбек адамын жырына қоса ма, табиғат сұлулығын паш ете ме, ол әр кезде тың образдар табады.

Автомобиль, трактор

Алды қырды, салды ойнақ.

Қазақстан қаласы

Темір жолдар шимайлап,- [2, 328]

деген өлең шумақтарынан ел өміріне енген өзгерістердің әрі ұлттық ұғымда, әрі жаңаша, айшықты өрнек арқылы берілгенін көру қиын емес.

Басқаны емес, ол өзін-өзі қайталағысы келмей, үнемі іздену арқасында қазақ поэзиясында көптеген образдар жүйесін тудырды. Ілияс Жансүгіров алғашқылардың бірі боп қазақ поэзиясында өндіріс тақырыбын енгізді. Москвадағы «Орақ пен балға» атты шойын темір қорытатын заводтың сипатын суреттеп жазған «Заводта» өлеңі мен Жетісудағы темір жол салынуына арналған «Отарба» өлеңі осы тақырыпқа жазылған өлеңдер.

Қызыл темір қылмандап,
Бірғиды оқ жыландай.
Жұмысшының жылдамдап,
Қысқашы қысат қырандай... [2, 328].

Мұнда ақын жұмысшының ішкі дүниесіне бойламайды. Шойын, болат қорытатын заводтан алған әсерін таңдана суреттейді.

Осыны көрген қазақтың
Ойын мына ой орады:
«Бәріне де жан-жақтың
Осындай оттар толады» ... [2, 129].

Өндіріс процесін шебер суреттей келе, ақын мұндай өнеркәсіп алыптарының оттары еліміздің барлық түпкірінде, соның ішінде қазақ даласында да жанатындығына сенетіндігін асқақ леппен жырлайды. Келесі бір суретке толы «Алтын кесе» атты сырлы өлеңінде кенді Алтайдың байлығы мен сұлулығына тамсанып, онда қазақ жұмысшы табының пайда бола бастағанын ықыласпен толғайды.

«Отарба» атты өлеңінде ол шын шаттық сезімін ақтарып, шынайы шабытқа мінеді. Ақын жол салынатын даланың сүйкімді суретін, одан өтетін отарбаның оңды бейнесін сипаттайды.

Ілияс бір жағы тау, бір жағы құба жон дала, құмды, қопалы, қоңыр шатқал, кең атырапты туған жерін:

Аспанның ұлы ала асқары,
Асқардың жүгі құз тастар,
Көргені-оның жалғыз жел.
Ағыны-боран ұлы өзен,
Ақ дауыл аспас аш кезең,
Қатпар –қатпар бұйра бел.
Шырышы шұбар жыландай
Жаужұмыры құмандай.
Қолқа, қолат, құба құм.
Өлеңді өзек, тұзды сор
Өзенді өрлей ұзын жол,
Төбеде топ-топ тораңғы.
Жыңғылы жыныс, жиделі ой-
Ой-қой, біздің мекен ғой!
Сағынам қатты соларды,- [2, 249]

деп, ыстық сезіммен әдемі суреттейді.

«Отарба»-Ілиястың поэзиялық дарынының қуатты серпінінен туған өлең.

Арба келеді, Алатау!
Мәңгі марқұм байғұс-ау!
Қалтырар кеудең дірілдер,
Меңіреу, мылқау, құм қоныс,
Керең дала тым-тырыс,

Жатушы ең жансыз, жан кірер,
Жолбарыстай жонында,
Жондарының қойнында,
Қазынаң қалмас, қазылар
Елдерің жатқан өңірде,
Ерлерің жортқан белінде
Заводтар зәулім азынар. [2, 250].

Бұрын меңіреу жатқан қазақ жерінде Түркісіб темір жолының салынуы ақынды айрықша жағдайға бөлеген. Оның «Отарба» деген толғауы сол үлкен қуаныштың сыртқа шыққан көрінісі еді.

Қазақстан жерінде ашылған кен ошақтарында асыл қазыналар өндірілуін, жас қазақ жұмысшысының бейнесін, ояңған дала көркін сипаттайтын «Жаңа дала», «Алтын қазан» сияқты өлеңдері Қазақстанда орнаған өндірістерді көргендегі қуаныштан туған.

«Жаңа дала» деген өлеңінде: «мыс толғанып, жез туып... Қазақстан болды аймақ», - деп, кескін-кейпі мүлде өзгерген, алтын мен күмісті, көмір мен темірді, мыс пен жезді мың тонналап алып отырған индустриялы Қазақстанды зор сүйіспеншілікпен мақтаныш ете толғайды, бірақ бұл-жалаң толғау емес, нағыз көтеріңкі, шаттық сезімге бөленген образды толғау. Ал енді «Алтын қазан» өлеңінде «төбесі көкке бойлаған Риддердің» заводтары мен жер астындағы кең сарайларын жырға қосады. «Алтын қазан» - Ілиястың әдемі, әсем шыққан өлеңінің бірі. Мұнда Риддерді қоршаған табиғаттың көркі, Алтай тауының суреті, бойындағы бар асыл иесіне – халыққа - иіп тұрған Риддердің ішкі-тысқы сипаты және кеше ғана ауылдан келіп, бүгін жаңа өндірісті игеріп жатқан жас қазақ жұмысшыларының пішіндері көркем жасалған.

Өлеңдегі лирикалық герой - «қорғасын құйып, алтын қазған» кенді Алтайдың адамдары. Жақыбай кен тастарын «насыбайдай үгіп», оны «өзінің бір жақсы атын қасығандай баптап, бір тетіктен ғана жүргізіп тұр», «мырышты нандай илеп, қорғасынды майдай шыжғырып», «алтынды арамынан кілегей сүтке қаймақ ұйығандай» етіп айырады. Өндірістегі еңбекті бұлай суреттеу сол кездегі қазақтың ұғымына қонымды еді.

Әсіресе, тұңғыш рет жер астына, забойға түскен адамның сезім дүниесін суреттеуі әдемі. Қолына шам алып, шахтер шекпенімен шыңырауға жөнелген қазақ алғашқы сәтте «жарық дүниемен қош айтысады».

Ілияс өлеңдерін оқығанда оның ұлттық теңеулермен безелген серпінділігіне, адам, ауыл, табиғат психологиясына, әдет-ғұрып қасиетіне терең бойлағандығына қарап, үнділігі басым, суреті көз алдына тартылатынына қарап, еркін шабытпен ойнап келетіндігіне қарап, ақынның «дауысын» бірден танысың. Ілияс халық тілін мол білген, оны еркін игерген. Ілиястың теңеген, суреттеген, нәрселері көп жағдайда айқын, жарқын болып келеді.

Жансүгіров халық болашағының индустриализациямен және егіншілікпен тікелей байланысты екенін жан – тәнімен сезінді. Оның сыры төңірегіндегі әлеуметтік болмысты өз халқының тарихи болашағы тұрғысынан қарап таныған кемел азаматтық парасатында. Ілияс жырының негізгі пафосы - өз халқына, өз өлкесіне деген махаббат, өз халқын бақытты, өз заманын баянды ете түсетін әлеуметтік жаңғыру, түлеуге құштарлық. Тіпті диірменнің өзін де оның қаламы өлеңге айналдырды. «Жер-анамен» сабақтастырып, диірменді «Тас шешей» деп алуында да астар бар. Жансүгіровтің дөңге қатысты сөздерінің барлығында да ананың ақ сүтінің табы сезіледі де тұрады. Балаларға арналған диірмен туралы өлеңіне назар тігейік:

Тас ұршықтың тесігі,
Мамадан бидай сорады,

Суыра сорған бидайын,
Шайнап, жұтып, обады.
Майда, мапа мамық ұн,
Тас толғақтан туады.
Сырғыта айдап ақ ұнды,
Кең шанаққа құяды [2, 217].

Ақын кішкентай оқырман көкірегінде диірменшіге деген ұлы махаббат ұялатуға тырысады. Иісі бұрқыраған қызыл күрең нанды күндей төбесіне көтереді:

Бауырсақ, тоқаш, май шелпек,
Әнекей, әжең соғады.
Құймақ жеген кәрі атаң,
Кекіріп, қылды тобаны...
Балаларды жұбатқан,
Кемпір-шалды қуантқан,
Тіршілік екен диірмен [2, 217].

Ақынның уақытпен біте қайнасып кеткендігі сондай, шығармашылығын өмір сүрген кезең келбетінен тыс, бөлек алып, жеке-дара қарастыру мүлде мүмкін емес.

Ақын жаңа қоғам, идеология жаршысы болып отырған суреткерге тек барды ғана игеріп қоймай, поэтика жасау керектігін жақсы ұқты. Ол мұндай соны поэтика, соны эстетикалық арсеналды ұлттық тіл мен ұлттық материал арнасында ербіте білді. Сол арқылы ұлттық көркемдік танымды, ұлттық көркем ойды шынықтырып шыңдады.

Қазақ ауылының ауыртпалыққа толы өткен өмірін көзімен көрген Ілияс Жансүгіров төңкерістен кейінгі жаңарған жаңа ауылдың жайдары өмірін айрықша шабытпен толғайды. Ақын ауылмен бірге сол ауыл адамының да өскенін, өзгергенін, ірі істерге қол ұсына бастағанын көрді және оларға зор қуаныш сезімімен қарады. «Бүгінгі дала» өлеңінде:

Кимешектер кітап оқып,
Малма тымақ мылтық алды.
Жалба шекпен жауға аттанды,
Жер түрленіп, ел шаттанды, - [2, 260]

деп жазды. Жаңарған дала өмірі, жаңа тұрмыс салты, даланы гүлденірген екпінді еңбек жемістері, өз бақытын өз қолымен орнатып жатқан еңбекқор адам, жастар тұлғасы – Ілияс өлең, жырларының арқауы.

«Жаңа тұрмыс» деген өлеңінде ақын ауылдың бақытқа, молшылыққа бөленген азат еңбегін, қуанышты өмірін суреттейді, жаңарған ауылдың жаңа адамын мақтаныш етеді. Шығарманың идеялық қорытындысын ақын «Тек көбейсін осындай, еңбекке бел буынған» еңбек ауылы деп түйіндейді.

«Тракторшыға» өлеңіндегі ақынның «Түйе мінген талпақ мұрным, міндің бүгін машина», - деген сөздерінен оның өнерді, техниканы меңгере бастаған қазақ жасына аса сүйіспеншілікпен қарағаны айқын байқалады.

Ілияс құбылыс атаулыны қоғамдық дамудың әр дәуірі мен кезеңіндегі оқырманның мақсат-мүддесі, көркемдік талап пен талғамы тұрғысынан ақындық кестемен айшықтайды. Мысалы, «Баспаханадағы қыр қазағы» деген өлеңде Нұрқыдыр мен Байқара деген қыр қазағының баспахананы алғаш көргендігі ұғымы былай бейнеленеді: баспа станогінің «ұршықтары майланады», жүрсе «ырғасы ыныранады». Машинаның дінгектері «әріптердің арқасын қағазға үйкелейді».

Өнерлі ақын жай көзге онша мәнді болып есептелмейтін жеке сөздерді құдіретті күшке, бейнелі, сырлы сөзге айналдыра біледі. Мысалы «Комбайн» деген өлеңінде комбайнды «Сабан саңғып, дән құсты» десе, енді бір тұста тыныш жатқан бейбіт елді бомбаның астына алып, қанға бөктірген жау самолетін «Оқ саңғып, қан

қақырып, у құсты» деп жырлайды. Ал үшінші бір жерінде «Ертіс, Іле, Балқаш, Сыр балық туып, тұз құсып» деп келеді. Осындағы санғу, құсу, қақыру тәрізді жағымсыз сөздерден осыншалық мәнді, сырлы ұғым туады деп кім ойлаған.

Башқұрт жазушысы Сайфи Құдаш: «Ғажап бір хал болды. Ілияспен танысып, біліскеннен кейін, мен оның сөзін тыңдау бақытына ие болдым. Бұл оқиға совет жазушыларының бірінші съезінде, Москвада өтіп еді. Съездің 1934 жылы 23 августағы үшінші мәжілісінде председательлік еткен Александр Фадеев бірінші сөзді Ілияс Жансүгіровке берді. Осы бір қара шашты, қара мұртты, қыр мұрынды, сымбатты жігіттің сұлу жырдай өте қысқа, әрі терең мағыналы сөзі маған қатты ұнады. Өйткені оның бұл баяндамасы Октябрь революциясынан кейін дүниеге келген жас қазақ совет әдебиетінің барлық туысқан әдебиеттермен бір сапта тұрғанын дәлелдейтін ұран болып естілді. Өте ақылды, жинақы, саяси жағынан барынша сұңғыла, партиялық тілмен сөйлеген Ілиястың бұл сөзі кесек мазмұнымен бағалы еді» [3, 273],- деп, аса үлкен ілтипатпен есіне алады.

Қажым Жұмалиев сөзімен айтар болсақ: «Ілияс өз стилі әбден қалыптасқанша тынбай ізденіп, қазақтың да, басқа елдердің де өлең құрылыстарынан үйрене отырып, жаңа заманның тынысын қайткенде оқушыларға тартымды, әсерлі беруге болады, өткен тақырыпты жаңаша қалай меңгеруіміз керек деген тәрізді поэзияның күрделі мәселелерін көп ойлап, терең толғанған ақындардың бірі» [4, 97].

Жәй айтылғанда пәлендей көркемдігі жоқ сөздер Ілияс өлеңдерінде келетін сөз тіркестерінде ерекше әрленіп, үздік образға айналады. Мысалы:

Бай, құлаққа шабуыл,
Жасап жатқан заманда.
Ескіліктің төбесін,
Қашап жатқан заманда. [2, 231]

Ілияс жаңа өмір, жаңа заманды қалай жырлаудың әдісін көрсетті. Поэзиямызда өрістей алмай келген психологиялық суреттеу әдістерін өз биігіне жеткізді. Халқымыздың тіл байлығын толық меңгеріп, керегін тандап ала білумен қоса, жаңа өмірдің сәулесі дерлік жақсы поэзия жасауға болатындығын, халық тілі - таусылмас рухани кен қазынасы екендігін өз туындыларында шебер қолданылған үздік образ, ерекше сөйлем құрылысы, сөз тіркестері арқылы дәлелдеп, өнеге көрсетті. Бұлардың бәрі де ақынның поэзиямызды дамыту жолындағы әдебиетімізге қосқан зор еңбек, үлкен үлесі екендігі сөзсіз.

Ілияс Жансүгіров суреткерлік кемелдігін, ең алдымен, өз дәуірінің әлеуметтік шындығын жан-жақты терең ашып көрсетуге жұмсады. Ақындық қуаты асқақ, көсіле шалқып, көмілте көмкеретін дарқан дарын иесі халық бастан кешіріп отырған кезеңдік болмысты мейлінше нақты суреттеуге тырысты. Сан қилы әлеуметтік өзгерістерге ұшырап жатқан қазақ ұлтының жан дүниесіндегі, мінез-құлқындағы құбылыстарды мейлінше боямасыз жырлады.

Тілдегі жауыр болған жегінді тенеу сөздерден қаша отырып, әдеттегі қарапайым сөздердің өз ішінен сомдап, саралап, жаңа бейнелі мағына тудырып отырса, ақынның ұсталығы осы бір жерде көрінеді. Ілиясты тыңдап көрейік:

Шалқайып Каспий жатыр ерді жауып,
Желінен Баку жатыр күрп – күрп сауып.
Каспийден Кавказ бойлап май ағызып,
Бакуды Батум емген ауық – ауық. [2, 358]

«Кавказ» өлеңінің осы шумақтарында жалтырауық бөтен сөз жоқ. Барлығы да – атам заманғы отбасында айтылып жүрген мал мен киіз үй төңірегіндегі таныс сөздер. Бір ғажабы бұлардың ешқайсысы дәл осы жерде өзінің байырғы көне мағынасын сақтап қала алмаған. Бәрі де Ілиястың ақындық дүкенінен басқа бір

образға еніп, жаңа мазмұн, тың қолданыс тауып, бүтіндей өзгеріп тұр.

Ұста көріктегі балқып тұрған қып – қызыл темірді төске қойып, зілмауыр балғамен қамырша қалай илесе, Ілияс та тілдегі сөздерді жүз құбылтып, әлденеше саққа жүгіртіп, түрлендіріп отырады. Мысал келтірер болсақ: «Жүректі жебе сауған, мұнды дауыс», «Темір тонды тасбақа», «Жүректің жазы шығып, жаңбыр төкті», «Көңілден керуендеп күй көшкендей», «Тарихтың жүрдек арбасы» және т.б. Осы келтірілген сөз тіркестері ақынның көп ізденгендігінің, оның асқан шеберлігінің айғағы болып табылады.

Академик С. Қирабаев: «Ілияс «өлеңді өлең үшін» деп қараған емес. Ол өлең тілі арқылы өз дәуірінің маңызды мәселелеріне үн қосып, заман шындығын көркем бейнелеуге тырысты. Өмір сыры мен оның өзгерістері жайлы жаңа сөз айтуға ұмтылды» [5, 126], -деп жазды.

Ілияс поэзиясы табиғаттың өзіндей еркін, өзіндей жас қалпында барған сайын жарқырап, нұрланады. Ілияс поэзиясында драматизм, лирика, ой, тарихи толғаныстар, ирониялық жағдайлар бас қосып, бөлінбейтін тұтас бөлшекке айналып, бірігіп, тұтас бір дүние құрайды. Мұндай сан қырлы шеберлердің әдебиет тарихында сирек кездесетіні белгілі. Б. Брюсовтың айтуынша: «Поэзия – әлемдік өмірдің қан тамырының соғуы, сол өмірдің қаны мен оты, жарығы мен күні» [6, 88]. Олай болса, ақын - сезім күйшісі, әлемнің құпия сырларын, бояуларын жұрттан бұрын сезінуші - нәзік те сезгіш жан.

Осы кезеңдегі қазақ өлеңінің олқылықтары деп композициялық құрылымының олпы-солпылығын, жадағай ұраншылдығын, адам табиғатын терең зерттемеуін, өмір құбылыстарына тарихи-философиялық байыптап бойлаудың аса сиректігін, көркемдік бейнелеу құралдарының көңілдегідей кең көлемде көріне бермеуін, XIX ғасырда Абай, XX ғасырдың алғашқы ширегінде Абай, Сұлтанмахмұт, Бернияз қалыптастырған дәстүрлерді одан әрі жалғастырып әкете алмауын поэзияда анық нышан танытқан философиялық - психологиялық көркемдік зерттеу мен байыптаудың одан әрі тереңдей түспеуін де айту керек. Рас, бұл кемшіліктер ақындарымыздың дарын қуатының аздығынан емес, заманның зомбылығынан туындады.

Заманның жаңа күйін жанымен сезінген әр ақын айналасында болып жатқан зор майдан, ұлы өзгерістерді өзіне сәйкес жаңа үнмен жеткізеді. Соның нәтижесінде әдебиетте жаңа түрлер мен ізденістер туады. Поэтикалық таным мен эстетикалық жаңа ұғымдар негізі қаланады.

Жеке адам басындағы сезім шарпылыстарынан бастап, адамзат баласын толғандырған әлемдік күрделі мәселелер арасындағы сан қилы ой-толғаныстар - Ілияс поэзиясынан табылатын қасиеттер. Ілияста ұлттық қазанның қаймағы ғана емес, жалпы адамзаттық көркем ой қазанының қайнауы бар. Ол қазақ поэзиясын тақырыптық, түрлік, мазмұндық, көркемдік жағынан әлемдік поэзиямен берік қабыстырды. Сондықтан Ілияс поэзиясы - қуатты да тынысты, парасатты поэзия.

«Жүрегімнің айнасын шаң басқанда, орамалым осы өлең бетін сүртер» - деп жан сырын ақтарған ақынның салиқалы шығармашылығы ұлы суреткерді тек табиғат қана туғызып қоймай, нақты қоғамдық-тарихи шындық шындайтынына көзімізді тағы да жеткізе түсті.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Кекілбаев Ә. Ақиық ақын. // Кітапта: Дария кеуде, тау мүсін. Құрастырушы: Ш.Кыяхметова. Талдықорған. ҚАО баспа бөлімі, 2015.-427 б.

2. Жансүгіров І. 10 томдық шығармалар жинағы. 1-том. Алматы: «Қазығұрт» баспасы.- 2004 ж. -310б.

3. Құдаш С. Оның жарқын бейнесі көз алдымда. // Кітапта: Аңызға бергісіз ғұмыр. Құрастырушы: Ш.Кыяхметова. Талдықорған: ҚАО баспа бөлімі, 2014ж.-380б.
4. Жұмалиев Қ. Стиль - творчестволық ерекшелік. // Кітапта: Дария кеуде, тау мүсін. Құрастырушы: Ш.Кыяхметова. Талдықорған: ҚАО баспа бөлімі, 2015ж.-427 б.
5. Қирабаев С. Ақын. // Кітапта: Дария кеуде, тау мүсін. Құрастырушы: Ш.Кыяхметова. Талдықорған: ҚАО баспа бөлімі, 2015ж.-427 б.
6. Брюсов Б. Собр. соч: в 7-томах. - Т.5. Москва: Худ. литер. 2015, -526 с.

ӘОЖ 80

ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ТӘСІЛ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН ЖЕТІСУ ГИДРОНИМДЕРІ

Сарбасова Қ.Б.

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
Bazarbekovna54@mail.ru*

Жетісу ономастикасында тереңірек қарастыруды талап ететін өзекті мәселелер көп. Солардың бірі аталған аймақтың гидронимдерін сөзжасамдық тұрғыдан зерттеу болып табылады. Гидронимдерді сөзжасамдық тұрғыдан қарастыру атаудың этимологиясына, семантикасына және құрылымына қатысты біршама мәселелердің басын ашады. Жетісу гидронимдері семантикалық жағынан ғана емес, құрамы мен құрылымы жағынан да күрделі. Ономастикада топонимдердің құрылымын, сөзжасамын анықтауға арналған жеке еңбектер аз. Гидронимдердің морфологиялық құрылым-құрылысын анықтауда ғалымдар әр қилы принциптерді ұстана отырып жіктеген. Бірақ су атауының құрамын анықтауда оны құраушы компоненттің санына назар аудару - барлық ғалымдарға ортақ болып келеді. Атаулардың құрылымына жасалған талдауларға тоқталар болсақ, Украинаның оңтүстік-шығысының гидронимдері Е.С.Остин еңбегінде төмендегідей құрылымдық типтерге біріктірілген: **I.** Топонимдік қызметтегі апеллятивтер: а) сын есім қызметінде; ә) зат есім қызметіндегі апеллятив; **II.** Суффиксация тәсілі арқылы жасалғандар; **III.** Сөз тіркестіру тәсілі арқылы жасалған гидронимдер; **IV.** Сөз қосым тәсілі арқылы жасалғандар; **V.** Сөздің ілік септігінің жалғауын қабылдауы арқылы жасалған су атаулары [1, 77].

Ал О.Т.Молчанова Таулы Алтай топонимдерін бірнегізді және екінегізді деп бөледі де, қосымшасыз жасалған бірнегізді атаулар лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалады, ал екінегізді, үшнегізді топонимдер лексика-синтаксистік тәсіл арқылы жасалады деп жазады. Сондай-ақ топонимдердің суффиксация тәсілі арқылы жасалатындығын да атап өтеді. Г.Мадиева Шығыс Қазақстан гидронимдерінің лексика-семантикалық, морфологиялық және лексика-синтаксистік тәсіл арқылы жасалғандығын көрсетеді [2, 13]. Ал гидронимдерді құрылымына қарай екі, үш төрт компонентті атаулар деп жіктеді. «Орталық Қазақстанның жер-су аттары» деп аталатын ұжымдық еңбекте топонимдер құрылымына қарай дара, күрделі және көп құрамды деп бөледі де, одан соң құрамды топонимдердің анықтауыш және есім конструкциялы болатынын атап өтеді [3, 203-214].

Жетісу гидронимдерінің морфологиялық құрылысын дара және күрделі (екі компонентті, үш компонентті және төрт компонентті) деп бөлуге болады. Дара атаулар лексика-семантикалық және морфологиялық тәсіл арқылы жасалса, күрделі атаулар лексика-синтаксистік тәсіл арқылы жасалған.

Жетісу гидронимдерінің сөзжасамын талдай келе, олардың сөзжасамның басқа тәсілдеріне қарағанда лексика-синтаксистік тәсіл арқылы жасалғандары басым екенін

байқауға болады. «Тілдегі сөзжасаудың лексика-синтаксистік тәсілі деп екі я үш сөздің бірігіп бір атау болып қалыптасуын айтамыз» [4, 29].

Топонимикада бұл тәсіл арқылы екі не одан да көп дербес мағыналы сөздер бірігеді де, бір мағынаны білдетін топонимдік атау жасалады. Сөздер мағыналарынан айырылып, тұтас мағынаға ие болғанымен, дыбыстық құрамын сақтайды. Лексика-синтаксистік тәсіл арқылы жасалған гидронимдер синтаксистік құрылысына қарай біріккен тұлғалы және үш, төрт сөзден жасалып, бөлек жазылатын күрделі гидроним болып келеді.

Өңіріміздің гидронимиясында аталған тәсіл ең өнімді болып табылады. Себебі географиялық объектілер көп жағдайда объекті туралы ақпарат беріп, оны сипаттап тұрады. Мұндай қызметті гидронимнің алғашқы сыңары атқарады. Ономастикада «анықтама сөз – анықталушы сөз» («определение - определяемое») моделі ретінде белгілі мұндай су атаулары Жетісу жерінде де баршылық.

Лексика-синтаксистік тәсіл арқылы жасалған су атаулары екі, үш және төрт компонентті болып келеді. Олардың ішінде ең кең таралғаны – екі компонентті атаулар. Олар, негізінен, мынадай құрылымда келеді: а) зат есім – зат есім; ә) сын есім – зат есім; б) сан есім – зат есім; в) зат есім – етістік немесе етістік – зат есім. Екі сөздің бірігуі арқылы жасалған гидронимдердің құрамындағы сөздер өздерінің жеке тұрғандағы мағынасынан айырылады да, белгілі бір гидронимдік атау ретінде қалыптасады. Мұндай атаулардың жасалуында гидронимдік апеллативтердің маңызы ерекше. Су атауларының құрамындағы географиялық апеллативтер объектілердің ұқсастығын көрсетіп, бір топқа жинақтаса, сипаттаушы бөлігі оны басқа гидронимдерден ерекшелеп, өзіндік жеке қасиетін көрсетіп тұрады.

«Зат есім – зат есім» моделі бойынша жасалған гидронимдер.

Гидронимдік атаудың құрамында анықтаушы қызметін атқаратын зат есім түрлі семантикалық топқа жатады, сәйкесінше әр қилы лексика-семантикалық топтарға жататын су атауларын тудырады. Мұндай гидронимдердің анықтаушы немесе атауыш бөлігі мынадай сөздерден болуы мүмкін:

1. Антропоним, ру аты, діни немесе әлеуметтік дәрежені білдіретін зат есімнен: *Абайқұдық, Айбексай, Амангелдісай, Жәңгіркөл, Қожақұдық, Қойшыбұлақ, Әйелсай, Балакөл, Балақора, Қырғызсай, Жаулыбайсу, Мұқашбұлақ, Әмірсай, Бабатоган, Бикеадам, Әулиебастау т.б.*

2. Өсімдік аттарын білдіретін зат есімнен: *Жидекөл, Қонабұлақ, Үйеңкібастау, Шимойнақ, Ерменбұлақ, Ерменсай, Қайыңбұлақ, Қамысмола, т.б.*

3. Гидронимдік немесе оронимдік термин мәніндегі зат есімнен: *Арасанбастау, Жартұма, Тасқұдық, Тастұма, Түзкөл, Басбатыр, Баскөл, Батпақбұлақ, Көласу, Көлқайнар, Көлсай, Көлтабан, Сорбұлақ, Соркөл, Сорқұдық, Жарқұдық, Жарбұлақ, Суайрық, Ойсу, Ойжайлау, т.б.*

4. Алғашқы компоненті құс немесе жануар аты болған зат есімнен: *Айғырбастау, Аюсай, Жылқықұдық, Қойкөл, Текебастау, Итиоқы, Түлкісай, Бұғымүйіз, Қабанбұлақ, Қабансай, Қоянтөбе, Қошқаркөл, Түйесу, т.б.* Сондай-ақ *Сұңқарбүйең, Балықбұлақ, Құсмұрын, Кенежайлау, Бұлдырықсай* сияқты құс, балық және жәндік атаулары да кездесіп жатады.

5. Алғашқы сыңары тұрмыстық заттар мен қару-жарақ атауын білдіретін зат есімнен болған су атауларына *Айнабұлақ, Орақсай, Керегетас, Сандықтас, Үйтас, Шатыртас, Шоқпартас, Қазанкөл, Қазансу, Қылышкөл, Найзашоқы, Шөмішкөл, Шырынқұдық т.б.* сияқты атауларды жатқызуға болады. Мұндай атаулар көбінесе метафоралық жолмен, яғни ұқсату, балау арқылы жасалған атаулар болып табылады. Ішінара халықтың басынан кешкен оқиғаларына қатысты туындағандары да болады.

6. Дене мүшелерін білдіретін зат есім сөздерден: *Ауызсу, Аяқкөл, Қартабұлақ, Белбұлақ, Белтоған, Кіндіксай, Жамбасбай, Қойынсай, Бетүйеңкі т.б.* Аталған гидронимдер типтес су атаулары судың орналасқан позициясын білдіріп тұрады.

Оларды білдіруде әр дене мүше атауы қалыптасқан мағынаға ие. Мысалы, бас, ауыз – судың басы, жоғарғы ағысы; кіндік, бел – гидрообъектінің ортасы; ал аяқ – судың аяғы, төменгі ағысы дегенді білдіріп тұрады.

«Сын есім – зат есім» моделі бойынша жасалған гидронимдер.

Топонимикада сын есімдердің қатысуынсыз жасалатын атаулар кемде кем. Себебі сын есім кез келген заттың сыны мен сапасын білдіріп тұратындықтан топонимдердің құрамында да жер бедерінің түрлі сынын, судың түсін, иісін, дәмін сипаттап тұрады. Заттардың жоғарыда аталған қасиеттерін көрсететін сөздердің барлығы дерлік сөз табы жағынан сын есімге жатады. «Сын есім – зат есім» моделі бойынша жасалған атаулар сын есімнің лексикалық мағынасына қарай гидронимдерді әр қырынан сипаттайды:

1. Судың, оның жағасында өсетін өсімдіктердің немесе тау жыныстарының түсін білдіреді. Мұндай қызметте, негізінен, ақ, қара, көк, қызыл, сары, ала, жасыл сияқты сын есімдер қолданылған. Мысалы: *Көкжар, Қарақұдық, Ақжал, Ақжар, Ақтөбе, Ақсоран, Ақдала, Ақши, Ақбалиық, Ақсор, Жасылкөл* т.б.

2. Гидрообъектінің көлемін, ауданын т.б. өлшемдерін білдіреді. Мұндай гидронимдердің алғашқы сыңары ұзын, қысқа, үлкен, кішкене, кең, тар, жіңішке терең, шолақ сияқты сын есімдерден болады: *Ұзынкүңгей, Кеңөзен, Кеңсай, Үлкенқора, Тереңөзек, Жіңішкебұлақ, Жіңішкесай, Жіңішкесу* т.б. Міне бұл атаулардың бәрі де сын есім + зат есім түрінде жасалған.

3. Жетісу гидронимиясында заттың дәмі мен иісін білдіретін сын есімдер арқылы да көптеген су атаулары жасалған. Бұл атауларда ең жиі қолданылатын сын есім сөзге «ашы», «сасық» сөзін жатқызуға болады. Атаулардың құрамында жиі кездесуінің нәтижесінде «ашы» сөзі тіпті гидронимдік апеллативке де айналған. Өлкеміздегі *Аиыбастау, Аиыбұлақ, Сасықкөл, Сасықтұма, Сасықбұлақ* сияқты гидронимдер міне осы сын есімдер арқылы жасалған.

4. Судың температурасын білдіретін сын есімдер. Бұл қатарға суық, ыстық, жылы, мұз сияқты сын есімдерді жатқызуға болады. Олардың ішінде суық және жылы сын есімдері ең жиі қолданылатындары болып табылады. Жетісу гидрожүйесіндегі *Жылыарасан, Жылықора, Жылысай, Суықбұлақ, Мұзбұлақ* т.б. атаулар осы қатарға жатады. Гидронимдердің шаруашылыққа тигізетін маңызын білдіру үшін жаман, жақсы, алтын, күміс сияқты сын есімдер (Алтынкөл, Жақсыкөл, Жаманбатпақ, Жаманбұлақ, Жаманөткел, Жамантұма, Жамантас) де пайдаланылады.

5. Судың ағысының сипатын, гидрообъекті орналасқан аймақтың жер бедерін білдіретін сын есімдер арқылы да гидронимдер жасалған: *Терісайрық, Жайдақбұлақ, Жайдақсу, Терісбұлақ, Терісбұтақ, Тұйықсай, Тұйықсу* т.б.

Гидронимдік атауардың құрамында сапалық сын есімдермен қоса қатыстық сын есімдер де кездеседі. Мәселен, Жетісуда Бөрілісай деп аталатын гидроним бар, яғни мұнда *бөрілі* сөзі қатыстық сын есім, ал *сай* зат есім сөз болып тұр. Демек, бұл атау аталмыш сайда бөрінің көп екенін білдіретін сын есім арқылы туындап, өңірдің жануарлар әлемінен хабар беріп тұр.

«Сан есім – зат есім» моделі бойынша жасалған гидронимдер.

Сан есімдер тек су атаулары емес, антропонимдерде, ру және елді-мекен аттарында да жиі кездесетінін білеміз. Жетісу гидронимдерінде мұндай құрылыста жасалған атауларда сан есімдер екі түрде қолданылған:

1. Гидронимнің атауыш бөлігіндегі сан есім нақты санды білдіреді: *Үшбұлақ, Бесқарағай, Екіаша* т.б.

2. Су атауының алғашқы сыңары реттік сан есім арқылы жасалады да, көп жағдайда өзеннің саласын білдіріп тұрады немесе қайталанған атауларды бір-бірінен ажырату үшін қойылады. Ескеретін жайт, мұндай гидронимдер екі компонентті болғанымен, олар бөлек жазылып көп құрамды атау болады. Мысалы: *Бірінші Жаманты, Бірінші Қарасай* т.б.

«Зат есім - етістік» моделі бойынша жасалған гидронимдер.

Мұндай құрылымда жасалған атауларда зат есім етістікті менгеріп тұрады және олардың жасалуында көсемшенің жұрнақтары маңызды орын алады. Етістіктің қатысуымен жасалған су атауларын өз еңбектерінде Г.И.Донидзе, Г.Ф.Саттаров, Кармышев, Киекбаев, К.Ф.Гриценко, Битанова, О.Султаньяев, О.Т.Молчанова сынды ғалымдар кеңінен қарастырған болатын [1, 101]. Аталған ғалымдардың еңбектерінде мұндай атаулар предикативті синтагма деп берілген. Біз қарастырып отырған өңірдің гидронимиясынан мұндай атауларды көптеп кездестіруге болады. Егер атаудың берер мағынасына тереңірек үңілсек, олар жай сөйлемдерге ұқсас болып келеді. Жоғарыда атап өткеніміздей мұндай атаулар есімшенің өткен шақ формасының -ған, -ген, -қан, -кен және келер шақ формасының -ар, -ер, -р жұрнақтарының қатысуымен жасалады. Мысалы: *Арқанкерген, Аттанқан, Досыбайкеткен, Есекартқан, Жалаубайлаған, Жаурынбайаяған* т.б. Ішінара кейбір гидронимдерде етістіктің алғашқы сыңары болып келіп жасалған су атаулары да кездеседі. Мәселен, *Бұрғансу, Кескентерек* сияқты атауларда *бұр* және *кес* етістіктері есімшенің формасын қабылдап, гидронимдік атаудың алғашқы компоненті болып тұр.

Екі компонентті су атаулары изафеттің (тәуелдік жалғауының) екінші жағы (Боқабайдың ашасы, Диқанбайдың Көктұмасы, Ибрагимнің бастауы, Микушин сайы) арқылы да жасалады. Сондай-ақ, қос сөз түрінде жасалған су атаулары да кездеседі: *Қарасу-Байсерке, Қарасу-Түржісіб, Құюды-Қарасай*.

Ал өлкеміздегі үш компонентті су атауларына *Бандақырылғансай, Ақжігітсай, Аққайнарсай, Балақазақсай, Бәрібайсай, Жаңаөзексай, Көкірімсай, Қарааршасай, Қарамергенсай* сияқты атауларды жатқызуға болады.

Құрамында үш сөз тіркесіп жасалып, су атауын білдіретін атаулар құрылымы жағынан сан алуан:

1. үш есім сөздің жалғау-жұрнақсыз келіп жасалған су атаулары: *Балақазақсай, Бәрібайсай, Қоспақтұпсай, Қызтаусу, Диқанбассай* т.б.

2. үш сөздің алғашқысы сын есімнен соңғы екі компоненті зат есімнен болған су атаулары: *Ақжігітсай, Аққайнарсай, Ақсусай, Ақтасбала, Ақтассай, Жаңаөзексай, Көкқырбұлақ, Көктөбебұлақ, Көкірімсай, Қарааршасай, Қарамергенсай, Қызылиоқысай, Кіші Шымбұлақ, Сасықбұлақсай*.

3. алғашқы және соңғы сыңары зат есімнен, ал екінші сыңары етістіктен болған үш компонентті су атаулары: *Тайсойғансай, Бандақырылғансай*.

4. алғашқы сыңары сапалық сын есімнен, екінші сыңары қатыстық сын есімнен, үшінші компоненті зат есімнен болған су атаулары: *Кішкентай Тастысай, Кіші Талдыбұлақ*

Жетісу гидронимиясында төрт компонентті бір ғана атау, яғни Қызұшбұлақсай деп аталатын өзен бар.

Қорыта келгенде айтарымыз, лексика-синтаксистік тәсіл арқылы жасалған Жетісу гидронимдері екі, үш және төрт компонентті болып келеді. Олардың ішінде ең кең таралғаны – екі компонентті атаулар және олар өңіріміздің гидронимиясынан маңызды орын алады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Гарипова Ф.Г. Исследования гидронимии Татарстана. – Москва: Наука, 1991. – 320 с.
2. Мадиева Г.Б. Гидронимия Восточного Казахстана: Автореферат диссерт. канд. фил. наук. – Алматы, 1990. – 22 с.
3. Орталық Қазақстанның жер-су аттары. – Алматы, 1989.
4. Түйешиева К. Маңғыстау облысы топонимдерінің мағыналық сипаты. // Ономастикалық хабаршы 2007 ж. № 1. 27-29 беттер.
5. Жеріңнің аты еліңнің хаты. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы:

Аруна, 2006. – 808 бет.

6. Жанұзақ Т. Қазақстан географиялық атаулары. Алматы облысы. – Алматы: Арыс, 2005. – 256 бет.

7. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989. – 368 б.

ӘОЖ 82-1

ҰЛЫҚБЕКТИҢ АРНАУ ӨЛЕНДЕРІ

Сейтжанов З.Н., Нүсіпәліқызы А.Н.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.

Ұлықбек Есдәулеттің арнау түрінде жазбаша өлең арнау бір арқалық, «арнайы әндер - барлық түркі халықтарының әдебиет жанры». Ұ.Есдәулет бірегей ақындарының бірі болып табылмайтын көптеген мықты арнау өлеңдер жазды. Оның бағышталуы көптеген белгілі объект (адам) және ондағы уақыт және ең өзекті мәселелерді, соның ішінде негізгі тақырыптарды қамтыған. Арнау өлеңдер жанры сұрау тудыратын арнаулы уақыт болып табылады.

Улукбек Есдаулет один лучших поэтов который писал посвященный стихи, написанные в виде "специальных песен - со всей тюркской нации литературных жанра". Улукбек Есдаулет уникальной он является одним из поэтов который написал в свое время много хитов. Многие из его посвященных некие объекты (человека), содержащихся в основном охватывает, в том числе некоторые из наиболее актуальных вопросов времени. Стихи - это время, чтобы посвятить спровоцировать просьбу жанра.

Ulukbek Esdaulet one beam to devote poems, written in the form of "special songs - with all the Turkic nations literature genre". U.Esdauletov's unique is not one of the poets wrote many hit songs. Many of his dedications certain object (person) and contained mostly covers, including some of the most pressing issues of the time there. Poems – are time to devote to provoke the request of the genre.

Ұлықбек Есдәулеттің бір шоғыр өлеңдері арнау түрінде жазылған "Арнау өлеңдері – түркі тектес халықтар әдебиетінің барлығында бар жанр" [1, 150]. Арнау өлеңдері тек түркі халықтары әдебиетінде ғана емес, әлем халықтары әдебиетінен де мол ұшырасып отырады. Арнау өлеңдерінің мадақ сипаттағы үлгісі VI-VIII ғасырлардағы Орхон, Талас бойынан табылған Күлтегін, Білге қағандарға қойылған құлпытастағы жазулардан да көрініс тапқанын байқауға болады. Бұдан шығар түйін арнау өлеңдердің түп-тамыры тереңде екені аңғарылады. Қысқасы, белгілі бір объектіге арналып шығарылған өлеңдер бұрын да қазір де көптеп кездеседі.

Арыдан келе жатқан осы дәстүр Ұлықбек пен оның алды-артындағы ақындардың шығармаларынан көрініс тауып отырған Ұлықбек те бұрыннан бар дәстүрді жалғастырған. Оның арнау өлеңдерінің көбі жеке адамдарға арналған. Шартты түрде топтастырсақ «Қан құю станциясындағы қолтаңба», «Мейлі, ашылмасын жұмақтың қақпасы маған», «Ақындар тағдыры», «Ұлыстың ұлы күні», «Қазанқап қабірі», «Ұлытау, құрбандық», «Тағзым», «Қара Ертіс», «Екі қаламмен қоштасу», «Астаналар», «Готықұс», «Қазақтар», «Ақын деген бір ұлт бар», «Бәйтерек», «Қырғыздар», «Жас ақын», «Тентек ақын», «Жантәсілім», «Жұлын», «Тау ұлы», «Ақын мен теңіз», «Жырмен қоштасу», «Алтын тамыр» т.б. туындылары өнер адамдарына арналыпты, алайда бұл таптағы өлеңдерінің мазмұны да, ойды айту тәсілі де әр түрлі екені байқалады. Мәселен, Жұмекең Нәжімеденеовке арналған өлеңін де «Жүректің мынау әредік тоқтасы жаманынан» секем алған ақын табиғатқа (боранға) тіл қатады.

Жүректің мынау әредік тоқтасы жаман,
Түстіме деймін тағдырдың ноктасы маған.
Тоқташы, боран.
Азынап соқпашы, боран.

Туған жеріммен бір жылап қоштасып алаш-дейді.

Ақын "боранды" тура мағынасында ие ауыспалы мағынасында қолданса да өзінің көңіл-күйін табиғат арқылы жеткізеді. Ойын одан ары өрбітеді.

Тұтқасы болам, тірліктің тоспасы болам,
Десе де пенде сезеді-ау жетпесін оған.
Өмірдің дәнін өлтіріп алмасы болды.
Бірінен бірі бүлініп, соттасып Адам.
Ақылға келсін, абайлап, тоқтасын Адам.

Ұятын, арын, санасын сақтасын аман. [2, 64],-деген жолдар ақынның (Жұмекен) өсиет-аманатындай естіледі. Өлеі-өнері арқылы «тірліктің тұтқасы болуды» мақсат еткен лирикалық кейіпкер адамдар арасындағы заман тудырған кереғарлықтан сақтандырады. «Өмірдің дәнін өлтіріп алмаса болды. Бірі мен бірі соттасып Адам» деуі тегін болмаса керек. Жүрегі сыр беріп жүрген ақын өмірден озарын сезе тұра тағы бір ойтолғамын айтады.

Ақылға келсін, абайлап, тоқтасын Адам,
Ұятын, арын, санасын сақтасын аман.

Жақсылыққа жаны құмар ақын Адамдардың күйбең тіршілік соңында жүріп пендешілікке бой алдырмауын қалайды. Егер әр адам осы талап-тілекті бұзбаса, онда менің де өлмегенім деген түйінге келеді.

Бір қарағанда жеңіл айтылған сөз сияқты болғанымен, лирикалық кейіпкер бүгінгі күннің шындығын, тыныс-тіршілігін дөп басады. Адамдардың бір осал тұсын дәл тапқандай. Бүгінгі таңда ар-ұят, ақыл-сананы тек ақша билеп алғаны өтірік пе? Ақша өмір өмір сүрудің бір шарты екені белгілі. Бірақ бұдан басқа құндылықтар да аз емес, адамға тән ізгі қасиеттер де жетерлік. Олай болса имандылық-адамгершілік азайған тұста ақын Жұмекеннің сөзі ретінде әлеуметтік өмірдегі ең көкейкесті мәселені көтергеніне күмән жоқ.

Ұлықбектің «Астаналар» деген өлеңі жазушы О.Бөкейге арналған. Өлең бір адамға арналғанымен, жалпы халыққа қажетті тарихтың тереңіне ой жүгіртеді. Барлық жақсылық кеңестік кезеңге телінген шақта төрт құбыламызды түгендеуге шындықты айтуға мүмкіндік болмағаны белгілі. Осы ретте ақынның қаға бергіс қалған жайларға назар аударуы орынды. Автор Отырар, Сауран, Сығанақ, Сарайшық, Баласағұн т.б. қалалардың қирап жоғалғанына өкінеді. Көне қалалардың үлкен мәдени орталық болғанына ұзақ уақыт көңіл бөлінбеді. Кейде тіпті сынаржақ тұжырымдар да болғаны аян «Құмбезім күнге көміліп көнерген» сәтте көсегесін көк тудай көтерген еліне қуанады. Бір кездегі бодан елдің көрген құжайын еске алады.

Дәуірлер бар ма,
Қазақты басқа ұрмаған.
Патшалар бар ма,
Алашты босқа қырмаған.
Бір тоқпағынан ұшырап бір тоқпағына.
Төтеп бердік қой замандар сырқаттарына [3, 71]

Бұл-халқымыздың кешегі тағдыры. Арыстарды (халықты) қынадай қырған күйінішке толы ашы шындықты ашып айту суреткерлік парыз.

Арыға бармай-ақ XX ғасырдың алғашқы жарымындағы кей жайларды еске алсақ та жеткілікті. «...Мына құлазыған қу далада мәнгүрттер болмаса, ой ойлайтын, сезім дүниесін шарлайтын тірліктің болуы мүмкін бе деген қасаң да қысыс сауалдар патша заманында қасақана ұсталғандар буржуазиялық объективизмге салынып, зиялысы жоқ,

сауатсыз жұрт, қараңғы ел деген түсінікті қалыптастырды» [4, 24],- деп жазады академик Т.Кәкішев. Ғалымның бұл пікірі өте орынды айтылған. Ұзақ уақыт осы жасалған тұжырымның кесірін тарттық. Осы тұрғыдан келгенде ақынның жоғарыдағы сөзінің дұрыстығына көзіміз жетеді. Біздің халық «заманадар сырқатын» аз көрмеген екен. Осындай «тар жол, тайғақ кешулерден» өтіп, тәуелсіздікке қолымызды зорға жеткенін айту парыз. Ақын Ұ.Есдәулет «Алтын тамыр» атты өлеңінде О.Бөкейге арнапты. Мұндағы айтылар өтініш-тілек ретінде берілген. Автор бір адамға арнағанымен екі өлеңінде екі түрлі тәсіл қолданған екен.

Ұ.Есдәулет «Тау ұлы» өлеңін Ерлан ақынға арнай отырып, оның табиғатынан хабардар етеді. Өлең мадақтау сипатында жазылған.

Алатау шыңында өскен бағлан ақын,
Бойында тау мінезі бар болатын.
Кеуденнен ұшырдың сен жыр сұңқарын
Біреулер ұшырғанда жарқанатын.
Кірсіз сөз,
Мінсіз мінез бойында бар,

Күні ертең мықтылығың мойындар [5, 92],-деген жолдардағы айдын бағытталуы басқаша. Ақын тікелей объектіге қарата сөйлейді. Бір жағынан өлең арнап отырған адамына мінездеме береді. «Бойында тау мінезі бар болатын». Сондай-ақ Ерланның мықты ақын екенін де ("Күні ертең мықтылығың мойындар") мәлімет береді. Осы ретте "Арнау өлең-белгілі бір адамның бейнесін, мінез-сипатын суреттеу мақсатымен жазылған дербес поэзиялық туынды" [6, 54],-деген пікірмен де келісуге болады.

Ақынның М.Мақатаевқа арнау өлеңі «Жырмен қоштасу» деп аталады. Бұл өлең Мұқағалидың монологы сияқты. Басқаша айтқанда, Мақатаев өз өлеңімен қоштасады. Өлеңмен сырласып, айтар ойын өрбітеді.

Кеудемде күркіреген,
Шіркін өлең, есіл өлең.
Қаршадайдан күдіретім,
Досым өлең
Хош, хош... [5, 88]

Жасынан серік болған өлеңімен қоштасатын сәт те алыс емес сияқты. Ақын көңіл назын бүкпесіз айтады. Өзінің қуанышын да, ренішін де өлеңінен табуға болатынына сендіреді. Енді бір кезекте ақын басқа әуенге ауысып:

Ақтығым, адалдығым,
Аян ғой, саған жырым.
Санаулы күн, өлшеулі өміріммен
Мен елімнің тілеймін амандығын,-

деп азаматтық поэзиясын айқын танытады. «Санаулы күн, өлшеулі өмірі» қалған ақын ақынның жан сыры десек те болатындай. Еліне амандық тілеуден артық қандай мұрат-мақсат болмақ. Екінші жағынан, осы жолдардан Мұқағалидың болмысын да тани түскендей боламыз. Ақын өлеңіне қайырлы сөйлеп тағы да былай дейді :

Досым өлең, есіл өлең,
Көңілдердің күмбезін араладың.
Жігерлінің төзімін тағаладың,
Жасықтардың жүрегін жараладың
Ешкімнің де табанын жаламадың!

деген жолдардан ақынның ақиқатты айтқанын көреміз. Ол тасығанын да, жасығанын да өлең жолдары арқылы жолдап, баяндайды.

Сонымен ақатар Ұ.Есдәулеттің арнау өлеңдері тек жеке адамдар ғана емес, көп адамдарға да арналып жазылған. Оның «Шығыстай. Көшедегі бұлттар» деп аталатын

өлеңі бір топ ақсақалдарға (Бөкей, Әшімхан, Асылбай) арналған. Заңғар биік тау арасындағы ауылдың өзіне тән ерекшелігін айта келіп :

Қайран қарттар,
Тас қашап, кетпен шапқан.

Қарағайдан қасқайып кеткен саптан [7, 39],-

деп қарағайдай қасқайып өз міндеттерін атқарса, бұл күндері қартайып «саптан кеткенін» еске салады. Елдің өткен-кеткені мени келер күнін шежіретіп шертетін де осы қарттар екенін білсек, «Класстастарға» өлеңінде де мектепте өзімен бір сынып оқыған құрбыларымен сырласады.

Сонымен қорыта келген де, «Арнау өлең-поэзия жанры. Әрбір заман тудырған арнау өлеңдерінің идеялық мазмұны сол өлеңді тұдырушы ақынның өмір сүрген саяси-әлеуметтік ортасымен тікелей байланысты» [8, ...],-деген белгілі ғалым тұжырымының орынды екеніне көзіміз жете түседі. Ұ.Есдәулетовта арнау өлеңдерді көп жазған ақындардың бірі емес бірегейі. Оның арнауларының көбі белгілі бір объектіге (адамға) қарата айтылса да, көбіне уақыттың кейбір көкейкесті мәселелерін қоса қамтып отырғаны байқалады. Арнау өлеңдер- уақыт талабы тудырған жанр.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Тілеуова А. Жанр табиғаты және арнау өлеңдер // Қазіргі әдебиеттану мен фольклористиканың өзекті мәселелері.-Алматы: Қазақ Университеті, 2004.-356 б.
2. Есдәулетов Ұ. Көп томдық шығармалар жинағы.-Алматы: Қазығұрт,-2-т.-2006.-296 б.
3. Есдәулетов Ұ. Киіз кітап.-Астана: Елорда,2000.-384 б.
4. Кәкішев Т. Санадағы жырлар.-Алматы:Қазақстан, 1992.-264 б.
5. Есдәулетов Ұ. Алтайдың алтын тамыры.-Алматы: Жазушы,1979.-160 б.
6. Әдебиеттану терминдер сөздігі.-Алматы: Ана тілі, 1998-384 б.
7. Мырзахметов М. Әуезов және Абайтану проблемалары.-Алматы,1982.

ӘОЖ 82-14

Ұ. ЕСДӘУЛЕТТІҢ САЯСИ ЛИРИКАЛАРЫ

Сейтжанов З.Н., Нүсіпәліқызы А.Н.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.

Ұлықбек Есдәулет поэзияның түрлі (лирика, баллада, поэма) жанрларында қалам тартқан ақын. Ол өз туындыларында замана шындығын әр қырынан қамтып, адамды ізгілікке үндейді, гуманистік ой-тұжырым айтады.

Поэт Улугбек Есдаулет написал много произведений из разных жанров поэзии (лирическая баллада, поэма), это отражает реалии современных произведений с каждой стороны, научить людей на хороших и благих дел, говорил гуманистическая заявление перспективы.

Ulugbek Yesdaulet different genres of (lyric ballad, poem), who genres pen poet. It reflects the realities of modern products of each side, teach people good, humanistic outlook statement said.

Өткен тарихтың қатпар-қойнауларына көз салсақ, қазақ халқы небір зұлмат-нәубеттерді басынан аз өткеріпті. Әсіресе бодандық бұғауына ілінген халқымыздың небір қиын-қыстау кезден өткені белгілі. Арыға бармай-ақ XX ғасырдың алғашқы жартысында болған ұлт-азаттық көтеріліс (1916ж.) пен 1917 жылғы октябрь төңкерісі,

жиырмасыншы жылдардың ішіндегі ұжымға біріктіру, отырықшыландыру кезіндегі былықтар, бай-ауқатты адамдарды тәркілеу, 1931-1933 жылдардағы ашаршылық халқымызды қанадай қырды десек артық сөз болмайды. Асыра сілтеу, қысым жасау барынша етек алды. Мұның салдарынан халық басқыншылыққа ұшыраған. Ресей, Қытай, Монғолия, Ауғанстан, Иран, Түркия елдеріне кетіп, бас сауғалауға мәжбүр болды. Халықтың саны өсудің орнына өшеді. «Социализм жеңіске жеткен сайын тап күресі күшейе береді деген Сталин теориясы» біздің елімізде саяси қырағылықты шегіне жеткізеді де, талай ғылыми, әдеби, мәдени қателіктерге ұрындырады, бүкіл идеологияның түтінін басқа жаққа бұрып, жалған сөйлеуге, тарихты бұрмалауға апарып соқтырады [1, 122], - деп жазады академик Т. Кәкішев.

Бұл ғалымның шынайы тұжырымы еді. Халық әр кезеңдегі саяси науқандардың зардабын аз тартпаған. Тоталитарлық жүйенің зорлыққа негізделген науқандары мал басының күрт азаюына себепкер болды. Күн көрісі мал шаруашылығына негізделген халықтың тұрмысы ауырлай берді. Ақыры мұның арты ашаршылыққа әкеп соқты. Бұл халық өмірінің ең қиын кезеңіне айналды. Себебі ішіп-жеуге ешнәрсесі қалмаған жұрт қырыла бастады. Демек, адам саны да айтарлықтай азайды. Нақтылы деректе : «1927-1929 жылдары бір миллиондай адам қуғын-сүргінге ұшырапты. 1930-1932 жылдары жазалау органдары барлық тұрмысты шаруаларға есенгірете соққы берді.

1933 жылы да миллионға жуық шаруа жер аударылды. Күштеу арқылы асығыс құрылған колхоздар астыққа қажетті мөлшерде дайындап алмады. Сөйтіп еліміздің көптеген аудандарында 1932 жылдың күзінен басталған аштық 1933 жылдың қысы мен көктемінде ұлттық апатқа ұласты. 1932-1933 жылдардағы аштыққа 6-7 миллион адам өлді деуге негіз бар. Мұның үстіне 1,5-2 миллион кедей шаруалар масақ тергені үшін тұтқындалып кете барған» - делінген [2, 117]. "Жығылған үстіне жұдырық" дегендей отызыншы жылдары «Халық жауы» атты репрессия тағы басталады. Көптеген адамдар жаланың құрбаны болып, «Халық жауына» айналады. Ақ, қарасын ажыратпай-ақ тұтқындау басталады. «1935 жылдың бірінші қаңтарынан 1941 жылдық 22 маусымына дейін елімізде 19 миллион 840 мың », «Халық жаулары сотталған. Олардың жеті миллионы ату жазасына кесіліп, көпшілігі лагерьлерде қайтыс болған» [3, 303]. Халықты қара жамылдырып, ойранын шығарған ащы шындық тарихта осылай таңбаланған. Бүкіл халық аты шулы «58 статья» десе, төбе шаштары тік тұратын кез еді. Өйткені бұл статьямен айыпталған адам «халық жауы» деп танылған. Екінші бірін "Қара құзғын" аталып кеткен қара машина арқылы келмеске жөнелте бастайды. Дәл осы ащы шындық Ұлықбек Есдәулеттің «58 статья циклынан» деп аталатын өлең топтамаларында әр қырынан суреттеледі. Халық басынан өткен осы трагедия көпке дейін айтылмады, жазылмады. Ақынның «Тарихшылар» атты өлеңінде:

Тарихтан тарихшылар именеді,
Қысылған, қымтырылған күйге енеді.
Етектен кесіп алып жең жалғапты
Кей тұста тағылмапты түймелері.
Не:

Тарихтан тарихшылар ұялады,
Табылмай табан тірер тиянағы [47, 259],-

деген жолдар шынайы өмір шындығы десек те болады. Тарихшылардың именетін себебі не? Өйткені тәуелсіз ел болғанға дейін тарихты бұрмалап көрсету басым болғаны белгілі. Құрап-жаман өтірік тарих жазылғанын жұрттың бәрі біледі. Сондықтан шындыққа жанасады. Себебі тарих деп жазып отырғаны өтірік екенін Ақын орынды сын айтады, шын айтады.

Тарихты тарихшылар сан жазады,
Ашады бекітілген дарбазаны,-

деген сөзіне де сенеміз. Иә, бекітілген дарбаза ашылды, тарихты қайта жазу қолға

алынды. Бұрмаланған тарихты қалпына келтіру басталып кетті. Кезінде шындықты айтқан тарихшылардың атылып, айдалып кеткені қанша ма? Сондықтан "бір елі ауызға, екі елі қақпақ қойылғанын" акын өлеңінде шынайы жеткізіледі. Осы топтама өлеңдерінде «Есіл ерлерді жоқтаудың» орны ерекше.

Шараға симай шалқып бір кеткен,
Қаймала қолдар бір төккен.
Қаймақтарым-ай!
Қылыштай халқын қайрап қалдырып,
Қайраттандырып, айбаттандырып.
Қапыда сынған қайрақтарым-ай!

Осы жолдарды оқығанда кешегі алаш зиялылары есімізге түседі. Кеңестік кезең ұлттық намысы бар алаш қайраткерлерінің іс-әрекетіне шошына қарағаны белгілі. Алаш партиясының бір тұжырымында «Қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тілі, діні үстем болуы керек» [5, 17] болуды мақсат еткен зиялы азаматтардың бәрін елу сегізінші статьямен «халық жауы» деген жалған жаламен құртқан. Акын оларды «қапыда сынған қайраққа» балай отырып жоқтайды. Халықтың ой-санасын оятып, жігерін қайраған ерлердің арманда кеткеніне налыды. Олардың аруағының алдында «қоламталарыңды үрлесем, қысқа жібімді күрлесем» деп ант бергендей болады. «Сұңқары кетсе - аман» қалғанына олардың жолын жалғастырар ұрпақ барына шүкіршілік етеді. Халықтың көкірегіне шемен болып қатқан трагедияны акын айтпай, кім айтпақ? Аса қажетті мәселеге арналған туындының мәні зор.

Акын осы таптағы өлеңдерінің бірінде халқын, елін ойлаған ардақты азаматтарды осындай жағдайға кімдер душар еткенін ой елегінен өткізеді. Мысалы:

Боздаса мамыр далаң,
Бауырың мұздамаған.
Басың да ауырмаған,
Балтырың сыздамаған,-
Па, шіркін, кеткен «ерсің»?!
Не:
- Сөйт! – десе білек түріп,
Соқырдан жас шығарған.
Дүниені тіреп тұрып,
Шаш алса-басты да алған,-
Па, шіркін, неткен «ерсің»?! [4, 261], -

деп кекете сөйлейді. Байыптап оқысақ акынның қаһары кімге бағытталғанын аңғаруға болады. Шетінен «халық жауы» боп кетіп жатқанда «басы ауырып, балтыры сыздамайтындар» кімдер? Әрине, олар шолақ белсенділер болатын немесе отарлық жүйенің әмір-пәрменін екі етпей орындауға белсене кіріскен адамдар екені аян. Түптеп келгенде бұл тоталитарлық жүйенің зымиян саясаты еді. Жоғарыдан нұсқау болса, төмендегілер қайдан орындамасын. Сөйтіп көптеген бейкүнә адамдар халық жауына айналады. Осы арқылы халықты уысына ұстауды мақсат еткен. Көзі ашық, ұлтының камын ойлайтын адамдарды құртып отырса, басқалары бұра тарта алмайды. Лирикалық кейіпкердің жаны осындай әділетсіздікке күйінеді. Бойында ерекше бір ызалы кек ояғандай болады. Сондықтан акынның бұл топтағы өлеңдерінен ұзақ уақыт іштен тынған бір ұшқынын көргендей боламыз.

Бұл топтағы өлеңдерден шолақ белсенділердің өзбырлық іс-әрекеттері де, сол тұстағы солақай саясаттың лаңынан халық басына түскен ауырлықта шынайы суреттеген. «Халық жауы» ретінде ұсталып кеткен жазықсыз жандарды отбасы мен ағайын-туыстары ұзақ жылдар сарыла күткендері де шындық болатын. Топтама өлеңде тарихтың қаралы беттерінің қасіретін анық аңғартады.

Ақынның бұл топтама өлеңдерінен басқа да әлеуметтік-саяси тақырыпқа жазылған өлеңдері де көп көңіліндегі дөп басады. Ол «Мәңгілік отбасында» атты өлеңінде:

Боздақтар, жатырсындар-ау,
Кек сақтап жүректерінде.
Оқ сақтап сүйектерінде
Сендерге жазбаған екен
Дариға, бейбіт өткеруге [5, 117],-

депті. Бұл сонау жылдар болған сойқан соғыстың лаңынан қайтпай қалған боздақтарға қарата айтылған сөз. Жүректерінде кек, сүйектерінде оқ бар екені де шындық. Сол бір отты күндерде Отан үшін жанын пидә еткен есіл ерлерді ұмыту мүмкін емес-ті. Бейбіт күнді көре алмай кеткен кеткендерді халықтың көк семсеріне балайды. «Өрт сөнгелі отыз жыл» болғанын еске алып, қапыда қаза болғанына өкінеді. Бұл – өмірдің аса елеулі мәселесі еді. Елді бірде былай дейді :

Отыз жыл өртер сөнгелі
Шаттықтан жер теңселгелі.
Қапыда сындындар ма екен,
Халықтың көк семсерлері.

Біріншіден, өлең соғыстың біткеніне отыз жыл болғанда жазылғанын білсек, екіншіден, қайтпай қалған боздақтарды ауыстыру (семсер) тәсілімін айбындарын асыра түседі. Қапыда кетті деп күйінеді, көк семсерге балап сүйенеді. Орны толмас екінші ақын көңілін үнемі алаңдатқан. Соны өзінше топшылай, қабылдай отырып жыр жолдарына айналдырған.

Бәлкім білмессіндер де,
Жаралар жазылғандығын.
Каналдар қазылғандығын...
Көз жасын құйғанын оған,
Аналар сағынғанда ұлын.

Ақын дұрыс айтады. Шаһид болған боздақтар не болып жатқанын қайдан білсін. Отыз жылда жүректегі жараның жазылары да белгілі. Бірақ ұлын сағынбайтын ана бола ма? Соғыстан соңғы жеңіс – жетістіктерде ұлынан айырылып тұлдыр қалған аналардың көз жасының барлығын жоққа да шығара алмаймыз. Ақын сөзіне иланамыз. "Неге көңілі алаң болып тұрса, соған тебіренеді. Қандай дәл суреттесе, сондай шынайы толғанады" [6, 10]. Өлең соңы:

Өмірді керікті еткендер,
Тым ерте сөніп кеттіндер.
Сөнбейтін оттар барына,
Мәңгілік сеніп кеттіндер.
Сендер оралмайсындар
Жеңілмеген камалдайсындар [4, 118]

деп аяқтайды. Опра, әрине, оралмайды, бірақ халық жадында мәңгі сақталмақ. Тым ерте сөніп кетті-өкініш өмірді керікті етті-қуаныш. Бұл тек бір адамның сөзі емес, бүкіл халықтың ойы осыған саяды. Олардың берік камалдай қасқайып тұратындарына сенеді. Құрбан болғандарды-көпке үлгі-өнеге етеді. Бейбіт өмірдің оңайлықпен келмегеніне көзіміз жетеді.

Ұлықбек Есдәулет енді бірде мүгедектердің госпиталінде болады.

Ардагерлер алдарында,
Тұрмын міне жыр оқып.
Жалғыз балақ-
Шалбарында,
Шалды көріп дір етіп, [4, 221]

Бір аяғы жоқ шал да соғыс мүгедегі. Егер соғыс болмаса, шал мүгедек болмас еді. Ақын жүрегінің дір етуі әбден мүмкін. Өйткені соғыс жарاقاتы әлі жазылмаған. Жүзін әжім торлаған қарт жағалаудағы жартастай көрінгенмен, жанарында мұң бар.

Басын сүйеп балдағына,
Кемтар отыр тұшынып.
Сап-сау аяқ-қолдарыма
Қарай бердім қысылып.

Басын балдағына сүйеп отырған кемтар шалды көргенде кімде-кімнің болса да, аяушылық сезімі оянары хақ. Лирикалық кейіпкер жетім-жесірдің зарын тындап, ақсақ-тоқсақтарды көргенде, соғыс зардаптарын терең түсінгендей болады. Тіпті өзінің аяқ-қолының сау жүргеніне де қысылады. Бұлардың жастығын да, денсаулығын да ешкім қайтарып бере алмайды. Енді қандай амал бар? Қаһарлы жылдардың қайғысын қалай емдеуге болады?

Адамзаттың айықпаған,
Ауруларын көргесін.
Ақын болмау айып маған,
Жыр емші ғой,
Емдесін [4, 222]

Осындай катал тағдырдан қиындық көрген адамдарды көре тұра ақын болмаудың өзін айтып көреді. «Жүрекке жылы тиер» жырмен емдеуді жөн санаған. Бұл-лирикалық қаһарманның аяушылық сезімінен туған сарын. Сұрапыл соғыс шындығы мен лирикалық кейіпкер сезімі шынайы көрініс тапқанын айту керек. «... Азаматтық сенім биігінен үн-қату-поэтикалық дайындықтың молдығы ғана емес, ішкі жан қуаты мен дүниетаным тереңдігіне айғақ құбылыс ... нәзік өнер адал жүрек әлемді апаттан құтқара алады» [7, 138]. Ақын халық көрген қасірет пен қиындықты кейінгі жас ұрпақ көңілімен пайымдайды.

Ұлықбек Есдәулеттің өмір шындығына негізделген өлеңінің бірі "Қайдасың, Адам?" деп аталады. Мұндағы айтылатын ой алдыңғы өлеңдерді толықтыра түседі. Лирикалық қаһарман тікелей Адамға тіл қатады.

... Адамзат тарихына
Қосылды парақтар қаралы.
Жралы, азалы, қазалы.
Жазылған қанменен,
Көз жасымен.
Құзғындар қанға дәндеген
Жазды оны дарменен,
Қорғасынмен.
Оқыдың ба, Адам?

Адамзат тарихында не болмады. Сан ғасырлық тарихтың қойнау-қатпарына көз салсақ, небір қақтығыс-шайқастардың болғанын білеміз. Талай қалалар қирады. Халқы қырғынға ұшырады. Тіпті жойылып кеткен халықтар да аз болмаған. Автор өткенді де, бүгінді де меңзей отырып күллі адам атаулыға қарата сөйлейді, апаттан сақтандырады. Тарихтың қаралы беттері аз емес екенін еске салады. Қалайда қасірет ұмыт болмайды. Бұл арада ақын бүкіл адам баласының басынан өткен қайғы-қасіретті қамти сөйлейді. Өлеңдегі азаматтық дегеніміз – осы.

Келешек ұрпақтар жазады,
Бостандық.
Теңдіктің тарихын!
Бұл-олардың өз әні.
Шырқа соны, Адам! [8, 226-227]

Ақынның айтқаны келді. Бостандыққа қолымыз жетті, ерікті ел болдық.

Бостандық, теңдік тарихының жазыла бастағаны да шындық. Шын тарихты жазып, ақтандақтарды аштық. Ақынның қоғамдық-әлеуметтік тақырыптағы өлеңдерінде өмір шындығын реалистік тұрғыдан таныған.

Ұлықбек Есдәулет поэзияның түрлі жанрларында (лирика, баллада, поэма) жанрларында қалам тартқан ақын. Ол өз туындыларында замана шындығын әр қырынан қамтып, адамды ізгілікке үндейді, гуманистік ой-тұжырым айтады. «Бір минут үнсіздік» өлеңінде

Лаулайды лаула от, лала гүлі.
Бейсауат жер емес, кара бұл...
Ерліктің рухы бар бұл жерден
Жаныңа сөнбес от ала біл. [8, 378]
Немесе:
Бұл жерде өлілер тірімен,
Тілдесер ерліктің тілімен...
Бұл жерде жұрт түгіл
Баукеңнің
Қаһарлы жанары жібіген.

Панфилов паркіндегі сөнбес алау бұл күндегі халықтың көп баратын қасиетті орынға айналған. Мұнда үлкен де, кіші де барады. Елі үшін жан қиып, мәңгілік алауға айналғандарға бір минут үнсіз тұрып құрмет етеді. Ерліктің алдында бас иеді. Отанды қорғауда жан қиған боздақтарға қандай құрмет көрсетсе де артық болмайды. Ақын осындай жан қиярлықты үлгі етеді. Қайтпай қалған марқұмдар осы алаудай мәңгі жанып тұрмақ деген байламға келеді. «Көңіл сұрау» балладасы да жақ туындыларының қатарында тұрары даусыз дүние.

Сауырын әлсін-әлсін жалынға орай,
Дүние дөңгелейді қимылдамай.
Сенің де соғыс салған жараң бар еді:
Жер-ата тәуірмісің, қалың қалай?

Адамды ойлантады. Халқымыздың басынан өткен қайғыны тағы бір еске салғандай болады. «Сауырын сан рет жалын ораған» жер-атаның халі қалай екен? Ақын ойы әлде бір нәрсеге алабұртып, алаңдайтын сияқты. Қара жердің амандығы кімді болса да ойлантпай қоймайды. Иә, бәрімізге амандық қажет. Өлеңнің соңғы түйіні жалпы адамзаттың ортақ ойына тоғысады. Өйткені жер бәрімізге ортақ. Бкіл әлем халықтары жер бетінде қоймасы кәміл. Тағы бір өлеңін оқып көрейік:

Батысқа, балам қызықпа.
Батқан күн-біздің күніміз.
Көкжиек деген сызыққа
Сіңгенше ғана тіріміз.
Уақыт зулап улы оқтай,
Уатып өтер төзімді.
Сондықтан, балам, күн батпай,
Айтып қал айтар сөзіңді.
Деді де, демі дірілдеп,
Демігіп маған қарады.
Батқан күн нұры біріндеп
Көзінен босқып тұрады.
Қарашығында мұң тұрды,
Аядым қартты құнысқан.
Қайырылып артқа күрсінді
Таң іздегендей Шығыстан [8, 105]

деген жолдардың астарында терең философиялық ой бар. Адам өмірінің де батқан күнге

ұқсайтынын ұғамыз. Сондықтан күн батпай тұрғанда айтар сөзін айтып қалу керек екен. Өмірдің өтпелілігін адам ұмытпай, өз орнын табуы тиіс. Жнарына мұң ұялаған қарттың әрекеті де ақынға ой салғандай, аяушылық сезімін оятқандай болады. Нәзік жаңды ақынның осылайша тебіренуі орынды. Жарық әлемнің өтпелілігін еске салады. Ойлануға әсер етеді. Ақынның көптеген өлеңдерінде азаматтық әуен басым.

Жанары жердің, бәлкім, суалады,
Самайы сиреп, бәлкім, қуарады.
Сыйла оны!
Белі бүкір анаң да,
Кигізсең жаңа көйлек қуанады. [4, 76]
Немесе:
Қазынамды, Нәрімді,
Байлығымды, Барымды.
Сен ал,-деді Жер-Ана.
Дәурені өтті, қартайды.
Буыннан әл тайды.
Демал!-деді Жер-Ана
Немесе:
Антей де емес, Адаммын,
Антейден гөрі күштімін,-
Тұрғанда сезіп табаным
Жұмыр жерімнің ыстығын!...

Ақын Жер-Ана, Отан-Ана мен Адам болмысын байланыстыра отырып, өз көңіл – күйін де білдіреді. Басқаша айтқанда, әлеуметтік мәселелер жайында толғанады. Халық камын, оның қоғамдық халін шығармасына арқау еткен әрбір ақын лирикасында азаматтық сарын басым болмақ. Тақырыпты көтеру арқылы ақын заман сырын ашады, әсіресе оның қайшылықтары мен кемшіліктерін көрсетеді, алға, болашаққа жол сілтегендей ой қозғайды [9, 32].

Әсершіл ақын өмір-тіршіліктің сан-түрлі қатпарын көңіл көзінен өткізіп, әр құбылысқа ерекше, сергек сезіммен қарайды. Өзінше ой түйіп, өзінше баға беруге ұмтылады. Ақын үшін өмір құбылыстың үлкен-кішісі жоқ. «Адамзаттық – бұл идеялық, эстетикалық категория. Ол ақынның шығармашылық позициясын, дүниетанымын белгілейді, сөйте тұра өлең сөзге емес өмір сыйлайды» [10, 143].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Кәкішев Т. Қағидаға айналған қателер//Нәубет.-Алматы:Жалын, 1990.-448б.
2. Сонда, 117 б.
3. Сонда, 303 б.
4. Есдәулет Ұ. Көп томдық шығармалар жинағы.-Алматы: Қазығұрт, 2006,-2-т.-296 б.
5. Жұлдыздар отбасы.-2016.-№10.-34 б.
6. Кекілбаев Ә. Өркені өсер өнер, өрісі шалқар өлең//Ұ.Есдәулет.Киіз кітап.-Астана:Елорда, 2000.-384 б.
7. Майтанов Б. Сөз сыны.-Алматы:Ғылым, 2002.-344 б.
8. Есдәулет Ұ. Көп томдық шығармалар жинағы.-Алматы: Қазығұрт, 2006,-1-т.-416 б.
9. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі.-Алматы:Ана тілі. 1998.-384 б.

ӘОЖ 801.5.943.42 (5к)

МЕКТЕП ПРАКТИКАСЫНДАҒЫ СЫН ЕСІМ СӨЗ ТАБЫН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Шукуманова Б.С.

*Ш. Уәлиханов атындағы Кәкішетау мемлекеттік университеті,
Кәкішетау қ.*

Сын есім сөздерді оқытуда теориялық ұғым маңызды болып табылады. Себебі теориялық ұғым теориялық ойлаудың материалы, оқушылардың «жақын аралықтағы дамуын» қамтамасыз етудің бірден-бір жолы. Сондықтан дамыта оқытуда оқушыларға теориялық ұғымдарды меңгертуде әдістеме ғылымының жеткен жетістіктеріне сүйене отырып, оны әдістемелік мақсатта пайдалану жетістікке әкеледі. Сондықтан сын есім сөздердің бағдарламалар мен оқулықтарда берілу жолдарына тоқталып өту маңызды болмақ.

1928 жылы шығарған «Тіл жұмсар» әдістемесінде А.Байтұрсынов былай дейді: «Бұл «Тіл жұмсар» деп ат қойып отырған кітап ата тілін жоғарыда айтылған жолмен үйретуге ыңғайланып шығарылған. Мұндағы білім – «Тіл құралдағы» білім, бірақ сол білімді үйрету жолы басқа» [1].

Қазақ халқының «рухани көсемі» болған, қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашуға көп күш жұмсаған ағартушы қайраткер Ахмет Байтұрсыновтың «Тіл құралында» сын есім сөздер тақырыбы «Тіл құралдың» екі кітабына бөлініп беріледі.

Сын есім сөздерді игерту мақсатында А.Байтұрсынов «Дағдыландыру», «Сынау» деп аталған жұмыс түрлерін береді. Кітапта ол жұмыстар былай берілген: «Дағдыландыру. Төмендегі сөздерді айырту, қайсысы зат есім, қайсысы сын есім?

...Сынау. Төмендегі сөздерді көшіріп, сын есім сөздердің астын сызып көрсетіндер», [1, 191]. «Тіл құралдың» 2-кітабында «Сын есім» тақырыбы кендеу түрде берілген. Сын есімнің шырайлары да А.Байтұрсынов осы екінші жылда танытуды көздегені байқалады. Шырайларды жай шырай, талғаулы шырай, таңдаулы шырай деп таныстырады. Заттанған сын есімнің септік жалғау жалғану үлгісін көрсетеді. Сын есім зат есімге тіркескенде, жалғаулар зат есімге жалғанатыны да көрсетіліп, дағдыландыру жұмыстары арқылы бұл ұғымдарды бекіту жұмысы көрсетілген. [1, 222]. Ахмет Байтұрсыновтың «Тіл жұмсар» еңбегінің де методикалық құндылығы зор екенін айтып кеттік.

Қазақ тілінің грамматикасы оқулық түрінде қалыптаса бастағаны белгілі. Ахмет Байтұрсыновтан соң Құдайберген Жұбановтың «Қазақ тілі грамматикасы» оқулығының орны үлкен. Қ.Жұбановтың сын есім туралы айтқандары ғалымның «Из истории порядка слов в казахском предложении», «Образование сложных слов в казахском языке», «О построении речи на казахском языке», «Жанғазы» мақалаларында кездесіп отырады.

1933 жылы С.Аманжоловтың «Қазақ тілінің морфологиясы» (Ү-ҮІ кластарға арналған) жарық көрді. 1942 жылы Ғ.Бегалиев пен С.Аманжоловтың «Қазақ тілі грамматикасы» шықты. 1949 жылы С.Жиенбаев пен І.Кенесбаевтың «Қазақ тілі грамматикасы» (бөлім) шығарылды. Заман дамуына сай, талаптары да өзгеріп, ол өзгерістер қазақ тілі оқулықтарында да көрініп отырды. Грамматикалық тақырыптарды игеру жаттығуларындағы түрлілік 30-жылдарда сан алуан болып келетін болса, 30-жылдардың аяғы мен 40-50 жылдарда жаттығулар негізінен, грамматиканы терең оқытуға бағытталған.

Оқушының басты білім алу құралы - оқулық. Сондықтан оқулықта оқушы орындайтын тапсырмалардың сөйлеу тілін дамытуға және танымын дамытуға үлкен

үлестерін қосатындай болып берілуі керек деп ойлаймыз. Грамматикалық тақырыпты оқытудың өзіндік ерекшеліктері бар екендігі белгілі. Сондықтан, грамматикалық ережелерде оқулықта жүйелі берілуімен қатар, оқушының сөйлеу тілін, ойлауын, танымын кеңейтетін тапсырмалар арқылы бекітіліп, дағдыға айналуын қадағалап отыруы керек.

1989 жылы шыққан 6 класқа арналған «Қазақ тілі» оқулығындағы сын есім тақырыбына кеңінен тоқталып өтейік. Бұл оқулықтың авторлары - К.Аханов, Б.Кәтембаева, Т.Әбдіғалиева [2]. Осы «Қазақ тілі» оқулығындағы «Сын есім» тақырыбы бойынша берілген теориялық мәліметтер мен жаттығуларға шолу жасалды. Шолу барысында бағдарламада көрсетілген «Сын есім» тақырыбы оқулықта жүйелі, бірізділік сақталып берілгені байқалды. Осының алдында шыққан 6 класс оқулығы бұрынғы сын есім тақырыбын екі класта оқытуға байланысты біршама ерекшеліктері болғаны, бұл оқулық біршама жақсы толықтырылғаны да көрінеді.

Оқулықтағы «Сын есім» тақырыбымен байланысты берілген жаттығуларды талдауда, ең алдымен, жаттығулардың көбісі тұтас текст түрінде берілгені өте құптарлық екендігін атап кетеміз. Себебі, текст оқушының жүйелі ойын, сөйлеуін дамытуда бірден-бір тиімді құрал болып саналады. Оқушының сөйлеу тілін дамытуда жеке сөздердің құрылымы мен қызметін танытып қана қоюға болмайды, мұнымен іс бітпейді. Оқушының сөздік қорын сандық жағынан толтырғанмен, сапалық жағын ондай істің еш толтыра алмайтыны анық. Сондықтан, белгілі бір тілдік тақырыпты өтуде сөз, сөз тіркесі, сөйлем, текст құрамында сөздік қызметі, түрленуі, мағынасының кеңеюі мен тарылуы тұрғысынан танытуда аса ұтымды құрал деп санаймыз.

«Сын есім» тақырыбына байланысты оқулықта 59 жаттығу берілген (165-жаттығудан 223-ке дейін). Осының ішінде 23 жаттығу тұтас текст түрінде берілген. Яғни жаттығулардың мазмұны үзік-үзік сөйлемдерден емес, желілі ой сақталған текст болып келеді.

Ал енді, тапсырмалардың оқушылардың сөйлеу тілін ауызша, жазбаша дамытуға ықпалын тигізер тұрғысынан талдауға келер болсақ, бұл жағынан тапшылық байқалады. Жалпы, «Сын есім» тақырыбы бойынша берілген теориялық тақырыптар мен жаттығулардың өн бойындағы сын есімдердің саны - 1399 екендігін анықтадық. Бұл - сын есімдердің саны. Ал енді, берілу жиілігі жағынан өте жоғары тұрған мынадай сын есімдер екені анықталды:

- жақсы, жаман, тәтті, ашы, үлкен, аласа, ұзын, биік, ақ, қара, қызыл, сұр, дөңгелек, сары, әдемі, ауыр, кең, кешкі, жазғы, күзгі, көк, таза, жіңішке, қалың сын есімдері. Барлық дерлік жаттығуларда, текстер мен теориялық тақырыптардың мысалдарында көрсетілген сын есімдер қайталанып берілген. Бұл жағдай бізді мынадай ойға итермелейді. грамматикалық тақырыпты оқудың өзі сол тақырыптан жасалу жолдарын, мағынасы түрленуін т.б. ерекшеліктерін таныту арқылы оқушының ойлауы мен сөздік қорын дамытуға қызмет етуі тиіс. Ал сын есім сөздердің жасалу жолдары танытылып отырғаннан кейін, баланың кішкентай кезінен-ақ дерлік белсенді қорға айналған сын есімдердің орынсыз қайталана берілуі - баланың сөздік қорын дамыту орнына кедергі келтіреді. Тіл дамытудың психологиялық, негіздері бойынша, баланың сөйлеу тілінің бай болуы, сонымен қоса, ол қордың белсенді /актив/ қорға айналуы баланың ойының, интеллектуалдық дамуының негізгі және басты кепілдерінің бірі. Бұл негіз - барлық грамматикалық тақырыпты оқытуда басшылыққа ұсталар нәрсе болуы керек деп есептейміз. Сын есімнің жоғарыда айтылған таныс формаларының қайталанып келе беруі баланың сөйлеу тілін де, сөздік қорын да дамытуға үлес қоса алмайды. Себебі, олар балаға бұрыннан белгілі сөздер, жаңа сөздер аз қосылып отыр, сондықтан ол баланы қызықтырмайды. Оған

қоса айтарымыз, аталған сын есімдер негізінен, тек тура мағынасында ғана беріліп отыр. Ал, 6-класс оқушылары «Сын есім» тақырыбының алдында «Лексика» тақырыптарын өтіп, сөздің синонимдік, антонимдік, омонимдік қатарларын және сөздің тура және ауыспалы мағыналары туралы мәліметтерді қайталайды. Сондықтан қолдану жиілігі жоғары сөздердің ең дегенде, бір бөлігі ауыспалы мағынасында келсе, ол да оқушының сөйлеу тілін дамытуда өзіндік қызметін атқарар еді деп ойлаймыз. Талданып отырған «Қазақ тілі» оқулығында көптеген жақсы жақтары бар екендігі даусыз. «Сын есім» тақырыбы бойынша берілген 59 жаттығудың басым көпшілігін тапсырмалары грамматикалық ережелерді игеруге ғана арналған.

Міне, осындай талдау жасау барысы бізге оқулықтың «Сын есім» тақырыбы бойынша берілген 29-жаттығудың сегізі баланың сөйлеу тілін дамыту тапсырмаларын бергендігін көрсетті. Оқулықтың соңында берілген «Тіл ұстарту» тақырыбымен берілген жаттығулардың арнайы тіл сабақтарында қолдануға берілуімен қатар, сын есім сөздерді өту барысында да қолдануға болатыны бар деп ойлаймыз. Бұл бөлімде берілген 29-жаттығудың ішінде 2-і ғана сын есім сөздерді оқытумен тікелей байланысты тіл даярлау жаттығулары бола алады. Мысалы. 437-жаттығудың тапсырмасы мынадай болып келеді: «Тексті оқып шығып, мазмұнының не жайында екенін айтыңдар. Құрамынан сын есімдерді тауып, оларды сапалық, қатыстық түрлеріне ажыратып, тұлғаларын анықтаңдар». Берілген текст – «Әуілдек» деп аталады, текстің соңында «Текстегі сызықшылардың қойылу себебін түсіндіріңдер» деген тапсырма бар. Сонымен қатар, 440-жаттығудың тапсырмасы да текстің мазмұнын және сын есімдерді мағынасы мен тұлғасына қарай талдауды тапсырма етеді. Бізге осы «Тіл ұстарту» бөлімі жаттығуларының ішінде 431-жаттығудың тапсырмасы қызықты болып көрінді, онда: «Тексті оқып шығып, теңіз көрінісін автор қандай көркемдегіш сөздермен суреттегенін айтыңдар» делінген. Бұл тапсырма тіл дамытудың сын есім сөздермен байланысты жүргізілетін жаттығуларының нақтысы десек, артық емес. Осындай түрлі тапсырмалармен қатар, «Тіл ұстарту» бөлімінде берілген жаттығулардың көпшілігінде «мазмұнын әңгімелеп беру, шығарма жазу» сияқты тапсырмалар.

Келесі бір талдайтын құралдар - методикалық көмекші құралдар. «Қазақ тілін оқыту методикасы» кітабында: «Қазақ тілі оқулықтарына методикалық нұсқаулар 1969 жылдан бастап жазыла бастады», - деп көрсетілген [3, 44].

Әрине, бұдан біз қазақ тілін оқытуға байланысты мәселелер одан бұрын қаралмаған деген қорытынды жасаймыз. Жалпы, «Сын есімді» оқыту методикасы туралы сөз етер болсақ, ең алдымен, А.Байтұрсыновтың «Тіл құралы» мен «Тіл жұмсарын» айтамыз. Одан кейін, сын есімдерді оқыту мәселесі қысқаша болса да, Қ.Жұбановтың «Жанғазы» еңбегінде сөз болғанын жоғарыда айтып кеттік. Қазақ тілінің көрнекті методистерінің барлығының да еңбектерінде «Сын есімді» оқыту мәселесі қарастырылып отырылды. С.Жиенбаевтың «Қазақ тілі методикасы» (1941) кітабында және «Халық мұғалімі» журналында «Сын есімнің методикасы» мақаласында сын есім сөздерді оқыту мәселесі біршама сөз болады.

Сын есімді оқыту мәселесі И. Ұйықбаевтың еңбектерінде кең қарастырылады. Оның «Қазақ тілі методикасының очерктері» [4]. монографиясында құнды пікірлер айтылған. Сонымен қатар, Ш.Х.Сарыбаевтың мақала, еңбектерінде де методикалық мәселелер жақсы ашылады.

Соңғы жылдарда «Сын есім» тақырыбын оқыту туралы біршама еңбектер жазып жүрген - Бибігүл Кәтембаева. Автордың алғашқы шыққан «4-класстың «Қазақ тілі оқулығына методикалық нұсқауында» «Сын есімді грамматикалық жағынан ғана таныту жеткіліксіз. Сын есім көркем шығармаларды, поэзияны, әдеби тілді жандандырып тұратынынан да мәлімет беру керек» деп жазады [5]. Б.Кәтембаева

«Тіл дамыту» методикасында да өнімді еңбектеніп жүрген көрнекті методист-ғалымдардың бірі. Б.Кәтембаеваның «Грамматикалық ережені саналы оқыту туралы» мақаласында айтылған құнды пікірлердің грамматикалық тақырыпты тіл дамыту жұмысымен байланыстыруда алатын орны өте үлкен. Бұл мақалада автор қазір тілді оқыту методикасында қолға алынып, зерттеле бастаған оқушылардың лингвистикалық ойлауын дамыту мәселесін қозғайды. Әрине, автор дәл осы аталған терминді қолданбағанмен, ол сөз өтіп отырған әдіс-амалдар грамматикалық ережені саналы игерген оқушы өмірде оларды қолдану жолын да таба білетінін көрсетеді [6, 32-34].

Методикалық әдебиеттер мен баспасөз материалдарын талдау барысында сын есім сөздерді оқыту мәселесі бойынша жазылған тәжірибелі ұстаздар мен методистердің еңбектерімен таныстық. Бұлардың қатарында: сабақ үлгілері көрсетілген мақалалар да, методикалық тұрғыдан ойлар талқылау да кездеседі. Бұлардың барлығы да бізге көмекші бола алады. Әрине, әрбір ұстаз өз ісінде шеберлікке жетудің жолдарын барлық уақытта іздейтіні белгілі. Бірақ шеберлік шыңына шығары санаулы болады. Олардың қолданған, қолданып жүрген ұтымды әдіс-тәсілдері біздің тәжірибемізде де қолдануға болады деп ойлаймыз.

Қазіргі мектеп тәжірибесінде Ғ. Қалиев, С. Исаев, Г. Қосымова, Ж. Дәулетбековалардың құрастырған қазақ тілі бағдарламасы (соңғы нұсқасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің оқу-әдістемелік кеңесі ұсынған) соның негізінде жазылған «Қазақ тілі» оқулығы (2003,2006) негізге алынады.

Бұл бағдарламаға сәйкес 6 сыныпта морфология тарауына 72 сағат, соның ішінде сөз таптарына 68 сағат берілген. Соның ішінде сын есім сөз табы аталған тақырыптарға сәйкес мұғалімнің өз жіктеуімен бұл тақырыптарды менгертуге 4 сағат көлемінде беріледі. Ал 7 сыныпта бағдарламаға сәйкес морфология тарауына 56 сағат берілген. Соның ішінде сын есім сөз табы 2 сағат көлемінде оқытылады.

Байқап отырғанымыздай, сөз таптарының ішінде сын есім сөз табы бар екі сыныпта 6 сағат көлемінде оқытылады. Осы оқулықтың алдында шыққан 1989 жылғы оқулықпен салыстырмалы түрде қарастырғанда, мұнда сын есім тақырыбы өзге сөз таптары сияқты (6 сыныпта сөз таптары туралы мағұмат және олардың мағыналық түрлері берілсе, 7 сыныпта сол сөз таптарының түрленуі және сөйлемдегі қызметі беріледі) екі сыныпқа бөлініп оқытылады. Берілген жаттығулар жүйесі де сол тақырыптардың теориялық мағұматымен сәйкес берілген. 6, 7 сыныптардағы қазақ тілі пәні бойынша берілетін теориялық мағұматтар көлемі сабақтастық, жеңілден күрделіге қарай, білім мазмұнының толық болуы, жүйелілік, коммуникативтік принциптер негізінде беріліп отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. -Алматы: Ана тілі, 1992. - 448 б.
2. Аханов К., Кәтембаева Б., Әбдіғалиева Т. Қазақ тілі.6 класқа арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 1989. – 189 б.
3. Қазақ тілін оқыту методикасы. Алматы: Мектеп, 1988. – 239 б.
4. Ұйықбаев И. Қазақ тілі методикасының очерктері. Алматы, 1962.
5. Кәтембаева Б. Тіл ұстарту жұмыстары бойынша методикалық нұсқаулар. Алматы: Рауан, 1992.-101 б.
6. Кәтембаева Б. Грамматикалық ережені саналы оқыту туралы. –Қазақстан мектебі, 1963. № 3. 32-34 б.

ӘОЖ 373.3.012.2.(574) (091)

XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙДІҢ ЖЕТІСУ ӨНІРІНДЕГІ ҚАЗАҚТАРДЫ ОРЫСТАНДЫРУДАҒЫ ЖҰМЫСТАРЫ

Ыбыраимжанов Қ.Т.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

Қазақстан Республикасы егеменді елдердің қатарына қосылып, өткеніне тарихи тұрғыдан саралап, талдау жасай бастағанына аз уақыт өтті. Бұл талдау тұрғылықты тұрғыда қоғамның экономикалық, әлеуметтік және басқа да салаларына ғылыми-теориялық, тәжірибелік тұрғыдан жасалуда. Біздің зерттеуіміздегі негізгі алған бағытымыз - педагогикалық саладағы білім беру мәселелеріне арналып отыр.

Бұған негізгі себеп - елімізде білім беруді дамытудың болашағын анықтауда өткеннің бүгінгі жағдайы, бүгінгінің келешегі жайлы диалектикалық даму заңдылықтарын анықтау.

Білім беру ауқымының өзі күрделі жүйе бола отырып, оның құрылымына енетін дербестігі бар жүйелерді өрісінің ықпалына қарай нақты теориялық және деректік тәжірибелік тұрғыдан қарауды қалайды.

Ресейлік патша өкіметінің қазақ жерін тұтастық тұрғыдан отарлауда басқарушы әкімдері мен оқу инспекторларының оқу-ағарту саласындағы отарлаушы саясат мүддесін басшылыққа алып жұмыс жүргізу бағытындағы ұстанған миссионерлік педагогика жүйесінің орын алуы, олардың екі бағытта дамуының көрінісі және бірін-бірі ығыстырудағы білім беру ісіне жасалған түрлі өзгерістердің орын алуы анықталып, баяндалды.

Патшалық Ресей қазақ даласын билеуде губернаторлықтарға бөлу арқылы да жүзеге асырды. Қазақ өлкесіндегі орыстық жүйедегі халық ағарту ісінің алғашқы бастамасы Түркістан топсырағында Түркістан генерал-губернаторлығы құрылғанға дейін орыс православие дін басшыларымен жүзеге асқан болатын.

Түркістан өлкелік халық училищесінің инспекторларына нұсқауының негізінде өлкедегі оқу курстары құрамына және дін ерекшеліктеріне қарамай, өзге ұлт училищелері, сондай-ақ, мектеп-медреселер осы бекітілген инспекторлардың қарауында болды, ал инспекторлар оларға басшылық жасау үшін оқу-ағарту министрлігінің жалпы ережелеріне, шешімдеріне, нұсқауларына және генерал-губернатордың рұқсатымен берілген бас инспектордың айрықша нұсқауларына сүйенуі қажет. Одан кейін: 1) 1870 жылы 26-наурызда шыққан «Өзге ұлтқа арналған білім беру шаралары туралы» ережедегі №3-ші тармақта айтылған: «мұсылман қоғамы есебінен орыс тілі мұғалімдері болмаса, жаңа мектеп пен медреселерді ашуға рұқсат берілмесін; 2) 1906 жылы 31 наурыздағы православие дінінен тыс өзге ұлт өкілдеріне арнап ашылған училищелерге арналған қосымша ереженің 36-пунктінде: «жеке өзге ұлттық училищелері, оған қажетті қаражатпен қамтамасыз етілгендігін, ол училищелерде орыс тілі сыныбы болатындығын, сондай-ақ, училище меңгерушісінің 25-пунктте көрсетілгендей білім дәрежесі бар екендігін растайтын куәлігін көрсеткен жағдайда ғана рұқсат берілуде; 3) оқу орындарының уставының 3720 бетінде: «әрбір жеке училищелердің оқу пәндері құрамында міндетті түрде орыс тілі болуы керек», - делінген; 4) Жетісу облысының бұрынғы далалық генерал-губернаторы, генерал Колпаковскийдің 1885 жылғы 21-мамырдағы №2157-ші нұсқау қатынасында: «мешіт жанындағы мектептерде мұсылмандарға оқылатын пәннен басқа орыс тілі де оқытылсын және осы мақсаттағы жаңа мектептерді ашу үшін тек жоғарыда көрсетілген жағдайда ғана рұқсат етілсін, оның үстіне, мұғалімді орыс оқу орындарында білім алған мұсылмандардан іздей отырып, мектептерде орыс тілін оқытуды асықпай, біртіндеп енгізуге рұқсат етілсін», - деп жазылған

болатын. /1/.

Патшалық Ресей үкіметінің басқару органының мақұлдаған 1859 жылда Оралдың арғы бет даласынан қазақ мектебін салу туралы генерал-адъютант Катениннің болжамының орнына 1867-1876 жылдар аралығында Жетісу өңірінде мынадай училище ашылды:

1. 1868 жылы 11 сәуірде Қапал қыздар және ұлдар училищесі ашылды.
2. Сол жыл Қапал уезінің станциялық мекенінде орыс ұлдар мектебі ашылды.
3. Осы жылдың қарашасында поселкелік мекенде миссионер Черняевский шоқынған қытай эмигранттарының балаларына арналған мектеп ашылды.
4. Сол жылы Қапал уезінде Көксу ауылында жергілікті халыққа мектеп ашылды.
5. 1869 жылы 1 қаңтарда Алматы (Верный) уезінде мектеп ашылды.
6. Сол жылы Қапал уезі Қарабұлақ ауылында ұлдар мектебі ашылды.
7. 1871 жылы Қапал уезі, Сарқанд станциясында қыздар мектебі ашылды.
8. 1873 жылы 1 қаңтарда Қапал уезінде ауыл тұрғындарының тілегі бойынша ұлдар мектебі ашылды, онда 30 ұл бала оқыды.
9. Осы жылдың ақпан айында Жаркент уезінде халық училищесі ашылды.
10. Осы жылдың қазан айында Алматы уезінің Шелек ауылында жергілікті қоғамның ұйғаруымен қоғам балаларына арналған бастауыш мектеп ашылды.
11. 1874 жылы 15 қыркүйекте Алматы қаласындағы Жетісу православиялық қоғамдастығы жанынан қытайдан қоныс аударған қалмақтар үшін мектеп ашылды, онда 8 қалмақ баласы оқыды.
12. Сол жылдың қазан айында Қапал уезінде кәсіби сыныбы мен бастауыш ерлер мектебі ашылды.
13. Сол жылы Ұржар станциясында жергілікті діндер студенттік қыздар мектебі ашылды. Бұл мектеп әуелде шіркеуге орналасты.

Бұл мектептердің бағдарламасын Жетісу облыстық оқу басқармасы қарастырып, облыстық әскери-губернатор бекітті.

Жетісу өңірінде әр түрлі типтегі мектептердің құрылуы мен ондағы оқу жұмысын ұйымдастыру мәселелеріндегі атап айтқанда, оқу пәндері, оқу тілі т. б. жағдайларды бас инспекторлар қадағалап отырды.

Мәселен, Түркістан өлкесі училищесі бас инспекторының 13 қаңтар 1876 жылғы №4 баяндамасында Жетісу облысының әскери губернаторына училищелердің жағдайы туралы берген мәліметінен байқаймыз. Онда «Алматы, Қапал қалалары мен Лепсі станциясындағы орыс мектептерінде жалпы білім беретін пәндерден басқа қазақ тілі жүргізіледі, ал Қапал мектептерінде бұған қоса мұсылмандық Құдай заңы да оқытылады.

«Біздің саясатымыз Түркістан өлкесіндегі білім тек қана орыстардың пайдмүддесін көздеуі керек және мұсылмандықты күшейтеді дегеннің бәрінен алшақтау керек»- деген пікірді ескерсек, одан әрі «Жетісу облыстық әскери губернаторынан жоғарыдағы аталған қалалардағы мектептерде қазақ тілін жүргізуді тез арада тоқтату туралы бұйрық шығаруын өтінемін, рұқсат беруіңізді сұраймын және осы қысқартудан қалған қаражатты орыс тілін оқытуды күшейтуге жұмсау керек екендігіне назар аударуыңызды өтінемін», - деген. /2/. Осы жылдың 26 қаңтарындағы №27 баяндамасында: «Менің осы жылдың 13 қаңтарындағы №4 баяндамада қазақ тілін оқытуды тоқтату жөніндегі айтқан болатынымын. Бірақ, өлкенің басқармасы қазақ тілін оқытудың уақытша пайдалы екенін мойындауы тиімді болды. Жергілікті тілдерді орыс транскрипциясына енгізуді, қазақ тілі жүргізілетін мектептерде іске асыру керек.

Мұсылмандық Құдай заңын орыс мектептерінде оқытуды жүктеу, олар үшін уақытты бос өткізгендік болар еді». Қапал және басқа орыс мектептерінде құдай заңын оқытуды тоқтату туралы нұсқауды күтемін және басқа да нұсқауларды маған хабарлауыңызды өтінемін», - деген /3/.

Түркістан генерал-губернаторы 1876 жылы 1 наурызда халық ағарту министрлігіне жолдаған 58 құпия баяндамасында: «Түркістан өлкесіндегі оқу мекемелерінің жұмыстарын ұйымдастыру мен басқаруда, өзге халыққа білім беру ісінде дайындық жұмыстарымен айналысуда ең алдымен, алғашқы оқытудың транскрипцияланған кітаптарын құрастырумен айналысу үшін, сұраныс жасап бағыт көрсетуді транскрипцияның жазбаның түр-түсі қандай болуы тиістігін атап айтса, сол уақытта өзге халыққа білім берумен айналысатын мамандардың арасында оқулықты қандай алфавитпен транскрипция жасауда белгілі жүйеге келген ортақ мәміле жоқ болатын /4/.

Бұл жөнінде пікірлер әр түрлі болды. Біріншілері - оқулық құрастырғанда диакритикалық белгілері бар жаңа әріптерді транскрипциялағанда орыс әліппесіне енгізеді, ал екіншілері - транскрипциялағанда алфавитке орыс әліппесінен ғана емес, грек және латын алфавитінен де әріптер енгізуге тырысты. Ал үшіншілері - тек орыс әліппесі орыс мектептерінде қалай оқытылса, сол күйінде өзгеріссіз қабылдауды айтқан еді.

Баспа кітаптың бір мемлекеттің облыстары арасындағы халықтар үшін бір ұлтты халық арасында қандай маңызы бар екендігін негізге алып, Орынбор өлкесінің қазақтары үшін алғашқы оқыту кітаптары транскрипцияның бір жүйесімен басылғанын және Түркістан өлкесінің қазақтары үшін басқа, башқұрттар үшін үшінші транскрипция жүйесімен басылғанын ыңғайсыз жағдай деп есептеп, сондықтан осы істе бір ғана бекітілген транскрипция жүйесін қолданғанды жөн көреді. Бұл осы сұрақты зерттеп жүргізген ғалымдардың алауыздығын ешқандай комиссия оларды еш ортақ мәмілеге келтіре алмағандығында еді. Одан әрі өзге халыққа арналған оқулықты құрастырушылар арасындағы алфавитке қатысты таластартысты тоқтатуға жоғары билік әкімшілігінің өкілдері араласуға тура келді. Бұл жағдайды дұрыс шешу пікірінде транскрипция мемлекеттік тілді игеруді оңтайлайтын, әртүрлі халықты бір-бірімен жақындастыратын негізгі құралы болуы керектігін ойластырады әрі шешті деуге болады /5/.

1901 жылы 31 қазанда №638-ші «Жетісу өлкесіндегі орыс-қазақ мектептері жайлы» мәліметте облыстағы 9 орыс-қазақ мектептерінде ең алдымен мұғалімнің жоқтығын айта келе, сондай-ақ мұғалімдердің алатын болмашы жалақысына (Жаркентте-20р., Алматыда-25 р.) тәуір мұғалім табу қиын, оларды алатын жерде жоқ деп баяндаған. Сондай-ақ мектептердің орналасуы жөнінде мәліметтер берген. Мәселен, қазақ мектебі жолдан 250 қашықтықта. Бұндай мектептерді қарау, әрине қиындықтар келтіреді. Одан басқа даладағы қазақ мектептерінің интернаты жоқ, ал бұл оқушыларға білім алуына қиындық туғызды. Олар ата-аналары жалдап қойған қара үйлерде тұрады және жейтін тамақпен қорлану үшін аптасына үйлеріне қайту керек болған. Оларды орналастыру туралы мәселе өз алдына өзекті мәселе ретінде талқыланған. Жалпы облыстағы орыс-қазақ мектептерін құру ісінде қандай да бір басқару принципі, яғни парасатты принцип жоқ болды. Оның себебі мынадай істің бастамасы оқу ағарту немесе шаруашылық әкімшілігіне жүктелген. Өйткені мектеп үшін жергілікті қаражат керек, ал өзге ұлттар өкілдерін осындай қаражат беруге тек әкімшілік көндіре алады, ал әкімшілік халық көзінде өте беделді болып есептеледі. Училище инспекциясының бұл іске бұрын ешқандай қатысы болмаған еді. Тек 1899 жылы әскери губернатор нақты ұсынысы мен инспекцияның иелігіне алынды. Бұл істе облыстық басқарма белсенділік танытып, олар орыс-қазақ мектептері орыс ауылдарында салынуы керек деп шешіп уездердегі орыс ауылдарындағы қазақ балалары үшін жақсы жабдықталған мектеп салуға жоспарлады, бірақ генерал-губернатор бұл іске басқаша қарады /6/.

Ол интернаты бар мұндай мектепке бөлінген 2000р. (жылына) шығынның көлемі өте көп және интернаттар жақсы нәтиже бермейді, -деген уәжді айта келе, мектептер далада орналасу керек, өйткені қазақтар орыс ауылдарына бармайды,

сондықтан Торғай үлгісіндегі арзан ауыл мектептерін құруды ұсынды. Жетісу облыстық басқарма дегенмен, мұндай мектеп мекемелерінің іске аспайтынын мойындады. Нақ осындай оқиғаның бұдан бірнеше жыл бұрын басталып еш нәтиже бермегендігін білетін. Онда осындай келіспеушілік салдарынан жергілікті мектептерді салу тоқтатылды және жергілікті уез басшыларының талаптары нәтижесінде далада кең ғимараты бар мектептер пайда болды. Бірақ қазақ оқушылары үшін бұлар тұрақты мектеп үйі емес еді. Осындай мектептің бірі орыс ауылынан 3 шақырым жерде орналасқан мектеп жанынан қазақ балалары тұратын интернат салуға қазақтарды көндіруге болды, бұл айтарлықтай қаражатты талап етті, бірақ далада интернаттар салудың нәтижесі өте әлсіз болады ма деген қауыпті негізге алды, себебі бұл қазақтардың орыс мектебіне деген сенімін кетіреді, шығын көп, ал пайдасы аз деген қорытындылар жасай келе, салынып қойған ғимаратты тастап, орыс ауылында жаңасын салу тағы да оңтайлы емес, дегенмен, бұл істі дұрыс қорытынды деп шешкенді. Ең сенімді, дұрыс амал – облысты толық орыстандыру болмаса да, жергілікті көпшілікті орыс тіліне үйрету және оларды орыс мәдениетіне тарту – облыста орыс халқының санын көбейту. Күнделікті тұрмыстық қарым-қатынаста орыс элементімен үнемі жақындасу осы мәселеде шын амал болады деп сенді. Себебі, мектеп мұндайға ұмтыла алмайды. Жақсы қойылған мектептің өзі жергіліктілерді орыс тіліне үйрете алмайды, өйткені оның іс-әрекеті қажеттілігіне қарай тіпті шектелген және бұл тек уақытша әрекет болмақ. Сондықтан оқытудың нәтижесі оқ курсы неғұрлым ұзағырақ және бағдарламасы толық болған сайын орнықты болмақ. Қалалық училище не гимназия курсына аятаған өзге ұлттар (1872 жылғы 3 мамырдағы ереже бойынша) орыс тілін жеткілікті дәрежеде білуге ұмтылғандар және нақ осылар орыс мәдениетіне қосылатын болады деген пікірмен тұжырымдады. Мәселен, оларды орыс мектептерінің оқушыларымен салыстыру болып саналады: бастауыш мектеп оқушылары мектепте менгергендерінің барлығын тез арада ұмытып жатады, тіпті оқуды, жазуды ұмытып қалады; ал қалалық училище курсына бітіргендер бұларды ұмытпайды, тіпті оларды біршама білім алғандар дер атауға да болады. Яғни, бұл ана тілінде оқитын орыстар үшін шын болса, онда бұл өзге ұлттарға қатысты шарада тіпті шын болмақ. Осыған қарағанда, өзге ұлттарды оқыту ісінде, мүмкіндігінше, көп адамды оқытуға емес, аз адам болса да орысша жақсы оқыту мәселесін қарастырған болатын, өйткені, жақсы орысша білім алған өзге ұлттардың өкілдері орыс ұлтына деген тура ықыласы болмаса да, орыс мәдениетіне деген құрметпен қарауға және өзге ұлттарға орысша білім беру ісіндегі жұмыстарына қолдау көрсететіндер осылар болмақ деп саяси-астарлы пікірлер де болғаны анық /7/.

Жетісу облыстық басқарманың жалпы отырысының журналынан 2-бөлім, 1-стол, 19 қазан 1912 жыл.

Облыстық және уездік әкімшілік шендері мен жергілікті көшпенді қазақ ұйым шендерінің қатынасуымен 1912 жылдың қаңтар айында Алматы қаласында ерекше жиналыс өткізуге мәжбүр етті және осыған қатысты әкімшіліктің іс-қимылы жайлы арнайы бағдарламасы болуын қарастырды. Аталған жиналыстың ережелері бекітілді.

1. Жетісудың мұсылман мектептері халық училищелері инспекторларының және уездік басшылардың тікелей бақылауына бағынуы тиіс;

2. Осы мектептердің мұғалімдер қауымы толық тіркеуден өтуі тиіс және оқушылармен бір руға жатпайтын мұғалімдер жұмыстан шығарылуы тиіс;

3. Мұғалімдік қауым лайықты оқыту қуәлігін иеленуі тиіс және қазақ болыстарында балаларды оқытып жатқан мұғалімдерге алғашқы уақытта ғана рұқсат берілуі мүмкін.

4. Барлық мұсылман мектептерінде орыс тілін оқыту міндеттелсін және оған арналған арнайы бағдарлама болуы тиіс;

5. Мұсылман қоғамдарын орыс сыныптарын аздап қаржыландыруға міндеттеу керек, ал егер олар қажетті қаржыны бөлуге қарсы болса, бақылауды болдырғысы келмесе, ол мектептерді жауып тастау керек.

6. Кеңейтілген бағдарламалы жаңа әдісті мектеп, медресе мекемелері рұқсат етілмейді, балаларына тар бағдарламалы ескі әдісті мектеп, медреселерден жоғары білім бергісі келген мұсылман ата-аналар балаларын арнайы үкіметтің немесе жеке бірақ, үкіметтің бақылауына бағынған жергілікті орыс, орыс-қазақ мектептерінде оқытуды міндеттеу оны жалпы ереже ретінде орнықтыру керек.

7. Орыс-қазақ мектептері белгілі бір жоспарға сәйкес ұйымдастырылуы тиіс, бастауыш сыныптарда оқыту ана тілінде, жоғары сыныптарда орыс тілінде және курсқа сәйкес, бастауыш сыныптарда орыс бастауыш мектептеріндегідей, жоғары сыныптарда қалалық училищелерге сәйкес оқытылады.

8. Орыс-қазақ мектептеріне балаларын бергісі келмегендерге балаларын үйде оқыту мен тәрбиелеуге мүмкіндік беру, бірақ, бір де бір үйде құпия мектеп болуы тиіс емес.

9. Қазіргідей орыс гимназиясы мен орыс училищесінде, сондай-ақ, институттар мен корпустарға дейін мұсылмандарға оқу мүмкіндігін беру. /8/.

Бірақ, өзге ұлттар өкілдерінің біразы ғана қалалық немесе соған лайықты, пара-пар келетін ауылшаруашылық, қолөнер курстары сияқты төменгі оқу орындарына түсу үшін арнайы дайындық бастауыш мектептері қажет етті. Осы айтылған мектептерді орыстар орналасқан пункттерде орналастыру мәселесі қарастырылды, себебі, орыс тілін өзге ұлттарға үйретуде айтарлықтай пайда әкеледі деген сеніммен қарады.

Мектептегі білім алушы шәкірттер сабақта алған орыс тілінің білімдерін ауыз екі сөйлеу тәжірибесінде толығымен қолдануға мүмкіндік алу үшін оларды мектептегі ұйымдастырылатын оқу жұмысы мен түрлі іс-шараларға толық қатыстыру барысында мектеп жанынан интернат салуды, оқыту ісіне жақсы дайындалған жергілікті тілді жетік білетін мұғалімнің қажеттілігі анық болды және оларды көптеп алу керек етті /9/.

Жетісу облыстық басқармасының 10 тамыз №10538-ші баяндамасында әрбір ашылатын оқу орындарында орыс сыныбы болатын жағдайда ғана немесе мектеп, медреселерде оқитын шәкірттерге орыс тілін үйрету жұмыстарына жұмылдырыса ғана жаңа мектеп, медреселер ашуға рұқсат беретіндігін баяндаған. Сондай-ақ орыс сыныптарын ашқан жағдайда арнайы қос тілді (қазақ, орыс) білетін мұғалімнің қажеттілігі туындап отырғанды және бұндай мұғалімдерді іздестіру еш нәтиже бермегендіктен алдыңғы оқу жылында Алматы (Верный) қалалық училищесі жанынан тәрбиеленушілерді қазақ тіліне үйрететін педагогикалық курстарды ұйымдастырып, ашу керектігі қарастырылған. Қазақ тілі Жетісу облысындағы адамдар арасында кең қолданыстағы тіл еді. Бұл құжатта Жетісу облыстық басқармасы мектепке қатысты ұсыныстарын берді.

1. Орыс-қазақ мектептерін орыстар орналасқан пункттердің орталығына интернатпен бірге салуды ойластыру. Орыстар орналасқан жерден салынған мектептерді орыс ауылының орталықтарына көшіруді қарастыру, қазақ мектебінің ғимаратын және интернатын салуға қаражаттың жоқшылығынан бұл мектептерді орыстың приходтық училищелерімен біріктіру керек, сонда мектепте екі тілді мұғалім болады.

2. Мұсылмандардың орналасқан жерлеріндегі өзге ұлтқа арналған мектептер жанынан интернаттарды салуды қарастыру.

3. Шалғай жерде орналасқан мектептерді орыс ауылына көшіруге орын дайындау немесе жергілікті халық шығарған қаржыға, егер онда интернат ашылса, балаларын оқытуға құқық беру керек. Егер айтылған пікірдегі бұл болжамдарды пайдалы деп есептелмесе, онда далалық мектептерден интернат ашу қажет деп

есептеді.

4. Қалалық училищелерде отырықшы мұсылмандарға арналған және көшпенді қазақтар үшін интернаты бар дайындық орыс сыныптарын құру айрықша пайдалы болады деп шешті /10/.

Патша үкіметінің қазақ даласындағы оқу-ағарту саласы бойынша жұмыс жүргізген әкімшілік өкілдері мектеп ісін дұрыс жолға қоюға тырысқанмен де еш нәтижелер бермей жатты. Олар бір жерден жергілікті халықты орыстандыруда орыс тілін үйрету мәселесін шешеміз деп мектеп құрылысына кірісу, олардың жанынан интернаттар салу туралы пікірлерін жеткізіп жатса, екінші жағынан, алдыңғы уақытта салынған мектептерді жабу жөніндегі ұсыныстарын қосарлана беріп жатты. Бұл қазақ жеріндегі патшалық Ресей үкіметінің жергілікті халықтың санасын орыстандырудағы рухани ықпал ету шараларындағы сәтсіздіктерінің бір көрінісі болды.

Қазіргі мемлекетіміздің тәуелсіздігі демократиялық құрылымдық бағытында-қоғамдық өмірдің барлық саласы бойынша өткен уақыттағы тарихи тәжірибелерге тұнық ой, озық пікір жаңа көзқараспен ізденіс жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік ашып, оларды объективті түрде зерделеуді басшылыққа алып отыр. Себебі: бүгінгі және келешектегі туындайтын келелі мәселелердің оңтайлы шешілуінің түйіні-тарихи тәжірибелердің ақиқат тұрғысында тура және әділ бағалануына тікелей байланысты. Бұл өскелең ұрпаққа білім беру арқылы ғылыми дүниетанымын қалыптастыруды, сондай-ақ, тәлім-тәрбие салаларына қатысты барлық мәселелерді де толық қамтиды.

Мақалада қарастырған бағытымыздағы Қазақстандағы бастауыш мектептердің түрлері және олардың өздеріне тән ерекшеліктерін, сондай-ақ, тарихи дамып, қалыптасу барысындағы қоғамдық құрылысқа сай өзгеріп, дамуы, қазақ жеріндегі болған педагогикалық ой-сананың жаңару кезеңдік құбылыстары деп қарауымыз бен оған оң баға беру – мектептердің бүгінгі және болашақтағы бастауыш білім беру кезеңіндегі құрылымдық жүйесін дұрыс анықтауға мүмкіндік береді.

Мақаладағы қазақ жеріндегі бастауыш мектептердің типтері, қалыптасуы, дамуы мен оған мұғалім мамандарын дайындау ісіндегі атқарған іс-шаралары, бастауыш мектептердегі берілетін тәрбие және білім мазмұнын анықтаудағы оқу-ағарту жұмыстарындағы бағыт-бағдар, өлкедегі педагогикалық ой-пікірлердің теориялық тұрғыдан дамуы мен оның мектеп өмірінің тәжірибесіне ендірілуі, ғылыми-теориялық және әдістемелік жүйедегі педагогикалық мұра ретінде ерекше мәнге ие екендігіне мән беріледі.

Мақаладағы қарастырған мәселелерді талдай келе төмендегідей қорытындылары жасауға болады. Жетісу өңіріндегі орыстандыру саясат аясындағы мектептердің қалыптасуы мен даму жолын тарихи-педагогикалық негізде зерттеу нәтижесінің объективтілігі мен ғылыми-теориялық, әдіснамалық принципі бағыттарына сүйенгенде ғана ақиқаттыққа қол жеткізіп, бұрмалаушықтан алшақ болып және әр типтегі бастауыш мектептердің қалыптасу кезеңдері, түрлі қоғамдық құрылыстағы білім берудің тарихи құрылымдарын ғылыми дүниетанымдықтың жүзеге асуы адам сұранысын қанағаттандырарлық тұрғыда болмағандығына ғылыми-теориялық, әдіснамалық, тәжірибелік және тарихилық принциптерді басшылыққа алу арқылы анықталды.

Бұның ақиқаттылығы мен ғылыми-теориялығын жасау бағытында тарихи мұралардағы педагогикалық барыстар мен дамудың заңдылық тарихи құбылыстары, өзгеру және түрлену ерекшеліктері анықталды.

Сонымен Жетісу өңіріндегі бастауыш мектептердің қалыптасып, дамуы мен мұғалімдер даярлау ісінің алға жылжуы және оның тарихи жолдағы өсу нәтижелеріне дұрыс баға беру педагогикалық мұра ретінде танылып, Қазақстандағы

педагогика ғылымының даму тарихында ерекше орын алады деп есептейміз.

Бұл мектептердің өзіндік сипатына қарай педагогикалық барысты ұйымдастырудағы басшылыққа алған құжаттары (оқу жоспары, оқу бағдарламалары) негізінде оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудағы қолданылған тіл де өз алдына айрықша орын алған келелі, шешімі табылуға тиісті мәселе ретінде көтеріліп, педагогикалық ой-пікірлердің дамып, жетілуіне алып келгені анықталды.

Бастауыш мектептердегі білім мен тәрбие берудің негізгі құралы болып табылатын тіл мәселесінің, яғни, оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізу барысында ұлттық ана тілді қолдану арқылы сауат ашу жұмыстары мен ғылыми негіздегі білім беруді ұйымдастыру, оқу құралдарын мен кітаптарды баланың ана тілінде жазып шығару, жазу таңбаларының түрлері т.б. және бастауыш мектептердегі атқарылатын жұмыстардың өзіндік ерекшеліктеріне мән беріле сипатталып, талдау жасалды.

Қазақ жеріндегі мектептердің мазмұндық құрылыдарына мән беріп және оған тұнық ой әрі қазіргі көзқарас тұрғысынан оң баға беру - бұл ғылыми-педагогикалық ой-пікірлердің дамып, ілгері жылжуына, жас ұрпаққа өз кезеңінде, заман талабына сай берік терең білім беріп, ұлттық рухта тәрбиелеп, түрлі ғылым салаларының негізін игертудің бағытын анықтауға мүмкіндік беретіні анық. Яғни, Қазақстандағы педагогика ғылымының даму барысындағы бастауыш мектептердің тарихы мәселесінің өзіндік орны мен ерекшелігі бар екендігін дәлелдей түсеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Өз. РОММ. қор. и – 47, т-1, іс-955, 241-п.
2. Өз. РОММ. қор. 47, т-1, іс-10, 1-п.
3. Өз. РОММ. қор. 47, т-1, іс-10, 2-п.
4. Өз. РОММ. қор. 47, т-1, іс-11, 4-п.
5. Өз. РОММ. қор. 47, т-1, іс-11, 5-п.
6. Өз. РОММ. қор. 4-47, т-1, іс-638, 3-4-п.
7. Өз. РОММ. қор. 4-47, т-1, іс-638, 5-п.
8. Өз. РОММ. қор. и – 47, т-1, іс-1149, 62-п.
9. Өз. РОМА. қор. 4-47, т-1, іс-638, 5-п.
10. Өз. РОМА. қор. 4-47, т-1, іс-638, 7-п.

**ЕСТЕСТВЕННО-ТЕХНИЧЕСКИЕ
НАУКИ**

ӘОЖ 371.13

ТЕХНИКА ФИЛОСОФИЯСЫ ТУРАЛЫ ОЙ-ТҰЖЫРЫМДАР

Аликенова К.Н., Ежембеков М.О., Токанов М.М.

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
e-miras@mail.ru, tmm.2010@mail.ru*

Техника философиясының статусы туралы әр түрлі көзқарастар бар. Ғалымдардың бір тобы техника философиясын жеке философиялық ғылым ретінде, келесі тобы оны ерекше философиялық университет деп бағалайды, ал зерттеушілердің 3-і тобы техника философиясын жаңа, басқа философиялық бағыттарды жоққа шығаратын бағыт деп қарастырамыз. Біздің пікірімізше, техника философиясы жалпы философия ғылымының өзге саласы, оны тым әсірелеу немесе төмендету дұрыс емес [1].

Техника философиясының заманғы талапқа сай философиялық бағыттар шеңберінде дамуын қарастырайық. Позитивизм оның дамуының бірінші кезеңінің өкілдерінің, негізінен алғанда теориялық физика, математикалық логикасы, машиналар теориясы, техника тарихы салаларының ғалымдарының тұжырымдауына, техника философиясының негізгі міндеті математика, механика, физика, химияның принциптеріне сүйене отырып, көптеген техникалық әдіс-құралдарды реттеу және топтау, техниканы жасаушылар мен пайдаланушыларға арналған ұсыныстарды дайындау.

Э.Махтың тұжырымдауына, техника философиясының пәні техникалық тәжірибені зерттеп көру, техниканың қарапайымдылығына, көрнектілігіне және тиімділігіне басты көңіл аудару. Неопозитивистер «рациональді техника» немесе «ғылыми технология» сциентистік концепциясын ұстанады. Бұл концепцияның көрнекті өкілі сыни рационалист, француз ойшылы Г. Башлар рациональділік пен эмпирикалықты қарама-қарсы қоймайды, сонымен олар бір-біріне үнемі әсер етіп отырады деген принципке сүйене отырып, идеялардың ғылымдағы маңызын және білімнің қоғамда алатын орнын тексереді. Оның ойынша, білімнің дамуын 3 бөлімге бөлуге болады: таза эмпирикалық, ғылымға дейінгі, ғылыми бөлім – рациональдік абстрактылық ойлау бөлімі және жаңа «ғылыми рух» бөлімі – ол тексерулер мен теріске шығаруға, жаңа ғылыми нәтижелерді қорыту мен білімнің әр түрлі салаларының арасында байланыстар орнатуға ашық кезең. Бұл ілім табиғаттан алшақтайды, себебі оның мақсаты техниканы құрастырып көрсету.

Ағылшын ойшылы Б.Рассел (1872-1970) осы пікірін жалғастыра отырып, «техника дүниесі мен ғылымның идеалды дүниесі екеуінің құрылымы бірдей, техника ғылымнан туындайды және ғылым техникасын алады, яғни ғылым мен техниканың байланысы өте тығыз» деген ой айтады. Б.Рассел, сонымен бірге, қазіргі заман ғылымы мен техникасының жетістігінің адамзат үшін аса қауіпті жағдай жасап тұрғанын қатты ескертті, оны болдырмау үшін бүкіл адамзатты қосылуға шақырды. Иррационализм бағыты антисциентистік сипатта, ғылыми прогреске, дүниені танып-білудің және өзгертудің ғылыми әрекетіне қарсы. Олардың ойынша, техникаландырылған қоғамда тұлғаның жаттануы пайда болады. Бұл көзқарас «Өмір философиясының өкілі», француз философы А. Бергсонның (1859-1941) философиясынан анық байқалады. Бергсон адамның рухани дүниесі болмыстың саласы, оны ғылыми таным арқылы танып-білу және техникалық деңгейде тансыу мүмкін емес деп қарастырады. Оның ойынша, өндірістің машиналық-механикалық сипаты, ғылымның дамуы адам қызметінің рационалды-технологиялық мазмұн алуына әкеліп соқты, адам жаттанды, оның бойында қарама-қайшылықтар пайда

болып, ішкі дүниесі 2-ге бөлінді. Бұл дағдарыстан айла табудың жолы ретінде Бергсон адамның өзін-өзі моральдық жағынан жетілдіруге ұмтылған, өнер, қолөнер және тағы басқа шығармашылық түрлерімен айналысуын атайды.

О. Шпенглер тарихты мәдениеттердің пайда болуы, дамуы, құлдырауы, құруы процесі деп қарастырады, бір мәдениеттің орнын 2-ші мәдениет ауыстырып отырады, құрып бара жатқан мәдениет техниканың көмегімен өркениетке айналады дейді. Оның ойынша, техникалық өркениет Батыс мәдениетін дағдарысқа ұшыратып отыр, себебі бұрынғы құндылықтардың орнын техника басқан. Экзистенциализм философиясы да техниканы қатты сынаққа алды. Олардың ойынша, техника қазіргі заман адамының әлеуметтік өмірінде, рухани өндіріс саласында белсенді рөл атқарып отыр, бірақ адам бұрынғыдан бақытты болып кеткен емес. Керісінше, адамның жаттануы, қоғамнан ажырауы, жалғыздығы, уайым-қайғысы, үрейі күшеюде. Адам өз болмысын түсінуге дәрменсіз, оның нағыз болмысы одан тыс дүние емес, ақиқат болмыс – адамның дүниедегі болмысы, оның мәні – экзистенция дейміз. Экзистенция шекаралық жағдайларда, адамның өзімен өзі, өзінің мәнімен жалғыз қалғанда ашылады. Экзистенциалистердің пойынша, техника дүниесі қазіргі уақытта өте маңызы зор, оны толық менгеру, басқарып алу мүмкін емес, адам оның қасында кішкене ғана зат, абстрактылық индивид. Техниканың үстемдігінің кесірінен адам өзінің тұлғалық ерекшелігін, өзіндік қайталанбас руханилығын жоғалтып бара жатыр, сол себепті адамды өзіне-өзі көңілі толмаушылығы сезінеді. Бұл дағдарыстан шығудың жолы, экзистенциалистердің тұжырымдауынша, адамгершілік, дін, өнер және тағы басқа адамға рухани күш беретін нәрселер.

К. Ясперстің тұжырымдауынша, техника – адамдардың материалдық өмірін жеңілдету мақсатымен табиғатты ғылыми бағындыру тәсілі, адам қызметінің «заттық» саласы, ол тұлғаның адамгершіліктік-психологиялық әлеміне қарама-қарсы, бірақ олар бірін-бірі толықтырып отырады. Техникалық ойлау тәсілі, Ясперстің тұжырымдауынша, қоғам мен адам қажеттілігінен емес, экзистенцияның өз болмысын қанағат етпеуінен туындап жатыр. Ғылыми-техникалық ілім дүниені діни -мифологиялық және керемдік тұрғыдан сезінуді ығыстырып шығарады, дүние мен табиғат бірте-бірте белгісіз затқа, технологиялық қызмет объектісіне айналып жатыр. Адам табиғатпен бірлігін жоғалтқандықтан, еңбек процесінің өзі де механикалық, еш қызығы жоқ нәрсе бола бастағандай [2].

Философияда техника ұғымы міндетті түрде 2 оппозициялық мағынада қолданады: 1-ден, қызметтің жасанды материалдық құралдарының, яғни артефактілердің жиынтығы ретінде. 2-ден, терминнің алғашқы мағынасына сәйкес – жасай білудің, әдістердің жиынтығы ретінде. Сонымен, техника – құралдармен инструменттердің материалдық-заттық ерекше саласы ретінде қарастыруға болады, қызмет тәсілі, оның ішінде – құралды қолдану әдісі.

Біздің қорытқан пікірімізше, техника ұғымы адам және адам қоғамы ұғымдарымен тығыз байланысты қарастырылуы керек, сонда ғана оның философиялық мәнін түсініп білуге болады. Осы тұрғыдан талдағанда, техника – адамның өзін қоршаған ортада, табиғатта оны өзгерту арқылы өмір сүре білу және өмірінің сапасын дамыту қабілетін көрсететін мәндік сипаты. Техника адамды табиғаттағы басқа тірі организмдерден ерекшелендіретін өмір сүру тәсілі деуге болады, ал адамның өзгерту қабілеті оның қызметінің материалдық құралдарында көрініс табады. Техника ұғымының бұл 2 түсінігі бір-бірімен өте тығыз байланысты [3].

Неофрейдизм бағыты да адамға техниканың тигізіп отырған зиянды әсерін атап көрсетіп жатыр. Олардың тұжырымдауынша, техника адамның неврастениялық ауруларының басты себебі, бұл күшті ауруды жеңу үшін адамға психоаналитикалық көмек қажет.керек. Философиялық антропология техниканы

адамның әлсіздігінің орнын толтыру үшін пайда болған, табиғи заңдылықтарды іске асыру әдісі ретінде түсінеді, адамға әуелден тән «табиғи технологияның» іске асуы деп қарастырады. Олар техниканың зиянды жақтарын да ескеріп жатыр, бірақ бұл құбылысты жеңу үшін адам техниканың мәнін, өсу заңдылықтарын ұғынуға тырысып, адамгершіліктік-ұлттық құндылықтарын дамытуы керек деп есептеген жөн. Сонымен, техника философиясы зерттейтін мәселелер қазіргі кезде өте маңызды, сондықтан техника философиясы жалпы философияның жаңа бағыты және ол өзінен басқа онтология, гносеология, философиялық антропология, экзистенциализм, әлеуметтік философия және тағы басқа бағыттармен өте тығыз байланысты, болашағы бар бағыт болып қалыптасады.

Бұл мәселе жайлы техника философиясының негізгі ұстанымдары мынадай: Адам техника жүйесінде басты рөлде. Техника қаншама керемет дамығанымен, оның қызмет етуі адамның қатысуынсыз жүзеге аса алмайды, техниканы әрекетке келтіретін де адам. Адам өзінің еңбегі арқылы техниканы құрастырушы және материалдық-техникалық өсу тұтастығын қамтамасыз етуші. Техника ешқашан өздігінен өсетін жүйеге айнала алмайды. Техникалық прогрестің басты заңдылығы адамның технологиялық функцияларын алмастыру болғанымен, бұл процесс салыстырмалы, ол адамды толық ығыстырып шығара алмасы анық. Техника дамудың қандай сатысына жоғарласа да, оның мүмкіндігі адам мүмкіндігінен әрқашан төмен, себебі адамның мүмкінділіктері мен қабілеттілігі шексіздік, физикалық, психологиялық, интеллектуалды потенциалы өте жоғары. Әрине, техниканың адамға да, табиғатқа да тигізіп отырған зияны жеткілікті. Соңғы кездері адамзаттың қаупі тіпті күшейіп келе жатыр. Дегенмен де адам ақылды тіршілік етуші, сондықтан да бұл қайшылық оң тұрғыдан шешіледі деп үмітпен айтуға болады [4].

XX ғасырдың аяғында Ресейде коммунистік идеологияның және ол сүйенген кеңес философиясының ыдырауы салдарымен көптеген бұрын тек сыни сипатта қабылданған философиялық бағыттар, теориялар жан-жақты зерттеуге ие бола бастады. Соның бірі – техника философиясы болды. Міне, осы салада өнімді еңбек ете бастаған зерттеушінің бірі Вадим Маркович Розин. Ол философия, мәдениеттану саласында көптеген еңбектер жазып жүрген ғалымдардың бірі. Ғылымдар методологиясы мәселесімен айналысып, математикалық білімнің табиғатын логикалық тұрғыдан талдау мен жаратылыстану, техникалық және гуманитарлық ғылымдардың қалыптасу ерекшеліктерін (докторлық диссертация жұмысы) салыстырмалы зерттеген ғалым-философ мәдениет пен өнердің, поэтиканың, семиотиканың, тарихтың мәдени мәселесіне тиянақты қалам тербеді. Осындай дайындықтармен келіп жаңа тыныс алып жатқан техника философиясы саласына өзіндік үлес қосқан зерттеуші осы салада тың пікірлер айтып жүр және Ресейде алғашқылардың бірі болып «техника философиясы» атты оқулық жазды. Назар аударатын нәрсе автор өз еңбегінің атауына «Египет пирамидаларынан виртуалдық реальдылыққа дейінгі» деген сөздер қосып зерттеуінің көлемін айқындап берді. Осы кітабында ол техника философиясының оқу пәні ретіндегі методологиясы мен маңызына назар аударады. Ол бұл саладағы білім төрт жағынан қаралуы керек деген пікір білдіреді: гуманитарлық, методологиялық, тарихи және пәндік. Соның ішінде В.Розин инженерлік білімді гуманизациялау мәселесін қояды. Зерттеуші техниканы бірнеше аспектіден қарай отырып, оның өзіндік ерекшелігін айқындайды. Біріншіден, техника «артефакт», яғни, адам жасаған зат. Екіншіден, ол «құрал». Үшіншіден, автор пайымдауынша техника-ерекше реалдылық, осы қырынан ол басқа болмыс түрлеріне қарсы қойылады және оның бұл қыры адам мен өркениет тағдырын айқындайды. Ал төртіншіден, табиғат күші мен энергиясын игерудің ерекше инженерлік әдісі. Автордың өзі бұл ерекшеліктерді жүйелей-топтастыра

отырып, ол қасиеттердің басқа зерттеушілер тарапынан да байқалғанын атап кетеді, бірақ біздің пікірімізше, автор техникаға тән функционалдык және онтологиялық қасиеттерді ұтымды топтаған. Ой объектісі ретінде техника Розин пайымдауынша «техниканың үш мән-мағыналық кеңістікте іс-әрекет, табиғат және мәдениет болуы, тек онтологиялық қана емес, гносеологиялық факт» [5].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Степин В.С. Теоретическое знание . М., 2000. 35 бет.
2. Вопрос о технике // Новая технократическая волна на Западе. М., 1986, 119-бет
3. Әлікенова К.Н., Ғылым тарихы мен философиясы . Оқу құралы : Техника философиясы. Талдықорған, 2012. 233бет.
4. Степин В.С. Наука / В кн.: Новая философская энциклопедия. –М., 2001. – Т.3. – С. 23-28бет.
5. Розин В.М. Философия техники. Учебное пособие для вузов.- М.:NOTA BENE, 2001.-456с.

УДК 004

ФИЛОСОФИЯ WEB-ТЕХНОЛОГИЙ

Аликенова К.Н., Еренгайыпов С.Т., Керимбаева Г.Т.

*Жетысуский государственный университет им. И. Жансугурова, г. Талдықорған,
sanat_erengaiypov@mail.ru, gulzhanat-83@mail.ru*

В наши дни глобальное информационное пространство переборола много проблем и вошла в относительно новую стадию эволюции. Веб-разработка - безграничная, комплексная и универсальная область, в которой эпоха всесторонних специалистов навсегда ушла. Различные веб-технологии сейчас расцениваются тысячами.

Ежели рассуждать о технологической стороне заказчика, сообщество веб-разработчиков, имеют моральное право именовать себя мастерами, на сегодняшний день она имеет историю разработки веб-сайтов, непременно сопровождается уважением к грамматике и виду современных веб-стандартов.

Это, в основном, понятие технических характеристиках методов, разработанных консорциумом W3C, но философия веб-стандартов выходит за рамки официальных правил технической классификации. Можно сказать, что сформировалась целая культура со своими устоявшимися традициями написания кода в отрасли, правила этикета, и, соперничающих течений и споров среди их посредников.

Разлад, однако, относятся, как правило, достаточно тонкие черты – разногласии что касаются основных понятий не встречаются. Давайте проанализируем основные точки ближе [1].

В основном, сам термин веб-стандарты не совсем точный. Для начало, оттого что классификации W3C имеет статус консультаций – которые можно придерживаться, но и можно не придерживаться: штрафов от каких-либо проверяющих учреждений за игнорирование письма о методических особенностях в нынешнем периоде прогресса области не предусмотрено. К тому же, потому что консультация- окончательный статуса классификации W3C, но много классификации применяются прежде до публичной ратификации в качестве консультации. И это, кажется, единственный верный путь развития технологии.

Фактическая реализация, спрос на профессиональное сообщество - очень сильный движок для ускорения разработки и утверждения классификации, следовательно, усовершенствование области в общей сложности.

Современные веб-стандарты являются доступными - их независимое использование всех желающих не имеет границы какими-либо патентами и лицензиями, долгосрочное развитие не подчиняется от краткосрочных организаций.

Можно высказываться, что философия современных веб-стандартов основывается на трех основаниях:

- разделение содержания, представления и поведения, в конце веб-страницы код, который посылается на клиент-сервер;
- семантически маркировки;
- срок действия кода разметки и синтаксической правильности таблиц стили кода и клиентских скриптов [2].

Считается, что веб-документ состоит из четырех материалов: содержание, структура, представление и поведение. Содержание - это, утрируя, полезные веб-страницы, текст, который вы видите, глядя на него в окне браузера. Содержание практически неотделим от структуры, которая описывает различные единицы семантического контента: заголовки, абзацы текста, списки, определения, цитаты и прочее. Представление - значительно свободны от категории структурированного контента. В ней описаны отличительные черты представления или воспроизведения контента. Образцами различных представлений может служить внешний вид веб-страницы на экране монитора, на маленьком экране мобильного телефона, на бумаге после печати. В дополнение к этим наивизуальным представлениям могут быть и другие виды. Таким образом, текст на странице браузера воспроизведение речи-это слуховое представление документа. И когда дело доходит до вывода контента веб-страниц по механической линии шрифта Брайля для слепых или о распечатке документа в специальном Брайлевском принтере, истолковывается тактильные представления.

Крайне важно понимать, что только структурированный контент в едином числе, а его представительство во множественном числе. Те же веб-страницы могут представляться на взгляд по-разному в различных условиях.

Поведение - это динамическое изменение содержания, структуры и оформления веб-страницы на основе действие пользователя или любое другое событие [2].

Если говорить о конкретных технологиях, в структуру веб-страниц контента, в мире сегодня используется HTML, за представление управления отвечает CSS и задачи управления поведением, назначенные на JavaScript [2].

Семантика в языкознании - это значение, смысл слов, речевые обороты, грамматические формы. Что касается HTML-разметки, термин употребляется в аналогичном качестве. Семантическая разметка - в широком смысле, внимание к смысловой нагрузки различных структурных подразделений при написании кода. Основной уровень семантики - применение структурных элементов HTML в точности как предписано. В следующем, более тонком уровне - искусное обозначение классов и идентификаторов элементов, используемых в CSS-коде в соответствии с их значением, но не имеет визуального представления информации [3]. Еще более высокий уровень и выше использование базового HTML-разметки для каких-либо дополнительных метаданных облегчает машинную обработку контента.

Валидность - соответствие формальным требованиям спецификации кода - позволит предотвратить разработчикам от возможных неприятных сюрпризов, по крайней мере, в его собственных ошибках. Если вы довольно пуристический и не выходите в процессе разработки за рамки спецификаций, уже официально утвержденных в качестве рекомендаций W3C, в идеале необходимо стремиться

доводить код до полностью валидного состояния. Действия трудно обеспечить, если дело доходит до экспериментальных технологиях. Распространенной можно признать практику стремиться к достижению абсолютной правильности разметки и к таблицы стилей относиться более либерально, ограничиваясь обеспечением их синтаксической корректности. HTML5 - словарь и грамматика языка разметки - относительно небольшая часть всей спецификации, который уже проработан в деталях и не претерпит серьезных изменений. Многие свойства и значения, предусмотренного в спецификации CSS3, разработчики все равно приходится обращаться к префиксы поставщиков, что автоматически делает его недействительным стилем таблиц [2]. Следует отметить, что срок действия кода маркировки гораздо более важным, чем действительность таблицы стилей, затем что разметки описывают внутреннюю ценность природы - структурированный контент, и стиль кода листа - просто идея, которая не может существовать без содержания, и какие параметры за одно и то же содержание может быть теоретически бесконечны [4].

Основные понятия, кратко описанного выше, важны, совершенно не сами по себе, но только благодаря бесчисленным позитивным результатам учетного подхода к ним от веб-разработчиков. Ниже приведены главные из этих результатов:

- ускорение загрузки веб-страниц;
- упрощение возможности автоматической обработки контента;
- большая гибкость в отношении различных устройствах вывода и носителей информации;
- лучший доступ к содержанием веба для пользователей с ограниченными возможностями, в первую очередь относится к слабовидящим людям;
- обеспечение доступности содержания для пожилых пользователей;
- гарантированная сочетаемость с современной планировкой графический браузер и все их последующие версии;
- содействие процессу веб-разработки [5].

ЛИТЕРАТУРА:

1. 4. Тим О'Рейли . Что такое Веб 2.0. <http://www.computerra.ru/think/234100/>
2. П.Б. Храпцов, С.А.Брик, А.М. Русак, А.И. Сури: Основы WEB технологий. - М.: Интернет-Университет Информационных Технологий, 2003.

ӘОЖ 378.02:37.035.3

ТЕХНОЛОГИЯ САБАҒЫНДА КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУДІҢ ТИМДІЛІГІ

Құрманбаев А.А., Капсаметов С.К.

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
Amah@mail.ru*

Қазақстандағы білім беру жүйесін реформалаудың ең басты міндеті балаға өмірде қажет болатын білім беру, оны алдын ала белгілі бір мамандыққа дұрыс даярлап икемдеу. Мамандық тандау үшін әр түрлі іс-әрекеттер процестерінде тұлғалық даму динамикасына негіздей қарауды талап етеді.

Мектептегі кәсіптік бағдар жұмысын ұйымдастырушыларын, сынып жетекшілерін кәсіптік бағдарлау жөніндегі оқу-әдістемелік кабинетінің меңгерушілерін, сыныптан және мектептен тыс жұмысты ұйымдастырушыларды, еңбек оқуын, өндірістік еңбек пен кәсіпке бағдарлауды ұйымдастырушыларды, сондай-ақ пән мұғалімдерің жас

ұрпаққа тәрбие берудің осы аса маңызды саласы жөніндегі қажетті білім мен және оның әдістерімен, практикалық дағдысымен қаруландыру.

Кәсіби бағдарды басқару мақсат пен міндеттерді айқындаудан және шешім қабылдаудан басталады. Өйткені, оған объективті жағдайлар әсер етеді: экономикалық ауданның мамандарға (болашақ және қазіргі) мұқтаждығы; демографиялық жағдай т.б. Оқушылардың мамандық таңдауына әсер ететін объективті жағдайлар негізінде кәсіби бағдарды басқарудың бағдарламасы жасалынады. Бағдарды басқару субъектінің іс-әрекеттерінің әдістері, формалары, мақсаттары және міндеттері алдын ала анықталып жоспарланады. Басқару субъектісі кәсіби бағдардың жағдайы жайлы ақпарат негізінде басқару шешімдерін түзетіп және жақсартып отырады. Көп функциялы және көп сатылы кәсіби бағдар мазмұны оны басқарудың ең озық әдісін қолдануды талап етеді. Осыған орай оны басқарудың мақсатты әдістері қолданылады. Бұл әдістер бойынша кәсіби бағдардың басты мақсаты айқындалады [1, 37].

Мамандық таңдауда адам мамандықты қарастырады және бағалайды, ал тұлғаны таңдауда мамандық талаптарын ескере отырып адамды бағалайды.

Кәсіптік бағдар нәтижесінде мамандыққа бағытталу туындайды. Ол белгілі бір мамандыққа немесе мамандықтар тобына терең қызығушылық пайда болудан шығады. Егер мамандыққа бағытталу жасөспірімдерге сәйкес келмесе, онда келешектегі ауыр психикалық қиындықтардан құтылу үшін оны басқа жолға бағыттау қажет. Кәсіптік ақпарат беру мамандық таңдауда балаларға үлкен әсерін тигізеді және ол ақыл-кеңес берумен тығыз байланысты. Арнайы ақпарат беру балаларды әртүрлі мамандықтар мазмұнымен, олардың қоғамда алатын орнымен, әлеуметтік құндылығымен, қолданатын техникамен, мамандықты игеру мүмкінділігімен, мамандықтың адамға қояр талабымен таныстырады. Кәсіби жарамдықтың тар шеңбердегі анықтамасы толық негізделмеген. Себебі, адамдар қабілетін қолдануға іс-әрекет аясы өте кең. Мысалы көптеген техникалық мамандықтарға кеңістіктік елестету қабілеттілігі, техникалық сайлау қабілеттілігі және математикалық қабілеттілік негізгі алғы шарт болып табылады. Егер жасөспірімде мұндай қабілеттіліктер комплексі болса, онда ол өзіне көптеген техникалық кәсіптер арасынан ұнаған мамандығын таңдауға болады. Сондай-ақ, тіптен қарама-қарсы кәсіптерге қажетті көптеген қабілеттер болады. Мысалы, жүргізуші кәсіп пен мұғалімдік кәсіп өз зейінін үйлестіре білуді талап етеді. Кәсіби жарамдылық психологиясын анықтауда бір ғана қабілеттілік емес, сонымен қатар басқа да белгілі бір іс-әрекет аймағында жұмсауға тырысатын және оған сай білім де алған кейбір адамдар ол жұмысында ешбір жетістікке жете алмай толық сәтсіздіктерге ұшырайтыны әрбір адамға белгілі. Мұндай жағдайда қажетті тұлғалық сапалар мен кәсіптік талаптар, мамандықтың адамға қоятын талаптарын және оқушының жекелеген қасиеттерін анықтауға мүмкіндік беретін сарамандық жұмыстарды қолдануға болады.

Технология пәні атадан балаға мұра ретінде қалыптасып келе жатқан кәсіп түрлерін және жаңа технологияны қолдана отырып, үйреніп білуге үйретеді. Онда орындалатын іс-әрекеттер жайында мағлұмат берумен бірге әрбір адамның айналысқан кәсібін жеке мамандықтарға бөледі. Мамандық дегеніміз - адамның белгілі бір қызмет атқаруына мүмкіндік беретін материалдық не рухани өндірісте алған білімі мен практикалық дағды жиынтығы.

Қазіргі ғылымның дамуынан барлық шаруашылық жұмыстарын техникамен атқарады. Сол технологиялық процестерді өзіне тән мамандар ғана атқарады.

Ғалымдардың еңбектерінде кәсіптік бағдар берудің кейбір нұсқалары көрсетіліп, олардың мән-маңызы сөз етілді (Захаров Н.Н ,Калугин Н.И, Сазанов А.Д, Симоненко В.Д. Қалназаров Ф ,Климов Е.А ,Сазанов А.Д, Сахаров В.Ф,Түрікпенұлы Ж, Абишева Ж.А Тойшыбаев Ж.Р,т.б.) [2, 11].

Жұмысшы тобының қатарына жыл сайын мектеп бітірген жастар келіп қосылып

жатады. Осылардың бәрі мамандықты саналы түрде таңдап алу керек. Бізге жастарды қазіргі өзгерістермен, қазіргі заман өндірісіндегі еңбекке орналастыру жағдайымен, жұмыссыздықпен күрес жолдарымен таныстыру қажет. Мамандықты таңдау мен игеру жеке адамның туа және жүре пайда болатын көп санатты қабілетіне де байланысты болады.

"Кәсіп" және "Мамандық" ұғымдары қамтитын әртүрлі қызметтер сапасы көп. Өмірге жаңа араласқан жасөспірімнің алдында бірнеше мыңдаған кәсіптің біреуін таңдау міндеті тұрады. Әрбір адам бір ғана емес, көптеген кәсіпке қабілетті болады. Кәсіптік бағыт беру міндеті жасөспірімдердің болашақ өмір жолын таңдап алуына, оның жеке басының қабілетіне көбірек сәйкес келетін мамандықты таңдауына ғылыми негізделген көмек беруде болып табылады [3, 35].

Қазіргі кезде әртүрлі мамандықтың сапасын жақсарту үшін мердігерлік тәсіл қолданылады. Оған бірнеше мамандық иелері қатынасады. Мердігерлік тәсілдің артықшылығы ол жұмысты кең индустрияландыруға, жаңа техниканы және құрылыс өндірісін ұйымдастыру мен технологияның озат тәсілдерін құрастыру мен мантаждауға, ауыл басқарудың ғылыми - теориялық негіздемесі мен оқушылардың кәсіп таңдауына байланысты профессиограммалар жиынтығын ұсыну және кәсіптік қабілеттерін анықтаудың сарамандық жұмыстарды жасау. Шаруашылығын көп кешенді әдіспен жүргізуге, малды арнайы топтастыру арқылы бағу кезінде неғұрлым тиімді өндіріс процестерін механикаландыру мен автоматтандыру әдісін енгізуге жағдай жасайды. Осындай жұмыстарда көп салалы мамандық қажет етеді. Бұл әсіресе қазіргі нарықтық экономика жағдайында өте қажет. Сондықтан әр оқушыны бірнеше мамандық иесі болу, оны жақсы меңгеру талабы қойылады [4, 18].

Зерттеу жұмысының көкейкестілігі: Бүгінгі таңда жалпы білім беретін және кәсіби мектеп реформасы оқушылар болашақ мамандығын саналы түрде таңдап алуы үшін оларға кәсіптік бағдар беру жұмысының жетілдіру алға қойып отыр. Кәсіптік бағдар жұмысының негізгі мамандық бойынша мағлұмат алу, мамандыққа тәрбиелеу, мамандық диагностика, мамандықты таңдау, мамандыққа бейімделу таңдау және мамандық ақыл-кеңес жүйелерінің ішінде мамандық бойынша мағлұмат алу және мамандық диагностиканың кәсіптік бағдар беруде маңызы зор. Себебі, мамандық таңдауда болашақ маман, мамандықтың әлеуметтік - экономикалық, жалпы жұмыс мазмұнын жағдайын жақсы білу керек және қоғамға барлық кәсіптердің мамандары қажет, бірақ кейбір мамандықтарды меңгерген мамандар өте көп. Сондықтан мамандық таңдауда, қоғам қажетсініп отырған мамандықтар мен кадрларға мұқтаждықты ескеру қажет. Сонымен қатар оқушының кәсіптік қабілеттерін бағалауда бір жағынан мамандық таңдауда адамның психикалық қасиеттеріне қойылатын талаптарды білуді, екінші жағынан мамандық таңдаушының жеке қабілеттерін зерттеуді қажет етеді.

Зерттеу міндеттері :

1. Кәсіптік бағдар жүйесінің теориялық негіздері жайлы және оқушылардың тұлға болып қалыптасуында еңбек пен кәсіптік бағдардың рөлін, сонымен қатар кәсіптік бағдар беруде пән мұғалімдері мен сынып жетекшілерінің рөлін анықтау.

2. Оқушылардың жеке қабілеттерін арнайы сарамандық жұмыстар арқылы кәсіптік қабілеттерін анықтау.

3. Қоғам қажетсініп отырған мамандықтарға профессиограмма жиынтығын ұсыну.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

- оқушыларды еңбекке баулу әрі болашақ кәсіпке бағдарлауды ұйымдастыру мен басқарудың ғылыми - теориялық негіздері жасалды;

- мамандықтың адамға қоятын талаптарын және оқушының жекелеген қасиеттерін анықтауға мүмкіндік беретін сарамандық жұмыстар жасалды;

- оқу процесінде пайдалануда мамандық туралы дұрыс көзқарас қалыптастыратын профессиограммалар жиынтығы жасалды.

Кәсіптік бағдар жүйесінің теориялық негіздері, кәсіптік бағдар жұмысының жүйесі, оқушылардың тұлға болып қалыптасуында еңбек пен кәсіптік бағдардың рөлі қарастыра отырып оқушылардың еңбекке баулу болашақ кәсіпке бағдарлау мен басқарудың ғылыми - теориялық негіздемесі анықталды.

Мектепте кәсіптік бағдар жұмыстарын ұйымдастыру әдістемесі, кәсіптік бағдар беруде пән мұғалімдері мен сынып жетекшілерінің рөлі, оқушылардың мамандыққа бейімделуі негіздерін қалыптастыру шаралары және профессиографиялық зерттеулерді ұйымдастырып, жүргізу әдістемелері анықталды.

Кәсіптік бағдар орталығының атқаратын қызметтері, профессиограмма құру әдістемесі, оқушылардың бойындағы қаблеттерін анықтауға арналған сарамандық жұмыстары жасалды.

Осы айтылғандардан төмендегідей қорытынды жасауға болады: кәсіптік жарамдылықты анықтау үшін біріншіден жасөспірімнің жекелеген қасиеттерін білу керек, екіншіден, нақты мамандықтың адамға қоятын талаптарын білу керек. Тек қана осы екі жағдайды салыстыру және талдау арқылы кәсіптік жарамдылық туралы сөз қозғауға болады. Жасөспірімнің жекелеген қаблеттері туралы білім қаншалықты терең болса да, ол кәсіптің жарамдылық және мамандық тандау мәселесін түбегейлі шеше алмайды. Бұл жерде мамандықтың ерекшеліктерін және оның кісіге қоятын талаптарын ескеру керек.

Берілген жұмыста кәсіптік бағдар беруде оқушылардың еңбекке баулу болашақ кәсіпке бағдарлау мен басқарудың ғылыми - теориялық негіздемесі және оқушылардың тұлға болып қалыптасуында еңбек пен кәсіптік бағдардың рөлін, кәсіптік бағдар беруде пән мұғалімдері мен сынып жетекшілерінің рөлін анықтау, сонымен қатар оқушылардың кәсіп тандауына байланысты профессиограммалар жиынтығын және кәсіптік қаблеттерін анықтаудың сарамандық жұмыстарды ұсынылып отыр.

Бұл жұмыс болашақ мемлекеттік кәсіпке бағдарлау қызметінің ғылыми-әдістемелік ірге тасы болуға тиіс. Кәсіпке бағдарлаудың теориялық және ұйымдық-әдістемелік мәселелерінен жақсы әзірлігі бар мамандар ғана бұл жұмыстың мемлекеттік жүйесін сапалық жаңа сатыға көтере алады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Баширова Ж.Р Оқушылардың өнімді еңбегі және кәсіптік бағдар. Алматы, «Мектеп», 2012
2. Түрікпенұлы Ж «Кәсіптік бағдар» Алматы 1995
3. Сазанов А.Д, Симоненко В.Д. Профессиональная ориентация учащихся - М . 2010
4. Қалназаров Ғ Халықтық педагогика және кәсіби бағдар, Қазақстан мектебі №7, 2013.

УДК 517.928.2

ПОСТРОЕНИЕ РЕШЕНИЯ ВОЗМУЩЕННОЙ КРАЕВОЙ ЗАДАЧИ С НЕОГРАНИЧЕННЫМИ ГРАНИЧНЫМИ УСЛОВИЯМИ

Нургабыл Д.Н., Озенбаев Н.Т.

Жетысуский государственный университет им. И. Жансугурова, г. Талдыкорган

Бұл мақалада ерекше ауытқыған шекаралық есеп шешімінің аналитикалық берілімін құрудың алгоритмі ұсынылған. Бастапқы және шекаралық функциялар енгізілген. Шекаралық есеп шешімінің барлығы және жалғыздығы туралы теорема дәлелденген.

В работе предложен алгоритм построения аналитического представления решения сингулярно возмущенной краевой задачи. Введены начальные и граничные функции. Доказана теорема о существовании и единственности решения краевой задачи.

In work the algorithm of creation of analytical submission of the decision is offered a Singularly Perturbed Boundary Value Problem. Were introduced the initial and boundary functions The theorem of existence and uniqueness of the solution of a Boundary Value Problem.

Түйін сөздер: Ауытқыған шекаралық есеп, начальные и граничные функции, асимптотикалық кескіндеме, шешімінің барлығы және жалғыздығы туралы теорема, кішкене параметр.

Ключевые слова: Возмущенная краевая задача, бастапқы және шекаралық функциялар, асимптотическое представление, теорема существования и единственности решения, малый параметр.

Keywords: Perturbed Boundary Value Problem, initial and boundary functions, asymptotic representation, theorem of existence and uniqueness of the decision, small parameter.

Постановка задачи. Общие краевые задачи для обыкновенных дифференциальных уравнений, содержащих малые параметры при старших производных, рассматривались в [1, 4]. В этих работах на основе интегрального представления решения краевой задачи определены асимптотические оценки, доказана теорема о существовании и единственности решения краевой задачи.

Следующим естественным обобщением в данном направлении является исследование решений сингулярно возмущенных краевых задач с неограниченными граничными условиями. Рассмотрению таких задач посвящена данная работа.

Рассмотрим следующее линейное дифференциальное уравнение третьего порядка:

$$L_{\varepsilon}y(t, \varepsilon) \equiv \varepsilon y''' + A(t)y'' + B(t)y' + C(t)y = F(t) \quad (1)$$

с краевыми условиями вида: $H_1y(t, \varepsilon) \equiv y(0, \varepsilon) = a_1$,

$$H_2y(t, \varepsilon) \equiv y''(0, \varepsilon) = \frac{a_2}{\varepsilon}, \quad H_3y(t, \varepsilon) \equiv y(1, \varepsilon) = a_3, \quad (2)$$

где $\varepsilon > 0$ малый параметр, $a_2 \neq 0$, $a_i, i = 1, 2, 3$ -некоторые известные постоянные, $A(t), B(t), C(t), F(t)$ -функции, определенные на отрезке $[0, 1]$.

В данной статье на основе аналитического представления решения задачи (1), (2) доказываются существование и единственность искомого решения

Предположим, что:

1°. Функции $A(t), B(t), C(t) \in C^3(I), F(t) \in C^1(I), I = [0,1]$

2°. Функция $A(t)$ удовлетворяет неравенству: $A(t) \geq \gamma \equiv \text{const} > 0, 0 \leq t \leq 1;$

3°. Справедливо неравенство: $\bar{J} = \begin{vmatrix} y_{10}(0) & y_{20}(0) \\ y_{10}(1) & y_{20}(1) \end{vmatrix} \neq 0,$

Фундаментальная система решений однородного возмущенного уравнения. Рассмотрим однородное уравнение

$$L_\varepsilon y(t, \varepsilon) \equiv \varepsilon y''(t, \varepsilon) + A(t)y'(t, \varepsilon) + B(t)y(t, \varepsilon) = 0, \quad (3)$$

соответствующее неоднородному уравнению (1).

Пусть выполнены условия 1° и 2°. Тогда для фундаментальной системы решений $y_i(t, \varepsilon), i = 1, 2, 3$ однородного уравнения (3) будут справедливы следующие асимптотические при $\varepsilon \rightarrow 0$ представления:

$$y_i^{(j)}(t, \varepsilon) = y_{i0}^{(j)}(t) + O(\varepsilon), i = 1, 2, \quad (4)$$

$$y_3^{(j)}(t, \varepsilon) = \frac{1}{\varepsilon^j} \exp\left(\frac{1}{\varepsilon} \int_0^t \mu(x) dx\right) y_{30}(t) \mu^j(t) [1 + O(\varepsilon)], j = 0, 1, 2,$$

где $y_{i0}(t), i = 1, 2$ удовлетворяют однородному уравнению

$$L_0 y_{i0}(t) \equiv A(t)y_{i0}'' + B(t)y_{i0}' + C(t)y_{i0} = 0, i = 1, 2,$$

(5) и краевым условиям:

$$y_{10}(0) = 1, y_{10}'(0) = 0, y_{20}(0) = 0, y_{20}'(0) = 1,$$

функция $y_{30}(t)$ определяется в виде $y_{30}(t) = \left(\frac{A(0)}{A(t)}\right)^2 \cdot \exp\left(\int_0^t \frac{B(x)}{A(x)} dx\right) \neq 0.$

Используя (4), для определителя Вронского $W[y_1(t, \varepsilon), y_2(t, \varepsilon), y_3(t, \varepsilon)]$ при достаточно малых ε , получаем

$$W(t, \varepsilon) = \frac{1}{\varepsilon^2} \exp\left(\frac{1}{\varepsilon} \int_0^t \mu(x) dx\right) y_{30}(t) \mu^2(t) \bar{W}(t) [1 + O(\varepsilon)] \neq 0,$$

где $\bar{W}(t) = \begin{vmatrix} y_{10}(t) & y_{20}(t) \\ y_{10}'(t) & y_{20}'(t) \end{vmatrix} \neq 0$

Построение начальной и граничных функций возмущенной задачи. Так же как и в [4] введем начальную функцию

$$K(t, s, \varepsilon) = \frac{W(t, s, \varepsilon)}{W(s, \varepsilon)}, \quad (8)$$

определяемую из задачи:

$$L_\varepsilon K(t, s, \varepsilon) = 0, K(s, s, \varepsilon) = 0, K_t'(s, s, \varepsilon) = 0, K_t''(s, s, \varepsilon) = 1. \quad (9)$$

где $W(t, s, \varepsilon)$ -определитель, получаемый из $W(s, \varepsilon)$ с помощью замены третьей строки на фундаментальную систему решений $y_1(t, \varepsilon), y_2(t, \varepsilon), y_3(t, \varepsilon).$

Теперь, рассмотрим определитель

$$J(\varepsilon) = \begin{vmatrix} y_1(0, \varepsilon) & y_2(0, \varepsilon) & y_3(0, \varepsilon) \\ y_1''(0, \varepsilon) & y_2''(0, \varepsilon) & y_3''(0, \varepsilon) \\ y_1(1, \varepsilon) & y_2(1, \varepsilon) & y_3(1, \varepsilon) \end{vmatrix}.$$

В силу (4) элементы определителя $J(\varepsilon)$ при $\varepsilon \rightarrow 0$ представимы в виде:

$$y_i^{(j)}(0, \varepsilon) = y_{i0}^{(j)}(0) + O(\varepsilon), \quad i = 1, 2, \quad j = 0, 1, 2, \quad y_i(1, \varepsilon) = y_{i0}(1) + O(\varepsilon), \quad i = 1, 2 \quad (11)$$

$$y_3(0, \varepsilon) = y_{30}(0)[1 + O(\varepsilon)], \quad y_3''(0, \varepsilon) = \frac{1}{\varepsilon^2} y_{30}(0) \mu^2(0)[1 + O(\varepsilon)],$$

$$y_3(1, \varepsilon) = \exp\left(\frac{1}{\varepsilon} \int_0^1 \mu(x) dx\right) [y_{30}(1) + O(\varepsilon)],$$

Тогда определитель $J(\varepsilon)$ в силу (11) при $\varepsilon \rightarrow 0$ представим в виде

$$J(\varepsilon) = \frac{1}{\varepsilon^2} \mu^2(0) \bar{J}(1 + O(\varepsilon)) \neq 0. \quad (12)$$

Введем граничные функции. Пусть выполнены условия 1^0-3^0 . Тогда граничные функции $\Phi_i(t, \varepsilon)$, $i = 1, 2, 3$ на отрезке $[0, 1]$ существуют, единственны и выражаются формулами:

$$\Phi_i(t, \varepsilon) = \frac{J_i(t, \varepsilon)}{J(\varepsilon)}, \quad i = 1, 2, 3, \quad (14)$$

где $J_i(t, \varepsilon)$, $i = 1, 2, 3$ – определитель, получаемый из определителя $J(\varepsilon)$ с помощью замены i -ой строки его на фундаментальную систему решений $y_1(t, \varepsilon), y_2(t, \varepsilon), y_3(t, \varepsilon)$.

Построение решений возмущенной задачи. Справедлива следующая теорема.

Теорема. Пусть выполнены условия 1^0-3^0 . Тогда при достаточно малых $\varepsilon > 0$ решение $y(t, \varepsilon)$ краевой задачи (1),(2) на отрезке $[0, 1]$ существует, единственно и выражается формулой

$$y(t, \varepsilon) = a_1 \Phi_1(t, \varepsilon) + \frac{a_2}{\varepsilon} \Phi_2(t, \varepsilon) + a_3 \Phi_3(t, \varepsilon) - \Phi_3(t, \varepsilon) \frac{1}{\varepsilon} \int_0^1 K(1, s, \varepsilon) F(s) ds + \frac{1}{\varepsilon} \int_0^t K(t, s, \varepsilon) F(s) ds. \quad (15)$$

Доказательство. Решение $y(t, \varepsilon)$ краевой задачи (1), (2) ищем в виде:

$$y(t, \varepsilon) = c_1 \Phi_1(t, \varepsilon) + c_2 \Phi_2(t, \varepsilon) + c_3 \Phi_3(t, \varepsilon) + \frac{1}{\varepsilon} \int_0^t K(t, s, \varepsilon) F(s) ds, \quad (16)$$

где c_i , $i = 1, 2, 3$ – неизвестные постоянные. Непосредственной подстановкой (16) в (1) убеждаемся, что функция $y(t, \varepsilon)$ определяемая формулой (15) является решением уравнения (1). Для определения c_i , $i = 1, 2, 3$ подставим (16) в (2). Тогда будем иметь:

$$c_1 = a_1, \quad c_2 = \frac{a_2}{\varepsilon}, \quad c_3 = a_3 - \frac{1}{\varepsilon} \int_0^1 K^{(j)}(1, s, \varepsilon) F(s) ds. \quad (17)$$

Подставляя найденные значения (17) в (17), получим (15). Граничные функции $\Phi_i(t, \varepsilon)$ и начальная функция $K(t, s, \varepsilon)$ не зависят от выбора фундаментальной системы решений уравнения (3). Следовательно, из (14) и (17) следует существование, единственность решения краевой задачи (1),(2). Теорема доказана.

Пример. Рассмотрим пример краевой задачи иллюстрирующий задачу (1), (2):

$$\varepsilon \cdot y''' + y'' = 2, \quad (18)$$

$$y(0, \varepsilon) = a_1, \quad y''(0, \varepsilon) = \frac{a_2}{\varepsilon}, \quad y(1, \varepsilon) = a_3. \quad (19)$$

Очевидно, рассматриваемая задача (18), (19) удовлетворяет всем требованиям задачи (1), (2). Тогда решение задачи (18), (19) представимо в виде

$$y(t, \varepsilon) = t^2 + t \left[a_3 - a_1 - 1 + \varepsilon(a_2 - 2\varepsilon) + \varepsilon(a_2 - 2\varepsilon)e^{-\frac{1}{\varepsilon}} \right] + \\ + \varepsilon(a_2 - 2\varepsilon)e^{-\frac{t}{\varepsilon}} - \varepsilon(a_2 - 2\varepsilon) + a_1.$$

ЛИТЕРАТУРА:

1. Касымов К.А., Нургабыл Д.Н. Асимптотические оценки решения сингулярно возмущенной краевой задачи с начальным скачком для линейных дифференциальных уравнений // Дифференциальные уравнения. – 2004. – Т.40. – № 4 – С. 597-607.
2. Касымов К.А., Нургабыл Д.Н., Уаисов А.Б. Асимптотические оценки решения краевой задачи с начальным скачком для линейных дифференциальных уравнений с малым параметром при производных // Украинский математический журнал. – 2013. – №5, - С.629-641.
3. Nurgabul D. Asymptotic estimates for the Solution of a Restoration Problem with Initial Jump// Journal of Applied Mathematics. USA. Vol. – 2014 (2014), Article ID 956402.
4. Нургабыл Д.Н. Построение решения сингулярно возмущенной краевой задачи имеющего начальный скачок // Вестник Киргизского государственного Национального университета. 2001. сер.3., вып.6., С.173-177.

ӘОЖ 378.14

ЭЛЕКТРОТЕХНИКАДАН ВИРТУАЛДЫ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕМЕЛЕРІ

Рахымбеков А.Ж., Нурбосынова Г.С., Садуакасова Р.А., Сатқулов Б.Б.

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
roza.saduakasova@mail.ru*

Білім беру жүйесін дамытудың заманауи үрдістері оқу үдерісіне компьютерлік технологияларды ендіруді көздейді, қоғамдық өмірдің барлық салаларына белсенді түрде қатысатын, өздігінен жұмыс істей алатын, шығармашылығы мол тұлғаны қалыптастыру жоғарғы оқу орындарының негізгі міндеттерінің бірі. Бұл мәселе, білім саласының негізгі буыны – орта мектепте әсіресе өткір сезіледі, бірқатар зерттеушілердің пікірі бойынша және ғылыми әдібеттерді талдама жасау кезінде электронды оқу материалдарын оқу үрдістеріне кеңінен енгізудің пайдалы жақтарымен қатар келеңсіз жақтарының бар екеніне көзіміз жетіп отыр.

Компьютерлік білім беру саласындағы шынайы әлем объектілерінің тәртібін үлгілеуге көмектесетін және оқушыларға өздігінен жаңа білім мен машықтарды игеруге жәрдемдесетін виртуалды зертханалар тәжірибеші-педагогтардың назарын аударады. Профессорлардың пікірінше, виртуалды зертхана «оқу, оқу-әдістемелік, тәжірибелік, анықтамалық, оқу-бақылау және бақылау-тестілеу материалдарын құрайтын интеграцияланған ақпараттық орта» болып табылады. Олар «виртуалды зертхана – ол математикалық модельдерді құрудың кең мүмкіндіктері мен көптеген виртуалды құрылғылары бар бір бағдарламалық-есептеу кешені болып табылатын әр түрлі физикалық құбылыстарды зерттеудің аппараты» деп есептейді.

Виртуалды зертхананың артықшылығын атап өте отырып, оны «әдістемелік материалдарды әзірлеуге кететін уақытты айтарлықтай қысқартуға және негізгі назарды зерттелетін теорияның әдістері мен алынатын қорытындылардың сараптамасына бөлуге мүмкіндік беретін» құрал болып табылатынын айтуға болады. Аталмыш мәселе бойынша педагогикалық әдебиеттерді зерттеу виртуалды ақпараттық-білім беру зертханасы:

- оқу үрдісінде оқытушыны алмастырмайтын, білімгердің білім алу қарқынын және өздігінен оқу мен өзін-өзі қадағалау элементтерімен білім алу жолын таңдау еркіндігін қамтамасыз ете отырып, оқудың тиімді құралы ретінде пайдаланылатынын;

- өзінің құрамына компьютердің мүмкіндіктері бар жақсы оқулықтың құндылығын біріктіретінін, бұл ақпараттың ауқымды көлемін сақтауды, көрнекілігін, мәтіндік, сызбалық, аудио- және бейне ақпараттарды сақтау мүмкіндігін қамтамасыз ететінін атап өтуге мүмкіндік береді. Виртуалды зертхана жағдайында зертханалық тапсырмаларды орындаудың негізгі құндылықтарына төмендегілерді жатқызуға болады:

- көрнекі суретті және зерттелетін заңдардың әділдігін;
- сызбаларды өздігінен жинау, олардың параметрлерін есептеу және үдерістерді қадағалау мүмкіндігін;

- жүргізілетін тәжірибелердің толық қауіпсіздігі мен зертханадағы ауаның тазалығын қамтамасыз етуін;

- тәжірибелерді өздігінен істеу мүмкіндігін, бұл білімгерлердің өздігінен жұмыс істеу қабілеттерін, олардың конструкторлық қабілеттілігі мен техникалық тапқырлығын арттырады;

• сабақ үстінде виртуалды зертханалық жұмыстарды орындау теориялық және тәжірибелік сабақтардың арасындағы уақыт тосқауылын жояды, бұл оқытудың тиімділігі мен сапасына әсер етеді, білімгерлердің өздігінен танымдық қызметпен айналысуын белсендіреді;

Зертханалық жұмыстар барысында «білімгерлердің зерттеушілермен жасалған бағытта немесе оның өзі жасаған виртуалды құрылғысында «тәжірибе» жасап, талап етілетін көлемдерді өлшеп, содан соң жауаптың компьютерлік тексеруден өтуі» виртуалды ақпараттық-оқыту зертханалары білім берудің басқа да жолдарымен кешенді түрде пайдаланылуының типтік үлгісі болып табылады.

Виртуалды зертханалардың негізгі құндылығы оның мазмұндылығында жатыр. Тамаша навигация, бояу түстері, жылдам жүктелуі мен виртуалды тәжірибелердің сенімділігі білім алу мен игерудің қосымша элементтері ғана. Виртуалды зертханалар «бос үстел» секілді, оған білімгерлер арнайы құралдардың көмегімен зертханалық объектілерін жасай алады, оларды бір-біріне қатысты қажетті түрде орналастырады, объектілер арасында байланыстар орнатып, олардың бастапқы мәнін қояды. Негізінен виртуалды зертханалар бір зертханалық модуль негізінде әр түрлі интерактивті модельдер жасауға мүмкіндік береді

Қазіргі уақытта электротехника, радиоэлектроника пәндеріне арналған виртуалды лабораториялық жұмыстарды оқу процесінде кең қолданылады.

Қазіргі уақыттағы ғылыми техниканың өркендеуіне байланысты білім алушының тұлғалық және ой-өрісінің дамуына бағытталған жаңа оқытуды басқару жүйесін құру.

Жұмыстың өзектілігі:

- студенттің өз бетімен білім алуы;
- студент өзінің білім дәрежесін тексеруі;
- оқытуды басқару жүйесінде аумақтық шектеудің болмауы;
- алуан түрлі тәсілдер мен әдістерді қолдану

Біз өзіміздің мақаламызда «Кәсіптік оқыту» кафедрасының «Электротехника және радиоэлектроника» зертханасындағы заманауи білімгерлерге арналған виртуалды зертханалық жұмыстың саналы біреуін алып қарастырғамыз:

Тұрақты токтың сызықты электр тізбектерін зерттеу.

(Тұрақты токтың тұйықталған тізбегі үшін Ом заңын тәжірибе жүзінде зерттеу)

Жұмыстың мақсаты:

1. Тұрақты токтың сызықты электр тізбектерін зерттеу.
2. Тұрақты токтың тұйықталған тізбегі үшін Ом заңын тәжірибе жүзінде зерттеу.

Тапсырма:

1. 1 суретте көрсетілгендей электр тізбегін жинақтау.
2. Ом заңының көмегімен берілген өрістегі ток күшін анықтау.
3. Индикатордың (амперметр) көрсеткішін алып және Ом заңы берілген өрістің тізбегі үшін дұрыс орындалғанын тексеру.

Керекті құрылғылармен құрал жабдықтар:

1. Программалық жабдықтау «Multisim 8».
2. Тұрақты ток үшін қуат көзі (DC POWER).
3. Резистор (RESISTOR).
4. Амперметр (AMMETER).
5. Жерге қондыру (GROUND).

Жұмыстың орындалу барысы:


- 1) Прогамманы іске қосу Multisim 8 (Пуск - Программы - Electronics Workbench - Multisim 8).

2) Жұмыс үстеліне тұрықты токтың амперметрін орналастыру, екі резистор, 12 В қуат көзін және жерге қондыру:

- AMMETR_H (Place - Component - Indicators - AMMETR- AMMETRH);
- RESISTOR (Place - Component - Basic - RESISTOR - RESISTOR);
- DC_POWER (Place - Component - Sources - POWER_ SOURCES - DC_POWER);
- GROUND (Place - Component - Sources - POWER_ SOURCES - GROUND).

3) 1-суретке қарап электр тізбегін жинақта

1-Өлшем



2) Ом заңының көмегімен берілген өріс тізбегіндегі ток күшін анықтау. Шыққан нәтижені кестеленіз .

Ескерту: Тізбек элементтеріндегі ішкі кедергіні ескермеу керек.

3) Тізбек тұйықталған. Индикатордың (амперметр) көрсеткішін алып және Ом заңы берілген өрістің тізбегі үшін дұрыс орындалғанын тексеру. Амперметр көрсеткішінің нәтижесін кестеленіз.

4) Бақылау сұрақтарына жауап беру және орындалған лабораториялық жұмыс бойынша жалпы қорытынды жасау.

Біз бейбіт елде, мемлекеттік білімді жетілдіруге аса мән берген елде тұрамыз. Жалпы білім берудің мақсаты – терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін – өзі дамытуға адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдерді қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру, яғни жеке тұлғаны қалыптастыруға негізделген, ақпаратты технологияны терең меңгерген, жылдам өзгеріп жататын бүгінгі заманға лайықты, жаңашыл тұлғаны қалыптастыру. Көптеген аудиокөрнекі құралдардың ішінен ең тиімдісі компьютер деуге болады.

Білімгердің жеке ерекшеліктеріне сәйкес компьютерге бағдарламаны дайындау оқытушыға байланысты. Компьютерде бар тілдік материалдарға қарамастан оқытушы оны толықтыра және оның ішінен керегін ала алады. Оларды компьютердің жадына сақтауына кіргізуге және керек емесін алып тастай алады. Жалпы дидактикалық компьютерлік бағдарлама есті қабілетін дамытуға және әр түрлі ойлау есептерін шешуге мүмкіндік береді.

Жалпы компьютер арқылы оқыту мынандай міндеттерді қамтиды:

- ойлау қабілетін дамыту;
- дайын бағдарламаларды қолдана білу шеберлігін арттыру;
- білімгерлердің компьютерлік сауаттылығын ашу.

Жеке жұмыс сияқты топтастырып жұмыс жасау кезінде де дидактикалық материалдар, сызбалар, кестелер, техникалық құралдар қолданылады. Білімгерлердің компьютермен жұмыс істеуін бақылағанда, олардың қабылдау деңгейлерінің бірдей еместігі байқалады. Кейбір білімгерлер оқу бағдарламасын орташа меңгерсе, ал

компьютермен жұмыс істеу барысында өзінің ұқыптылығын, берілген тапсырманы тез әрі қатесіз орындайтынын, ал керісінше, жақсы үлгеретін сөздік қоры мол білімгерлер қателіктер жіберу өз-өзіне сенімсіз қарайтынын көруге болады.

Ендеше компьютерлік бағдарлама тек қана оқытуда ғана емес, білімгерлердің жалпы дамып жетілуіне, психикалық ерекшелігіне, темпераментіне, ойлау қабілетінің дамуына, есту қабілетін дамыту және сөйлеу тілін жетілдіруге де көп әсерін тигізеді деп сеніммен айта аламыз. Біздің мамандығымыздың ерекшелігіндегі жағдайлар, ол – техникалық пәндердің, мысалы, жылу техникасы, гидравлика, автомобильдер және тракторлар білімгерлердің сана-сезіміне осы виртуалды зертханалық жұмыстар арқылы айқын түрде қонады. Өйткені көптеген техникалық процестер қағаз түріндегі суреттер, схемалар ретінде білімгерлерге бірден түсініксіз болады, мысалы, іштен жанғыш қозғалтқыштардың жұмыс атқаруын көрнекі түрде айқын түсіндіруге виртуалды зертхана көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. //Егемен Қазақстан, - Астана, 12.26. 2011 ж.

2. Қазақстан мектебі. 2008 ж. №6 «Ақпараттық технологиялардың тиімділігі.

3. Қазақстан мектебі. 2006 ж. №4 «Инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану тетіктері».

4. Денисенко В. И., Зуслина Е. Х., Креслина С. Ю., Баймаганов А. С. ТОЭ. Компьютерное моделирование стационарных электрических и магнитных полей. Методические указания и задания к лабораторным работам по ТОЭ часть 2. – Алматы: АЭИС, 2003.

5. Балабатыров С.Б. Электр техникасының теориялық негіздері- Алматы 2009.

ӘОЖ 911.3:61

ЛЕПСІ ӨЗЕНІНІҢ САҒАСЫНДАҒЫ ҚАРАШАҒАН ШЫҒАНАҒЫНДАҒЫ ЕМДІК БАЛШЫҚТЫҢ РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ

Тоқпанов Е.А.

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
tokpanov1960@mail.ru*

Мақалада Балқаш көлінің оңтүстік-шығысындағы Қарашаған шығанағындағы емдік балшықтың физикалық-химиялық құрамын, шығу тегін, құрылымын, органолептикалық құрамын, физикалық-химиялық көрсеткіштерін зерттеу нәтижелерін айғақтайтын деректер ұсынылған. Соңғы уақыттарға дейін ғылыми зерттеулер мен ғылыми жобаларда Балқаш көлінде кездесетін әлсіз минералданған сульфидті тұнбалы емдік балшықтардың бальнеологиялық қасиеттері әлі толық зерттелмеген.

Түйін сөздер: *Қарашаған шығанағындағы пеллоид, рапа, бальнеология, микроэлемент, рекреация.*

В статье представлены данные о результатах исследования по изучению происхождения, структуры, органолептических, физико-химических показателей месторождения лечебных грязей на побережье залива Карачаган на юго-востоке озера Балхаш. До последнего времени в научных исследованиях и проектных проработках не получено достаточно данных о бальнеологических свойствах слабоминерализованных сульфитных иловых лечебных грязей озера Балхаш.

Ключевые слова: залива Карачаган пелоид, рапа, бальнеология, микроэлемент, рекреация.

The article presents data on results of a study on the lineages, structure, organoleptic, physico-chemical parameters of curative mud deposits on the coast Karachagan Bay on the south-east of Lake Balkhash. Until recently the scientific research and design work are not received enough data balneological properties of weakly mineralized silt sulfite medicinal mud of lake Balkhash.

Keywords: Gulf Karachagan, peloid, brine, balneology, trace mineral, recreation.

Ғылыми зерттеулер мен ғылыми жобаларда Балқаш көлінің аридті климат жағдайында емдік балшықтардың түзілу жолдарын оқып-үйрену, сонымен қатар, пелоидтарды емдік мақсатта пайдалануды көздейтін бағалау мәселелері әлі де толық зерттелмеген.

Ғылыми әдебиеттерде құрлықтық су қоймаларында пелоидтардың түзілу үрдісі туралы біртұтас тұрғыдан қараудың болмауы 2013 жылдың шілде айынан бастап Балқаш көлінің оңтүстік-шығысындағы Қарашаған шығанағындағы емдік балшықты рекреациялық мақсатта пайдалануға жарамдылығын зерттеу жұмыстарын жүргізуге негіз болды.

Пелоидтардың физикалық-химиялық құрамын зерттеу емдік мақсатта пайдалануға жарамдылығын анықтаумен мәселелерімен тығыз байланысты. Қарашаған шығанағының жағалауындағы емдік балшықтарды зерттеу нәтижесінде балшық үлгісінің органолептикалық (түсі, иісі, консистенциясы, құрылымы), физикалық-химиялық құрамы анықталды.

Зертханалық талдау нәтижелері пелоидтің құрамында детергенттер, ауыр металдар сыяқты ластаушы заттар болғанымен олар белгіленген шектен аспайтынын көрсетті. Сол көрсеткіштері бойынша балшық түзілетін су қоймасының жағдайын экологиялық таза деп сипаттауға болады. Осыған орай емдік балшықтың түзілу үрдісі мен оның емдік-сауықтыру туризмін дамытудағы маңызын зерттеу өзекті мәселенің бірі болып табылады.

Материалдар мен зерттеу әдістері. 2013-2014 жылдар аралығында Балқаш көлінің оңтүстік-шығысындағы емдік балшық кен орынындағы бір-бірінен 100 метр қашықтықта орналасқан 8 қосыннан әр түрлі тереңдіктен пелоидтардың 25, құрғап қалған сордағы тұздың 8 сынамасы алынды.

Талдау жұмыстары «Жер туралы ғылымдар, металлургия және байыту орталығы» акционерлік қоғамының Ұлттық ғылыми зертханасында жүргізілді. Сынамалардың талдамаларын алу үшін 180-50 үлгілі «Хитачи» атомдық-абсорбциялық спектрометр (Жапония); PFP7-жалынды фотометр (Ұлыбритания), жеке байланысты плазмасы бар Optima 2000 DV оптикалық эмиссионды спектрометр (АҚШ) қолданылды.

Эксперименттік бөлім. Пелоидтардың емдік сапасын анықтайтын және оларды емдік балшықтар тобына біріктіретін маңызды қасиетін жоғары коллоидтығы, жылу сыйымдылығы мен жылу ұстау қабілетінің, балшық микрофлорасының тіршілік әрекетінің нәтижесінде түзілетін көптеген биологиялық белсенді қосылыстардың болуы айқындайды.

Сондықтан олардың физикалық-химиялық құрамын зерттеу өзекті болып табылады және балшықпен емдеуге маманданған маусымдық емдеу мекемелерін салуда, емдік-сауықтыру рекреациясын дамытуда маңызы зор.

Алматы облысы аумағындағы негізгі емдік балшықтар Балқаш жағалауларындағы жазда құрғап қалатын шағын лиманды көлдерде немесе сорларда таралған. Солардың ішіндегі болашағы зоры Лепсі өзенінің сағасындағы Қарашаған шығанағының жағалауында орналасқан емдік балшық кен орны болып табылады. Осыған орай 2013 және 2014 жылдар аралығында «Қарашаған» кен орнында емдік-

сауықтыру туризмін дамыту мүмкіндіктерін анықтауды көздейтін екі экспедициялық жорықтар ұйымдастырылып пелоидтар мен тұздардың сынамалары алынды.

Зертханалық талдау нәтижелері Қарашағандығы пелоидтар құрамы жағынан сульфатты-натрийлі-магнийлі-кальцийлі тұнбалық емдік балшықтарға жатады деген қорытынды шығаруымызға мүмкіндік берді [1, 2].

Табиғи тұнбалы шөгінділер беткі қара тұнбалы және астыңғы күнгірт сұр сазды құмды қабаттардан тұрады. Қара тұнбалы қабаттың орташа қалыңдығы 55 см дейін жетеді және жағалауға жақындаған сайын ол көрсеткіш 10 см дейін кемиді.

Экспедициялық зерттеу барысында алынған сынамалардың физикалық-химиялық және бальнеологиялық қасиеттерін анықтау үшін жүргізілген спектрлік талдау нәтижелері. «Қарашаған» кен орнындағы емдік балшықтың өлшемдері ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 18 қаңтардағы № 104 қаулысының санитарлық-эпидемиологиялық талаптарына сәйкес келеді және емдік-сауықтыру мақсатында пайдалануға жарамды деген қорытынды шығаруымызға мүмкіндік берді [1-кесте].

1-кесте. «Қарашаған» кен орнындағы емдік балшықтардың қасиеті мен құрамының көрсеткіштері

№	Көрсеткіштердің атауы	Норматив бойынша (болған жағдайда) % дейін	Іс жүзінде табылғаны
1.	түсі, иісі, құрылымы		Батпақтың түсі кара, бетін сұр түсті қабыршық жылдам басады, жақсы жағылады, қою құрылымы біркелкі, иіс жоқ
2.	180°С H ₂ O ылғалдылығы, %	37-70	26,15
3.	Диаметрі > 0,25 мм үлкен түйіршіктермен ластануы, %	< 3	0,76
4.	Ластанудың сипаттамасы		Тұз кристалдары, өсімдік қалдықтары
5.	Қозғалысқа қарсылығы дин/см ³	1500-2000	12060
6.	Қыздырғанда жоғалтуы (900°С), %		12,99
7.	Жылу сыйымдылығы, кал/г. град	0,400-ден кем емес	0,847
8.	Көлемді салмағы, г/дм ³	1,2-1,6	1,90
9.	СО ₂ жалпы мөлшері, %		3,62
10.	Сутектік көрсеткіштері, рН		6,91
11.	H ₂ S жалпы мөлшері, %		0,14
Ескерту: кестедегі деректер «Жер туралы ғылымдар, металлургия және байыту орталығы» акционерлік қоғамының Ұлттық ғылыми зертханасында жүргізілген спектрлік талдау нәтижесіне негізделіп құрылған.			

Ерімейтін шөгінділерден темір, алюминий, кремний, кальций тотықтары және басқа да элементтер бар [4]. Қатты фазадағы бөлшектер өлшемі 0,001 мм болатын кристалды қаңқадан және гидрофильді коллоидты кешеннен тұрады. Кристалдық негізі шамамен құрғақ заттардың 43% құрайды.

Сазды бөлшектердің құрамы жағынан «Қарашаған» кен орнының балшығын ұсақ түйіршікті тұнбалардың қатарына жатқызуға болады. 100 г балшықтағы H_2S орташа концентрациясы 130 мг тең. Жоғарыда аталған емдік балшық кен орнының орташа иондық құрамы 2-кестеде берілген [2-кесте].

2-кесте. Қарашаған кен орныныңдағы емдік балшықтың орташа иондық құрамы

№ п/п	Анықталатын химиялық заттардың сипаттамасы, өлшем бірлігі	Зерттеу нәтижесі бойынша іс жүзінде табылғаны	Зерттеудің нормативті құжаттары
1	Магнийдің массалық үлесі %	3,5	МЕМ СТ 26428-85
2	Кальцийдің массалық үлесі, г/т	4,75	МЕМ СТ 26428-85
3	Барийдің массалық үлесі, г/т	0,016	МЕМ СТ 5382-91
4	Қорғасынның массалық үлесі, %	табылмады	ҚР СТ ИСО 11047-2008, А әдісі
5	Мырыштың массалық үлесі, %	табылмады	ҚР СТ ИСО 11047-2008, А әдісі
6	Мыстың массалық үлесі, %	0,0014	ҚР СТ ИСО 11047-2008, А әдісі
7	Хромның массалық үлесі, %	0,005	ҚР СТ ИСО 11047-2008, А әдісі
8	Хлорид ионының массалық үлесі, %	1,44	МЕМ СТ 26425-85
9	Карбонат ионының массалық үлесі, %	0,17	МЕМ СТ 26424-85
10	Натрийдің массалық үлесі, %	3,0	МЕМ СТ 26427-85
11	Калийдің массалық үлесі, %	0,66	МЕМ СТ 26427-85
12	Сульфат ионының массалық үлесі, %	3,9	МЕМ СТ 26426-85

Алынған сынамалардың құрамында негізінен кальций мен магний иондары, ал аниондардан сульфаттар мен хлоридтер басым, зерттелген үлгіде қорғасын мен мырыш табылмады. Мыс пен хромның концентрациялары шамалы және рұқсат етілген шектен аспайды.

Емдік балшығына жасалған зертханалық талдау деректері бойынша құрамы жағынан сульфатты-натрилі-магнийлі-кальцилі тұнбалық балшықтарға жатады [1-кесте].

Кестенің деректеріне жасалған талдаулар құрамында магнийдің (3,5%), кальцийдің (4,75%), натрий (3,0%), сульфаттың (3,9%) үлестері барий, мыс, хром, хлоридтің үлесіне қарағанда біршама жоғары екенін көрсетті.

Емдік балшықтың негізгі бөлігін тұз кристалдары бар силикатты, гипсты, кальцитті, доломитті, фосфоритті материалдардан, кейде органикалық заттардың сынықтарынан тұратын ірі түйіршікті қаңқасы құрайды. Балшыққа қара түс беретін темірдің гидросульфиті коллоидының маңызы зор.

Жазба деректерге сүйенсек коллоидта органикалық қышқылдар, липоидтер, хлорофилл, пигменттер сияқты органикалық қосылыстар да болады. Әр түрлі пелоидтарда әсіресе, сульфидті тұнбаларда коллоидтардың үлесі 4%-дан 20 %-ға дейінгі аралықта ауытқиды [5].

Пелоидтарда әр түрлі дәрежедегі ұсақ түйіршіктердің көп болуы науқасқа жаққанда бастапқы пішінін сақтауға мүмкіндік беретін серпінділік қасиетін арттырудағы маңызы зор. Минералдану шамасы мен тұздардың саны балшық ерітіндісінің иондық құрамына тәуелді болады. Су тұздарының негізгі массасын алты ионның ішінде үш анион (Cl , SO_4 және HCO_3) және үш катион (Na , Mg , Ca) құрайды. Балшық ерітіндісінің әрекеті (рН) химиялық құрамына және емдік балшықта жүретін биологиялық үрдістердің сипатына байланысты болады [2].

Зерттеу барысында емдік балшықпен қатар Қарашаған шығанағындағы Балқаш көлінің суының құрамына зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Спектрлік талдау қорытындыларына сәйкес, Балқаш көлінің 1 литр суындағы магнийдің мөлшері 276,0 мг дейін болатын тұзды көлдердің тобына жататынын көрсетті [5].

Көл суының минералдануына біз анықтаған жағалауына шөккен магний, кальций және сульфаттың үлесі басым болуымен ерекшеленетін тұз қабаттары әсер етеді [3-кесте].

3-кесте – Қарашаған шығанағындағы Балқаш көл суына жасалған талдау нәтижелері

p/c	Анықталатын химиялық заттардың сипаттамасы, өлшем бірлігі	Зерттеу нәтижесі бойынша іс жүзінде табылғаны	Зерттеудің нормативті құжаттары
1	Магнийдің массалық үлесі, мг/л	276,0	МЕМ СТ 26449.1-85, п.12
2	Кальцийдің массалық үлесі, мг/л	281	МЕМСТ 26449.1-85, п. 11
3	Барийдің массалық үлесі, мг/л	0,019	МЕМСТ Р 51309-99
4	Қорғасынның массалық үлесі, мг/л	0,001	ҚР СТ ИСО 8288-2005
5	Мырыштың массалық үлесі, мг/л	табылмады	ҚР СТ ИСО 8288-2005
6	Мыстың массалық үлесі, мг/л	<0,001	ҚР СТ ИСО 8288-2005
7	Хромның массалық үлесі, мг/л	табылмады	МЕМ СТ 26449.1-85, п. 21
8	Хлорид ионының массалық үлесі, мг/л	0,97	МЕМ СТ 26449.1-85, п. 9
9	Карбонат ионының массалық үлесі, мг/л	0,04	МЕМ СТ 26449.1-85, п. 7
10	Натрийдің массалық үлесі, мг/л	1,06	МЕМ СТ 26449.1-85, п. 17.1
11	Калийдің массалық үлесі, мг/л	0,071	МЕМ СТ 26449.1-85, п. 18
12	Темірдің массалық үлесі, мг/дм ³	0,09	МЕМ СТ 4011-72
13	Сульфаттардың иондық массасы, мг/дм ³	469	МЕМ СТ 4389-72
14	Аммиактың массалық үлесі, мг/дм ³	0,07	МЕМ СТ 4192-72
15	Нитридтердің массалық үлесі, мг/дм ³	0,1	МЕМ СТ 4192-72
16	Фтордың массалық үлесі, мг/дм ³	0,01	МЕМ СТ 4386-72
17	Құрғақ қалдықтар мг/дм ³	856	МЕМ СТ 4389-81
18	pH	7,3	МЕМ СТ 26449.1-85
19	Тотығуы, мг/дм ³	2,8	МЕМ СТ 26449.2-85
20	Жалпы кермектігі, мг- экв дм ³	115	МЕМ СТ 26449.3-85

2 және 3 кестеде көрсетілген спектрлік талдау нәтижесіне сай Қарашаған шығанағындағы Балқаш көлінің суының құрамында Менделеев кестесіндегі 11 элемент бар. Олардың ішінде әсіресе, мыстың, магнийдің, кальцийдің, сульфаттардың мөлшері көп кездеседі.

Қарашаған шығанағындағы көл суының химиялық құрамына жасалған талдау қорытындысына сүйенсек (3-кесте), магнийдің мөлшері 26,832 %; кальций 0,93 %; сульфаттар 45,595 %; натрий 0,1 %; хлоридтер 0,09 % екенін көрсетті.

3-кестенің деректеріне сүйенсек Қара шаған шығанағындағы Балқаш көлінің суының pH 7,3 мг/л есбімен алғандағы минералдану дәрежесі 1028,603 мг/л, көл суының карбонаттық қаттылығы 115 мг-экв дм³ құрады және емдік мақсатқа пайдалануға жарамды.

Қорытынды. «Қарашаған» кен орнының зерттелген емдік балшық үлгісінің физикалық-химиялық көрсеткіштері сульфидті-тұнбалы балшықтардың нормативтеріне сәйкес келеді және әлсіз қышқылды топқа (pH 6,91) жатады. Механикалық қоспалары жоқ. Консистенциясы серпілмелі тұтқыр май тәрізді және жұмсақ біртекті коллоидты масса болып табылады.

Алынған нәтижелер зерттелген сынама үлгісінің физикалық-химиялық қасиеттері шипажайлар мен физиеомдеуде қолданылатын емдік балшықтардың нормативті көрсеткіштеріне сәйкес келеді. Балшықтың химиялық құрамы магний, кальций, натрий, барий, мыс, хром иондарының және сульфаттың үлестері басым. Зерттеу нәтижелері бойынша ұсынылған үлгінің емдік балшықтың сапасын бағалауға қойылатын талаптарға сәйкес келетінін және емдік мақсатқа пайдалануға болатынын көрсетті.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Разумов А.Н., Даилов В.Б., Давыдова О.Б. и др. Классификация минеральных вод и лечебных грязей для целей их сертификации. Методические указания № 2000/34. – М.: РНЦ ВМиК, 2000. – 150 с.
2. Данилов В.Б., Михеева Л.С., Требухов Я.А. К вопросу о систематизации лечебных грязей // Вопр.изучения лечебных минеральных вод, грязей и климата. – М., 1980. – С. 90-105. (Тр. ЦНИИКиФ; т. 43).
3. Вайсфельд Д.Н. Голуб Т.Д. Лечебное применение грязей / Киев: Здоровья, 1992. 185 с.
4. Оржешковский В.В., Оржешковский Вас.В. Бишофитотерапия //Вестник физиотерапии и курортологии. – 2005. – № 3. – С.62-71.
5. Ушаков В.Г., Луконина О.В. Структурно-механические свойства лечебных грязей. – Новочеркасск: Изд. Н.ГТУ, 1995.

ӘОЖ 541.124

ЭЛЕКТРОНДЫ ЕСЕПТЕУШІ МАШИНАСЫНЫҢ ҚОРЕКТЕНДІРУ БЛОГЫ

Шалтабаев А.А., Туганбаев А.А.

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
Mr.tuganbayev.a@mail.ru*

Қоректендіру блогы әрбір компьютердің ажырамас бөлігі және компьютердің басқа да бөліктері секілді маңызды болып табылады. Қоректендіру блогын сатып алу жиі кездеседі, себебі жақсы қоректендіру блогы жүйенің бірнеше кезеңдерін қоректендіруді жүзеге асыруға мүмкіндігі бар. Осының бәрін ескере отырып, қоректендіру блогын сатып алуға барынша байыпты қарау керек, себебі компьютер жұмысы тікелей қоректендіру блогының жұмыс жасауына байланысты.


Қоректендіру блогының негізгі атқаратын қызметі – дербес компьютердің барлық блоктарының жұмыс істеуі үшін қажетті қоректендіру кернеуін қалыптастыру. Компоненттерді қоректендірудің негізгі кернеулері: +12В, +5В, +3,3В. Сонымен қатар қосымша кернеу де болады: -12В және -5В. Сонымен қатар қоректендіру блогы 220 В желі мен компьютер компоненттері арасындағы гальваникалық қиылыстыруды жүзеге асырады. Бұл тоқтың азаюын жою үшін қажет, мысалы, ДК корпусының тоқпен ұрылмауы үшін, сонымен бірге құрылғылардың түйісуі кезінде паразитті тоқтардың пайда болуына жол бермейді.

Гальваникалық қиылыстыруды жүзеге асыру үшін қажетті орамалары бар трансформаторды жасау жеткілікті. Бірақ, компьютердің қоректендірілуі үшін, әсіресе заманауи ДК үшін айтарлықтай қуат қажет. Компьютердің қоректендірілуі үшін үлкен өлшемді ғана емес, әрі ауыр салмақты трансформатор жасау керек болатын еді. Алайда, магнитті ағынды жасау үшін трансформатордың тоқты қабылдау жиілігінің артуына байланысты аздаған орамалар мен магниттік тізбектердің аздаған бөліктері қажет.

Түрлендіргіш негізінде құрылған қоректендіру блоктарында трансформатордың кернеу қабылдау жиілігі мың есе, тіпті одан да артық. Бұл шағын, әрі жеңіл қоректендіру блоктарын жасауға мүмкіндік береді.

Қоректендіру блоктарында болатын ұяшықтар түрлерін қарастырайық. Қоректендіру блогының артқы жағында орналасқан ұяшық желілік кабель мен ажыратқышты қосады. Бұрын желілік кабель қасында монитордың желілік кабелін қосатын ұяшық та орналасатын. Басқа міндетті емес элементтер де болуы мүмкін:

- Желілік кернеу индикаторлары немесе қоректендіру блогының жұмысының күйі;
- Желдеткіш жұмысының режимін басқаратын батырма;
- 110 / 220В. кіріс желілік кернеуін ауыстырып қосатын батырма;
- Қоректендіру блоктарында кірістірілген USB-порттары.




Сурет 1. Қоректендіру блоктарында орналасатын ұяшық түрлері

Артқы жағында қоректендіру блогынан ауаны сорып алатын желдеткіштерді орналастыру сиреп бара жатыр. Үлкен және дыбыссыз белсенді салқындату элементін қондыру үшін көп кеңістік қажет болғандықтан желдеткішті қоректендіру блогының жоғарғы жағына жиі орналастырады. Кейбір қоректендіру блоктарында жоғарғы және төменгі жағынан екі желдеткіш те орнатады.



Сурет 2. Chieftec CFT-1000G-DF қоректендіру блогы.

Алдыңғы жақтан аналық тақшаның қуат көзін қосуға арналған ұяшығы бар сым шығып тұрады. Кейбір модульдік қоректендіру блоктарында басқа да сымдар ұяшық арқылы қосылады.



Сурет 3. Негізгі ұяшықтар контактілерінің құрылымы

Әр сымның өзіне тән түске ие екенін байқауға болады:

Сары түс - +12 В,


Қызыл түс - +5 В,

Қызғылт сары түс - +3,3В,

Қара түс – жалпы немесе жер.

Қалған кернеулер үшін сым түстері әр өндірушілерде әртүрлі болуы мүмкін.

Суретте бейнекарталардың қосымша қуат көздерінің ұяшықтары бейнеленбеген, себебі олар процессордың қосымша қуат көздерінің ұяшықтарына ұқсас. Сонымен қатар Dell, Apple және басқа да компаниялардың фирмалық жинақталған компьютерлерінде кездесетін ұяшықтардың басқа да түрлері болады.



Сурет 4. Ұяшық түрлері


Қоректендіру блоктарының электрлік параметрлері мен сипаттамалары. Қоректендіру блогы көптеген электрлік параметрлерге ие, олардың көбі төлқұжатта көрсетілмейді. Қоректендіру блогының бір жақ шетіндегі жапсырмада, әдетте, бірнеше негізгі параметрлер – жұмыс кернеулер және қуат көрсетіледі.

Қоректендіру блогының қуаты. Қуат, әдетте, жапсырмада үлкен қаріппен көрсетіледі. Қоректендіру блогының қуаты оған қосылатын құрылғыларға (аналық тақша, бейнекарта, қатқыл диск және т.б.) қанша электр энергиясын бере алатынымен сипатталады.

Негізінен, пайдаланылатын компоненттердің тұтынатынын қосып және артық қор үшін біршама үлкен қуатты қоректендіру блогын таңдаған жөн. Қуатты есептеуге, мысалы, <http://extreme.outervision.com/PSUEngine> сайты, сонымен қатар бейнекартаның төлқұжатында көрсетілген нұсқауларды пайдалануға болады.

Таким образом, важнейшим признаком профессионализма учителя является его способность, используя те или иные формы обучения и воспитания учащихся выражать к каждому из них свое личное (особое) отношение. Посеять мечту там, где ее нет. Ожидания, в данном случае, будут эффективны, если они лежат в области будущего. Учение разбираться в детях, верно оценивать их поступки, способность адекватно откликаться на их поведение, выбирать систему методов воспитания, которые наилучшим образом отвечают их индивидуальным способностям, - показатель профессиональной компетенции учителя, который способствует достижению поставленных целей обучения и воспитания.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Кан-Калик В.А. Учителю о педагогическом общении. – М.: Просвещение, 1992.
2. Берн Э. Игры, в которые играют люди. Психология человеческих взаимоотношений. – М.: Прамбер, 2000.
3. Бондаревская Е.В. Введение в педагогическую культуру. Ростов н/Д: Учитель 2003.
4. Сухомлинский В.А. Сердце отдаю детям. М.: Просвещение 2005.

ӘОЖ 159.91

ДЕПРЕССИЯ, СОЗЫЛМАЛЫ ШАРШАУ, ВТД КЕЗІНДЕГІ ӨЗІНДІК КӨМЕК: МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Шакирова А.Д., Жетписбаева А.Е.

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
araly.shakirova@mail.ru*

В этой статье рассматриваются проблемы распространенности нарушения нервной системы в современном обществе. Выявляются основные методы восстановления нормальной деятельности нервной системы и устранения вызвавших их причин.

Problems of distribution of nervous system's violations in modern society are considered in this article. The main methods of restoration of nervous system's activity and elimination of reasons caused them. Are come to light as well.

Жүйке жүйесі бұзылуының таралуы қазіргі таңда өте жоғары болып табылады. Кем дегенде адамдардың 20% вегетативті-тамырлы дистонияға (ВТД), депрессияға, созылмалы шаршауға, ұйқы бұзылуына ұшыраған, ауа-райының өзгеруіне тым қатты сезімтал, мазасыздану мен бас ауруынан зардап шегеді. Бұл бұзылулар «шекара бұзылуы» ретінде жіктеледі және ресми түрде қауіпті болып саналмайды. Дегенмен жоғарыдағы тізімдегі кез-келген белгі өмір сүру сапасын айтарлықтай нашарлатып, басқада неғұрлым ауыр аурулардың дебюті ретінде қызмет етуі мүмкін. Сонымен қатар шекара бұзылуының анықталуы, және медициналық көмек сапасы осы саладағы проблеманың өзектілігіне тым аз жауап береді.

Осының бәрі бұндай бұзылулары бар адамдарды облыстық, республикалық медицина орталықтарына баруға немесе әртүрлі «емшілер» мен «көріпкерлерге» барып көмек сұрауға мәжбүрлейді. Көптеген жүйке немесе психологиялық бұзылуларды қолжетімді құралдар арқылы жоюға болатыны жайлы білімдері болса, онда пайдасыз ізденіс пен қасіретті болдырмауға болар еді.

Анық немесе жасырын екенін жүйке ауруларының туындау себептерін анықтамай тұрып жою мүмкін емес. Қалғандарын емедеудің нәтижесі көрсетеді.

Көптеген ішкі ағза аурулары орталық және вегетативтік жүйке жүйесінің қызметін бұзатыны дәлелденген, осылайша, депрессияға әкелетін тікелей себеп болып табылады, және басқа да бұзылыстардың себепшісі болады. Ішкі органдардың бұзылуы мен сол арқылы пайда болатын жүйке жүйесінің дисфункциясы ғылыми зерттеулер мен публикацияларда басты зерттеу мәселелеріне айналды.

Отандық невролог Н.К. Боголепов және оның шәкірттері мен із басушылары (Ю.С. Мартынов, 1964-1978; Е.В. Малкова, 1969; Л.С. Егорова, 1970; Л.О. Бадалян, 1975; Л.Г. Ерохина, 1974; И.А. Сучкова, 1977; Ю.И. Кошелев, 1976; және т.б.) атап көрсеткендей, тек қана айқын емес, тіпті ішкі ағзалардың өтеулі және субөтеулі функциясының бұзылыстары жүйке-психикасының бұзылыстарымен (астеникалық синдром, вегетативтік – қан тамыр дистониясы, депрессия және т.б.) байқалады.

Профессор Мартыновтың жетекшілігімен жүргізілген ұжымдық еңбектерінен мысал келтірейік: «Гомеостаздың қалыпты жағдайын қамтамасыз ететін орган функцияларының бұзылу жағдайында, гематоэнцефальды тосқауылдың болуына қарамастан, миға, ткань аралық сұйықтыққа және мидың паренхимасына таралады. Бұл өзгерістердің жеткілікті ауырлығы мен ұзақтығы кейбір психоневрологиялық бұзылыстардың дамуына әкелетіні сөзсіз». Тағы қоса өтсек, отандық ғылымның дамуына қарамастан, Қытай медицинасында да осыған ұқсас қосалқы және орталық түсінік қалыптасып, дамыды.

Ішкі органдарының жұмысын қалыпқа келтіру үшін, жүйке жүйесіндегі «асқынуларды» жою арқасында ғана қалыпқа кетірілетіні анықталды. Сонымен қатар, мызғымас бұл қағида іс жүзінде әлдеқайда аз пайдаланылады.

Осының басты себептерінің бірі – бұл мүшеге берілген тым қарапайым және қате функциялардың болуы. Өкінішке орай, мұндай примитивті тасымалдаушы көбіне денсаулық сақтау қызметкерлері болып табылады.

Егер бір ғана мүшенің ауруын қарастырсақ, мысалға, өт қабын алсақ, шын мәнінде қарапайым диагноздың артында «өт толуы», «созылмалы холецистит» немесе «деформацияланған өт қабын» анықтауға болады.

Егер өт қабы баяу, әрі толық жиналмаса, онда өт толуы мүмкін. Бұл жағдайда өт көп ұзамай таксидік қасиеттерге ие болады. Бұл ағза мен клеткалардың жүйке жүйесі жүйелі түрде аутоинтоксикация (өзін-өзі улау) ұшырауы мүмкін. Мысалға, өз кезінде тәжірибе жасауға арналған көгершіндердің өтіне адамның қабынуға ұшыраған өт сұйықтығын енгізген. Бұл тәжірибе 2-3 сағат ішінде құстардың өліміне әкелді. Дәл осы тәжірибе барысында сау адамның өт сұйықтығын енгізген көгершіндерге ешқандай зиян келмеді [1].

Сондай-ақ, өт қабының әлсіз жиырылуына байланысты ас қорыту жолында өт сұйықтығының жетіспеушілігі, бірқатар маңызды заттар бұзылады және стероидты (жыныс) гормондардың түзілуі азаяды. Сонымен қатар, қалыпты өт сұйықтығының бөлінуі бауырдың дұрыс жұмыс істеуіне таптырмас жағдай болып табылады.

Егер өт қабы туғаннан деформацияланған болса (мысалы, онда тарылудың «құм сағатына» түрі байқалады) онда әрдайым (әр 87% жағдайда) өт сұйықтығының бұзылуына және онық барлық жағымсыз салдарына әкеп соғады. Егер өт қабында созылмалы қабыну процесі болса, бұл жағдайда өт өзінің физико-химиялық қасиеттерін өзгертеді. Осыдан ол көбіне агрессивті бола және өт қабы мен нерв талшықтарын тітіркендіре түседі. Бірақ нерв талшықтарының құрылымы мимен байланысты болғандықтан, нәтижесінде вегетативті жүйке жүйесінің жалпы балансы зардап шегеді. Өт қабының қабынуының жаман жағдайға ұшырауының бірден-бір дәлелі, ол өзіндегі паразиттер мен микроағзаларды жою қасиетін жоғалтады, әсіресе – лямблииді. Сондай-ақ лямблийдің қоректенуіне қажетті өнімдер жүйке жүйесіне теріс әсер етуіне, тез шаршап қалуға, жұмыс қабілеттілігі мен эмоционалды тонустың бәсеңсуіне әкеп соғатыны белгілі. Сол себепті осы ағзаны ашушы Д.Ф.Лямбль бұны «мұң мен қайғы паразиті» деп атаған.

Сондай-ақ (Я.В.Ганиткевин), өт және өттің құрамына кіретін өт қышқылдары мидың жүйке жасушаларына ерекше еңсені басатын іс-әрекет түрінде әсер етеді. Бұл тежелу ағзада өттің мол болғандығынан байқалады (бұл құбылыс өттің қабы іркілген кезде жүреді). Медициналық еңбектерде жазғандай, өт қабының бұзылуы жоғарыда айтылған аурулардың бірнеше органдар мен ағза жүйелеріне әсер етеді. Атап айтқандай жүйке жүйесі жағынан келесілер байқалады: депрессиямен, тітіркендіргіштікпен, үрейлі жағдаймен, кірпияздық, тұйықтықпен, яғни бұл «өт қабы сипаты». Жиі дене және жүйке астениясы (әлсіздік, шаршағыштық), эмоционалды тұрақсыздық ретінде жиі бала кезінде байқалады [2].

Кейбір көріністерді толықтыру үшін айта кету керек, созылмалы холецистит жүйке ауруларынан басқада ауруларды тудыру мүмкін:

1. Асқазан-ішек бұзылулары;
2. Жүрек-қан тамырларының бұзылу мәселелері (созылмалы холециститтің «кардиалды маскасы»);
3. Аллергия, пульстардың өзгеруі, бұлшық еттер мен буындардың ауруы, («ревматикалық маска») басқада симптомдардың түрлері.

Бұндай патологиялар пациентте байқалған кезде міндетті түрде хабарлау тиіс. Бұл практикада байқалады деген күмән бар.

Көптеген пациенттер дуоденалды зондирования (ағзадан өтін шығарылуы) процедурасы өткізілгеннен кейін жалпы тонусының көтерілгенін, психологиялық жағдайының жақсарғанын айтады. Сонымен қатар үй жағдайында да соқыр зондирование (тюбаж) жасауда жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Созылмалы шаршау белгілерінің дамуын тоқтату үшін:

- жұмыста әр 5 минут сайын үзіліс жасау;
- дене және ақыл-ой күштерін алмастыру;
- істегіңіз келмейтін жұмысты, сізбен салыстырғанда қолы бос әріптестеріңізбен бөлісу;
- өз уақытыңызды дұрыс үлестіруді үйрену;
- аптасына бір рет демалыс күнін жасау;
- белсенді демалу, әсіресе таза ауада;
- жеткілікті уақыт ұйықтау және дұрыс тамақтану;

Сондықтан, «жүйкеге» қатысты мәселені мидың іс-әрекеті мен жұмысын қамтамасыз ететін биологиялық үрдісті реттеп алмай шешу мүмкін емес. Кейбір жеңіл невротикалық көріністер деп бөлек барлық дерлік жағдайда миға немесе жүйке жүйесіне әсер ететін ішкі ағзаны реттейтін дәрілер қолдану керек. Бұл әсер іш-құрылыстың ауырғанынан да ауыр болып келеді. Сонымен қоса, мұндай ағза аурулары шаршау, депрессиялық көңіл-күй, қорқыныштар мен невротикалық күйзелістен басқа ештеңе көрсетпеуі мүмкін.

Қоғамда болып жатқан жағдайлар, өзгерістер, жаңалықтар тұлға бойындағы бірқалыптылықты жойып, жағымсыз жауап реакцияларына алып келіп жатыр. Алайда, депрессияға шалдықпай, оны жылдам шешу жауабы бар мәселе. Барлық жүйкеңіздің жұқаруы ойдың салдары екенін түсіне білейік.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Торова А. «Анатомия жизненной силы. Системы восстановления нервной системы», Харьков : ЧП Озеров, 2015г., 78с.
2. Маринич Т.В. «Хронические заболевания желчевыводящих путей», 2004 г., 56 с.

ЮРИСПРУДЕНЦИЯ

ӘОЖ 343

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАРЫН БОЛДЫРМАУ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Алтынбекқызы А., Болатов Е.С.

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
bolatovyerkebulan@gmail.com*

В данной статье рассмотрены основные направления проделанной работе по профилактике коррупции в Республике Казахстан.

In this article the basic directions of its work on the prevention of corruption in the Republic of Kazakhstan.

Қазіргі кезеңде мемлекеттік дәрежеде үлкен маңызға ие болған мәселелердің бір бағыты сыбайлас жемқорлықпен күреске жұмылдыруға бағытталған. Қазіргі заңнамалада берілген анықтамаларға сүйенсек, сыбайлас жемқорлық дегеніміз жауапты мемлекеттік лауазымды адамдардың мемлекеттік функцияларды атқаруда, сонымен қатар оған теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттіліктерін пайдаланып, қызметке байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі, болмаса делдалдар арқылы жеке басының пайдасына, өзі не болмаса үшінші тұлғаның көмегімен артықшылықтар алуы немесе пайда табуы, параға сатып алуы болып табылады [1].

Сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп – өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің мемлекетімізге де орасан зор нұсқан келтіріп отыр.

Тамырын теренге жіберген бұл құбылыс қоғамды қылмыстылыққа бой алдырады, мемлекетіміздің қарқынды дамуына кедергі келтіруде. Елдегі парақорлықтың етек алып кетуінің тағы бір қауіптілігі мұндай құбылыс ұлтты моральдық жағынан аздырады, жұртшылықтың мемлекеттік өкімет және билік органдарына сенбеушілігін, құқық қорғау органдарының қызметін бағаламау, олардың жұмысына көмектеспеу, мемлекеттегі құқықты қорғаудың рөлін мүлде теріс бағалау сияқты көзқарастардың дамуына жол береді [2].

Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларының басты бағытын заңнамалар қорымен толықтырумен негізделеді. Мемлекет басшысының тапсырысымен кейінгі жылдарда бірқатар заңдар талқыланып, қабылданып, күшіне енді:

1. 2015 жылғы 18 қарашада қабылданған Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы;

Бұл заң 5 тараудан: жалпы ережелер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілері және олардың өкілеттіліктері, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарын жою, қорытынды ережелерден тұрады. Заңның мақсаты – қоғамдағы сыбайлас жемқорлықты жою. Заңның 9-бабында жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру баяндалған. Ал, ол өз кезегінде білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешенін жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының «2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасы» әзірленді [3];

2014 жылдың шілдесінен бастап Бағдарлама жобасы қоғамдық талқылауға ұсынылды. Бастауыш партия ұйымдары, өңірлік филиалдар, ҚР Парламенті депутаттары, сарапшылар, қоғамдық ұйымдардан 800-ден аса ұсыныс келіп түсті.

Бағдарлама жобасы мемлекеттік органдармен келісімделіп, партияның Мәжілістегі фракциясы, партияның барлық өңірлердегі кеңестерінде бірауыздан қолдау тапты.

Ұсыныстар мен толықтыруларды ескере отырып, аталмыш құжат айтарлықтай жетілдіріліп, 2014 жылдың 11 қарашасында «Нұр Отан» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында қабылданды.

3. 2014 жылы 3 шілдедеі қабылданып, 2016 жылдың қаңтарынан күшіне енген 467 – баптан тұратын Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. [4].

«Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқықбұзушылықтар» деп аталатын тараудың 361-364 баптарында мемлекеттік лауазымды тұлғалардың қызмет бабын өз мақсаттарына пайдалау, асыра пайдалануға арналса, 366 -368 баптары пара алу, пара беру, паракорлыққа делдал болғаны үшін қылмыстық жауапкершілікке арналған.

4. Қазақстан Республикасындағы жемқорлықтың алдын алу, мемлекеттік қызметті реттеу мен қабылдау тәртібін күшейту мақсатындағы 2015 жылы 23 қарашада қабылданған Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңының орны ерекше болды [5].

5. 2015 жылы 29 қыркүйекте қабылданған Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі» мемлекеттік қызметтегі тәртіп пен сыбайлас жемқорлықтан алшақ болу мен жемқорлықтың алдын алу шараларының бірі болып табылады [6]. Қазақстан үшін сыбайлас жемқорлықты жету мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі болып табылғандықтан, барлық Қазақстан азаматтары атсалысуы керек.

Еліміздің сыбайлас жемқорлықпен күресу тек мемлекеттің ғана емес барлық азаматтардың, қоғамның ортақ міндеті болып табылады. әлеуметтік-экономикалық саласы мен саясаттың бір қырына кері әсерін тигізіп, дамуына кедергі жасайды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан халқының әлауқатын арттыру мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты өзінің Қазақстан халқына арнаған жолдауында «демократиялық қоғам жағдайында қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа күрес ерекше мәнге ие болады», - қадап айтты, Бұл мемлекеттің осы жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясатты жанданып әрі қарай жалғасын табады деген сөз.

Жалпы еліміздегі сыбайлас жемқорлықпен қарқынды күресу үшін ең алдымен барша халықтың, жұрттың құқықтық арттыру мақсатындағы ақпарат тарату, насихаттау, қылмыстың жауапкершіліктің ауырлығын алға тартып, түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектінің маңызы зор.

Еліміздегі барлық мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар, барлық жекеменшік нысанындағы кәсіпкерліктің нысандары пара беру, пара алу, параға делдал болу ірекеттерінен аулақ боған жағдайда ғана істің алға басуына мүмкіндік болады.

Паракор лауазымды тұлғалардың әрекеттері, туыстық, қандастыққа жол беру, басшылық орындарды пара беру арқылы сатып алу, мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұсқан келтіреді, заңдық қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына жол беріп, қарапайым халықтың зардап шегуіне, қағаз бастылық пен бюрократияға жол беретіндігі сөзсіз.

Жаңа заң талап етіп отырғандай, жауапты мемлекеттік лауазымды тұлғалардың қарамағында өзінің жақын туыстары қызмет атқара алмайды. Сыбайлас жемқорлық пен құқықбұзушылық дерегі туралы хабарлаған, немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жәрдемдескен адам туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып, мемлекеттің қорғауында болады және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен көтермеленетін болады. Ал, бұл өз кезегінде мемлекет пен қоғамның күшін біріктіруге бағытталған бастама [7].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамада атап көрсетілгендей, жемқорлыққа қарсы күрестің субъектілері болатын: жемқорлыққа қарсы күресті жүзеге асыратын мемлекеттік орган, сонымен қатар, мемлекеттегі осы қызметке өкілетті орган, азаматтық қоғамның өкілдері, жемқорлыққа қарсы күреске белсенді қатысатын азаматтар болып табылады.

Агенттіктер мемлекеттік қызметтегі заңдылықтардың сақталуын қамтамасыз ете отырып, өкілетті органдар аймақтардағы тексеру жұмыстарын жүргізеді: Жауапты адамдарды тәртіптік жазаға тартады; аудандар мен қалаларға шығатын арнайы комиссиялар жұмыс жасайды;

Мемлекеттік қызметшілердің арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шараларын күшейту мен алдын алу мақсатында курстар оқытылады, насихатталады.

Сонымен қатар, елімізде 2014 жылы 27 қыркүйекте құрылған Сыбайлас жемқорлықтың қарсы күрес мәселелерін қарайтын, зерделейтін ғылыми-аналитикалық орталық жұмыс жасайды.

Орталықтың қызметінің негізгі бағыттары:

- 1) жемқорлықтың қаншалықты орын алғандығын анықтап, жалпы облыстарда, мемлекет деңгейінде қандай дәрежеге жеткендігін саралайды, мәлімет жинайды;
- 2) Президентке тікелей бағынатын органға тиісті мерзімдерде жартыжылдық, жылдық есептер береді;
- 3) Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл агенттігінің сұраныстарына анықтама дайындайды;
- 4) Орталықтың жұмыс жоспарын жасайды, ғылыми-зерттеу бағыттарын анықтайды;
- 5) Тәжірибелік және қолданбалы ғылыми зерттеулерді жасап шығарады;
- 6) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әлеуметтік, ғылыми және тәжірибелік зерттеулер, семинарларын жүргізеді
- 7) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихаттайтын оқулықтар, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасап, жарыққа шығарады, презентациялайды [8].

Бұндай аналитикалық орталықтардың болуы да еліміздегі сыбайлас жемқорлықтың етек алу деңгейі мен жемқорлықтың алдын алу шараларын жүзеге асыратын құқыққорғау органдарымен бірге жұмыс жасай отырып, талдау жасауға құқықтық сауаттылықты насихаттауға, ғылыми негіз жасауда маңызы зор болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңы
2. Қазақстан Республикасының «2015 – 2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасы
3. 2014 жылы 3 шілдедеі қабылданған Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі.
4. 2015 жылы 23 қарашада қабылданған Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңы

5. 2015 жылы 29 қыркүйекте қабылданған Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі»

6. А.Ш. Хайдаров Одним из важнейших способов противодействия коррупции является совершенствование законодательства.- www.inform.kz/kaz.

7. А.Н. Ағыбаев, А.Т. Қожаниязов. Парақорлық үшін қылмыстық жауаптылық. Оқу құралы. Алматы, «Қазақ Университеті» 2005.-5 б.

ӘОЖ 101:321

ДІНИ ЭКСТРЕМИСТІК ЖӘНЕ ТЕРРОРИСТІК ҚЫЛМЫСТАРҒА ҚАРСЫ КҮРЕСТІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Алтынбекқызы А., Досбатыров С.Қ.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

В данной статье рассмотрены аспекты борьбы против террористических действий и религиозного экстремизма, а также предложены профилактические методы для ее реализации. Также поднимаются вопросы национальной безопасности в контексте вышеупомянутой. проблемы.

This paper considers aspects of fight against terrorism and religious extremism. Furthermore this article research aspects of national security in the context of mentioned above problem.

Әрбір азаматтың конституциялық борышы – қоғамдық қатынастарды қылмыстық құқықбұзушылық жолымен келтірілген зияннан қорғау.

Белгілі ғалым, қоғам қайраткері А.Н. Ағыбаев атап көрсеткендей, мемлекетке қарсы бағытталған іс-әрекеттерді дер кезінде тыюдың, тойтарудың маңызы ерекше. Қоғамға қауіпті іс-әрекетті тойтаруда, оның зияндылығын тыюда, сол қауіпті төндірген адамға материалдық, моральдық және басқа да зиян келтіруі мүмкін. Мұндай әрекеттер формальдық жағынан алғанда Қылмыстық кодекстің ерекше бөлімінің жекелеген баптарында көрсетілген қылмыстық құқықбұзушылық құрамына жатуы мүмкін [1].

Терроризм - ұйымдасқан топ діттеген мақсатына жету үшін дүрсін-дүрсін күш қолдану арқылы көрініс табатын әдіс. Қазіргі жағдайларда террористер аманат алуды, қоғамдық мәндегі ғимараттарды басып алу, жарып жіберу, ұшақтарды алып қашу және өзге де әрекеттерге барады. Террористік әрекеттер қашан да жариялы түрде жүреді және қоғамға, билікке әсер етуге бағытталады.

Қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты үрейлендіру, не ҚР Мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттердің немесе халықаралық ұйымдардың шешімдер қабылдауына ықпал ету мақсатында адамның өміріне қастандық жасау, сондай-ақ дәл сол мақсатта оның оның мемлекеттік немесе өзге де саяси қызметін тоқтату, не осындай қызметі үшін кек алу мақсатында мемлекеттік немесе қоғам қайраткерлерінің өміріне қастандық жасау, не халықаралық қорғау аясындағы адамдарға немесе ұйымдарға, жайларға, ғимараттарға шабуыл жасаумен, адам кепілге алумен, қатынас және байланыс құралдарын басып алумен ұштасқан адам өміріне қол сұғуосы қылмыс құрамын аса аса ауырлататын түрі болып табылады [2].

Ал «Экстремизм» деген латын сөзі «шеттеу», яғни орталықтан ауытқу, қандай да бір белгіленген шектен тыс кету деген мағына береді. «Экстремизм» сөзінің ең жақын синонимі «радикализм». Бұл сөз де жанама түрде мейлі дінде, мінез-құлықта, пікірде болсын, қалыпты, дұрыс деп қабылданған деңгейден ауытқу. Экстремизм

жалпы түрде ешбір мөлшерді, тәртіпті мойындамайтын, өзінің шектен шыққан пікірі мен іс-әрекеттері арқылы ерекшеленген адамдарды білдіреді. Саяси ортада пайда болған экстремизм - саяси Экстремизм ал діни ортада пайда болған экстремизм - діни Экстремизм деп аталады [3].

Қылмыстық әдебиеттерде көрсетілгендей, экстремизмнің қай түрі болса да тұтас әлемге, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне, елдің аумақтық тұтастығына, азаматтардың құқығына және бостандығына үлкен қауіп төндіреді. Кез келген ел үшін діни экстремизмнің ең қауіпті түрі – діни ұранды бүркемелеп ұлттар және діндер арасына от қойып, шағыстыру. Оның арты үлкен қақтығыстарға әкеледі. Діни экстремизмнің негізгі мақсаты – өз дінінің басқа діни конфессияларға басым екенін мәжбүрлі түрде мойындату. Одан қала берді, халыққа өз діндеріне сай құқықтық нормаларды жасап, бөлек мемлекет құру.

Ғалымдардың пікірінше, діни экстремизм – діни фанатизмнің шектен шыққан түрі. Кез келген экстремизмнің мәні – олардың пікірлеріне қосылмағандарға зорлық-зомбылық көрсету. Діни экстремизм әлемді өздерінің шектен шыққан көзқарасы мен діни фанаттық идеологиясына сәйкес қайта құруға тырысады. Діни экстремизм – терроризмнің ең соңғы сатысы. Біз өмір сүріп отырған әлемде діни экстремизм қанатын кеңге жайып, халықаралық деңгейге жеткен. Дәл қазіргі уақытта халықаралық экстремизм және терроризммен тиімді күресу үшін әлемдік қоғамдастықты бірігіп күшейту қажет. Әлемдегі кез келген мемлекет бұл кесапатқа қарсы күресті жеке өзі жүргізуі өте қиын [2, 23].

А. Теміртасованың пікірінше, террористік актіні дайындауға қатысқан адам мемлекеттік органдарға дер кезінде ескертсе немесе террористік актіні болғызбауға өзге де әдіспен жәрдемдесе және оның іс-қимылында өзге қылмыс құрамы болмаса, ол қылмыстық жазадан босатылады [4]. Демек, адамдар арасында құқықтық сауаттылық шараларын кең жүргізіп, насихаттау қажет.

Қазіргі кезеңде ең бастысы – терроризм мен экстремизм сияқты қауіп-қатерге төтеп беріп, тиімді қарсы тұрудың ең басты шарты - ол қоғам мен биліктің өзара келісімі, ұлттық бірлік. Осы зұлымдықпен ондаған жылдар бойы күресіп келе жатқан басқа елдердің тәжірибесін зерттеп қарасақ, бірден байқайтынымыз - бірлігін шайқалтып, неше себептермен іштей бөлініп, жіктеліп отырған қоғам, ел, мемлекет ғана осы қауіптің құрбанына айналуы ықтимал. Сондықтан, осы да, басқа да қазіргі заманның сынақтары мен қатерлеріне қарсы тұру үшін - ең алдымен, қоғамның жіктелуіне, бөлінуіне жол бермеу керек.

Алдымен, террористік белсенділіктің өсуі үшін өзіндік «мотивациялық резервуар» болып табылатын потенциалды әлеуметтік базаны азайтуға бағытталған мемлекеттік деңгейде көп жақты позитивті саясат қажет. Бұл саясат идеялық-мотивациялық аспектілерді шешуге, сонымен қоса халықтың жалпы жағдайының әлеуметтік-экономикалық факторларының көтерілуіне бағытталуы керек [5].

Террористер игі идеяларды жамылады, психологиялық ерекшеліктерді, мотивациялық аспектілерді жақсы қолданады. Бұл жағдайда мемлекеттің өзі террористік ұйымдардан озық жұмыс істеуі керек және бұл мемлекеттің шаралары басқа, деструктивті, антипатриоттық идеялар мен ұрандарға қарсы иммунитет пен психологиялық тұрақтылықтың көтерілуіне ықпал етеді

Елімізде ең басты қолға алынған шаралардың бірі - «Әл-Каеда»; «Шығыс Түркістан ислам партиясы»; «Күрд халықтық конгресі»; «Өзбекістан ислам қозғалысы»; «Әсбат-әл-Ансар»; «Мұсылман бауырлары»; «Талибан» қозғалысы»; «Боз Күрт»; «Орталық Азия моджахедтер жамағаты»; «Лашқар-и-Тәйба»; «Әлеуметтік реформалар қоғамы»; кейін Астана қаласы сотының шешімімен сондай-ақ «Хизб-ут-Тахрир-әл-ислами», «Аум Синрике» (Бұл екеуіне барлық елдерде тиым

салынған) және «Шығыс Түркістанды азат ету ұйымы» ұйымдарының қызметіне тыйым салынған.

2012 жылы 16 қарашада ҚР Президенті «Нұр Отан» ХДП «Жас Отан» жастар қанатының ІІ съезінде сөйлеген сөзінде жастардың ықпалына үлкен мән беріп, жастарды патриоттық сезімге баулу мен тәрбиелеу мемлекетті нығайтудың аса маңызды факторының бірі болып табылады. Жастардың бойында патриоттық сезімін сақтап қалу, оны нығайту, әлеуметтік мәртебесіне, саяси көзқарасына, діни сезіміне қарамастан елдің бар жас азаматы бұлжытпай жұмылуы тиіс деген болатын [6].

1999 жылғы шілдеде республикада терроризмге қарсы күрестің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін, мемлекеттік органдардың және барлық меншіктік формаларындағы ұйымдардың қызмет тәртібін, сондай-ақ терроризмге қарсы күресті жүзеге асырумен байланысты азаматтардың құқықтарын, міндеттері мен кепілдіктерін айқындайтын «Терроризмге қарсы күрес туралы» заң қабылданды.

Елімізде 2005 жылдың 18 ақпанында «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заң қабылданды. Осы заңның 10-бабы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының шет мемлекеттердің органдарымен және халықаралық ұйымдармен экстремизмнің алдын алу, анықтау және жолын кесу саласындағы өзара іс-қимылы» деп аталады [7]. Осы бап жоғарыда аталған БҰҰ-ның «Ғаламдық терроризмге күрес» стратегиясына сәйкес еді. Демек, еліміз аталған стратегиядан бір жыл бұрын қабылданған заңы арқылы экстремизм мен терроризмге қарсы басқа мемлекеттермен бірігіп күресуге әбден дайын.

Қазақстан өзі тарапынан аймақтық бейбіт өмірді, қауіпсіздікті және тұрақтылықты қамтамасыз ету, сонымен қатар, демократиялық, әділ және ұтымды саяси, экономикалық халықаралық тәртіп орнату үшін қолынан келгеннің бәрін жасап жатыр. Соның бір мысалы ретінде Қазақстанның 1996 жылы «Шанхай бестігі» деген атаумен құрылып, 2001 жылдың 1 маусымынан бастап Шанхай ынтымақтастық ұйымы аталған құрылым аясындағы экстремизм мен терроризмге қарсы нақты іс-шараларын айтуға болады.

2003 жылғы желтоқсанда Президенттің жарлығымен терроризмнің және діни экстремизмнің көріністерімен күресте барлық қауіпсіздік қорғау құрылымдарының неғұрлым тиімді жұмыс істеуі үшін Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Терроризмге қарсы күрес орталығы құрылды және оған барлық арнайы құрылымдардың, құқық қорғау органдарының және өзге де ведомстволардың қызметін үйлестіру жүктелді.

2011 ж 1 қазанында қабылданған Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы Заңының 9-шы бабы «Діни әдебиет және діни мақсаттағы заттар» деп аталады. Осы бапта «Діни әдебиетті, діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тек қана ғибадат үйлерінде (ғимараттарында), діни білім беру ұйымдарында, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары арнайы белгілеген тұрақты үй-жайларда таратуға жол беріледі» - деп анық жазылған [8].

Қазақстан Республикасының 2014 жылы 3 шілдеде қабылданған қылмыстық кодексі террористік, экстремистік әрекеттер жасап, мемлекет пен адамдардың өміріне қауіп төндіргені үшін қылмыстық жауаптылық қарастырған. Әсіресе, 255-бап. Терроризм актісі, 256-бап. Терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақыру, 257-бап. Террористік топ құру, оған басшылық ету және оның әрекетіне қатысу, 258-бап. Террористік немесе экстремистік әрекетті қаржыландыру және терроризмге не экстремизмге өзге де дем берушілік, 259-бап. Террористік не экстремистік әрекетті ұйымдастыру мақсатында адамдарды азғырып көндіру немесе даярлау не қаруландыру, 260-бап. Террористік немесе экстремистік

даярлықтан өту қылмыстары үшін қылмыстық жауапкершіліктің ауыр түрлері қарастырылғын [9].

Қазақстан өзі мүше болып табылатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы аясында да халықаралық экстремизммен күресін жалғастыруда. 2000 жылы ТМД-ға мүше мемлекеттер арнайы антитеррорлық орталық құрған. Орталық ТМД-ның арнайы салалық органы болып табылады және ТМД-ға мүше мемлекеттердің күзiреттi органдарының арасындағы байланысты үйлестiрудi қамтамасыз етедi.

Соңғы жылдары экстремистік және террорлық әрекеттер әлем елдері үшін жаңа мыңжылдықтың бас ауруы болып отыр. Әлемдік қоғамдастық аталған жаһандық проблеманы шешу жолында күш біріктірмесе, бұл қатер белең ала түсуі әбден ықтимал. Осы орайда қауіпсіздікті қамтамасыз етуде адамның құқықтары мен бостандықтарын сақтау мемлекеттің бірден-бір негізгі бағыты болып табылады [5, 33].

Қорыта айтқанда, жаңа заман жағдайында, яғни конфессиялық топтардың саяси қайшылықтары кезінде жоғарыда аталған мәселелер ерекше маңызға ие және оларды еңсеру барысында Қазақстанның саяси-құқықтық құрылымы мен ұлттық ерекшеліктері есепке алынып отыруы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. А.Ағыбаев Жаңа қылмыстық кодекстегі іс-әрекеттің қылмыстық құқықбұзушылық екендігін жоятын мән-жайлардың түсінігі және түрлері // Заң.-№1.-2015.- 23-25 б.
2. А. Ағыбаев Терроризм –аса қауіпті қылмыс// Заң.- №4.-2012.- 21-23 б.
3. С.Ж. Сапарғалиева Экстремистік әдебиеттер туралы сауалдарға.- msk.kz/ru/publications/
4. А. Теміртасова Терроризмге қарсы іс-қимылдарды ұйымдастыру – бүгінгі күн талабы.// Заң және заман.- № 07 (139).- 2012.- 40 б.
5. Б.Алатаев, А.Оразғалиқызы Экстремизммен күрестің құқықтық негіздері - «Қазақстан жолы-2050: Жас ғалымның көзқарасы» ғылыми-практикалық конференция материалдары.-Талдықорған, 2014ж. 24-25 сәуір.- 30-34бб.
6. Ә. Құлманбай Жастар. Негізгі стратегиялық басымдықтар.- Егемен Қазақстан газеті, 20.11.2011.
7. Қазақстан Республикасындағы «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заң / <http://adilet.zan.kz/>
8. 2011 ж 1 қазанда қабылданған Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы Заңы. – Алматы: «Юрист», 2011.
9. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі // Параграф ақпараттық құқықтық жүйесі.

ӘОЖ 343.1

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТАРАЛЫҚ БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Байжұманова А.М., Рамазанова Н.

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
nazka_angel.96@mail.ru; nurai310707@mail.ru*

Бұл мақалада ұлтаралық бейбітшілік пен ынтымақтастықты құқықтық реттеу мәселелері қарастырылады. Қазақстан Республикасының дамуы үшін ұлтаралық бейбітшілік пен ынтымақтастықтың маңыздылығы талданады. Ұлтаралық бейбітшілік пен ынтымақтастықты қамтамасыз етудің негізгі құралдары талданады.

В данной статье рассматриваются вопросы правового регулирования межнационального мира и сотрудничества. Анализируется значимость межнационального мира и согласия для развития Республики Казахстан. Анализируются основные способы обеспечения межнационального мира и сотрудничества.

This article considers the legal regulation of interethnic peace and cooperation. Analyzes the importance of inter-ethnic peace and harmony for the development of the Republic of Kazakhstan. Analyzes the main ways of ensuring interethnic peace and cooperation.

Кілт сөздер: полиэтникалы мемлекет, этникалық конфликт, этникалық қоғам

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтің тәуелсіз Қазақстан мемлекетін дамыту мақсатында әр түрлі идеяларды халыққа ұсынып, оларды іске асыруда. Сол іске асқан идеялардың бірі ретінде Қазақстан халықтар Ассамблеясын жатқыза аламыз.

Өз шаңырағында татулық, өзара түсіністік пен бірлік болмайынша, көршімен тату болу мүмкін емес. Тәуелсіздік қарсаңында, 1989 жылдың өзінде-ақ Н.Ә.Назарбаев Қазақстанда тұрып жатқан этностар өкілдеріне өздерінің ұлттық мәдени орталығын құру жөнінде үндеу жариялаған болатын. Бұл орталықтар қазір табысты жұмыс істеуде. Ал 1995 жылы Нұрсұлтан Назарбаевтің бастамасы бойынша Мемлекет басшысының жанындағы консультативтік – кеңесші орган – еліміздің 130 этносының басын қосатын Қазақстан халқының Ассамблеясы құрылады. Ассамблея құрылған сәттен бастап Н.Ә.Назарбаев оның тұрақты төрағасы болып келеді [1,181]. Ассамблея біздің елге не үшін керек деген сұрақ бірталай адамдарды толғандырса да, оның біздің қоғамға қажеттілігі практикада дәлелденіп келеді.

Еліміз – Еуропа мемлекеттерінің және Азия елдерінің қасиеттері мен ерекшеліктері біріккен, ғаламдағы әртүрлі мәдени және саяси үлгілерді біржерде шоғырлаған ерекше сипаты бар, Орталық Азияда орналасқан тәуелсіз, егемен мемлекет. Еуразия материгінің жүрегі саналатын жас болса да, тарихи терең мемлекет. Тарихымыздың тереңдігінің әсерінен мемлекетіміз қазіргі уақытта көпэтникалы мемлекет ретінде халықаралық аренада танылады. Көпэтникалы мемлекет (полиэтникалы мемлекет) - аумағында әртүрлі этностар - ұлыстар, ұлттық және этникалық, этнографиялық топ өкілдері қоныстанған мемлекет [2]. АҚШ мемлекетінің Принстон университетінің оқытушысы Дэвид Уэлиштің 1993 жылы жарық көрген «Ethnic Conflict and International Security» мақаласында әлемдегі 180 мемлекеттің тек 20-сы ғана өздерін моноэтникалық мемлекет деп тани алады деген. Мына жағдайда, егер мемлекет құрамындағы өзге ұлттардың үлесі 5 % аспаса ғана, моноэтникалық мемлекет бола алады. Қазіргі таңда моноэтникалық мемлекеттер қатарына Жапония мемлекеті, Оңтүстік және Солтүстік Корея мемлекеттері, Италия,

Португалия мемлекеттерін жатқызамыз. Көпэтникалық мемлекеттер қатарына қазіргі таңда Индия, АҚШ, Ресей Федерациясы, Қытай және Қазақстан Республикасы жатады. Тарихи тұрғыда көпэтникалық мемлекеттер мемлекеттік ұйысу, ұлт қалыптасуынан және ұлттық қозғалыстардың дамуынан бұрын басталған жерлерде пайда болды (Шығыс Еуропа, Ресей, Азияның бірқатар аймақтары). Қазіргі уақытта ТМД мемлекеттерінің ішінде анағұрлым көпэтникалылары: Ресей, Қазақстан, Грузия, Қырғызстан, Әзірбайжан, Тәжікстан, Өзбекстан. Көпэтникалы мемлекеттердің көп бөлігі унитарлы, (Қытай, Иран, Қазақстан, т.б.), енді бір бөлігі - федеративті (Ресей, Үндістан, Индонезия, Нигерия және т.б.). Көпэтникалылық - мемлекеттің әлсіздігін білдірмейді, дегенмен қосымша мәселелер, қолайсыздықтар туғызуы мүмкін. Қазіргі Қазақстан жағдайында этносаралық қатынастарды үйлесімді мағынада жақсарту қажеттілігі бар екені даусыз. Тек оны басқа этникалық мәдениет үлгілерінен Қазақстанның негізгі ұлты – қазақтардың құндылықтарын оқшаулау арқылы емес, қайта өзге этнос қауымдастықтарының мәдени кеңістігіне жақындату арқылы жүргізу керек екені байқалады. Қазақ халқының мәдени құндылықтары жалпы ғаламдық құндылықтар сипатына барынша сәйкес келген жағдайда ғана жалпы мемлекетіміздің мәдени кеңістігінде этносаралық мәдени синтезге, сиысушылыққа, өзара ықпалдасуға негіз болатынын кейбір зерттеулерде атап өтіледі [2]. Жалпы Қазақстан халқының дініне, діліне, тіліне қарамай іштей біртұтас қоғамдық құрылым болуға топтасуы (консолидация) үрдісінің табысты болуы, оның болашағы – дүниетанымдағы құндылықтар векторының және оның бағдарының ұтымды таңдалуына, өрбуіне байланысты екені айтылады. Консолидация ұғымы полиэтникалық мемлекетпен тығыз байланыста.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік тарихындағы жолын этноәлеуметтік кезеңдеудің бірнеше нұсқасын гуманитарлық салада кездесуге болады. Оның ішінде қазақстандық ғалым Ә.Н.Нысанбаевтың авторлық көзқарасына тоқталған жөн. Нысанбаев өзінің кейбір үзінділері «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасына енген «Қазақстанның тәуелсіздігіне 15 жыл: жаңа қоғамдық сананың қалыптасуы. Алматы: Философия және саясаттану институты, 2006.-187б.» деген еңбегінде төмендегідей негіздер жөнінде ойлар қозғаған. Ол «Шығыс пен Батыс, Оңтүстік пен Солтүстік жолдары кездесетін еуразиялық держава ретіндегі Қазақстан Республикасының ерекшелігін өркениеттік кеңістікте қалай сақтауға болады?» деген жаһандық мәселені алға тарта отырып, осындай күрделі сұрақтарға жауаптар этникалық мәселелерді шешу тәсілдерімен анықталып, астасып жататындығына ой қозғады. Қоғамдық ғылымдарда мәселенің шешімін табудың бірнеше жолдары болғаны және олардың барлығы қоғамдық сана деңгейінде ұсынылғаны тұжырымдалады. «Бірінші жауап қазақтың ұлттық санасының жоғары биіктеуімен байланыстырылды. Халықтың тарихын жадын құртуға немесе жоюға болмайтындығын растайтын туған елдің тарихы мен мәдениетіне деген қызығушылық күшейе түсті. Бірақ бұл тарихи жағынан алғанда заңды және ақтауға тұрарлық көңіл-күй бірақтан этнократиялық бағыттағы үрдістерді өрбітті[3,187].

Тәуелсіз Қазақстанның 1993 жылдың Конституциясы өзінің алғашқы позицияларында этнократизм идеологиясын заң жүзінде белгілеген. Этнократия - [грек, ethnos - ру, тайпа, халық, kratos - билік] - көпэтникалы мемлекетте бір этностың, әдетте, елдің, байырғы тұрғыны болып табылатын мемлекет құрушы титулды ұлттың билігі. Этнократияға жауап ретінде орыс тілді тұрғындардың жаппай Ресейге миграциясы орын алды. Этникалық орыстар – Ресейге, этникалық немістер – Германияға көшуі көрініс тапты. Еліміз Қазақстаннан кеткен адамдар негізінен жоғары білімдері бар білікті мамандар болатын. Бұның нәтижесінде республика тұрғындары 1 миллионға қысқарып, экономика еңбекке жарамды кадрлардан айрылды» деген ойды автор жеткізуге тырысты. Этникалық

мәселелердің шешімдерін табудың екінші кезеңі негізгі 1995 жылғы жаңа редакциядағы еліміздің Конституциясының бекітуінен басталатындығы анық. «Оның бірінші бабында шешімді түрде этнократизм идеологиясы жоққа шығарылады. Конституция преамбуласында Мемлекеттіліктің субъектісі ретінде енді “жалпы тарихи тағдырмен біріккен Қазақстан халқы” мойындалады. Еліміз қазақтың тарихы жерінде тек сол өзінің мемлекеттілігін қалыптастырады. Оны біз дегеніміз Конституция бұрынғыдан өзге концептуальді сызбаға сүйенеді деген сөз: қазақ халқы басымдық танытушы ретінде өзінің төл тағдырына үлкен жауапкершілік алады және сонымен қатар басқа халықтардың барлығын Қазақстан халқы деген біріккен біртұтастыққа топтастырып, олардың тағдырын да өзіне жүктейді. Дәл осы позицияда бірнеше жылдардан кейін, келісім мен өзара түсіністік императивтері зерттелген соң Қазақстанда тұратын көп этностарын біртұтас әлемге біріктіруге және ынтымақтастыруға мүмкіндік беру, ұлтаралық жүйені қалыптастыру орын ала бастады.

Кез келген уақытта, кез келген тораптар және жағдаяттардың салдарынан Қазақстан территориясына ұлттар қоныс аударған. Қоныс аударған халықтар қазақ халқымен бірге мемлекеттің саяси, экономикалық, мәдени, әлеуметтік оқиғалардың куәгерлері болғаны бізге мәлім. Тәуелсіз Қазақстанның 1995 жылдың 30 тамызында қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы қазіргі таңда, республикамыздың мақтанышына айналып отырған – этносаралық төзімділіктің қазақстандық үлгісінің берік нысанын қалағаны анық. Еліміздің Конституцияның беташары - преамбуласында «Біз, Қазақстан халқы...» деп басталатын сөз тіркесі этностық және діни ерекшелігіне қарамастан еліміздегі барлық азаматтардың тең құқығына кепіл болып, этносаралық қатынастар саласында жүргізілетін мемлекеттік ұлттық саясатты заңды түрде бекітіп отыр [4]. Қазіргі таңдағы жаңа әлеуметтік-мәдени ауқымда қоғамдық санадағы этникалық белгі бойынша бөліну бірте-бірте азая түсуіне куәгерміз. Мемлекеттегі этникалық қайшылықтарды және шиеленістерді шешуге бағытталған тұрақты әрі онды үрдіс байқала бастайды және бұнымен қоса біріккен құндылықтар жүйесімен топтасқан қазақстан халқы деген тарихи қауымдастықтың қалыптасу белгілерін көрсетіп отыр. Кейбір политологтар “қазақстан халқы” деген терминді естігенде өзін теориялық жағынан банкротқа ұшыраған “кеңес халқы” деген ұғымды еске алады. Ескеретін нәрсе: “Қазақстан халқы” тіптен басқа теориялық негізді бекітеді. Егер “кеңес халқы” барлық азаматтарының құқықтарын басып, жаншуымен, ассимиляциялауымен қалыптасқан, ал “Қазақстан халқы”, керісінше, жеке-дара этностар мәдениеттерінің, яғни ұлттық әлем бейнелерінің дамуы мен көркейуінің негізіндегі біртұтастық пен бірлік деген ой тудырады.

Этностық бірлік ұрпақтар бірлігін де, билік институттары мен қоғамдық бірлестіктердің де өзара қарым-қатынасынан көреміз. Бұл салаға қатысты барлық мәселелер ҚР 1995 жылы қабылданған Конституцияның баптарымен реттеледі, қоғамдық татулық, қазақстандық патриотизм (1-бап 2-тармағы), Қазақстан халқының тілдері (7-бап), азаматтық (10,11,12 -баптар), жұрттың заң мен сот алдындағы теңдігі (14-бап), нәсіліне, ұлтына, тіліне, нанымына байланысты кемсітуге болмайтындығы (14-бап 2-тармағы). Тәуелсіз мемлекетіміздің ұлтаралық бейбітшілік пен ынтымақтастықтың құқықтық реттелуі Конституцияның 1-бабында бекітілген республика қызметінің түбегейлі принциптерінен: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық; бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму; қазақстандық патриотизм; мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешуден көрінеді [4]. ҚР-ның 1-бабында бекітілген қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық принципінің мазмұнын мынадан көрінеді: қоғамдағы әлеуметтік

таптардың, этностардың, конфессионалды топтардың бар болуымен, әр түрлі идеялар мен көзқарастардың өмір сүруімен тікелей байланыстың бар болуынан. Салдар ретінде осындай әр тектілік мемлекет тұрақтылығын бұзатын шиеленістерге алып келуі мүмкін. Бұл шиеленістер ауыр зардаптарға алып келіп, ғаламдық саяси проблемаларға алып келіп, мемлекеттің халықаралық аренада жоғалуына түрткі болуы мүмкін. Яғни осыдан біз полиэтникалық мемлекеттің ең осал тамырын байқаймыз. Сол себепті де қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық аталған топтар арасындағы дискриминацияға жол бермеудің кепілі, яғни бейбітшіліктің нышаны болып табылуы қажет. Негізгі заңның 39-бабында «Ұлтаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады» деп нақты аталып, бекітілген [4].

Еліміздің гуманитарлық саланың ғалымы В.Д.Курганская өзінің жүргізген нақты социологиялық эксперименттеріне сүйене отырып Қазақстандағы ұлтаралық қатынастарды жетілдірудің жолы еліміздегі әртүрлі этнос өкілдерінің мемлекеттік билікте көбірек тартылуы қажет дейді. Мемлекетімізде көпші-қон мәселесіне, әсіресе орыс тілді азаматтардың өздерінің тарихи Отандарына оралуларына қазақтардың билік құрылымдарында басымдық танытуы және қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде өзінің функциясын кеңейтуі тікелей әсер ететінін тұжырымдайды [2]. Бұл жерде айта кететін жәйт: орыс тілді азаматтардың құқықтары елімізде ешқандай шектелмейтіндігіне көптеген дәлелдемелер бар. Мемлекетіміздегі бұқаралық ақпарат құралдары бойынша, барлық деңгейдегі оқу орындары мен қызмет көрсету салаларында орыс тілінде жүргізіледі және ешқандай шектеулер қойылмаған, керісінше, барынша жағдайлар жасалып жатыр. Жиырма бес жылдық тәуелсіздік тарихымызда мемлекеттік тілді қазақ тілін игеруге деген ұмтылыстың төмен деңгейде болуы орыс тілді азаматтар арасында сирек айтылып отырғаны өкініш тудырады. Яғни, құндылықтар мен мүдделердің түйіскен жерінде этносаралық қатынастардың барлық проблемалық өткір қырлары айқындалады және оны айналып өту мүмкін емес, есесіне төзімділікпен, өзара сыйластықпен шешімін іздеу керектігі анық болып тұр. Халықтардың өркениеттілік деңгейі, мәдениеттегі қайшылықтарды және келіспеушіліктерді ымырамен шеше білуі қажеттігі туындауда.

Қазіргі мемлекеттер көп этносты болуына байланысты мемлекет тарапынан үлкен көңіл бөлуді талап ететін этносаралық қатынастар әр алуандығымен ерекшеленеді. Яғни көп ұлтты мемлекеттің маңызды міндеті — ұлтаралық қатынастарды оптимизациялаудан көрініс табады.

90-жылдардың ортасынан бастап мемлекеттік саясаттың ұлтаралық ынтымақтастық пен ішкі тұрақтылыққа қарай бағдар ұстауға көшумен сипатталады. Үкіметтің мәдени саясаты 1996 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік тиесілігін қалыптастыру концепциясын ұсынды. 1995 жылдың наурыз айында ҚР Президентінің жарлығымен Қазақстан халықтарының Ассамблеясы құрылды [6]. Бұл өз кезегінде тіл мен білім, мәдени мұраларды сақтау, бұқаралық ақпарат құралдарымен үйлесімділік, миграция мәселелері мен сыртқы байланыстар, ұлттық саясат концепцияларын дайындау, сонымен қатар, ұлттық мәдени орталықтар мен кіші ассамблеялар істері мен мәселелері жөнінде комиссиялар құрылуды қажет тұтты. Республикамызда біртұтас әлеуметтік мәдени кеңістік қалыптастыру азаматтық идентификация мәселесін алғашқы орынға қойды. Осындай мәселенің туындауы әлі буыны қатпаған жас мемлекетіміздің геосаяси және ішкі этномәдени мәселелерімен байланысты болғандығы анық. Американдық ғалым, зерттеуші С.Хантингтон болашақтағы өркениеттер қақтығысы барысында ыдырайтын мемлекеттер қатарына — Түркия, Мексика және Ресейді жатқызып отыр. Бұған себеп ретінде геосаяси жағдайымен қатар ішкі мәдени әртектіліктің орын алуынан. Осы теорияға сүйенетін болсақ С.Хантингтонның назарынан тыс қалған еліміз осындай этносаралық конфликттің ең қауіпті ошағында тұруы алаңдатады. Қазақ

халқын түрік елдерінің қатарына жататыны бәріне мәлім, бірақ оның территориясын оңтүстіктен ислам әлемі, оңтүстік-шығысынан конфуциандық және солтүстік-батысынан православиелік суперөркеніеттер қоршап жатқандығы да өз әсерін тигізуде. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халықтары Ассамблеясының І сессиясында ұлттық мәселенің шешімін халықтар арасындағы татулық пен сенімді нығайту арқылы табуға болатынын, біздің басты бағытымыз ымыраға келтіретін жолдарды іздестіру және біріктіретін бастамаларды нығайту арқылы барлық ұлттық топтарды дамыту ісіне негізделуге тиіс екенін атап көрсеткен болатын.

Қазіргі уақытта, зерттеушілердің пайымдауынша, республикада «этносаралық қатынастар саласында қақтығыссыз дамудың объективті шарттары бар» деуде. Осы жағдайды қамтамасыз еткен басты факторлардың бірі — республиканың егемендігін жарияланған сәттен бастап қалыптасқан Қазақстан мемлекеттігі, егемендігі болып табылады. Бұның құрамына: мемлекеттік құрылыстың нысаны және саяси режимнің нысаны кіреді. Қазақстан Республикасында жүргізіліп жатқан реформалардың эволюциялық — тұрақты сипатында мемлекеттік құрылыстың унитарлылығы біртұтастығы үлкен орынға ие болуы таңғаларлық емес. Буыны қатпаған жас пайда болған мемлекеттің территориялық аумағының кендігі өзінен-өзі оның федеративтік негізде бөлінуі шартты болған сияқты көрінеді. Сонымен қатар, халықтардың этникалық құрылымы да осыны талап еткендей (негізінен орыс халқы мекендеген солтүстік аймақтар). Бірақта, бұл жағдайда, мемлекетті құрайтын басты принцип — тарихи-этникалық (мәдени-өркеніетті) назардан тыс қалар еді. Қазақстан Республикасы тек бір халықтың — қазақ халқының этногенетикалық жері болып табылады, және бұл фактімен дауласу мүмкін емес. Бірақ, бұл басқа этностардың бәрі — жат, келімсек, екінші сорттың азаматтары деген ойды білдірмейді. Өзге этностардың өкілдері — арғы аталары Қазақстанға көшірілгендердің ұрпақтары, олардың әрқайсысы кезінде қоғам игілігіне тигізген жандар болып табылады. «Этногенетикалық аумақ» және «мемлекеттің аумағы» ұғымдарын айта білуіміз қажет. Елімізде жүзеге асырылып жатқан мемлекет тұтастығының унитарлылық принципі, қоғамды ұлтаралық қақтығыстардан, тіпті реформалар саясатының тоқтап қалуынан, жіктелулерден сақтайтын саяси-құқықтық іргетас болып отыр. Яғни унитарлылық принципі үстем болмаған жағдайда қоғамда жоғарыда көрсетілген қайшылықтардың бәрі болуы мүмкін еді және мемлекеттік құрылымды бірімен бірі үйлесе бермейтін екі принципке негіздеуге тура келер еді — этноаумақтық және әкімшілік-территориялық. Бұл дегеніміз Қазақстандағы этноәлеуметтік жағдайдың ерекшелігі, ғалымдардың зерттеуімен, мыналардан тұрады: 1) екі этностың саны жағынан басымдығы сақталатын көп этностылығы; 2) ислам мен христиан діндерінің басымдығы сақталатын көп конфессиялылығы; 3) екі ірі этносаралық түркі және славян топтарының болуынан.

2000 жылдары этносаралық қатынастар саласындағы құқықтық негіздерді жетілдіру мақсатында Қазақстан халқы Ассамблеясының орта мерзімді кезенге арналған стратегиясы, Тілдерді дамыту мен қолдануға арналған мемлекеттік бағдарлама, «Қоғамның идеялық ұйысуы – Қазақстанның дамуының басты шарты» тұжырымдамасы қабылданды. Қазақстан халқы Ассамблеясынан сайланған депутаттар Мәжілісте белсенді қызмет атқарып, екі заң жобасының қабылдануына себепкер болды және 13 заң жобасын әзірлеуге тікелей қатысты [6].

Қазақстан мемлекетінің ұлттық идеясы - бұл қазақ халқының рухани-мәдени өмірінде орныққан өркениеттік белгілерді одан әрі дамытып, бүкіл Қазақстан халқының күнделікті өміріне орнықтыру. Сондықтан Қазақстан мемлекеті көп этносты ел болса да, ұлтына қарамастан, барлық азаматтардың мүдделерін қорғайды. Сол үшін де барша халықты бір идея төңірегіне жұмылдыру міндеті алға шығады. Біздің бұл көзқарасымыз Елбасы Н. Назарбаевтің: «Мемлекеттік сәйкестіктің екі

деңгейі бар: 1) ұлттық сәйкестік, 2) Қазақстанның барша халқының саяси және азаматтық сәйкестігі» [5, 217 б.].

Осы орайда, Қазақстан мемлекетінің идеологиясын қалыптастыратын бір субъекті ретінде 2015 жылы 20 жылдығы атап өтілген, Қазақстан халықтар Ассамблеясын айтуға болады.

Қазақстан халықтар Ассамблеясын феноменальды құбылыс деп ойлаймын. Себебі әлемнің көпэтникалық мемлекеттерінің ішінде бірінші болып ұлтаралық уйлестіруді жүзеге асыратын орган біздің Отанымызда пайда болды.

Қазақстан халқы Ассамблеясы — 1995 жылғы 1 наурызда Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен құрылған Мемлекет басшысы жанындағы консультативті-кеңесші орган [2]. Елміздің Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясын алғаш рет 1992 жылы Тәуелсіздіктің бірінші жылына арналған Қазақстан халқының бірінші форумында жариялады. Ассамблея институтын құру қажеттілігі саяси тұрғыдан, сондай-ақ жаңадан құрылған, тәуелсіз, полиэтносты, поликонфессиялық мемлекеттің тұрақты дамуы тұрғысынан туындады. Бұл феноменальды бастама мәдениетаралық диалогты нығайтудың жаңа кезеңінің негізін қалап, этносаралық қатынастарды дамыту мәселелерін жоғары деңгейде шешуге мүмкіндік жасайтын әлемдік тәжірибедегі тың бағыт болып табылғандығы сөзсіз. Ассамблеяның қызметі ұлтаралық бейбітшілік пен ынтымақтастықты, елдегі тұрақтылықты сақтауға ықпалдасу; барлық ұлттық топтардың өкілдері арасында достық қарым-қатынасты дамытатын мемлекеттік саясат жүргізу жөнінде ұсыныстар жасау; олардың рухани-мәдени жаңаруына және теңдік негізінде дамуына жәрдемдесу; өркениетті және демократиялы нормаларға сүйенетін азаматтардың саяси мәдениетін қалыптастыру болып табылады [7].

2007 жылғы 21 мамырдағы Конституцияға енгізілген өзгерістер биліктің бүкіл өкілді тармағының рөлін айтарлықтай өзгерістерге ұшыратты. Бұл реформаға сәйкес, жоғары заң шығарушы органда этникалық топтардың өкілдерінің болуын қамтамасыз ету үшін Парламент Мәжілісінің 9 депутатын енді Қазақстан халықтары Ассамблеясының сайлайтын болды және бұл аса маңызды өзгерістердің бірі деп ойлаймын (ҚР Конституциясының 51-бабы 1-тармағы), сол арқылы Ассамблеяның рөлі күшейтіліп, конституциялық орган мәртебесіне ие болды (бұрын консультативтік-кеңесші орган мәртебесіне ие болатын). Қазақ елінде ұлтаралық келісім мен бейбітшілікті нығайту жолындағы бірегей саясаттың нәтижесі десекте блды. Бір жағынан бұл Қазақстан қоғамының осы органға көрсеткен үлкен сенімі болса, екінші жағынан мұндай сенім Ассамблея мен оның әрбір мүшесіне жауаптылық жүктеп отырғандығы сөзсіз. Яғни Парламент қабылдайтын заң актілері ұлтаралық келісім, төзімділік пен тең құқықтық сияқты талаптарға сәйкес келуіне қосымша сараптамадан өтуіне кепіл болып табылады.

Яғни Қазақстандағы ұлтаралық бейбітшілік пен ынтымақтастықты құқықтық реттеуде Қазақстан халқы Ассамблеясының алатын орны бөлек.

Жиырма бес жылдық тарихында Ассамблея қарқынды дамып, елеулі өзгерістерге ұшырады. Оның дамуы барысында Н.Назарбаевтың этносаралық толеранттылық және қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісі қалыптастырылды. Жиырма бес жыл ішінде Қазақстан халқы Ассамблеясының институционалдық құрылымы нығайып, қоғамды ұйыстырушы әлеуеті толысты, ол халық дипломатиясының маңызды күретамырына айналғандығы даусыз. Қазіргі күні Ассамблея ел Президенті Төрағалық ететін конституциялық орган болып табылады. Бұл оның ерекше мәртебесін айқындайды. Қазақстандық заң шығарудың негізгі талабы — азаматтық қоғам қалыптастыру және мемлекеттің барлық азаматтарының құқықтарды пайдалануы. Көп этносты және көп конфессиялы Қазақстан үшін «ұлт-

мемлекетті» қалыптастыру ең қолайлы және ол этносаралық бірігудің объективті факторы болып, қоғамның азаматтық принципі бойынша бірігуіне ықпал етеді. Өз кезегінде азаматтық қоғам құру қоғам өмірінің барлық тұстарын демократияландыруға себепші. Яғни этникалық жағынан бөлінген қоғамдарда демократия маңызды рөл атқарады, өйткені ол плюрализм мен төзімділік принциптеріне сүйенеді, этникалық проблемалар ізгі және өркениетті шешім қабылдаудың негізі болады. Көрші мемлекеттермен тату болу аса маңызды міндеттің бірі, алайда, елімізде ұлтаралық бейбітшілікті сақтау маңыздырақ болып табылады, себебі бұл біртұтастықтың кепілі деп ойлаймын.

Американ ғалымы Дэвид Уэлиштің пікірінше 20 ғасырдың аяғына таман моноэтникалық мемлекеттер жоғалып, әлемдегі бар елдер көпэтникалық мемлекеттерге айналуы мүмкін дейді. Бұл халықаралық қатынастардың дамуының салдары дейді ол. Бұл өз кезегінде әр мемлекетте этникалық конфликтерді тудырмайтын, ұлтаралық сабақтастықты қажет етеді. Ал Қазақстан Республикасы халықаралық аренада өзін кемеңгер мемлекет ретінде көрсете алды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Біздің Президент» деректі повесть. – Алматы: «Алматыкітап»2015. – 181 Б., <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
2. Ә.Н. Нысанбаев «Қазақстанның тәуелсіздігіне 15 жыл: жаңа қоғамдық Сананың қалыптасуы. Алматы: Философия және саясаттану институты, 2006.-187б.»
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда қабылданған // «Параграф» ақпараттық жүйесі.
4. Баймаханов М.Т. и др. (отв. ред.) Конституция Республики Казахстан. Научно практический комментарий. – Алматы: Раритет, 2010. – 400 С.
5. Байжұманова А.М. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы. Оқу құралы. –Талдықорған: «Жетісу баспасы», 2013. -258 б.
6. «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 20 қазандағы Заңы // «Параграф» ақпараттық жүйесі.

ӘОЖ 347

БОЛАШАҚ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МОДЕЛІНДЕГІ СОТ ЖҮЙЕСІН РЕФОРМАЛАУ

Байжұманова А.М., Толқынова М.

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
makonya1995@bk.ru*

Бұл мақалада Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев қабылдаған «Бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 қадамы» атты ұлт жоспарының заң үстемдігін қамтамасыз ету бағыты негізінде сот жүйесін модернизациялау мәселелері мен тиісті өзгерістердің ерекшеліктері айқындалады.

В данной статье рассматривается модернизация судебной системы и особенности внесенных изменений по Плану нации – 100 конкретных шагов по реализации пяти институциональных реформ Главы государства Нурсултана Назарбаева.

This article discusses the modernization of the judicial system and particular changes on the Plan of the nation – 100 concrete steps to implement the five institutional reforms of President Nursultan Nazarbayev.

Кілт сөздер: сот жүйесі, сот билігі, модернизация, транспаренттік қағидасы, заң үстемдігі.

Егемен мемлекетіміз Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырған кезінен бастап, адам және азаматтардың құқықтары бостандықтары мен заңды мүдделері басты орынға ие болып, оның ең асыл әрі ең қымбат қазынасына айналды. Бұған кепіл ретінде Қазақстан Республикасының ата заңы болып саналатын Конституцияның 1-ші бабы нақты дәлел бола алатыны анық: “...Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары”-делінген. [7,4] Осыған сәйкес, мемлекетіміздегі әрбір жеке және заңды тұлғаның құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғап, заңнаманың қағидаларын тікелей орындайтын сот билігінің билік саласы ретіндегі құқықтық жүйеде алатын ерекше орны мен маңызы, атқаратын функциясы демократиялық мемлекеттің дамушы және алдыңғы қатарлы мемлекет ретінде орнығып, қалыпты дамуы жолында мемлекеттік құрылыстың тұрақтылығының басты нышаны, әрі маңызды құралдарының бірі ретінде саналатыны анық.

Бүгінгі тәуелсіз күнімізде, сот билігінің мемлекеттік басқарудағы рөлін осы саланың әрі қарай дамуына Республикамыздың Президенті ерекше ықыласпен қарайтыны анық. Оған дәлел ретінде жүргізіліп жатқан реформаларға бастама болуынан көруге болады, сонымен қатар, шетел тәжірибесіндегі қажет деп танылған үздік жаңашылдықтарды енгізу арқылы сот жүйесін дамытып оны неғұрлым қол жетімді етуді көзделетіні сөзсіз. Оған мысал ретінде Медиация институтын жатқызуға болады. Тәуелсіз саналатын сот билігін жүзеге асыруды жетілдіруге бағытталған кешенді жұмыстардың ішінде ерекше атап өтерлік жетістіктердің бірі «қамауға алу» бұлтартпау шарасын тек соттардың тағайындауын айтуға болады. Нақты айтатын болсақ алғаш рет қамауға алу туралы бұлтартпау шарасын таңдауды соттарға беру туралы бастама 1966 жылғы “Азаматтық және саяси құқықтар жайлы” халықаралық пактіде көрініс тапқан болатын. Аталмыш қағиданы ұлттық заңнамаға енгізу және қылмыстық іс жүргізу тәжірибесінде қолдану ЕҚЫҰ сияқты халықаралық ұйымға төрағалық етуші Қазақстан үшін заңды қадам екені анық. [3, 6].

Бүгінгі таңда сот жүйесінде маңызды және мазмұны жағынан ауқымды реформалар жүргізілуде. Осы реформалардың ойдағыдай іске асырылуы Қазақстан Республикасының халықаралық аренада экономикалық және саяси қарым-қатынастардың белсенді мүшесі ретінде орнықтырып, мемлекеттің одан әрі нығаюының нышаны ретінде түсінуіміз керек.

Сот билігін тәуелсіз билік саласы ретінде жетілдіру жолдары тікелей сот жүйесіндегі құрылымдық өзгерістермен байланысты. Бұл өзгерістер, өз кезегінде біздің, яғни, қарапайым халықтың және қоғамның сот билігіне деген сенімінің артуына және сот әділдігін тиісті дәрежеде жүзеге асыруға оң ықпалын тигізеді. Сот әділдігін жүзеге асыруда жергілікті соттардың рөлін арттыру мен халыққа қызмет көрсетудегі сапасын жетілдіру мақсатында сот жүйесінің сатыларында қаралатын істердің қарау құзыреттілігінде біршама өзгерістер өз көрінісін табууда [2].

Судьяның мәртебесі және соттың өзі жайлы нақтыласақ, судья - бұл мәртебесі Конституциямен ерекше белгіленген мемлекеттік лауазым иесі. Оның өкілеттілігі тек заңда белгіленген негіздер бойынша ғана тоқтатылуы, тәуелсіздігі мен оған ешкімнің тиіспеуі сот билігі дербестігінің кепілі болып табылады. Судьяның осындай биік мәртебесі оған зор жауапкершілік жүктейтінін ескерген жөн. Себебі оның әрбір шығарған шешімі адамның өмірі мен тағдырына, елдегі заңдылық пен құқықтық тәртіптің үрдісіне тікелей әсерін және ықпалын тигізеді. Мемлекет өз кезегінде судьяға осындай жоғарғы жауапкершілікті арта отырып,

соған лайықты биік мәртебе беріп, оған жоғары моральдық-этикалық міндеттер жүктей келе, одан ең бастысы білімділікті, біліктілікті кәсібилікті, жоғары дәрежедегі жауапкершілік қасиеті мен іскерлік қасиеттердің болуын, өзінің жұмысын жоғары сапады ұйымдастыра білуді міндеттейді [1, 77].

Кадрлық іріктеу саясатындағы тың өзгерістер 2001 жылдан бастап жариялы және көп сатылы сипатқа ие конкурстық іріктеу жүйесі енгізілген болатын. Соның негізінде Ұлттық комиссия судьялыққа үміткерлердің жасын 30 жасқа дейін жоғарлату және олардың сот саласына тікелей ықпалын тигізетін бес жылдық жұмыс өтілін енгізу жөніндегі ұсыныстарды қолдады. Болашақта барлық судьялар міндетті түрде Сот төрелігі институтының магистратурасында даярлықтан өтетін болады. Онда оқитын магистранттар мен судьялыққа үміткерлер үшін тағылымдама мерзімін бір жылға дейін арттыру көзделген. Судьялыққа үміткерлердің біліктілік емтиханын тапсыру тәртібі де біршама өзгерістерге ұшырады, сонымен қоса, судья болам деген үміткер, аталған лауазымға ұсынылған тұлғалар үшін бір жылдық сынақ мерзімінен өтуі тиіс деп көзделген. Әрине, енгізілген өзгерістер сот жүйесін дамыту жолында өте маңызды модернизациялау элементі болып табылады. Келесі тоқталып кететін жағдай, бұл - Аудандық сот. Аудандық сот судьясының лауазымдық жалақысының 70 пайызы көлеміндегі жалақысын төлей отырып, босатылған негізде судьялардың тағылымдамадан өту жүйесін енгізу мәселесі қаралу үстінде. Қарастырылып отырған осы шаралардың барлығы сот корпусын кәсіби білікті судьялармен толықтыруға және трансферентті әділ сот жүйесін қалыптастыру мақсатында жүргізіледі [8].

Келесі тоқталатын мәселе – бұл сот тәжірибесі болып табылады. Оқуды және сот тәжірибесі арасындағы өзара байланысты күшейту үшін сот төрелігі институты мемлекеттік басқару академиясының құрылымынан бөлінуі керек делінген. Аталған институт Жоғарғы Соттың жанында жұмыс істеп, қызмет бабындағы судьялардың біліктілігі мен білімін тұрақты үздіксіз және жүйелі түрде арттыруды қамтамасыз ететін болады. Аталған институт президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының құрамынан шығарылып, Жоғарғы Соттың құзырына берілуі көзделген.

Ерекше атап өтетін мәселе – бұл судьялардың этикалық кодексі. 2015 жылдың 10 желтоқсанында Судьялар одағаның орталық кеңесі 2016 жылдың маусым айында Елордамыз Астанада жетінші кезектен тыс судьялар съезін шақыру туралы қаулы қабылдап, онда Судьялардың жаңа этикалық кодексін қабылдау жоспарланған болатын. Судьялар одағының орталық кеңесінде Судьялардың этикалық ұстанымдары және тәртібі ережелерінің жаңа кодексі таныстырылды. Кодекс бес тараудан және 33 баптан құралған және судьялардың кезектен тыс жетінші съездерінде Кодекстің соңғы редакциясы қабылданған. Осыған сәйкес, судьялардың есеп беру тәртібін күшейту мақсатында судьялардың жаңа этикалық кодексі жасалып, соның негізінде азаматтар судьялардың әрекеттері бойынша еліміздің Жоғарғы Сотының жанынан құрылған арнайы сот алқасына шағымдана алады. Судьяның бейне жазуды тоқтатуға немесе аудио жазу материалдарын редакциялауға мүмкіндігі болмауы тиіс. Облыстық соттардың төрағалары мен сот алқалары төрағаларының бос лауазымдарына кандидатуралар, әдетте, жұмыс істеп жүрген судьялардың немесе судья лауазымында кемінде он жыл жұмыс өтілі бар адамдардың арасынан ұсынылады. Сонымен қатар, аудандық сот төрағасының, облыстық соттардың төрағалары мен сот алқалары төрағаларының, Жоғарғы Сот судьяларының және сот алқалары төрағаларының лауазымдарына кандидаттарды іріктеу кезінде кадр резервінде тұрған адамдарға басымдық беріледі. Жоғарғы Соттың сот алқасының төрағасы лауазымына кандидат Жоғарғы Сот судьяларының арасынан ғана ұсынылатын болады, мұның өзі сотқа деген оң көзқарасты қалыптастырып, қол жетімді ететінін кепілі. [5].

Алқабилер және алқабилер соты жайлы тоқталып кетсем, алқабилер соты - сот жүйесіндегі демократиялық институттардың бірі, ерекшелігі сол, халық қылмыстық істерді қарауға тікелей қатысады, бұл – әлбетте, қазақстандық соттардың қылмыстық істерді қарауының кәсіпқойлығын арттырып, соттарда қылмыстық істерді жариялы түрде қараудың көрсеткіші, үкімнің шығарылу рәсімінің ашықтығының белгісі, яғни, азаматтар сотталушының қылмыстық іс-әрекетті істегеніне кінәлілігін қылмыстық іс жүргізуде заңды түрде жиналған дәлелдемелердің жиынтығының негізінде ішкі сенімі бойынша бағалайды, сотталушының кінәлі немесе кінәлі еместігі туралы қорытынды шығарады [4, 125 б.]. Осының барлығы жергілікті тұрғындардың мемлекеттік билікке, сот билігіне сенімін жоғарлатып, оларды заңды сыйлау, құрметтеу, заң бұзушылық көріністеріне ешбір жағдайда төзуге болмайды деген көзқарасты қалыптастырып, адамдарды құқықтық жағынан тәрбиелей келе құқықтық сана деңгейін көтереді, еліміздегі құқықтық тәртіпті және заңдылықты нығайтады [4].

Айтылмасқа болмайтыны ол Алқабилер институты. Алқабилердің қатысуымен қылмыстық сот ісін жүргізудің ерекшелігі сол –аталмыш институт қоғамды тәрбиелейді, себебі, алқабилер ретінде бір рет қатысып жүрген азаматтың билікке, сот төрелігіне және сот шешімінің өзіне деген көзқарасын мүлдем өзгертеді. Ал ол өз кезегінде, адамның өмірдегі өз шешіміне жауапкершілікпен қарау санасының қалыптасуына ықпал етеді. Алқабилерді іріктеудің негізгі ерекшелігі – адам құқықтары мен бостандықтарының тиімділігін арттыру болып табылады. Алқабилердің қатысуымен қылмыстық сот ісін жүргізудің басты ерекшелігі – Ата Заңымызда белгіленген сот тәуелсіздігі, кінәсіздік презумпциясы, тараптардың теңдігі және жарыспалылық қағидаттары негізінде адамдардың тағдырын шешу болып табылады [5,13].

Мемлекеттің бірден-бір басты міндеті –ол Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау. Құқықтық мемлекет ретінде Қазақстан Республикасы бүкіл әлем мойындайтын және жоғарғы бағалаған аса маңызды құқықтық реформаларды жүргізу үстінде. Қазақстан Республикасының 2006 жыл 16 қаңтарда «Алқабилер туралы» қабылданған заңы қылмыстық сот ісін жүргізуге алқабилердің қатысуына байланысты қоғамдық қатынастарды реттейтін, алқабилердің құқықтық мәртебесін, тәуелсіздігінің кепілдіктерін, олардың қызметін қамтамасыз етудің құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін айқындай түседі. Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында алқабилер сотын енгізу маңызды қадам екенін атап өткен болатын. Бұл демократияның ажырамас бөлігі ретінде азаматтық қоғам институттарын дамытудағы және адам құқықтарын қорғаудағы жауапты қадамға айналатыны белгілі [1].

Болашақ Қазақстанның Сот жүйесін реформалаудың негізінде, сот жүйесі сатылары азайды. Ең басты тиімділігі ретінде сатыладың азаюы алтын уақытты үнемдеуге, сот шығындарын азайтуға және қолжетімділігін күшейте түсті. Сатылардың азаюы апелляциялық сатының рөлін күшейтуге де өз ықпалын тигізді. Алдағы уақытта апелляциялық сатыда істер үш судьядан тұратын алқа негізінде қаралады. Бірақ, бұл барлық істер бірдей судьялардың алқалық тәртібімен қаралады деуге негіз болмайтынын ескеруіміз керек. Мыналар:

- ✓ қысқартылған тәртіптегі;
- ✓ қылмыстық теріс қылық бойынша;
- ✓ онша ауыр емес қылмыстар;
- ✓ сот үкімін орындау мәселелеріне қатысты істерді

судьялар жеке дара қарайды да, ал қалған қылмыстық істер яғни ауырлығы орташа, ауыр және аса ауыр қылмыстарды міндетті түрде судьялардың алқалық құрамымен қаралатын болады. Азаматтық істерге тән маңызды өзгерістер қатары, жеңілдетілген

және бұйрық арқылы іс жүргізу нысанындағы істер апелляциялық сатыда өзінің нақты шешімін табуы керек деп көзделген [3,6].

Сонымен қатар азаматтық істер жөнінде енгізілген өзгерістер қатарына жаңа Азаматтық іс жүргізу кодексінің жобасы бойынша жұмыс жүргізу барысында жеңілдетілген жазбаша рәсімдерді жетілдіру мәселелеріне баса назар аударылды. Жеңілдетілген жазбаша іс жүргізуді қазіргі таңда кеңінен қолдануда. Істерді жеңілдетілген жазбаша іс жүргізіп қарау негіздерінің тізбесін он екіге дейін көбейту ұсынылады. Осы келтірілген тізбе жеңілдетілген іс жүргізудің қолданыстағы материалдық құқықтың қарапайым және жылдам іске асырылатын рәсімді талап ететін дауларды қамтитынын көрсетіп беріп отыр. Жеңілдетілген рәсімдер бойынша азаматтық істерді қарауға прокурордың қатыспауы арқылы сот процессіндегі тепе-теңдікті қамтамасыз етудің бір шарасы ретінде қарастыра аламыз. «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының сот рәсімдерін жеңілдету және сот процестерін жеделдету үшін азаматтық-құқықтық даулар жөніндегі соттарға прокурордың қатысуын қысқартуды көздейтін 26-шы қадамы тікелей іске асырылып отыр. Жеңілдетілген рәсімдерді жетілдіру электрондық сот ісін жүргізуді одан әрі дамытуға жаңа серпін береді деп есептейміз. Электрондық технологияларды белсенді түрде енгізу және қолдану біздің еліміздің сот жүйесінің басты жетістіктерінің бірі болып табылады. Процестік қағидалардың түсініктілігі әрі сот процесіне жұмсалатын шығындар тұрғысынан алғанда тиімділігі және сот шешімдерінің орындалу деңгейінің неғұрлым жоғары болуы жеңілдетілген рәсімді сот ісін жүргізудің оңтайлы нысаны ретінде кеңінен қолдануға мүмкіндік беретіні аса қуантарлық жәйт [8, 5].

Қазіргі жасалып жатқан реформалар арқылы еліміздің сыртқы және ішкі саясатын жүзеге асырудың тиімді жолдары терең сараланып, мүмкіншіліктеріміз зерделеніп, болашақта атқарылатын шаралардың бағыты айқындала түседі және бүкіләлемдік даму жылдамдығы, ғаламат оқиғалар мен жаңалықтардан тұратын өзгерістер мен құбылыстар, әрбір мемлекеттің дербес мүмкіндіктерін айқындап, олардың стратегиялық жоспарларына өз әсерін тигізетін болады.

Сот және құқық қорғау жүйесін жетілдіру, ауыл шаруашылығын дамыту шаралары да ел игілігі үшін атқарылады. Бұл да заман талабына сай өз уақытысында көтерілген мәселе. Осы тұрғыдан алып қарағанда, Европа мен Азияның кіндігінде орналасқан, тәуелсіздік даму жолының небәрі жиырма ғана белесін бағындырған, әлем мойындаған ірі мемлекеттермен көршілес қоныс тепкен, көпұлтты Қазақстан мемлекетінің әлем картасындағы саяси орны мен беделінің айқындалып отырғандығы бізді асыл мұраттар мен биік армандарға жетелейді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Н.Ә. Назарбаев. Қазақстан жолы, - Астана, 2007. -372 б.
2. Н.Ә. Назарбаев «100 нақты қадам» // Егемен Қазақстан газеті, 2015 ж.
3. Сот билігі және қоғам // Егемен Қазақстан газеті, 2010 жыл 12 наурыз.
4. «Алқабилер туралы» Қазақстан Республикасының «Параграф» АЖ 16.01.2006ж.
5. Н.Ә. Назарбаев «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» // Егеменді Қазақстан газеті, 2016ж. 5 қаңтар.
6. <http://www.inform.kz/kaz/article/2607391>
7. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда қабылданған // «Параграф» ақпараттық жүйесі.
8. И.Түсіпбаев Жүйелі сөз // Әділ Сот, 2012.-№37-13 67

ӘОЖ 341

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ РЕФОРМАЛАУДЫҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

Байжұманова А.М., Турусбекова Б.

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
turusbekova777@mail.ru; nurai310707@mail.ru*

Бұл мақалада Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметті реформалаудың негізгі мәселелері қарастырылады. Қазақстан Республикасының дамуы үшін әлемдік тәжірибенің ең озық жетістіктерінің негізінде мемлекеттік басқару құрылымы жетілдіру маңыздылығы құқықтық талданады. Мемлекеттік басқарудың сапалы моделін қамтамасыз етудің негізгі құқықтық құралдары талданады.

В данной статье рассматриваются вопросы реформирования системы государственного управления в Республике Казахстан. В процессе анализа была осуществлена важность совершенствования правовой структуры Правительства на основе достижений передовой практики в мире для развития Республики Казахстан. Также определены правовые основные функции государственной службы для обеспечения модели управления качеством.

This article considers ways of reforming public administration in the republic of Kazakhstan. . Analyzes the importance of developing legal structure of government on the basis of world's practice achievement. Also this article determines the main functions of public administration for procuring model of a high quality governance.

Кілт сөздер: реформа, жаһандық , брифинг , стратегия, институт

Қазіргі таңда мемлекеттік басқару жүйесін реформалау көптеген дамыған елдер үшін негізгі мәселе болып отыр. Соның ішінде мемлекетімізде бар реформаларды өз уақытында жүргізудегі саяси және тәжірибелік маңызын анықтай келе, Қазақстандағы мемлекеттік басқару жүйесінің рационалды моделін жасай отыра Елбасы Н.Назарбаев: «Біз мемлекеттік басқарудың сапалы моделін жасаймыз, онда мемлекеттік қызметті тұтынушылар мүддесі жоғары тұрады. Мемлекеттік аппарат корпоративтілік қағидасына сүйеніп, ең күшті халықаралық тәжірибені ескеріп, қоғамға есепті болуы керек» [1]- деп атап өткен.

Қазақстанда мемлекеттік басқару жүйесін реформалау еліміздің тәуелсіздігін және егемендігін алғаннан бастап жаңғырту үстінде. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың тікелей тапсырмасы бойынша қазіргі таңда мемлекеттік қызметтің өзіне тән үлгісі қалыптасуда, әлемдік тәжірибенің ең үздік жетістіктерінің негізінде мемлекеттік басқару жүйесі құрылымы жетілдірілді. Осы саладағы реформа кезеңі ішінде мемлекеттік аппараттың саны мен негізгі функциялары өзгеріске ұшырады, мемлекеттік басқару жүйесі осы заманғы нарықтық экономикалық қатынасқа бейімделді.

Жаһандану жағдайында жаңа заманның талаптарына сай, Қазақстан Республикасының егемендігі Конституция, конституциялық заңдар мен өзге Республика заңдардың берік арқауы мен халық мүддесіне қызмет ететін мемлекеттік аппараттың кәсіби және негізді іс-қимылына арқа сүйеуін қамтамасыз ету мақсатында біршама әсер ететін шаралар кешені жүзеге асырылды. Мемлекеттік органдар дамуының негізгі бағыттары айқындалды. Олар:

- бюрократизация;
- дифференция;

➤ кәсібиліктің өсуі.

Осы негізгі үш бағыттың іске асуының арқасында, мемлекеттің әрбір саласына мемлекеттік органдардың атқаратын қызметі мен ерекше түрлері сәйкес келіп, нәтиже беруде [2, 25].

Қазақстанның бүгінгі күнге дейін жасалынған барлық әкімшілік реформаларының барысы мемлекеттік саясаттың, биліктің, қоғамдық ой-пікірлердің бірден-бір зейін қояр нысаны болып отырғанын көрсетеді. Тәуелсіздік жариялаған алғашқы кезеңнен бастап, бүгінгі таңға дейін атқарылып келе жатқан оң істер түбегейлі саяси, әлеуметтік-экономикалық, идеологиялық өзгерістер мен жаһандану кезеңі деп айтсақ болады. Мемлекеттік басқару құрылымының қалыптасуы мен жекелеген тетіктерінің жаңғыртуы, мемлекеттік органдар ісіндегі жалпы ілгерілеушіліктер, сондай-ақ, Қазақстанның тәуелсіздігінің негізгі тетігі болып табылады [3, 128].

Қазақстан Республикасында бірнеше жыл қатарымен мемлекеттік басқару жүйесінің қызметін оңтайландыру мен жетілдіру шаралары үздіксіз жүргізіліп келеді. Аталған шаралардың негізгі мақсаты Қазақстан Республикасы дамуының ағымдағы және жоспардағы мәселелерін нәтижелі де тиімді шешетін кәсіби мемлекеттік аппаратты құру болып табылады. Жоғары нәтижелі қызмет атқаратын қазіргі заманға сай мемлекеттік басқару жүйесі мен мемлекеттік аппараттың қызмет жұмысын қалыптастыру – қазіргі кезде алдыңғы қатарға шығып отырған негізгі мәселелердің бірі деп саналады. Сонымен қатар, Қазақстандағы әлеуметтік, экономикалық, саяси, идеологиялық және басқа да реформалардың орындалу барысы, қоғамды демократиялық жолмен қалыптастыру, құқықтық мемлекет ретінде тану, жалпы елдің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығы мен дамуы, мемлекетті басқару тетіктерінің жағдайы мен қызметшілердің кәсібилігіне, олардың атқаратын қызмет нәтижелігі мен бастамашылдығына, ел таңдаған саяси бағыт бойынша қызмет атқаруына байланысты болады [4].

Қазір қазақстандық мемлекеттік басқару құрылымын дамытудың жаңа кезеңі бастау алды. Мемлекеттік қызметті реформалау бірінші кезекте «мемлекеттік қызмет» ұғымын жаңғыртуды көздейді. Мемлекеттік қызмет «ұлтқа және қоғамға қызмет ету» ұғымының синонимі болуға, сонымен қатар, мемлекеттік қызметтерді тұтынушы болып табылатын халық мүддесін атқаруға бағытталуы тиіс. Қазақстанда Мемлекет басшысының әлеуметтік-экономикалық жаңарту және мемлекеттік қызметшілердің көрсетілетін қызметтерді ұсыну сапасын арттыру бойынша басымдықтары мемлекеттік аппарат қызметінің басты бағыттары болып табылады. Индустриалды-инновациялық және әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламаларының тиімділігі мен нәтижелігі көбінесе мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігімен анықталатындығын ескере отырып, кадрлық саясатты жаңғырту мен жетілдіруге, мемлекеттік басқару жүйесін реформалауға бағытталған. Реформалаудың алғашқы кезеңінің нәтижесінде, Қазақстанда халықаралық сарапшылардың жоғары бағасына ие болған мемлекеттік қызметтің моделі қалыптасты. Дегенмен, заманның өзгеруіне байланысты, қоғамның көтеріңкі де қатаң жаңа талаптары пайда болды. Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметінің жаңа моделі қалыптасқан мемлекеттік аппараттың баспалдақтық және позициялық модельдерінің элементтерін қамтып, аралас болып қалады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына сәйкес, мемлекеттік қызметтің жаңа моделінде корпусық вертикаль: мемлекеттік саяси қызметшілер, «А» басқарушылық корпусы және «Б» атқарушылық корпусының негізгі функциялары айқын көрініс табатын болды. Мемлекеттік қызметтің екі нұсқасында да мемлекеттік қызметшілерді кәсібилігін

арттыру, қайта даярлау және біліктілігін көтеру олардың қосымша білімдерінің негізгі үлгісі болып табылатындығын байқауға болады [5].

Жалпы біз саналы түрде мемлекеттік басқару жүйесінің позициялық моделін таңдадық, себебі өтпелі кезеңде нарықтық ортадағы және үкіметтік емес сектордағы дайындалған кадрларды мемлекеттік қызметтің әртүрлі сатыларына тарту мүмкіндігін қамтамасыз ету өте маңызды болды. Сонымен бірге институттандыру базасы – мемлекеттік қызмет жөніндегі уәкілетті орган, облыстардағы тәртіптік кеңестер, Мемлекеттік басқару академиясы және өңірлік оқыту орталықтары құрылды. Қазақстанда Мемлекеттік органдар қызметін нақты бағалайтын жүйе қажеттігі туындап, оның нәтижесінде Қазақстан Республикасы Президентінің бастамасымен 2010 жылғы 19 наурыздағы №954 Жарлығымен «Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі» бекітілді [6].

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев атап көрсеткендей, еліміз үшін басты мақсат – әлемнің ең озық дамыған 30 елдің қатарына кіру. Ол үшін бес салада 100 нақты қадам атты реформасы жасалды. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев айқындаған бес институционалды реформаның бірінші бағыты «Кәсіби мемлекеттік аппарат құру» деп аталады. Әрине әлемнің бәсекеге қабілетті, дамыған отыз елінің қатарынан көріну үшін ең алдымен мықты мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастыру басты мәселе болып табылады. Сол себептен, «100 нақты қадам» - Ұлт жоспарын іске асыруда ең бірінші кезекте мемлекеттік аппаратты дамытуға көп көңіл бөлінуі бұл Қазақстан мемлекеттілігін нығайтып, қоғам мен мемлекетті түбегейлі өзгертуге, ең ақыры жаһандық және ішкі сын-қатерлерге қарсы төтеп бере алатын мемлекеттік басқару жүйесін құру мен ауқымды дүниелердің сапалы атқарылуына деген салмақты саясатты қалыптастыру жөн. Осы реформаның ең маңызды бөлігі кәсіби мемлекеттік аппарат құру және автономды мемлекеттік қызметті жетілдіру, жаңа деңгейге шығару болып табылады. Сондықтан да, бірінші институттық реформаның кәсіби мемлекеттік аппарат қалыптастыруға бағытталғандығы кездейсоқтық емес. Себебі, күшті де маңызды мемлекеттік қызмет елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына себеп болады. Жалпы алғанда мемлекеттің барлық институттарын жүзеге асыру жөніндегі Елбасының бес институционалды реформаларының маңызы зор. Келесі кезек Президент атқаруды тапсырған реформалар арқылы кәсіби мемлекеттік аппаратты жаңа сапаға шығару. Осыған сәйкес кәсіби мемлекеттік аппарат құру мәселесі 15 негізгі қадамды қамтып отыр. Олар:

1-қадам. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ҚАБЫЛДАУ РЕСІМДЕРІН ЖАҢҒЫРТУ. Мемлекеттік қызметке қабылдау ТӨМЕНГІ ЛАУАЗЫМДАРДАН басталуы тиіс.

2-қадам. Төменгі лауазымдарға кандидаттарды реттеу және одан әрі лауазымдық өсу ІСКЕРЛІК ҚАСИЕТТЕР негізінде жүзеге асырылуы тиіс.

3-қадам. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің рөлін арттыру есебінен мемлекеттік қызметке алғаш рет қабылданушыларды іріктеу ресімін орталықтандыру. Үш сатылы іріктеу жүйесін енгізу:

- Зандарды білеуін тестілеу және құзіретін анықтау;
- Мемлекеттік қызметтің қағидаларын және құндылығын үміткердің құмарлығын анықтау үшін Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінен сұхбат өткізу;
- Мемлекеттік орган-жолдаушымен сұхбаттан өту.

4-қадам. 3+3 ФОРМУЛАСЫ БОЙЫНША мемлекеттік қызметке бірінші рет қабылданушылар үшін МІНДЕТТІ ТҮРДЕ СЫНАҚ МЕРЗІМІ (тиісінше үш айдан кейін және алты айдан кейін сәйкестілікті межелік бақылау).

5-қадам. Мемлекеттік қызметкерлердің жалақысын қызметінің нәтижесіне байланысты ӨСІРУ.

6-қадам. ЕҢБЕКАҚЫНЫ НӘТИЖЕ БОЙЫНША ТӨЛЕУГЕ КӨШІУ. Мемлекеттік қызметкерлер үшін – жеке жылдық жоспарларды орындау; мемлекеттік органдар үшін – стратегиялық жоспарларды орындау; министрлер және әкімдер үшін – мемлекеттік қызмет сапасының арнаулы индикаторлары, өмір сапасы, инвестиция тарту; Үкімет мүшелері үшін – интегралдық макроэкономикалық индикаторлар.

7-қадам. Мемлекеттік қызметкерлердің ЛАУАЗЫМДЫҚ ЕҢБЕКАҚЫЛАРЫНА Өңірлік үйлестіру коэффициенттерін қосу

8-қадам. Ауыстырылатын мемлекеттік қызметкерлерге лауазымдық міндеттерін атқару кезеңінде оларға ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ ҚҰҚЫҒЫНСЫЗ ҚЫЗМЕТТІК ПӘТЕРЛЕРДІ МІНДЕТТІ ТҮРДЕ БЕРУ.

9-қадам. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ТҰРАҚТЫ ТҮРДЕ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІН ЗАҢДЫ ТҮРДЕ БЕКІТУ – үш жылда бір рет олардың кәсіби шеберлігін арттыру.

10-қадам. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ МАНСАПТЫҚ ЖОҒАРЫЛАТУ ҮШІН КОНКУРСТЫҚ НЕГІЗГЕ КӨШІУ. «Б» корпусының жоғары лауазымдарына жылжыту төменгі лауазымдағы мемлекеттік қызметкерлер қатарынан тек қана конкурстық негізде жылжыту есебінен меритократия қағидатын нығайту.

11-қадам. ШЕТЕЛДІК МЕНЕДЖЕРЛЕРДІ, ЖЕКЕМЕНШІК СЕКТОРДЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН МАМАНДАРЫН, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматтарын мемлекеттік қызметке жіберу. Оларды тағайындау ерекше талаптар және лауазымдардың жеке кестесі бойынша жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл қадам мемлекеттік қызметті ашық және бәсекеге қабілетті жүйе етеді.

12-қадам. ЖАҢА ЭТИКАЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРДІ ЕНГІЗУ. Мемлекеттік қызметтің жаңа Этикалық кодексін жасау. Этика мәселелері жөніндегі уәкілетті өкіл лауазымын енгізу.

13-қадам. ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСТІ КҮШЕЙТУ, сонымен бірге, жаңа заңнамалар әзірлей отырып, Мемлекеттік қызмет істері және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің құрылымында жемқорлық құқық бұзушылықтың жүйелі түрде алдын алу және сауықтыру үшін жемқорлыққа қарсы арнайы бөлім құру.

14-қадам. Барлық мемлекеттік органдарға, оның ішінде құқық қорғау органдарының барлық қызметкерлеріне қатысты МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЖАҢА ЗАҢ қабылдау.

15-қадам. Мемлекеттік қызмет туралы жаңа заң қабылданғаннан кейін ІС БАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ КЕШЕНДІ АТТЕСТАТТАУДАН өткізу, кәсіби талаптарды күшейту және еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін енгізу [7].

2015 жылдың бірнеше айының ішінде ғана, осы 15 негізгі институционалды қадамды заңнамалық ұйымдастыру тұрғысынан қамтамасыз ету бойынша жоспар жасалып, орасан зор жұмыс атқарылды. Осы жоспардың негізгі мақсаты «АУРУЛАРДЫҢ СЫРТҚЫ БЕЛГІЛЕРІН» СЫЛАП-СИПАП ҚОЮ ЕМЕС, ОЛАРДЫ «ЖҮЙЕЛІ ЕМДЕУ» болып табылатын қоғам мен халық мүддесін көздейтін құқықтық мемлекетті жаңадан қалыптастыру.

Қорыта келе, мемлекеттік орган немесе кез келген ұйымда болсын жұмыс нәтижелігін арттырудың қолданыстағы әдіс-тәсілдерімен қоса, доктор Ицхак Калдерон Адизес аталған мәселе бойынша өзінің пікірін білдіреді: «кез келген

ұйымда жұмыс нәтижелігін, қызметтің тиімділігін арттырудың басты алғышарты – қызметшілердің өз ісіне деген құрметі мен сүйіспеншілігі болып табылады» [8,145]. Яғни, әр адам өз ісінің маманы болмаса, өзіне жүктелген функцияларды орындамай, мемлекет таныған бағыттарға немқұрайлы қараса, қызметте де жақсы нәтиже көрсете алмайды деген сөзбен тұжырымға келуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет моделін реформалаудың негізгі тәсілдері» атты баяндамасы. 2008 жылғы 17 маусым
2. Эффективное государственное управление: материалы III Акад. симпозиума (Астана, 25 ноября 2011 г.) Астана: Акад. гос. Упр. При Президенте РК, 2011. – 101 б.
3. С.Ғ.Қапаров. Қазақстандағы мемлекеттік қызметті жетілдіру, – Астана, «Алсем-Астана» б., 2010 ж. 184-185 б.б
4. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет туралы Заңы 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V ҚРЗ қабылданған // «Параграф» ақпараттық жүйесі.
6. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығымен бекітілген «Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі»: <http://akorda.kz/>
7. Ұлт жоспары – Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 нақты қадамы. – Астана. – 2015.
8. Как преодолеть кризисы менеджмента- Диагностика и решение управленческих проблем, -«Стокгольмская школа экономики», Россия, Санкт-Петербург 2006- 294 с.

ӘОЖ 314

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ОРАЛМАНДАРДЫҢ (РЕПАТРИАНТТАРДЫҢ) АЗАМАТТЫҚ АЛУ МӘСЕЛЕСІ

Нұрмұханқызы Д., Рысханов А.Т.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, zhgu.edu.kz

В данной статье рассматривается вопросы о правовом статусе репатриантов, вопросы гражданства, порядок получения гражданства в РК.

This article addresses the issue of the legal status of immigrants, citizenship, the procedure for obtaining citizenship in the Republic of Kazakhstan.

Түсіндірме сөздіктерде «оралман» деген сөз - жаппай саяси қуғын-сүргін актілері, заңсыз реквизициялау, күштеп ұжымдастыру, ізгілікке жат өзге де әрекеттер салдарынан тарихи отанынан тысқары жерге қуылған және азаматтығынан айырылған, Қазақстан Республикасына тұрақты тұру мақсатымен ерікті түрде қоныс аударған байырғы ұлт адамы, сондай-ақ оның ұрпақтары,-деп түсіндіріледі [1].

Еліне қайта оралған азаматтардың азаматтық алу тәртібі, азаматтық алғанға дейін «оралман» мәртебесін алғаннан кейінгі кезеңде қандай жеңілдіктер алады және құқықтары қалай қорғалатындығы Қазақстан Республикасының «Халықтың көші-қоны туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Заңында көрініс тапқан [2].

Осы заңда көрсетілген негізде Қазақстан Республикасының аумағына өз ерікімен келген және Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алған этникалық қазақтар осы Заңның 15-бабының 3-тармағында көрсетілген жергілікті атқарушы органдарға оралман мәртебесін беру туралы өтініш жазады, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тұратын этникалық қазақтар Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелеріне оралман мәртебесін беру туралы өтініш береді.

Бұл заңда көрсетілгендей, өтініште Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын барлық отбасы мүшелері:

- 1) жұбайы (зайыбы);
- 2) өтініш берушінің және жұбайының (зайыбының) ата-аналары;
- 3) балалары (оның ішінде асырап алған балалары) және олардың отбасы мүшелері;
- 4) некеде тұрмайтын, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сінділері (қарындастары) көрсетіледі. Өтініш қанағаттандырылып,

Қазақстан Республикасында «оралман» мәртебесіне ие болған азаматтар: еңбек етіп, жұмысқа орналасуға, жаңа мамандық алуға, сол мамандығын жетілдіру үшін біліктілігін көтеруге, тұрғылықты жерінде белгілі бір курстардан өтіп, мемлекеттік тілді және орыс тілін меңгеруге, тіл курстарына қатысуға; Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қарулы күштер қатары қызметінен босатылуға; орта кәсіби білім алу үшін немесе жоғары оқу орындарына түсу үшін квота алуға; бала бақшаға немесе мектептерге оқуға орналасуға, зейнетақымен, жалақымен қамтамасыз етілуге; бұқаралық саяси репрессия құрбандары үшін өтемақы алатындар қатарындағы азаматтардың құқығын қалпына келтіру; Қазақстан Республикасына кіру үшін берілетін визаға консулдық жинақтан босату; медициналық көмекті тегін алу; заң бойынша қарастырылған мемлекеттік адрестік көмек көрсету; кеден төлемдері мен салық төлемдерінсіз шекарадан өткізу; тұратын жеріне мүлкін жеткізу, баспанамен қамтамасыз ету бір рет берілетін жәрдемақыны алуы қамтамасыз ету мүмкіндіктері қарастырылған [3].

Қазақстан Республикасының «Азаматтық туралы» 1991 жылы 20 желтоқсанда қабылданған Заңына сай, жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен) Қазақстан Республикасының азаматтығына:

1) тұру мерзіміне қарамастан, Қазақстан Республикасының аумағында заңды негіздерде тұрақты тұратын оралмандар;

2) тұру мерзіміне қарамастан, Қазақстан Республикасының аумағында заңды негіздерде тұрақты тұратын, өздерінің ерік қалауынан тыс азаматтығынан айырылған немесе оны жоғалтқан жаппай саяси қуғын-сүргіннің ақталған құрбандары, сондай-ақ олардың ұрпақтары;

3) Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында білім алатын этникалық қазақтар қабылдануы мүмкін.

Жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен) азаматтық алу туралы материалдарды қарау мерзімі өтініш берілген күннен бастап үш айдан аспауға тиіс», -деп көрсетілген [4].

«Азаматтық» ұғымы заң бойынша үш элементтен тұрады: Біріншіден, азаматтың мемлекетпен байланысы уақытша емес, тұрақты болуы тиіс. Адам өз қалауы бойынша азаматтықты біресе қабылдап, біресе одан бас тарта алмайды; Екіншіден, адамның мемлекетпен байланысы саяси-құқықтық сипатта болады. Мемлекет Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын кез келген адаммен құқықтықбайланысқа түсе алады. Бірақ саяси қатынас тек мемлекет пен оның азаматы арасында ғана орнай алады; үшіншіден, мемлекет пен азаматтың арасында өзара құқық пен міндеттемелер белгіленеді.

Қазақстан Республикасы өзінің органдары мен лауазымды адамдары атынан өз азаматтары алдында жауапты, ал Қазақстан Республикасы азаматтары өзінің республикасы алдында жауапты. Ол Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, оның мүдделерін, аумақтық тұтастығын қорғауға, әдет-ғұрып, дәстүрлерді, мемлекеттік тілді және оның аумағында тұратын басқа да ұлт өкілдерінің тілдерін құрметтеуге, Қазақстан Республикасының қуатының, егемендігі мен тәуелсіздігінің нығайтылуына үлес қосуға міндетті [5].

Қазақстан Республикасы азаматтығының негізгі мәселелері Конституциямен және Республиканың азаматтық туралы Заңымен реттеледі. Конституцияға азаматтық туралы негізгі қағидалар: барлық азаматтардың теңдігі туралы, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдігі туралы, құқықтар мен бостандықтардың шектелуіне жол берілмейтіндігі туралы, азаматтықтан айыруға, республика шегінен қуғындауға және басқаларына жол берілмейтіндігі туралы қағидалар енгізілген. Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы Заң: қандай адамдардың Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатынын, олардың құқықтық жағдайларын, азаматтықты алу және тоқтату тәртібін, ата-аналардың азаматтығы өзгерген және бала етіп асырап алған кездегі олардың балаларының азаматтығын, азаматтық мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың өкілеттігін, азаматтық мәселелері бойынша арыздар мен ұсыныстарды қарау, шешімдерді орындау тәртібін, сондай-ақ азаматтық мәселелері жөніндегі шешімдерге шағымдану тәртібін белгілейді [6].

Қазақстан Республикасының азаматтары азаматтықты алу негіздеріне, шығу тегіне, әлеуметтік және мүліктік жағдайларына, нәсілді және ұлттық сипатына, жынысына, біліміне, тіліне, дінге қатынасына, саяси және өзге де наным-сеніміне, руы мен қатынас сипатына, тұратын орнына және басқа мән-жайларына қарамастан заң алдында тең:

Азаматтық деп белгілі бір мемлекеттің заңдылықтарымен орнықтырылған құқықтырды пайдаланы, міндеттерді атқаратын, сондықтан да құқықтары мемлекет тарапынан қорғалатын адамның сол мемлекетке тәнділігін айтамыз. Басқарудың монархиялық формасындағы мемлекеттерде «азаматтық» орнына «бодандық» термині қолданылады.

Азаматтық алу және одан айыру тәртібі мемлекеттің заңдарымен реттеледі. Түрлі мемлекеттерде адамның дүниеге келе сала азаматтық алуы (мәселесі) табиғилау немесе тамырландыру қағидаларымен жүзеге асырылады. Әдетте, тумысынан азаматтық алу мәселесі екі қағидаға сүйеніп шешілуі мүмкін. Оның біріншісі – ұлттық немесе «қан құқығы» (*jus sanguinis*) деп аталынған қағидамен азаматтық алу. Мұндайда баланың азаматтығы, өзге жерде туылғанына қарамастан, оның ата – анасының азаматтығынан туындайтын. Азаматтық алудың екінші түрі – аумақтық немесе «топырақ құқығы» (*jus soli*) делінетін ұстаным бойынша анықталады. Мұндай жағдайда баланың азаматтығы ата – анасының азаматтығымен емес, туған жеріне (еліне) байланысты айқындалады [7].

Қазақстан Республикасының азаматтығына:

Қазақстан Республикасының аумағында заңды негізде кемінде бес жыл тұрақты тұратын не Қазақстан Республикасының азаматтарымен кемінде үш жыл некеде тұратын адамдар қабылданатын болады.

Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылданған кезде кәмелетке толмағандардан, пайым қабілетін жоғалтқан не Қазақстан Республикасының Президенті белгілейтін тізбе бойынша кәсіптерге не және талаптарға сай келетін адамдардан және олардың отбасы мүшелерінен және Қазақстан Республикасы алдында ерекше еңбек сіңірген адамдардан, сондай-ақ Қазақстан аумағынан кеткен адамдар мен олардың ұрпақтарынан, егер олар тарихи Отаны ретінде тұрақты тұру

үшін Қазақстан Республикасына қайтып оралған болса, олардан осы тармақшаның бірінші абзацында көзделген шарттардың болуы талап етілмейді;

Қазақстан Республикасы азаматтарының ішінде жақын туыстарының бірі – баласы (оның ішінде асырап алған баласы), жұбайы (зайыбы) және ата-анасының біреуі (асырап алушы), апа-қарындасы, аға-інісі, атасы немесе әжесі бар, Қазақстан Республикасына тұрақты тұру мақсатымен келген, бұрынғы одақтас республикалардың азаматтары, Қазақстан Республикасында тұру мерзіміне карамастан, қабылданатын болады.

Әскери қызмет атқарып жүрген және Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан әскери қызметшілердің азаматтығы мәселелері Қазақстан Республикасының мемлекетаралық шарттармен белгіленді [8].

1) егер өтініш білдіруші азаматтығын алған тараптың аумағында туған немесе тұрған болса;

2) өтініш білдірушінің біреуі болса да азаматтығын алатын тараптың аумағында тұрақты тұратын және жақын туыстары: жұбайы (зайыбы), ата-аналарының (бала етіп асырап алғандардың) біреуі, баласы (оның ішінде асырап алған баласы), апа-сіңлісі, аға-інісі, атасы және әжесі оның азаматтары болып табылса қолданылады. Ішкі істер органдары тараптардың бірінің азаматтық алуын тіркеуді үш айдан асырылмайтын мерзімге жеңілдетілген тәртіппен жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдаудың дәстүрлі де жеңілдетілген тәртібі кезінде қабылдауға қарсылық білдіру негізі қолданылады. Азаматтыққа қабылдау туралы өтініш, егер адам:

- адамзатқа, Қазақстан Республикасының егемендігі мен тәуелсіздігіне қарсы қылмыс жасаса;

- Қазақстан Республикасы аумағының бірлігі мен тұтастығын бұзуға шақырса;

- мемлекеттік тәуелсіздікке, халықтың денсаулығына нұқсан келтіретін заңға қарсы қызметті жүзеге асырса;

- мемлекетаралық, ұлтаралық және діни өшпенділікті тұтатса, мемлекеттік тілдің қызметіне қарсы әрекет етсе;

- террорлық әрекеті үшін сотталған болса;

- сотпен аса қауіпті қылмыскер деп танылса;

- басқа мемлекеттің азаматы болса қабылданбайды [9]. Адамды өз мемлекетінің азаматтығынан айыру, оны туған елінен алыстау – болмысқа да, қиынға да жат құбылыс.

Өз елінде тұру – адамның табиғи құқығы. Сондықтан Қазақстан Республикасының Конституциясы адамды азаматтығынан айыруға, оны Отанынан қуып жіберуге тыйым салады. Қазақстан мемлекетінің әлеуметтік негізінен онымен тұрақты саяси және құқықтық байланысы бар азаматтар құрайды.

Қазақстан Республикасының Конституциясы республика азаматының басқа бір мемлекетке азамат болғанын мойындамайды. Соған карамастан, азаматтықтың пайда болуы жөніндегі өзге мемлекеттердің заңдарынан туындап жататын жағдайларға байланысты қос азаматтық пайда болуы мүмкін. Екінші азаматтық жұрттың бәріне бірдей беріле бермейді, оны алу үшін елеулі себептер болуы керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Орысша-қазақша заңдық түсіндірме сөздік-анықтамалық. — Алматы: Жеті жарғы, 2008.- 274 б.

2. Қазақстан Республикасының «Халықтың көші-қоны туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477-IV Заңы //

3. Оралмандардың құқықтары мен мәртебесі.- <https://egov.kz/cms/kk/>

4. Қазақстан Республикасының «Азаматтық туралы» 1991 жылы 20 желтоқсанда қабылданған Заңы //
5. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы. Академиялық курс. Алматы: «Жеті жарғы», 2004. – 480б.
6. Қалимұқашева А. Адам құқықтары мен бостандықтары ең басты мәселе. // Заңгер, 2005. -24 б.
7. А.Н. Медушевский Конституционная модернизация.//Конституция как фактор социальных изменений: Сборник докладов. -М., 1999. -234 с.
8. Ашитов З.О., Ашитов Б.З. Қазақстан Республикасының құқық негіздері. Оқу құралы. -Алматы: «Жеті жарғы», 2003. -296 б.
9. Сағындықов А.Н. Конституционное право РК. -Алматы: «Білім», 1999.- 336 с.

ӘОЖ 625

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ: ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

Нұрмұханқызы Д., Серікұлы М.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

В данной статье рассматриваются правовые основы и правовое регулирование выборов Президента Республики Казахстан.

This article examines the legal framework and legal regulation of elections of the President of the Republic of Kazakhstan.

Тәуелсіз Қазақстанның жалпы тарихында Президентті сайлау арқылы билікке әкелу, демократиялық қоғамның алғышарттарына сай қызмет жасау, құқықтық мемлекеттің негізін қалап, жалпы халықтың саяси билікке араласуы көрәнәс тапқан кезеңде мемлекеттегі алдыңғы қатарлы қоғам қайраткерлері мен белсенділері, ғалымдар қауымы Қазақстандағы Президент институтын қалыптасуы мен дамуының алғышарттарын ұсына бастады.

1990 жылдың 24 сәуірінде «Қазақ ССР Президенті қызметін тағайындау және Қазақ ССР Конституциясына (Негізгі Заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңда мынадай мәселелер көрініс тапты: «ҚазССР-нің Президенті болып отыз бес жас емес, алпыс бес жастан аспаған ҚазССР-нің территориясында кем дегенде он жыл тұрақты тұрған, қазақ және орыс тілдерін меңгерген азамат сайлануға құқылы», -деп көрсетілді [1].

1991 жылдың он алтыншы қазандағы Қазақ Жоғарғы Кеңесінің кезектен тыс алтыншы сессиясында қарастырылған Президентті сайлау туралы заң қабылданып, сол жылы бірінші желтоқсанында президенттік сайлау тәртібі орнатылды. Елімізде Президент сайлауының жаңа бағыты көрсетілді. Бірақ 1990 жылы жиырма төртінші сәуірде қабылданған заңның қабылданғанына қарамастан, Президенттіктен үміткерге қойылатын талаптарға басқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жоқ.

Президентті сайлау жолының өзгеру қажеттігі мен маңызы туралы көптеген ұсыныстар, пікірлер айтылды. Соның бірі, Жоғарғы Кеңес депутаты болған, белгілі заңгер-ғалым Салық Зиманов атап көрсеткендей, «Президентті халықтың тікелей сайлауы оның саяси-құқықтық мәртебесі мен биліктік өкілеттігін өзгертеді. Ал бұл тиімді және күшті президенттік билікті орнатуда өте маңызды. Президенттік билік пен парламенттің, жоғарғы атқарушы және жергілікті биліктің қатынастары басқаша қалыптасады. Халықтан мандат алған Президент Парламентпен келіспеушілік

туындаған жағдайда, қажет деп есептесе, еркі билік пен заңдылықтың жоғары елшемі болып табылатын халыққа жүгіне алады», - деп негіздейді [2].

Қазақстан Республикасының Президенттігіне сайлануға қойылаытын талаптар Қазақстан Республикасының Конституциясының 41 – бабында көрсетіліп, бекітілген. Заңға сәйкес, мынадай талаптар қойылады:

1. Қазақстан Республикасының Президентін конституциялық заңға сәйкес жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде Республиканың кәмелетке толған азаматтары жасырын дауыс беру арқылы бес жыл мерзімге сайлайды.

2. Республика Президенті болып тұмысынан Республика азаматы болып табылатын қырық жасқа толған, мемлекеттік тілді еркін меңгерген әрі Қазақстанда соңғы он бес жыл бойы тұратын Республика азаматы сайлана алады.

3. Республика Президентінің кезекті сайлауы желтоқсанның бірінші жексенбісінде өткізіледі және ол мерзімі жағынан Республика Парламентінің жаңа құрамын сайлаумен тұспа-тұс келмеуге тиіс.

3-1. Президенттің кезектен тыс сайлауы Республика Президентінің шешімімен тағайындалады және конституциялық заңда белгіленген тәртіп пен мерзімде өткізіледі.

5. Дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың елу процентінен астамының дауысын алған кандидат сайланды деп есептеледі. Егер кандидаттардың бірде-бірі көрсетілген дауыс санын ала алмаса, қайтадан дауысқа салынады, оған көп дауыс алған екі кандидат қатысады. Дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың ең көп дауысын алған кандидат сайланды деп есептеледі [3].

А. Байжұманованың еңбегінде атап көрсетілгендей, Конституцияның негізінде Президенттікке ұсынылатын адамға қойылатын негізгі талаптарды көрсетілді. Сонымен қатар, мемлекеттің басшысы және жоғары лауазымды қызметті талапқа сай орындауы үшін, оның мол тәжірибесінің болуы, халық арасындағы беделі, сонымен қатар елдің әлеуметтік, экономикалық, саяси дамуының негізгі бағыттарынан хабардар адамның болуы шарт екендігі сөзсіз болды.

Қазақстан Республикасы Конституциясына сай, ел Президенттігіне үміткер адам, міндетті түрде тұмысынан Қазақстан Республикасының азаматы болуы керектігін белгілейді.

Сонымен қатар, Конституцияда кандидаттыққа үміткер Қазақстанда соңғы 15 жыл бойы тұруы шарт, бұл Қазақстан Республикасының Президентіне қойылатын талаптардың бірі болып табылады. Кез келген үміткер, болашақ мемлекет басшысы елді, халықты, оның тарихы терең зерттеп, экономикалық, ұлттық ерекшеліктерін білуі тиіс деп саналады.

Мемлекеттің негізгі заңына сай Президенттікке үміткер мемлекеттік тілді еркін меңгерген болуы талап етіледі. Осындай талаптың қойылуы Қазақстан мемлекеті ежелгі кең байтақ қазақ жерінде қалыптасқандықтан, қазақтың ұлттық дәстүрәнені сақталуын қамтамасыз етудің басты шарттарының бірі болғандықтан, тілді білудің маңызы орасан зор екендігін көрсетті.

Мемлекет басшысы болуға үміткердің тілді білу шарты оның басқа ұлт өкілдерінен болуына шек қойып отырған жоқ, Қазақстан Республикасының Конституциясы негізінде кез келген мемлекеттік тілді меңгерген ұлт өкілдерінің Президенттікке үміткер болуға құқығы бар екендігін алға тартады, ұлтқа шек қойылмаған.

Заңда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне ғана қойылмайтын бір шарт бар, ол бір адамның екі реттен артық Президент бола алмайтындығын [4]. Бұндай талап, Ресей Федерациясының Заңында да көзделген. Бұл конституциялық, норма басқарушы тұлғалардың ауыстырылмайтын номенклатурасын қалыптастыру мүмкіндігіне жол бермеуден туындайды. Сонымен бірге Президенттік лауазымға

қатарынан екі рет сайланған азамат болашақ, Президент лауазымына сайлану үмітін жоғалтпайды.

Ал АҚШ мемлекетіндегі сайлау ерекшеліктері туралы Ө.Қ. Қопабаев еңбектерінде тқжырымдар жасалып, ерекшеліктері көрсетілген:

Бұл мемлекеттің президентін сайлау науқаны бірнеше сатыдан құралған. Біріншіден, Президенттікке үміткер қатысушылар алдын-ала сайлауларда, сонымен қатар партия жиналыстарында, содан кейін барып, партия құрылтайлары сатыларынан өтеді.

Автор атап көрсеткендей, сайлаудың соңына қарай қалған екі кандидаттың жалпыхалықтық сайлауда дауысқа салынып, мемлекетті кім басқаратынын шешеді. Америкадағы президент сайлауының жүйесі күрделі, қағидаларға негізделген тәртіптері бар:

1. Америка Құрама Штаттарының мемлекет басшысын сайлау еі алдымен жиналыстарда, құрылтайларынан бастау алады;

2. Сайлаудың басында үшінші қаңтар мен үшінші маусым аралығында алдын-ала сайлаулар және партия жиналыстары өтеді. Америка Құрама Штаттарында қалыптасқан дәстүрге сәйкес, алдын-ала сайлаулар мен партия жиналыстары президент боламын үміткерлердің ішінен нақтысын лайықтап алады;

3. Әр партиядан үміткердің арасынан іріктеліп алынған екі кандидат нақты додаға түседі. Әр штаттың сайлаушылары Штаттың Заң шығару жиналысының неғұрлым көп санды палатасы сайлаушылар үшін белгілеген талаптарға жауап берулері тиіс.

Бұл елдің заңы сайлаушылардың арасынан нақты үміткерлерді анықтап шығару мүмкіндігін штаттарға береді. Бірақ штаттардың сайлау құқықтарының реттелуіне федералдық биліктердің де араласып отыратындығы белгілі.

Америка Құрама Штатындағы сайлаудың тағы бір ерекшелігі, бұл мемлекетте сайлау жанама түрде жүргізіледі. Оның ерекшелігі сол, сайлаушылардың барлығы белгілі бір партияның дауыс берушілері үшін дауыс береді, содан кейін дауыс берушілер өз штаттарында жиналып, қандай да бір партиядан шыққан үміткер үшін дауыс береді. Дауыс берушілердің барлық дауысы жинақталып, елдің астанасы Вашингтонда белгілі болады [5].

Ал Қазақстандағы Сайлау жүйесінің өзіндік ерекшеліктері бар. Қазақстан Республикасының «Сайлау туралы» Заңына сәйкес, 1. Президентті, Парламент Сенаты депутаттарын, сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Парламент Мәжілісі депутаттарын сайлау кезінде дауыс санаудың мынадай жүйесі қолданылады:

- дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың (таңдаушылардың) елу процентінен астамының дауысын алған;

- қайта дауыс беру кезінде басқа кандидатқа қарағанда дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың (таңдаушылардың) дауыс санының көпшілігін алған сайланады [6].

Республика Президентін, парламенті Мәжілісінің және мәслихаттарының депутаттарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру жағдайында өткізіледі.

Еліміздегі бәсең сайлау құқығының негізінде - Республикадағы азаматтар Конституцияда белгіленген шектеулермен Президент, Парламент Мәжілісінің және мәслихаттың депутаттары болып сайлану құқығы бар.

Республика Президентін, Парламентінің және мәслихаттарының депутаттарын, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлауда жасырын дауыс беріледі, сонымен қатар, сайлаушылардың өз тілегін, құқын білдіруге қандай да болсын бақылау, қадағалау жасауға ешқандай да жол берілмейді.

Дауыс берілетін орындарда сайлаушылардың өзінің саяси құқын іске асыруы үшін арнайы орындар жабдықталып, белгіленеді. Жасырын дауыс беруде сайлау бюллетеньдері нөмір қойылмайды және де ешқандай белгі болмайды, соның неізінде дауыс берушінің жеке бастарын ашып, білуге жол берілмейді деген сөз [7].

Ал 2000 жылы 20 шілдеде қабылданған «Тұңғыш Президенті - Елбасы туралы» Заңда көрсетілгендей, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне — Елбасына Қазақстан Республикасының Президенті ретінде сайлануына белгілі бір шектеулер қойылмайды.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне — Елбасына мынадай мүмкіншіліктер берілген:

1) Қазақстан халқына, мемлекеттік органдардың, сонымен қатар лауазымды адамдарға мемлекеттік құрылыстың, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясаты мен қауіпсіздігінің қамтамасыз етуге байланысты тиісті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар міндетті түрде қарауға жататын бастамалар жасауға;

2) Қазақстан Республикасы Парламенті мен оның палаталарының алдын да, республика Үкіметінің отырыстарында ел үшін маңызды мәселелерді талқылау кезінде сөз сөйлеу; Қазақстан халқы Ассамблеясын басқару; Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, Қауіпсіздік Кеңесінің құрамына кіру құқығы тиесілі.

Мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары бойынша әзірленетін бастамалар Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентімен — Елбасымен келісіледі [8].

Кез келген мемлекеттің өмірінде Президент сайлауының маңызы зор. Өйткені ол арқылы мемлекеттің болашақ даму жолы айқындала түседі, халық өз тағдырын, дамуы мен келешегін кімнің қолына сеніп тапсыруының куісі болады, әркімнің патриоттық сезімінің көрінісі пайда болады, келешек ұрпақ болашағының белестерін көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. 1990 жылы 24 сәуірдегі «Қазақ ССР Президенті қызметін тағайындау және Қазақ ССР Конституциясына (Негізгі Заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақ ССР-ның заңы // Параграф ақпараттық жүйесі.

2. Зиманов С.З. Конституция и Парламент Республики Казахстан – Алматы: Жеті жарғы, 1996. -352 с.

3. Қазақстан Республикасының Конституциясы // Параграф ақпараттық жүйесі.

4. А. Байжұманова Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы.-Талдықорған, 2012.-211 б.

5. Қопабаев Ө.Қ Шет елдердің конституциялық құқығы. АҚШ Конституциясы 1787 ж 2- бөлім,1-бап — Алматы. Жеті жарғы 2007.

6. Қазақстан Республикасының «Сайлау туралы» Заңы// Параграф ақпараттық жүйесі.

7. Тинистановна С.С. Құқық негіздері.-Талдықорған, 2012.-191 б.

8. Қазақстан Республикасының «Тұңғыш Президенті - Елбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 20 шілдедегі N 83-ІІ Конституциялық заңы // Параграф ақпараттық жүйесі.

ӘОЖ 340

АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ ИДЕЯЛАР МЕН ОНЫҢ БАҒЫТТАРЫ

Тинистановна С.С., Егінбаева Қ.Қ.

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
Tin_019@mail.ru; zhgu.edu.kz*

В данной статье рассмотрены идеи и теории о правах и свободах человека и гражданина.

This article considered the main ideas about rights and freedoms of human and citizen.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 12-бабында көрсетілгендей,

1. Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі.

2. Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады.

3. Республиканың азаматы өзінің азаматтығына орай құқықтарға ие болып, міндеттер атқарады.

4. Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Республикада азаматтар үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттер атқарады.

5. Адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс [1].

Адам құқықтары – бұл адамның өмір сүруін қамтамасыз етуге бағытталған табиғи мүмкіндіктері, адамға қоғамдық өмірдің барлық салаларында қызмет ету еркіндігі мен қадыр-қасиеттері және әлеуметтік игіліктерді беруге кепілдік беретін саяси қатынастардың жүйесін бекітетін нормалардың жиынтығы.

Адам құқықтарына мынандай белгілер тән болады:

1) бұл құқықтар адамның табиғи және әлеуметтік мәнінің қоғам болмысы жағдайларында үнемі өзгеріп отыратындығын ескеру арқылы туындап өрі қарай дамып отырады;

2) объективті түрде қалыптасып барып пайда болады және мемлекеттің тануына байланысты болмайды (яғни мемлекет тарабының тануына тәуелді емес);

3) жеке адамға тумысынан тән болады;

4) ажырамайтын, тартып алынбайтын сипатта болады, табиғи ретінде (ауа, су және т.б. сияқтылар ретінде) танылады;

5) тікелей күші бар болып келеді;

6) ең жоғары әлеуметтік құндылық деп танылады;

7) құқықтың қажетті бөлігі ретінде, оның белгілі бір мәнін білдіретін (яғни бейнелейтін) нысаны түрінде көрінеді;

8) жеке адамға өз білігінше әрекет етуге немесе белгілі бір игіліктерді алып пайдалануға мүмкіндік жасайды және оны қамтамасыз етеді сөйтіп барып адамдар мен мемлекет арасында болатын өзара қатынастарды реттейтін қағидаттар мен нормалар болып қалыптасады;

9) Бұларды тану, бұлжытпай орындау, сақтау және қорғау – мемлекеттің міндеті болып табылады [2].

Адам құқықтары табиғи құқықтардан туындайды және барлық адам баласына туа біткен қасиет ретінде танылады. Олар өмір сүру, бостандық, езгіге қарсы тұру. Ж.Д. Бусурмановтың ойынша, «азамат құқығы» деген ұғым бар. «Азамат» сөзі адамның арнайы бір мемлекетпен құқық пен міндет арқылы тікелей байланыста екендігін аңғартады. Кейбір мемлекеттердің Конституциялары табиғи құқықтан туындайтын адам құқықтарының барлық талаптарын мойындамауы мүмкін. Оның ойынша, адам құқықтары, ең алдымен саяси мәселе. Сондықтан адам құқықтары мәселесінде объективті, генетикалық тұрғыда саяси мазмұн болады. Жалпы адам құқықтары деген жоқ нәрсе, тек тек адам құқықтары туралы әлеуметтік-субъективтік ұғымдар, көзқарастар, теориялар, сонымен қатар, талдау объектісі ретіндегі қолда бар әлеуметтік мүмкіндіктер, міндеттемелермен бірге оларға негізделген саяси, құқықтық, моральдық, әлеуметтік және т.б. нормалар бар [3].

Р.Дж. Винсеттің пікірінше, бүгінде адамдар өзінің құқығына ие деген идея-қазіргі дүннежүзілік саясаттың басты жемісі. Бұл идеяны дүннежүзілік, не аймақтық конвенциялар қабылдаған көптеген құқық декларациялары да дәлелдеп отыр. Және мұны мемлекет атынан сөйлейтін адамдар да айтады. Онымен қоймай әртүрлі топтар мен партиялар, ұжымдық құрылымдар да ел ішінде өздерін әлдебір саяси күш екенін таныту үшін немесе тұтас бір мемлекетке айналып қалыптасуға бастайтын тура жол ретінде басшылыққа алады. Баспасөз қызметкерлері болсын, мектептегі шәкірттер де оқулық та бұл қағиданы жан-жақты түсініп, өздерінің сан-салалы өмірлерінде қолданады.

Бірақ Р.Дж. Винсет бұл пікірдің барлығымен келісе бермейді. Моральдық тұрғыдан қарағанда, адам баласының міндеттері құқықтық қағидадан қарағанда айқынырақ көрінуі мүмкін, әрі оның бұрынғырақ қалыптасқаны анық.

Құқық:

1. Адамзат құқығы адамзат нәсіліне жататандардың барлығын қамтиды;
2. Адам құқығы жай құқықтардан анағұрлым жоғары тұрады. (мысалы, өмір сүру құқығы, жерді пайдалануды алатын болсақ). Абсолюттік құқық ретінде қабылданады.
3. Адам құқығы көріністерінің аумағы азаматтық құқықтардан гөрі шектеулі болуы мүмкін.
4. Өмір сүру барысында біреудің біреуге қарсы болу құқығы бар: бұл Заңдылықты мойындап, құрмет тұтуымыз қажет,- деп түсіндіреді [4].

Денис Ллойдтың пікірін алатын болсақ, табиғи құқыққа қарағанда заңды мағынадағы құқық (объективтік және субъективтік құқық) позитивтік құқық ретінде көрініс табады, яғни олар заңдар мен басқа қайнар көздерде бекітіліген.

Позитивтік құқықтың негізгі сипаттары:

1. Құқықты адамдар, болмаса қоғамдық құрылымдар – заң шығарушылар, соттар, құқық субъектілері қалыптастырып, дамытады, яғни олардың мақсатты, ерікті қызметінің нәтижесі болып табылады;
2. Олар заңдар, түрінде көрінеді, жай құр идея немесе қиял түрінде болмайды.
3. Алғаш рет адам құқықтары жөніндегі түсінік ұлы ойшылдар Мао-Цзы, Аристотель т.б. теория шегінде қалыптасып, дамыды. Олардың идеялары адамдардың тұмысынан теңдігі және адамға тән құқықтардың бәріне ортақ екендігі жайлы ойлардан тұрады.

Сонымен бірге осы идеялардың жақтаушылары нақты бір мемлекеттегі адамдардың тең құқылығын бекіте алмауы да мүмкін заңдылық талаптардың өзгермелілігін ескергендіктен еді. Сондықтан нәтижесінде олар мемлекеттің

келісімдік сипатына үміт артты. Орта ғасырларда жақтаушылары адам құқықтарының мемлекеттен тыс пайда болуын жокқа шығаратын заңдық-позитивистік ағым пайда болды. Олар мемлекеттің рационалдық табиғатын, оның өзгермейтіндігін және әлеуметтік-экономикалық жағдайлардан тәуелсіздігін негізге алды, адам құқықтары мен мемлекет заңдарын айырып қарастырмады, ал адам құқықтарының мемлекет құқықтарының алдында ешқандай басымдығын көре алмады.

Олардың пікірінше, адам құқықтары мемлекеттің қажеттіліктеріне және мақсаттылығына қарай өзгеріске ұшырап отыруы тиіс болды. Либералдық теорияның негізін қалаушылар пікірінше, адамның табиғи, қасиетті құқықтары мемлекеттен тыс өмір сүреді. Сонымен қатар, олардың ойынша, билік институты әлеуметтік қасиеттер мен адам құқықтарына қауіп төндіреді. Олар негізгілер ретінде әлеуметтік-экономикалық мүмкіндіктерді ескерместен жеке тұлғаның саяси және азаматтық құқықтарын қарастырды. Бірақ, либералдар өзінің басты мақсаты ретінде жеке тұлғаны мемлекет тарапынан болатын шабуылдан қорғауды көре отырып, формальді теңдік әлеуметтік жағынан аз қорғалған халық топтарын оның мүмкіндіктерін пайдаланудан ада қылатындығын ескерместен адамды қоғам мен мемлекеттен бөліп тастады. Адам құқықтары мен бостандықтарының қазіргі теориялары олардың бөлінбейтін және әмбебап сипатын орнықтырады. Алайда, тұлға мен мемлекеттің қатынастарындағы қайшылықтарды мойындағанына қарамастан оларда құқықтар мен бостандықтардың өзгеретіндігіне жол беріледі. Әйткенмен де мемлекет кейбір құқықтарды шектегенімен адамның барлық құқықтарын тартып ала алмайды. Сондықтан қазіргі саясаткерлер құқықтардың «жоғарғы жақта» көп жинақталуын сондай-ақ адамға берілетін құқықтар мен бостандықтардың сипаты мен көлемін айқындаудағы билеуші элитаның рөлінің үлкендігін мысал ретінде келтіреді. Бірақ, олар адам мен мемлекеттің өзара жауапкершілігіне, құқықтардың кепілдендірілуі мен пайдаланылуына назар аударады [5].

Қазіргі кезде жеке тұлға мен толыққанды құқықтық және әлеуметтік мемлекеттің өзара қатынасқа түсуі барысында саяси құқықтар өздерінің бұрынғы басымдығынан айрылады. Олар екінші деңгейге түседі және азаматтардың құқықтары мен оларды жүзеге асыру нысандарын түсінуіне негіз болады. Бірақ, адам құқықтарының жүзеге асырылуына байланысты түсініктің даралануына баса назар аударылады. Біртіндеп адамның өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асырудың нысанын өздері айқындауға ерікті екендігі туралы идея орнықты. Мемлекет- жеке тұлғаның дамуына қолайлы жағдай тудыру, жеке бастамаларды қолдау құралы.

Теориялық көзқарастар барлық кезде де нақты саяси жүйеде қабылданған адамға құқық берудің нақты стандарттарын ескере бермейді. Теориялық көзқарастар көбінесе интеллектуалдық биік белес ретінде қала беруі мүмкін, ал кейде ол адам құқықтарының жүзеге асырылу тәжірибесіне әсерін тигізеді. Мұндай қол сұғушылық билік етуші режимнің сипатына және олардың материалдық қорларының бар екендігіне байланысты болады. КСРО-да азаматтарға әлеуметтік экономикалық құқықтарды қамтамасыз етумен қатар ұзақ уақыт саяси құқықтар берілмей ғана қоймай «мещандықпен», «күн көрушілік психологиясымен» күрес деген желеумен адамның өмірлік құндылықтары мен мемлекеттен азат өмір сүру құқықтары төмендетіліп отырады. Сонымен бірге қазіргі постиндустриалдық, постмодернистік қоғамда құқықтар мен бостандықтарды дараландыру барлық саяси институттар үшін маңызды ортақ саяси идеяға айналды. Кейбір жағдайларда жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтары қоғамда жаңа бағыттар тудырып, әлемге таныс емес

мемлекет пен адам еркін қатынастарында мәселелер туындатып, мемлекеттің айрықша құқықтарына билік жүргізе бастайды [6].

ҚР Конституциясында адам мен азаматтың азаматтық және саяси құқықтары мен бостандықтарының бекітілуінің арқасында бұл құжат адамның дербестігін, жеке-дара мүдделердің әрекет кеңістігін қорғаудың құқықтық кепіліне айналды. Мемлекет барлығын бақылаушы және барлығына қол сұғушы ұйымының ролін атқаруға ұмтылмайды. Бұл Қазақстанда азаматтық қоғам орнатудың маңызды алғышарты болып табылады. Нақ осы тұлғаның белгіленген дербестігі оның қорғалғандығы, оның белсенді әрекеті және қоғам мен мемлекеттің проблемаларын шешуге қатысу үшін жағдайлар жасау егеменді Қазақстанда азаматтық қоғам қалыптастырудың негізі болмақшы.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы
2. Кемали, М. Адам құқықтары және оларды қорғаудың тетіктері.- Алматы: Нұр-Пресс, 2013.- 1 электр. опт. Диск.
3. Бусурманов Ж.Д., Сактаганова И.С. Адам құқықтарының Еуразиялық концепциясы.- Алматы: Эверо, 2014.-198 б.
4. Р.Дж. Винсет Адам құқықтары және халықаралық қатынастар. Ауд. Р.Н: Жексембиева. – Алматы, 1998.-256 б.
5. Д. Ллойд Идея права / перевод с англ. М.А. Юмашева.- М.: Югона, 2002.- 150 с.
6. Басик В.П. Эволюция понятия «правовой статус человека и гражданина» // Право и политика, - 20037-№5.

ӘОЖ 340.1

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Тинистановна С.С., Сапархан Н.А.

*И. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
Tin_019@mail.ru; zhgu.edu.kz*

В данной статье рассматриваются вопросы обеспечения организации деятельности правоохранительных органов государством.

This article deals with the provision of law enforcement organization by the state bodies.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде мемлекеттің құқыққорғау жүйесін қалыптастырып, оның қызметінің бағыттарын айқындады.

Мемлекеттің құқыққорғау функциясы үш бағытты қамтиды:

1. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету;
2. Меншіктің барлық нысандарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
3. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету. Бұлардың әрқайсысы бір бірімен тығыз байланыстағы, толықтырып тұратын қызметтер болып табылады.

Конституцияда көрсетілгендей, «Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы –адам және оның өмірі болып табылады» [1].

Мемлекеттің құқыққорғау функциясын жүзеге асыру мақсатында жасалған қадамдардың арасында Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы

Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының құқық қорғау жүйесін одан әрі жаңғыртудың 2014-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» болып табылады.

2014-2020 жылдар аралығын қамтитын бағдарламаның бірінші кезеңі 2014-2016 жылдар және екінші кезеңі 2017-2020 жылдарды қамтитын бағдарламаның басты мақсаты: еліміздің азаматтарының құқықтарын және бостандықтарын, қоғамның, мемлекеттің заңды мүдделерін мемлекеттің құқық қорғау жүйесін жаңғыртып, дамыту жолымен тиімді қорғауды қамтамасыз етуді көздейді.

Мемлекеттің осы мақсаттағы барлық қызметі заңдар талаптарының бұзылуына жол бермеу, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында қоғамдық ұйымдардың, бірлестіктердің, мемлекеттік органдардың қызметінде құқықбұзушылықтардың болмауын, тәртіпті қамтамасыз етумен ұштасады.

Қазақстан Республикасындағы құқыққорғау органдарының қызметі негізінен үш бағытты қамтиды: құқықбұзушылықтың алдын алу шараларын жүргізу, құқықбұзушылыққа жол бермеу; екіншіден, заңды істерді қарай отырып, шешу; үшіншіден, заңды бұзғаны үшін жауапкершілікке тартуды алға қояды [2].

Әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауы, өзінің және отбасының құпиясы болуы, ар орданы, намысы, абыройы атының қорғалуына құқығы көрсетілген. Адам, адамзат құқықтары мен бостандықтарының бұлжытпай жүзеге асырылуының нышаны әрі кепілі Қазақстан Республикасының Президенті делінген. Адам, адамзат құқықтары мен бостандықтарын қалтықсыз жүзеге асуына Қазақстан Республикасының Конституциялық кеңесінің, адам құқықтары жөніндегі уәкілетті органның, құқық қорғау және сот органдарының қызметі заңмен, халықаралық қалыптарға сәйкес белгіленген [3].

Қазіргі кезеңде көптеген мемлекеттерде мемлекеттің Негізгі заңының жоғары тұруын қамтамасыз ету мақсатында бүтіндей бір жүйе қалыптастырылған. Тек қана анықталған бір мемлекеттік орган Конституцияның негізінде қабылданған заңдардың сол заңға сәйкестігі мен сәйкессіздігін мойындайды. Конституциялық бақылаудың болуы – құқықтық-демократиялық мемлекеттің бірден-бір негізгі белгісі болып табылады. Конституциялық бақылаусыз заңның үстемдігін, оның бар екендігін қамтамасыз ету мүмкін емес.

Қазіргі кезеңде конституциялық бақылаудың 3 моделін көруге болады:

- Американдық;
- Континентальдық (европалық);
- Аралас.

Конституциялық бақылаудың американдық үлгісі ағылшын-саксондық құқық үлгісі қалыптасқан АҚШ, Малайзия, Мексика, Австралия, Аргентина, Канада, Бразилия, Индия, Жапония сынды мемлекеттерде көрініс табады. Оның ерекшелігі, конституциялық бақылау жалпы сот төрелігінен бөлінбейді. Сондай-ақ скандинавиялық Дания, Исландия, Норвегия, Швеция сияқты мемлекеттерде осындай бақылау жүйесі орын алған. Бұл мемлекеттерде конституциялық заң туралы мәселелер кез келген сот қарауы мүмкін, бірақ түпкілікті шешімді жоғары сот инстанциясы шешеді.

Континентальдық (европалық) үлгідегі мемлекеттерде қоғамдық ерекшелік белгілері бар, европалық әдебиеттерде көрсетілгендей, тек конституциялық сұрақтарды ғана қарайтын, арнайы мамандандырылған органдардың мекемесінің қызметі болып табылады. Европалық мемлекеттерде конституциялық соттар мен конституциялық кеңестер - арнайы органдар көмегімен іске асырылады. Бұл мемлекеттерде конституциялық бақылаудың мәртебесі белгіленіп, арнайы заңмен бекітіліп, жүзеге асырылады.

Бұл үлгі өз кезегінде екі белгісімен ерекшеленеді, біріншіден, австриялық үлгіде конституциялық сотпен, ал франциялық үлгіде конституциялық кеңеспен

қаралады. Конституциялық соттармен Австрия, Италия, Испания, ФРГ, Румыния, Чехия, Словакия, Венгрия, Болгария, Македония мемлекеттерінде конституциялық бақылау жүргізіледі.

Демек, 1. заңдардың конституцияға сәйкестігін тексеруді төменнен жоғары деңгейге дейінгі барлық сот орындары жүзеге асыратын елдер (АҚШ, Дания, Мексика).

2. аталмыш істі тек Жоғарғы Сот жүзеге асыратын елдер (Австралия, Үндістан, Ирландия).

3. арнайы конституциялық соттар құрылған және қызметін атқарып жатқан елдер (ГФР, Австрия, Ресей).

4. конституциялық кеңестер немесе палата түріндегі конституциялық бақылаудың арнайы квазисоттық мекемелерін құрған елдер (Франция, Қазақстан, Марокко).

Жалпы сыныптама жүргізсек, конституциялық бақылаудың негізгі екі нысанын бөліп көрсетуге болады. Олар: американдық және еуропалық. Американдық жүйеде – дау-дамай тууының негізгі болып отырған, заңның немесе басқа да нормативтік актінің конституцияға сай келетіндігі туралы мәселені кез келген сот орыны көтере алады (соттың конституциялық бақылау), ал еуропалықта – аталмыш максаттар үшін, жалпы юрисдикция соттары жүйесіне кірмейтін, мемлекеттік өкіметтің арнайы мекемелері құрылады (квазисоттық конституциялық бақылау). Аталмыш мекемелер арнай тек конституциялық бақылау қызметін жүзеге асырады [4].

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылы 17 тамыздағы «Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығында атап көрсеткендей, еліміздегі Жоғарғы Сот, жергілікті соттардың қызметтерін одан әрі жетілдіру, тезникалық қамтамасыз ету, Жоғары Сот аппаратын құру, мемлекетіміздегі Жоғары Соттың жанындағы сот әкімшілігі жөніндегі комитетінің мемлекеттің меншігіне көшкен мүліктерді есепке алып, бөлу, әшкі істер органдарының қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, кәметтік жасқа толмағандардың тәрбиесі, оқшулау, бейімдеу орталықтарының жұмысын жетілдіру, техникалық қамтамасыз ету мәселелерін, прокуратура органдарының қызметі, заңның үстемдігін қамтамасыз ету бағытындағы шараларды кеңейту міселелерін көтереді [5].

Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның үшінші бабында: «Құқық қорғау органдарына өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жүзеге асыратын прокуратура, ішкі істер органдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеу қызметі жатады», -деп көрсетілген [6].

Барлық заңдар Қазақстан Республикасының Конституциясынан бастау алады. М. Мағжановтың көзқарасына сай, осы Конституцияның 83 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасындағы қадағалаушы орган ретінде Прокуратура мемлекеттің атынан адам құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында, жедел іздестіру қызметінің, тергеу және анықтау органдарының, әкімшілік және атқарушы органдардың, сонымен қатар сот үрдістерінің заңға сәйкес ірекет етуінің негіздерін қадағалап, құқықбұзушылықтарды анықтайды, шаралар қолданады, қызметтің қарқынды жүруіне себепкер болады.

Мемлекеттегі қадағалаушы орган ретінде прокуратура, елімізде заң үстемдігін қамтамасыз етуді, заңдылықты орнықтыруды, заңға жүгіну, адамдар мен азаматтардың құқығын мемлекеттік-құқықтық қорғау, мемлекет пен қоғамның мүддесін қорғау бағытында қызмет атқарады.

Прокуратура азаматтар үшін ең қолжетімді орган болып табылады, себебі азаматтардың әлеуметтік жағдайы, лауазымына қарамастан кез келген азамат өз шағымымен прокуратураға жүгіне алады, сонымен қатар прокурордың өкімімен

прокуратура органдарының зейнеткерлерінен құрылған қоғамдық қабылдауда сұхбаттасу мүмкіндігі болады. Бұл қабылдаудың мақсаты, азаматтарға жеке қабылдау жасап, құқықтық кеңес беру, кәсіби заңгерлік көмекке жүгінуге жол көрсетеді [7].

Заңның ең басты принциптері мен нормаларын шынайы өмірде іске асырудың маңызды шарты – оларды сақтауды қамтамасыз ету және мемлекеттің құқыққорғау жүйесімен қорғау. С. Бекбосыныов атап көрсеткендей, прокуратура осы жүйеде ойып орын алатын маңызды буын болып табылады. Заңды бұзуға жол бермеу, атқарушылық іс жүргізу заңдылығын прокурорлық қадағалау шеңберінде жұмыс жасайды, азаматтардың шағымына орай әрекет жасайды, полиция органдарында құқықбұзушылық болдырмау және алдын алу мақсатында прокуратура қызметкерлері қаланың, аудандық ішкі істер басқармаларында кезекшілік атқарады. Енді әрбір азамат «кезекші прокурорға» қонырау шалып, конституциялық құқықтары мен бостандықтарынбұзудың кез келген фактісі жөнінде хабарлау құқығы қарастырылған [8].

Ішкі істер органдарының қызметінің басты бағытын төмендегі жұмыстардың ауқымы қамтиды және мемлекет осы қызметті тиісті өкілеттіліктегі органдар арқылы қамтамасыз етеді: біріншіден басты қызметі қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, барлық істер органдары бөлімшелерінің ішкі қызметкерлерінің кадрлық қамтамасыз етілуі, біліктілігін арттыруы, материалдық, техникалық қамтылуы; ІІМ облыстың әкімі мен мәслихатын, сондай-ақ мемлекеттік басқарудың өзге де органдарын, мүдделі ведомстваларды қылмыстың, қоғамдық тәртіптің және қоғамдық қауіпсіздіктің жағдайы туралы және құқықтық тәртіп пен заңдылықты нығайту жөнінде қолданылып жатқан шаралар туралы хабардар етіп отырады, сонымен қатар, республика көлемінде, жол бойының ішкі істер бөлімдері өздері қызмет көрсететін аумақта қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті сақтауды тікелей қамтамасыз етеді [6].

Құқық қорғау жүйесін жетілдірудің 2014-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында, «5 институттық реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам», Ұлт жоспаырында лаға қойылған міндеттердің бір бағыты сот жүйесін реформалауға бағытталған.

Қазіргі кезеңде сот жүйесіндегі реформалардың басты бағыты – Қазақстанның сот жүйесіне үш сатылы сот жүйесіне көшіре отырып, азаматтардың сот төрелегіне қолжетімдігін жеңілдетіп, ең бастысы үшін сот жүйесінің қазіргі сатыларын азайтуға бағытталған.

Қазір талап күшейтіліп, судьялардың жауапкершілігін күшейтіп, судьялардың есеп беруін, судьялардың жаңа әдеп кодексін жасау, соның негізінде азаматтар судьялардың, әрекеттері бойынша еліміздің Жоғарғы Сотының жанынан құрылған арнайы Сот алқасына шағымдану мүмкіндіктерін ашу, барлық сот үрдісін бейнебақылауға түсіру шараларын міндетті түрде енгізу айқындалған. Барлық сот жүйесіндегі келелі өзгерістер азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау тетіктерін күшейтуге бағытталады [9].

Мемлекеттің құқыққорғау жүйесі қызметін ұйымдастырудың негізгі бағыттары қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге, заң үстемдігін қамтамасыз етуге, Конституцияның мемлекетте біртұтас пайдалануына, меншік нысандарының сақталуына, сонымен қатар, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.

2. Қазақстан Республикасының құқық қорғау жүйесін одан әрі жаңғыртудың 2014-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.
3. А.Н. Ағыбаев Адам және азамат құқығының конституциялық мәртебесі Заңға түсініктеме // Заң, 2013.-№1.-23-25 бб.
4. Журсимбаев Генезис института конституционного контроля в Республике // Заң және заман, 2015.-№8.- С.7-9.
5. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылы 17 тамыздағы «Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.
6. Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы (ҚР 29.10.2015 № 374-V өзгерістермен толықтыруларымен).// «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.
7. М.Мағжанов На защите конституционных прав граждан // Заң және заман, 2016.-№9.-18-19 бб.
8. С. Бекбосынов Азаматтардың конституциялық құқықтары – Прокуратура қызметінің басым бағыты // Заң және заман, 2015.-№8.-6-7 бб.
9. С.С. Тинистановна Сот жүйесіндегі серпіліс / Жетісу университеті газеті, 2016 жыл қаңтар.

ӘОЖ 342

ҚАЗАҚСТАН КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ ДАМУЫ: ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Тинистановна С.С., Шакербек Е.

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
Tin_019@mail.ru; zhgu.edu.kz*

В данной статье рассматриваются историко-правовые вопросы Основного Закона Республики Казахстан – Конституции. Теоретические и правовые аспекты становления и развития Конституции в Республике Казахстан.

This article considers legal and historical questions about the main law of Republic Kazakhstan – Constitution. Theoretical and legal aspects of establishment and development of Constitution of Republic of Kazakhstan.

Конституция – әрбір тәуелсіз елдің негізгі заңы, Ата Заңымыз. Кез келген мемлекет өзінің негізгі заңын басшылыққа алып өмір сүреді.

Өткенге жүгінсек, әр заманда әрбір жекелеген қазақ хандықтарының заңдары болған. Қазақстанның негізгі заңы Қазан революциясынан кейін жеңіске жетіп, құрыла бастады. Одаққа кіретін республикалардың Конституциялары, кейбір ерекшеліктері болғанымен, одақ Конституциясының көшірмесіндей болды.

Конституциялық Кеңестің мүшесі, ғалым И. Бахтыбаев: Қазақстанның Конституциясының негізі Алашорда өкіметінің ережелері мен бағдарламалық құжаттарынан бастау алады,- деп тұжырымдайды. Олардың бағдарламасында демократиялық, құқықтық мемлекеттің негіздерін беріп, автономиялық мемлекеттің ұлттық қағидалары мен саяси биліктің үш тармағын бекіту көрсетілді. Алайда, кеңес өкіметінің орнауы кедергі жасап, мақсаттары іске аспағаны белгілі. Кеңес Одағы кезеңіндегі конституция партия директивалары құрсауында болды, қабылданған

нормалар декларативтік сипатта болды. Оның ерекшелігі, жұмысшы таптын құқығына аса көңіл бөлініп, адамның тумасынан берілетін құқығын елеусіз қалдырды [1].

1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде мемлекеттің құқықтық негізі қаланып, заңнамалық жүйесін қалыптастыруға бағыт алды. Тәуелсіз елдің Тұңғыш Ата Заңы қабылданып, бүкіл елге заңдық күші бар, қазақ тілінің Мемлекеттік тіл екендігін және мемлекеттік құрылысы мен басқару органдары толық аталып өтті.

1995 жылы 30 тамызында қабылданған Конституцияда көрсетілгендей, «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып осы Конституцияны қабылдаймыз» деп басталуы тегін емес. Бұл құжат халық таңдауы деп айтуға болады, ол халық таңдауынан өтіп, Референдум арқылы қабылданды [2].

«Конституция» деген сөз латынша «жарғы», «заң», грекше «саяси құрылыс» ұғымын білдірген.

Ең бірінші конституция:

- дүниежүзінде 1787 жылы қабылданып, осы күнге дейін қолданылып келе жатқан Америка Құрама Штатының Конституциясы болып табылады:

- Еуропада бірінші конституциялар 1789 Францияда:

- 1791 жылы Польшада қабылданған.

Конституцияның басқа құқықтық нормативтік кесімдерден ерекшелігі: қоғамдық қатынастардың негізін қалайды; құқықтың негізгі бастауы болып табылады; ең жоғары заңдылық күші бар; ерекше тәртіппен қабылдануы (референдум, бүкіл халықтық дауыс беру арқылы); тұрақтылығы.

Құқықтық әдебиеттерде көрсетілгендей, 1993 жылы 28 қаңтарда егеменді, тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясы қабылданды. Ол құқықтық мемлекет құру, оның мемлекеттілігінің тәуелсіздігін қамтамасыз етудің кепілі болып табылды. Екінші рет 1995 жылы 30 тамызда референдум өткізу (бүкіл халықтық дауыс беру арқылы) жолымен конституция қабылданды. Қазақстан Республикасының қазіргі Конституциясы, Ата Заң (1937, 1978, 1993, 1995 жж.). Мемлекетіміздің Негізгі заңына үш рет өзгерістер мен толықтырулар: 1998 жылы 7 қазанда, 2007 жылы 21 мамырда және 2011 жылы 2 ақпанда енгізілді [3].

Қазақстан Республикасының Конституциясында адам, жеке тұлғаның, азаматтардың конституциялық құқықтары, бостандықтары, міндеттері, құқықтық мәртебесі айқын көрсетілген.

Мемлекетіміздің Негізгі заңында адамның жеке басының құқықтары мен бостандықтары қарастырылған. Сонымен қатар, әркімнің өмір сүру құқығын ерекше атап көрсеткен: «1. Әркімнің өмір сүруге құқығы бар.

2. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасы адамдардың қаза болуымен байланысты террористік қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ соғыс уақытында ерекше ауыр қылмыстар жасағаны үшін ең ауыр жаза ретінде заңмен белгіленеді, ондай жазаға кесілген адамның кешірім жасау туралы өтініш ету хақы бар [4]. Заңда ешкімді азаптауға, оған зорлық, зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамның қадыр қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге, не жазалауға болмайды делінген. Мұндай іс әрекеттер жасағандарға заң бойынша жауаптылық белгіленген.

Әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауы, өзінің және отбасының құпиясы болуы, ар ождан, намысы, абыройы атының қорғалуына құқығы көрсетілген.

Адам,, адамзат құқықтары мен бостандықтарының бұлжытпай жүзеге асырылуының нышаны әрі кепілі Қазақстан Республикасының Президенті делінген

Адам, адамзат құқықтары мен бостандықтарын қалтықсыз жүзеге асуына Қазақстан Республикасының Конституциялық кеңесінің, адам құқықтары жөніндегі уәкілетті органның, құқық қорғау және сот органдарының қызметі заңмен, халықаралық қалыптарға сәйкес белгіленген [5].

Ш. Маликова атап көрсеткендей, Конституция Қазақстанның демократиялық, зайырлы, құқықтық және ілеуметтік мемлекет ретінде дамуына қолайлы жағдай жасады. Бұл заң бірінші рет Қазақстанның президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет екендігін жария етті. Конституцияда биліктің бірден бір бастауы халық деген қағида жазылып, биліктің үш тармағын бекітті [2, 4].

З. Жанғалиев атап көрсеткендей, халықтың саяси еркіндігі – Ата Заңның негізін құрайды. Заң адамның әлеуметтік, қызметтік, мүліктік жағдайына, ұлтына, тіліне, наным сенімі мен дініне қарамастан бәріне ортақ, заң алдында барлығы тең және де осы қағида қоғамның негізіне айналды. Заңымыз еліміздегі теңдікті қамтамасыз етті, азаматтардың құқығының кепілін анықтады. Заңда белгіленген «даралық», «құқық», «еркіндік» және де «теңдік» сөздері өмірдің негізіне айналды [6].

Конституцияны қабылдау арқылы халқымыздың тәуелсіз ел болуды армандаған мүддесін заң тілінде айшықтаған, әлемге адамзат ғаламына Қазақстан деген мемлекет бар екенін паш еткен құқықтық құжат болып табылады. Осы Конституциямен еліміздің мемлекеттік тұғыры нығайды, оның басқару тетігі бір жүйеге келді. Еліміздің бұл негізгі Заңы бірінші рет Қазақстан Республикасын президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет деп жария етті.

Президенттік басқару формасына қарай алғашқы елеулі қадамды ҚР-ның Жоғарғы Кеңесі 1993 жылғы желтоқсанда, Президентке заңдар қабылдау құқығы берілген кезде жасады. Президентке заң шығару өкілеттігін уақытша беру туралы заң қабылданған сәттен, ҚР-нда президенттік басқару формасының қалыптасу үрдісі басталды.

Мемлекетіміздің тұңғыш Конституциясында Мемлекет басшысының өкілеттік мерзімі – 5 жыл деп белгіленіп, сондай-ақ бір адамның қатарынан екі мерзімнен астам уақыт Президент бола алмайтындығы белгіленді.

Сонымен қоса, Конституцияда Мемлекет басшысының мынадай өкілеттіктері айқындалды: Республиканың, мемлекеттің егемендігіндігінің, конституциялық құрылысының қорғалуын, қауіпсіздігін, аумағының тұтастығын, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қамтамасыз етілуі үшін шаралар қолданады және заңдарға қол қояды; Жоғарғы Кеңес келісімімен үкімет басшысын, сонымен қатар оның орынбасарларын, сыртқы істер, қорғаныс, қаржы, ішкі істер министрлерін, Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасы мен дипломатиялық өкілдіктерінің басшыларын қызметке тағайындайды; Министрлер Кабинетінің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады; үкімет басшысының ұсынуымен Министрлер Кабинетінің құрамын белгілейді, министрліктерді, комитеттерді және ведомстволарды құрады, таратады; Қауіпсіздік Кеңесін және өзге де кеңесші-ақылдастық алқаларды құрады; мемлекеттік бағдарламаларды бекітеді; Ұлттық валютаның қолданылу тәртібін, мерзімі мен шарттарын белгілейді; Жоғарғы Кеңеспен мақұлдаса отырып, референдум өткізу туралы шешім қабылдайды; халықаралық қатынастарда мемлекет атынан өкілі болып табылады; келіссөздер жүргізеді және халықаралық шарттарға қол қояды, Мемлекет жасасқан шарттар мен қабылданған міндеттемелердің сақталуын қамтамасыз етеді; өзінің жанында тіркелген шет мемлекеттердің дипломатиялық және басқа мемлекет өкілдерінің сенім грамоталары мен кері шақырып алу грамоталарын қабылдайды [3, 125].

Мемлекеттің Жоғарғы Кеңесіне Конституциялық Соты, Жоғарғы Соты, Жоғары Төрелік Соты Төрағасы мен судьяларының, Бас Прокурорының, Ұлттық Банктің Төрағасының кандидатураларын ұсынады; Жоғарғы Кеңеске аталған тұлғалардың міндеттерінен босату туралы ұсыныс жасайды; мемлекеттің қорғаныс қабілетін нығайту жөнінде шаралар қолданады және мемлекеттің Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы; мемлекеттік марапаттарымен марапаттайды, Қазақстанның жоғары дипломатиялық дәрежелері мен әскери атақтарын, құрметті және арнаулы атақтарын береді; заңға сәйкес ҚР азаматтығы, саяси баспана беру мәселелерін шешеді; азаматтарға кешірім беруді жүзеге асырады; заңға сәйкес тек қана азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және конституциялық құрылысты қорғау үшін уақытша шара ретінде төтенше жағдай енгізеді; ҚР Конституциясы мен заңдарына сәйкес басқа да өкілеттікті жүзеге асырады [7]. Ал екінші қабылданған Конституцияда осы өкілеттіліктердің кейбір тұстарына өзгерістер енгізілді.

Қазақстан Республикасының қазіргі Конституциясы 1995 жылғы 30 тамызда бүкіл халықтық референдумда қабылданды. Бұл күн мемлекеттік мереке - Қазақстан Республикасының Конституциясы күні. 1998 және 2007, 2011 жылдары Конституцияға Президенттің өкілдігін кеңейтетін елеулі өзгерістер енгізілді.

Қазақстан Республикасының Конституциясы – демократиялық, өркениеттік дамуды таңдаған мемлекет пен қоғамның ең негізгі, жоғарғы нормативтік құжаты. Ол негізгі заң болғандықтан, бүкіл заңнаманың қайнар көзі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекетіміздің қарқынды дамуының құқықтық іргетасы болып табылады. 1995 жылғы Конституция Қазақстанды Президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет деп жариялады. Мемлекеттің саяси жүйесі Конституцияда нақты көрініс тапқан [6, 18].

Саяси жүйенің негізгі тұғыры – президенттік басқару жүйесі Конституцияда алғаш рет заңдастырылған. Президенттік басқару нысаны мынадай сәттермен сипатталады:

Президент – мемлекет басшысы. Үкімет өзінің бүкіл қызметінде Президенттің алдында жауап береді, тек Конституцияда көзделген ретте ғана Парламентке есеп береді. Президент Үкімет мүшелерін тағайындайды. Заңға сәйкес, Президенттің Парламент қабылдаған заңдарға тыйым салуға құқығы бар. Конституцияда көзделген негізде Президент заңдар, сонымен қатар заң күші бар жарлықтар шығарады.

Президент Парламентті тарату құқығы бар. Президент мемлекет басшысы, әрі Қарулы Күштердің Жоғарғы бас қолбасшысы болып табылады. Президенттің елде төтенше жағдай енгізуге, оның бүкіл аумағында немесе жекелеген жерлерінде әскери жағдай енгізуге, ішінара немесе жалпы мобилизация жариялауға шектеулі құқығы бар. Президенттің кешірім жасау, марапаттау, азаматтық беру құқығы бар [8].

2012 жылы 1 желтоқсанда Қазақстан халқы алғаш рет жаңа мемлекеттік мереке – Тұңғыш Президент Күнін белгіледі. Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның жаңа дәуірінің алғашқы күні» деген мақаласында 1991 жылдың 1 желтоқсанында біздің халқымыздың бүкіл тарихында алғаш рет өткен жалпыға ортақ Қазақстан Президенті сайлауы еліміздің тарихындағы маңызды оқиға болып табылады. «Бұл оқиғаның тарихи мәні мен патриоттық құндылығы көзге ұрып тұр және ешқандай талас тудырмайды. Бұл күні Қазақстан халқы биліктің шынайы қайнар көзі болудағы, билікті қалыптастырып, оның саясатын айқындаудағы өзінің егемен құқығын алғаш рет жүзеге асырды», - деп бағалады [9].

Т. Омарбековтің пікірінше, бүгінгі Қазақстан – өзінің ел таныған ұлттық лидері бар, демократиялық қоғамды орнықтыруды басты мақсатына айналдырған, дүниежүзілік қауымдастық мойындаған тәуелсіз ел. Бұрын біз басқалардан үйренген

болсақ, енді басқа елдер біздің тәжірибемізді басшылыққа алатын айшықты заман орнығып келеді [10].

Қазақстанның Ата Заңының маңыздылығы, адам мен азаматтың негізгі құқықтары мен еркіндіктеріне жоғары заңды күш беруінде ғана емес, адамның конституциялық мәртебесін берік кепілдендіруінде. Қоғамдық өмірдің барлық салаларының дамуына, елдің әлеуметтік, гуманитарлық және экономикалық құрылысының тиімділігіне жауапты ел егемендігінің қағидатын бекітетін құжат. Конституцияда қоғамымыздың ұзақ мерзімді қажеттіліктеріне және перспективалы тарихи үрдістеріне жауап беретін, сонымен қатар қазіргі жағдайларда оған қажетті жасампаз әлеуетті жоғары рухани, қоғамдық-әлеуметтік және экономикалық басымдықтар қалыптастырылған.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. И. Бахтыбаев О Конституции Казахстана // Заң және заман, 2015.- №9.- С. 10-11.
2. Ш. Маликова Менің Конституциям – менің мақтаным // Заң, 2016.- №8.- 2-4 бб.
3. Тинистановна С.С. Құқық негіздері. Оқу құралы. – Талдықорған, 2012.-191 б.
4. Қазақстан Республикасының Конституциясы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.
5. А.Н. Ағыбаев Адам және азамат құқығының конституциялық мәртебесі Заңға түсініктеме // Заң, 2013.-№1.-23-25 бб.
6. З. Жанғалиев Конституция ел дамуының кепілі // Заң және заман, 2015.-№3.- 17-18 бб.
7. Қазіргі Қазақстан тарихы: Хрестоматия /Б.Ғ.Аяғанның ред. – Алматы, 2010. - 41 б.
8. Байжұманова А.М. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы. Оқу құралы. Талдықорған, 2013.- 258 б.
9. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның жаңа дәуірінің алғашқы күні. – Егемен Қазақстан, 2012 жыл 1 желтоқсан
10. Омарбеков Т. Өрлеу жолында. – Ана тілі, 2011жыл 22 желтоқсан.

ӘОЖ 378

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ПАРЛАМЕНТ СЕНАТЫ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Чукмаитов Д.С., Мұқаметқали Д.Б.

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
zhgu.edu.kz*

В данной статье рассмотрены правовое регулирование и основы выборов в депутаты Сената Республики Казахстан.

This article examines the legal regulation and the basis of elections for deputies of the Senate of the Republic of Kazakhstan.

Ата заңымызда адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары, конституциялық құқықтары, міндеттері егжей-тегжейлі қарастырылған. Қазақстан Республикасындағы қолданылатын құқық нормалары Адам құқықтары жөніндегі халықаралық стандартқа негізделген.

А.Н. Ағыбаевтың еңбектерінде елімізде егемендік алғаннан кейінгі жылдары азаматтардың саяси құқықтары туралы, әлеуметтік-экономикалық және мәдени құқықтары туралы конвенциялардың ратификацияланғандығын көрсетеді. Қазіргі уақытта Қазақстан өкілі БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі кеңесінің мүшесі болып отыр. 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституция бүкіл әлем мойындаған халықаралық актілердің ережелерін басты құндылықтар ретінде таниды. Осыған орай Конституция мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы халық екендігін көрсетіп, адам мен азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, міндеттерінің қандайтын құқықтық мәртебеге ерекше мән берген [1].

Қазақстан Республикасы азаматтарының саяси құқықтарының бірі – сайлау құқығы болып табылады. Қазақстан Республикасының Ата Заңында көрсетіліп, республика азаматтарының мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға, сондай-ақ республикалық референдумға қатысуға бекітілгендігі нақты көрсетілген [2].

Мақалада қарастырып отырған өзекті тақырып, тәуелсіз еліміздің заң шығарушы өкілетті органы – Парламенттің, оның жоғары палатасы Сенат депутаттарын сайлаудың ерекшеліктерін ашып көрсете отырып, жан-жақты талдауға бағытталған. Парламент депутаты лауазым иесі емес, халықтың, жалпы сайлаушылардың зор сенімі мен мақсат-мүддесін жүзеге асыра отырып, қорғайтын, халықтың атынан озық ойлар айтуға сенім білдірілген, аумақтың дамуына ықпал ететіндей белсенділігі жоғары, кәсіби білікті тұлғалар ретінде қарастырамыз. Халық оларды сайлау арқылы ғана тікелей немесе сенім артқан өкілдері арқылы мемлекет ісін басқаруға қатысады, мемлекеттің және жергілікті органдардың жұмысына араласады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халыққа жолдауларында болсын, кездесулердегі сөйлеген сөздерінде ең бірінші кезекте ішкі тұрақтылық пен бірлік мәселесі қарастырады. Осы бағыттағы жұмыстарда парламенттің, оның ішінде Сенат депутаттарының рөлі зор. «Біздің барлық отандастарымыз Қазақстандағы тыныштық пен тұрақтылықты, достық пен өзара түсіністікті қорғап, сақтау керек екенін айрықша өткір және нақты сезініп отырғанын атап көрсетті. Еліміздегі заң үстемдігі мен тәртіптілік, халқымыздың бірлігі – бұл сіздердің сайлаушыларыңыздың ең басты, аса маңызды аманаты», - деп атап көрсетті [3].

Еліміздегі Сенат депутаттарын сайлаудың өзіндік ерекшелігі заңда қарастырылған. Парламент Сенаты депутаттарының сайлауына таңдаушылар – мәслихаттар депутаттары болып табылатын еліміздің азаматтары қатысады.

Мемлекетіміздің Ата Заңында ашып көрсетілгендей, «Сенат депутаттары Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен еліміздің әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және Қазақстан Республикасының астанасынан екі адамнан өкілдік ететін депутаттардан құралады. Сенатта қоғамның ұлттық-мәдени және өзге де елеулі мүдделерінің білдірілуін қамтамасыз ету қажеттілігі ескеріле отырып, Сенаттың он бес депутатын республика Президенті тағайындайды».

Сенат депутаттарының өкілеттік мерзімі – алты жыл. «Сенат депутаттарының жартысы әрбір үш жыл сайын қайта сайланып отырады», делінген Конституцияның 50-бабының 2-тармағында [4].

М. Сәрсембаевтың пікірінше, халықаралық құқықтық актілерде парламенттердің құрылымы туралы қанадай да бір ұсынымдар жоқ. Шет мемлекеттердің заң шығарушылық қызмет атқаратын өкілді билік органдарының құрамы, әдетте, құрылым нысанына байланысты болып келеді.

Сондай-ақ, заң шығарушы органдардың атауларында, сандық құрамын анықтауда, азаматтардың сайлау құқықтарында да бірыңғай стандарттар жоқ. Басқа мемлекеттердегі парламенттік жүйелер парламентті қалыптастыру тәсілдері туралы бірталай мағлұмат береді.

Қос палаталы жүйе (бикамерализм) – заң шығарушы билікті ұйымдастыру әдісі болып табылады, әрі бұл әдіс бойынша заң шығарушы жиналыс (парламент) екі коллегиялық органнан – екі палатадан (әдетте – жоғары және төменгі, сирек жағдайда – тең құқылы) қалыптастырылады.

Демократиялық электоралдық қағидаларға сәйкес Қазақстанның заң шығарушы органының жоғары палата депутаттарын – сенаторларды (32 депутат) жергілікті өкілді органдардың, демек, мәслихаттардың сайлауы арқылы жүзеге асырылады. Сенаттың тек бір бөлігін ғана (15 адам) Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды. Осылайша гендерлік тепе-теңдік реттеліп отырады, қоғамның ұлттық-мәдени және өзге де елеулі мүдделерінің білдірілуі қамтамасыз етіледі, Мемлекеттің Парламент сенаты палатасына тәжірибелі мамандар, белгілі саясаткерлер мен қажетті сала мамандарын сайлау мен тағайындау жүргізіледі.

Сайлауды тікелей ел азаматтары емес, мәслихаттар депутаттары жүзеге асыратын болғандықтан, бұл сайлау жанама сайлау деп аталады. Сенат депутаттарын сайлауға ел халқының өзі тікелей неге қатыспайды деген орынды сауал туады. Бұл жерде Қазақстан Парламентінің жоғары палатасы республика өңірлерінің мүддесін білдіретінін, ал өңірлер, өз кезегінде, аудандық, қалалық, 14 облыстық мәслихаттарда және Астана мен Алматы қалалары мәслихаттарында өкілдік ететінін ескеру керек. Парламенттің жоғары палатасын бұлай қалыптастыру, жалпы алғанда, әлемдік үдерістер мен тәжірибеге сәйкес келеді [5].

Сонымен қатар, республика азаматтарының Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын жанама сайлауға құқығы бар азаматтар ғана қатыса алады. Сенаторларды азаматтар төте дауыс беру арқылы сайлаған мәслихаттар депутаттары сайлайды және Қазақстан Республикасының барлық халқының Парламент Сенаты депутаттарының сайлауына жанама түрде қатысуы қамтамасыз етіледі деуге әбден болады.

1. Қазақстан Парламенті Сенатының депутаттарын сайлауға таңдаушылар болып табылатын - мәслихаттың депутаттары азаматтары қатысады.

2. Таңдаушылар Парламент Сенаты депутаттарын сайлауға тең негіздерде қатысады және олардың әрқайсысының Сенат депутатын сайлаған кезде бір ғана дауысы болады.

3. Парламент Сенаты депутаттарын сайлағанда бәсең дауыс құқығы Конституция көрсетілген шектеулермен жүзеге асырылатындығы көрсетілген.

Қазақстан Республикасының «Сайлау туралы» Конституциялық заңының баптарында көзделгендей, тіркеу мерзімі аяқталғаннан уақытта кандидаттардың шығып қалуы негізінде Сенат депутаттығына екіден кем кандидат қалған болса, Орталық сайлау комиссиясы тиісті облыстық (республикалық маңызы бар қала және астана), қалалық сайлау комиссиясының алға таруы бойынша, өз қаулысымен сайлау уақытын ұзартады, заң бойынша ол уақыт екі ай мерзімнен аспауы тиіс. Сонымен қатар заң бойынша «бұл жағдайда Сенат депутаттығына кандидаттар ұсыну сайлау туралы заңда белгіленген ережелерге сәйкес жүзеге асырылады» делінген [6].

Палатаға депутаттарды тағайындауды демократиялық жанама сайлаумен салыстыратын болсақ, парламенттің жоғары палата құрамын қалыптастырудың осы әдісі консервативтік әдіс болып табылады. Тарихта бұл әдіс кейбір демократиялық мемлекеттерде парламенттің екінші палатасын жасақтаудың да қолайлы, тұрақтанған әдістерінің бірі болып қалған. Мәселен, , Ұлыбританияда министрлер кабинетінің ұсынысымен Патшайым өмір бойына Лордтар палатасының мүшелерін сайлайды. Қазіргі кезеңде бұндай міртебеге ие болғандар саны 676 жеткен, бұрын екі есе көп болған. Лордтардың өкілеттігінің мерзіміне шектеу қойылмаған. Ал, Канадада Сенаттың барлық мүшелерін үкімет басшысының ұсынысы бойынша заңда көрсетілген негізде

жастары жетпіс беске келгенше Сенат отырысына қатысатындай етіп, генерал-губернатор тұрақты мерзімге сайлайды.

Германины алатын болсақ, үкіметі мүшелерінен қалыптастырылатын Германия Федеративтік Республикасы Бундестагына сайланудың өкілеттік мерзімі жоқ, шек қойылмаған. Тиісті жерлердің үкіметі оларды тағайындайды және өздері қайта шақырып алу құқығы бар. Ал біздің елімізде таңдаушылар сайлайтын депутаттармен қатар, Республика Президенті өзі тағайындайтын 15 депутатын қоғамның ұлттық-мәдени және өзге де елеулі мүдделерінің білдірілуін қамтамасыз ету көзделіп, сенім білдіріледі.

Шет мемлекеттердің заңнамаларында болсын, өз елімізде де палатаға депутат болу үшін азаматтықтың болуы туралы талап парламенттерінде екінші палатасы бар барлық дерлік елдерінде қалыптасқан тәжірибе болып отыр. Азаматтығының болуы туралы шарт Австрияда, Аргентинада, Австралияда, Беларусь мемлекетінде, Бельгияда, Индияда, Ирландияда, Испанияда, Италияда, Колумбияда, Малайзияда, Мароккода, Нидерландыда, Пәкістанда, Польшада, Румынияда, Словения елінде, АҚШ, мемлекетінде Чилиде де, Францияда, Жапония сияқты мемлекеттердің Негізгі Заңында орын алған.

Мексика мен Тайландта, Тунис пен Уругвайда заң шығарушы органның жоғары палатасының депутаттығына кандидаттың тумысынан сол елдің азаматы болуы талап етіледі. Чехия сынды мемлекеттерде, сонымен қатар Египетте кандидаттың берген өтініші негізінде азаматтық алған тұлғалардың ұсыну құқығы бар. Ал Германияны алатын болсақ, либералды: үміткердің бір жыл Германия азаматы болуы жеткілікті.

Қазақстанда Сенат депутаттығына кандидатқа қойылатын талаптың бірі азаматтың Қазақстан Республикасы аумағында соңғы он жыл тұрақты тұруы болып табылады. Депутаттыққа кандидаттың мемлекет аумағында тұрақты тұруы туралы талап Польша мен Тунисте мысалы, бес жыл, Аргентина сынды елде алты жылдан кем болмауы керек, Америка Құрама Штат белгісында біздің елдегідей он жылдан кем болмауы керек. Осындай талаптың қойылуының бір себебі болашақ сенатор халықтың мұқтаждықтарын, өңірдің және тұтастай алғанда өз елінің жағдайын білуі керек деген мақсатта қойылған. Осы көзқарас тұрғысынан келгенде, мұндай талапқа сай сенатор мемлекеттің заң шығару жұмысына халық мүддесін ескере отырып, белсенді әрі кәсіби деңгейде қатысады деп сенім артуға болады [5, 3].

Парламент Сенат депутаттығына кандидаттардың жасына байланысты заңда шектеулер көзделген. Біздің мемлекетіміздің заңына сай кандидаттың жасы отызға толуы белгіленген. Ал, Аргентинада, Беларусь мемлекетінде, Египетте, Индияда, Колумбияда, сонымен қатар, Малайзияда, Мароккода, Пәкістанда, Польшада, АҚШ, Уругвайда, Францияда, Жапонияда біздің елдегідей отыз жас цензасы белгіленген. Бразилия мен Румынияда, Тәжікстан мен Филиппинде жасы кемінде жасы отыз бес жастан кем болмауы көзделген. Сенаторлар үшін ең жоғары жас цензасы Италия мен Тайландта, Тунис пен Чехияжа, Чилиде жасы қырыққа толмаса сенатор бола алмайды.

Қазақстан Сенаты депутаттығына кандидаттардың жоғары білімі болуы шарт және кемінде бес жыл жұмыс өтілі болуы тиіс. Бірақ барлық мемлекеттерде білімі жайында осындай талап қойылмаған. Сенаторларға білім деңгейі жайлы шектеу қойылған мемлекеттер қатарында Египет, Филиппин мен Тайланд сынды мемлекеттер. Мысалы, Тайландта Сенат (Витусапх) депутаттығына кандидаттың бакалавр дәрежесі болуын талап етіп, белгілі бар біліктілікті қажет деп санайды.

Осы талдауды қорытындылай келе, біздің елімізде Парламенттің құрылымы, сондай-ақ оның палаталарын қалыптастыру тәртібі жалпы әлемдік тәжірибеге сәйкес келеді, депутаттық корпустың жоғары кәсіби деңгейін, қабылданатын заңдардың сапасын, сондай-ақ өңірлік мүдделердің елдің жоғары заң шығарушы органында тиімді білдірілуін қамтамасыз етеді деген тұжырым жасауға болады.

Оның сыртында, қазақстандық заңнамамен көзделген Сенат депутаттары сайлауының міндетті түрде балама жүйеде өткізілуі, оның ашықтығы мен айқындығы,

сондай-ақ азаматтардың сайлауға өзін өзі ұсыну жолымен ұсынылған кандидат ретінде кеңінен қатысуына мүмкіндік берілуі Қазақстанның демократиялық сайлау жүйесін одан әрі жетілдіруге және дамытуға деген ұмтылысының дәлелі болып табылады [7].

Қоғамда жоғары саяси мәдениеттің қалыптасып, сапалық жаңа деңгейлерге көтерілуіне ықпал ету үшін әрбір азаматтың соған деген ұмтылысы мен саясаттың жүзеге асуына әрқайсысы мүдделі болуы шарт. Ал қазақ жастарының өз мемлекетінің болашағына енжар, сүлесок қарамауына жол ашу үшін тәрбие отбасынан басталып, бала-бақшада, мектепте, оқу орындарында мемлекеттік билік, оның тармақтары, әсіресе, Парламенттің рөлі мен өкілеттілігі, ел үшін оның жұмысының сапалылығының зор екендігін түсінуі тиіс.

Парламенттің, оның ішінде Сенаттың рөлін насихаттап, ақпарат беттерінде оның маңызын үнемі еске салып отыру қажет.

Демократияның негізгі бастауы – сайлау десек, оған жаппай қатысуы азаматтардың белгілі бір дәрежеде ұлтжандылығының белгісі де іспеттес, себебі заң шығарушы органның палатасына депутаттар салауына немқұрайлы қарамауы тиіс, әрі маңызы зор деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. А.Н. Ағыбаев Адам және азамат құқығының конституциялық мәртебесі // Заң, 2013.-№1.-23-25 бб.
2. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған Конституциясы (2011 жылғы 02 ақпандағы өзгерістері мен толықтыруларымен).- Параграф ақпараттық жүйесі.
3. Назарбаев Н.Ә. «Төртеу түгел болса, төбедегі келеді» ҚР Парламентінің V шақырылған бірінші сессиясында сөйлеген сөзі.- Егемен Қазақстан, 2012 жыл 21 қаңтар.
4. Тинистановна С.С. Құқық негіздері. Оқу құралы.- Талдықорған, 2012.- 191 б.
5. Сәрсембаев М. Сенат сайлауы және әлемдік электоралдық тәжірибе.- Егемен Қазақстан, 2011 жыл 25 маусым.
6. «Қазақстан Республикасының Сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі конституциялық Заңы.- Алматы: «Юрист», 2010.
7. Тинистановна С.С. Қазақстан Республикасында Парламент Сенаты депутаттарын сайлаудың құқықтық негіздері.- «The Fourth International Scientific Conference on Private and Public Law».Proceedings of the Conference (November 17, 2014). «East West» Association for Advanced Studies and Higher Education GmbH. Vienna. 2014. - P.31-37.

ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ

ӘОЖ 330.342

ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӘСІПКЕРЛІК: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙ, МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Беделбаева А.Е.

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
aselya.mukatova@mail.ru*

Рассмотрены проблемы развития малых и средних инновационных предприятий в Республике Казахстан. Определены особенности управления инновационным развитием малых предприятий в части их инвестиционного обеспечения. Предложены подходы к встраиванию отдельных хозяйствующих субъектов в национальную инновационную систему.

In the article reviewed problems of development of the small and middle innovative enterprises in Republic of Kazakhstan. Defined some features of managing the innovations and development at Kazakhstan's productions enterprises from the positions of investment supply. Offered the ways of embedding the economic entities into the national innovative system.

Кілт сөздер: инновация, инновациялық жүйе, инновациялық қызмет, шағын және орта кәсіпкерлік, технология.

Нарық жағдайында мемлекеттің экономикалық өсуінің негізгі қозғаушы күші - инновациялар болып табылады. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, мемлекеттің тұрақты әрі белсенді дамуы үшін оның әлеуметтік-экономикалық бағдарламалары шағын және орта бизнесті дамыту мен ынталандырудан бастау алады. Бүгінгі таңда дамыған мемлекеттерде жалпы ішкі өнімнің 40-90%-ы шағын және орта бизнес үлесіне тиесілі [1, 5].

Осы орайда, шағын және орта бизнестің инновациялық әзірлемелермен шұғылдану мүмкіндігі туралы мәселе туындайды.

Шағын инновациялық бизнес, ең алдымен, ғылыми-техникалық әзірлемелер, өндіріске жаңалықтар мен түрлі инновацияларды ендіру салаларында дамыған. «Инновация» түсінігі әлемдік экономикалық әдебиеттерде инновациялық қызметтің ақырғы нәтижесі ретінде түсіндіріледі. Сол себепті, шағын инновациялық бизнес тек ірі корпорациялармен ғана емес, сонымен қатар ғылым саласымен де өзара ынтымақтастық қызметін атқарады.

Қазақстан Республикасының инновациялық дамуға бағдарлануы 1990 жылдардан бастау алды, ал 2003 жылдан бастап тұжырымдамалық және стратегиялық жолдары қалыптаса бастады. Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған индустриалды-инновациялық даму Стратегиясын жүзеге асыру нәтижесінде аймақтардың өндірістік жаңғыруы іске асырылды. Осы аралықта Қазақстанда нақты әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешу бойынша 100 жуық мемлекеттік, салалық және бюджеттік бағдарламалар жүзеге асырылған. Олардың бірнешесі инновациялық мәселелерді қамтыды, атап айтқанда, Қазақстан Республикасының 2007-2012 жылдарға арналған Ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасының 2005-2010 жылдарға арналған Білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, «Электрондық үкіметті» қалыптастырудың мемлекеттік бағдарламасы және т.б. [2, 32].

Ұлттық экономиканы инновациялық дамытуда мемлекет жүргізген іс-шаралардың нәтижесін нақты көрсеткіштер сипаттайды. Мысалы, 2015 жылы шағын және орта бизнес субъектілерінің саны республикада 1,4 млн., ал жалпы ішкі

өнімдегі шағын және орта бизнес үлесі 17,5% құрады. Бизнесі жүргізу рейтингінде 2015 жылы Қазақстан 50-орын иеленді, «мөншікті тіркеу» және «салық салу» позициясы бойынша 18-орын, «инвесторларды қорғау» параметрі бойынша 22-орын, «кәсіпорындарды тіркеу» бойынша 30-орын иеленді.

Алайда, қазақстандық шағын инновациялық бизнестің дамуы қатал шарттарда жүзеге асырылуда, оған тосқауыл болатын көптеген мәселелерді атап айтуға болады.

Өндірістік кәсіпорындарда жүзеге асырылатын көптеген инновациялық жобалар ұйымдастырушылық инновацияларға бағытталған, ал технологиялық инновациялар жаңа құрал-жабдықтар мен технологияларды шетелдік әзірлеушілерден сатып алумен шектеледі. Технологиялық экспорт пен импорттың ара қатынасы қазақстандық экономикаға кері әсерін тигізеді, экономиканың бәсекеге қабілеттілігі төмендейді, бұның салдарынан экспорттық-шикізаттық үлгіден инновациялық даму үлгісіне өту мүмкіндігі қиындайды.

Қазақстандық инновациялық жүйе, жалпы экономика сияқты, мемлекеттік сектор жағына қарай құрылымдық деформацияланған. Басқарушылық икемділігінің жеткіліксіз болуы, кәсіпкерлік қызметтің тиімділігін жоғарылатуға, өндірістік база мен басқарушылық технологияларды жаңартуға ынталандырудың жоқтығы, инновацияларды тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді.

Инновациялық қызметтің дамуын тежейтін мәселелердің бірі – қаржылық ресурстардың жеткіліксіз болуы. Қазақстанда инновациялық бизнестің қаржылық қамтылу жүйесі толық қалыптаспаған. Шағын кәсіпорындар ғылыми-техникалық саладағы әзірлеулер үшін мемлекеттік қорлар тарапынан қолдау алса да, ары қарай бизнесін кеңейтуге мүмкіндігі болмайды. Шағын кәсіпорындарда жүргізілген инновациялық әзірлеулерді қолдауға ірі компаниялар, әдетте, қызығушылық танытпайды. Банктер тарапынан несиелік нарықтың бұл сегментінде қызмет еткен тиімсіз: тәуекелдердің жоғарылығы, бизнес-жоспардың нашар негізделуі, қамтылу өтімділігінің төмендігі. Шағын кәсіпкерлік үшін банктердің қысқа мерзімді несиелері неғұрлым қол жетімді қаржылық ресурс болып табылады, бірақ несиелеудің бұл түрі инновациялық жобаларды ұзақ мерзімді инвестициялауға мүмкіндік бермейді. Қазақстандық шағын және орта бизнесті несиелеу - банктік несиелеудің жалпы көлемінің 5-10% ғана құрайды [3, 58].

Сондай-ақ, жаңа өнімге деген сұраныстың төмендігі, жаңалықтарды енгізу құнының экономикалық тәуекел деңгейінің жоғарылығы және инновациялардың өтелімділік мерзімінің ұзақтығы - кәсіпкердің инновациялық қызметпен айналысудың ынтасына кері әсерін тигізеді.

Шағын инновациялық кәсіпкерліктің тағы бір өзекті мәселесі – жаңа техника мен технология және өткізу нарығы туралы ақпараттың жеткіліксіз болуы, басқа кәсіпорындар мен ғылыми ұйымдармен бірлесіп қызмет ету мүмкіндігінің жоқтығы. Шағын кәсіпорындар арасындағы бәсекелестіктің төмендігі инновациялардың дамуын тежеуші факторлардың бірі болып табылады. Бәсекелестіктің жоқтығы, ең алдымен, кәсіпкерлердің ынталандырушы қозғамдамасының жоқтығына байланысты. Шағын бизнес өкілдері пайданың болуын кепілдендіретін қызмет түрімен айналысуды көздейді, мысал ретінде, сауда.

Жоғары технологиялық ортада жоғары мамандандырылған кадрлардың жоқтығы инновациялық инфрақұрылымның тиімсіз дамуына әсерін тигізеді. Инновациялық қызметті басқару үшін ерекше біліктілігі, арнайы білімі және тәжірибесі бар мамандар қажет. Қазіргі таңда «милардың ағылып кету» мәселесі орын алуды. Ғылыми еңбектің абыройы төменгі дәрежеде қалуда, сондықтан ғылыми қызмет көрсету саласында жұмыспен қамтылғандар санының орташа жылдық динамикасы тұрақсыз болып отыр [4, 42].

Республикамызда инновациялық қызметті дамуын тежеуші факторлардың бірі – құқықтық базаның жетілмеуі. «Инновация» және «инновациялық қызмет» түсініктеріне заң жүзінде нақты анықтама берілмеген. Сондай-ақ, инновациялық инфрақұрылымға тікелей қатысты технопарк, инновациялық-технологиялық орталықтар, технологияларды тапсыру бойынша орталықтар сияқты маңызды түсініктерге анықтамалар берілмеген.

Қазіргі таңда Қазақстандағы инновациялық қызмет мәселесі қажетті ғылыми зерттеулермен негізделмеген. Инновациялық заңнамалар баяу әрі дәйектіліксіз, нақты концепциясыз даму үстінде. Инновациялық қызмет пен инновациялық кәсіпорындар туралы толық ақпаратты қамтып көрсете алмайтын статистикалық органдар да әрекетсіздік танытуда. Республикалық, жергілікті, аймақтық деңгейлерде инновациялық кәсіпорындардың мониторингі жүргізілмейтіндіктен, мұндай ақпаратты табу тіпті мүмкін емес. Инновациялық қызметпен айналысатын шағын және орта кәсіпорындар туралы нақты мәліметтердің болмауы, олардың өзекті мәселелерін жедел шешуге тосқауыл болып отыр.

Өндірістік-құқықтық құрылымның нашар дамуы да мемлекеттің инновациялық дамуына әсерін тигізеді. Мысалы, 1982 жылы АҚШ-та барлық ғылыми әзірлемелерді коммерциялауға рұқсат ететін заң қабылданып, сол жылдың өзінде-ақ осы сектордан түсетін салықтың көлемі жүз есе артқан болатын. Өкінішке орай, бүгінгі қазақстандық заңнамаға сүйенсек, мемлекеттің қатысуымен белгілі бір жаңалық жасаған кез келген адамға немесе ғылыми ұйымға оның әзірлемесін коммерциялауға қатаң тыйым салынған. Қазақстандық заңнамада «күпиялылық» пен «ұлттық мүдделерді қорғау» сынды көптеген кедергілер бар. Егер осы кедергілерді еңсермесек, инновациялық нарықтың болуы мүмкін емес. Инновациялық нарықтың дамуы үшін нақты механизмдерді құру қажет. Бүгінгі заңнамалық қамсыздандыру жағдайында тәуекелді жобаларға нарық субъектілерінің ешқайсысы ақша құралдарын орналастыруға бел бумайды [5, 12].

Мемлекеттегі технологиялар нарығы жетілмегендігін атап айту керек. Әлемдік нарықта іс-әрекет етуге бел бұған кәсіпкерлерді құқықтық және экономикалық тұрғыдан дайындау мәселесін қозғаған жөн. Әлемдік нарықтың жазылмаған заңының бірі – егер ұсынылған құрал-жабдық ISO 9000:2000 әлемдік сапа стандартының сертификатымен қамтылмаса, ол қаншалықты жетілген әрі жоғары технологиялық болғанымен, сатып алушылардың сенімін ақтай алмайды. Осындай сапаны басқару жүйесін енгізу шағын кәсіпорындар үшін аса маңызды. Ол сатып алушының өнімге деген сенімін ақтап қана қоймай, инновациялық жобаны жүзеге асыру барысында тәуекелдерді төмендетуге мүмкіндік береді [6].

Әлемдік нарықта инновацияларды дамыту мониторингін, алғашқы уақытта үйренуге және одан кейін де ғылыми-техникалық және инновациялық шаманы, сонымен қатар, материалдық қаржы қорларын нәтижелі пайдалану мен ары қарай дамыту инновациялық инфрақұрылымын жүзеге асыру ұсынылады келесі шаралар қолданылады:

- ғылыми кеңейтілген технологияларды жұмылдыруға көмек көрсету;
- инновациялық жобалар нарығын дамытуға көмек көрсету;
- кәсіпкерлерді ғылыми кеңейтілген, бәсекеге қабілетті өнімдерді шығаруға бағыттау және осының есебінен республика халқының мүддесіне қарай салық салу базасын кеңейту;
- бәсекеге қабілеттілікті жоғарылату саясатын мақсатты жүргізу, саланың экономикалық өсуінің инновациялық бағытпен қамтамасыз етілуіне ықпал ету [7].

Жоғарыда көрсетілген әрекеттерді жүзеге асыру үшін халық шаруашылығындағы жұмыс істеп тұрған салаларға инвестиция салу бойынша облыстық әкімшіліктердің жұмысын қарқындату қажет, жаңа ауылшаруашылық

нысандарын құруға ықпал ету және басқа облыстармен экономикалық интеграция және аймақтық еңбек бөлінісі мүмкіндігін есепке ала отырып, ауыл шаруашылығын мамандандырудағы жаңа салаларды дамыту керек.

Сонымен қатар, жоғарыдағы мәселелерді шешу үшін келесідей іс-шараларды іске асыру қажет:

Біріншіден, нақты мәліметтердің болмауы мәселесін шешу үшін, шұғыл түрде Қазақстан Республикасының инновациялық кәсіпорындарының мониторингін жүргізуді бастау керек. Әрбір облыста, аймақта, қалада қанша инновациялық кәсіпорынның қызмет етіп жатқандығын анықтау қажет.

Екіншіден, шағын кәсіпорындарды қаржыландыру жүйесін жетілдіру үшін, республикалық мақсатты бағдарламалар жүйесін қайта құру қажет, жоба орындаушыларын таңдау үшін тендер жүргізіліп, инновациялық жобалар келісім-шарт негізінде қаржыландырылуы жөн. Бұл бәсекелік ортаның дамуы үшін қолайлы жағдай туғызады. Аймақтардың немесе мемлекеттік емес көздердің акша құралдарын тартумен байланысты паритеттік қаржыландыру түрін пайдаланған оңтайлы. Жалпы айтқанда, төмендегі мақсатты бағдарламаларды мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырған жөн:

- әлеуметтік маңызы бар зерттеулер мен әзірлемелерін (мысалы, медициналық ғылыми-зерттеулер және тәжірибелі-құрастырма жұмыстардың басым бөлігі).

- мемлекет үшін маңызды жаңа технологияларды әзірлемелерін;

- қоғамдық маңызы бар инфрақұрылымды әзірлеу және құру бойынша жұмыстарды (шағын бизнес инкубаторларының, инновациялық-технологиялық орталықтарының жүйесін құру,);

- жоғары технологиялық шағын бизнестің дамуын ынталандыру мақсатында жеке коммерциялық жобалардың бағдарламаларын.

Үшіншіден, инновацияларға қатысты құқықтық мәселелерді шешу үшін, ең алдымен, «инновация», «инновациялық қызмет» және инновациялық саланың көптеген түсініктеріне анықтама беретін заңнамалық базаны әзірлеу қажет. Инновациялық қызметті нормативтік-құқықтық реттеу төмендегілерді қамтамасыз ететін заңдар мен нормативтік актілердің әзірленуі мен іске енгізілуін қарастыру керек:

- мемлекет, қоғамдық ұйымдар, кәсіпорындар мен жеке тұлғалар, инновациялық қызметтің өнімін сатудан алынған пайда мен жеңілдетілген салық салу есебінен, инновациялық қызметке өз табыстарының бір бөлігін салуда қызығушылық білдіруі керек;

- барлық қатысушылар инновациялық ойды тауарлық түрге жеткізуде және оның нарықта коммерциялық орындалуына қызығушылық білдіруі керек;

- инновациялық қызметтің қатысушыларына кепілдендірілген және жеңілдетілген несие алу мүмкіндігі;

- ғылыми ұйымдар мен жеке ғалымдар үшін интеллектуалды меншік құқығын қорғауды қамтамасыз ету;

- инновациялық үдерістің қатысушылары мен осы жобаларды қаржыландыратын инвесторлардың қоғамдық мәртебесі мен сақтандырушылық қорғалуын қамтамасыз ету;

- ғылыми бағдарламаларды қаржыландыруға бағытталған акша құралдарының орынды жұмсалыуына бақылау жасау.

Кадрлармен байланысты мәселені шешу үшін, инновациялық жобалардың жоғары маманданған жетекшілерін даярлау қажет. Ол үшін, ең алдымен, оқу орындарына қарасты жаңа инновациялық-техникалық орталықтар ашу керек. Екіншіден, инновациялық кәсіпкерлік саласында мамандарды даярлау үшін білім

беру мәселесі кешенді сипатта болуы шарт. Мамандарды оқыту мен дәрежесін көтеру үдерісі бір дипломмен шектеліп қана қоймай, үздіксіз болуы керек. Инновациялық-беделді кәсіпорындар үшін кеңес беру қызметінің жүйесін құру қажет.

Венчурлік қаржыландыру инновациялық үдерістің бастапқы кезеңін қамтамасыз етудің негізінде жататыны әлемдік тәжірибеде дәлелденген. Сондықтан, қаржы механизмін жетілдіру мақсатында жаңа венчурлік қаржыландыру бағдарламаларын әзірлеген жөн.

Қорыта келе, қазақстандық кәсіпорындардың инновациялық дамуын жеделдету үшін, барлық деңгейдегі мемлекеттік басқару органдарын, ғылыми-техникалық саланың ұйымдарын, өндірістің кәсіпкерлік және мемлекеттік салаларын байланыстыратын, олардың тиімді қарым-қатынасын қамтамасыз ететін жалпы ұлттық инновациялық жүйені құру қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сабден О. Основные направления повышения конкурентоспособности экономики Казахстана // Экономика: стратегия и практика. -2007. - №1-2. - С. 5-14
2. Дауранов И. Инновационное развитие предпринимательства: институционально-правовая основа// Вестник предпринимателя. - 2013.- №7- 32-33б.
3. Абықаев Н. Инвестиционный потенциал и экономический рост (методологический аспект) // Экономист. – 2000.- № 6.-С.58-66.
4. Казыбаев А.К. Управление малым инновационным бизнесом//Проблемы агрорынка. – 2004. – №3. – С. 42-46
5. Хусаинов Б.М., Жумагазиева А.Г. Основные приоритеты аграрной политики Республики Казахстан//Проблемы агрорынка. – 2015. –№2. –С.12-18
6. ҚР Статистика Агенттігі. 2015 жылғы ҚР кәсіпорындарының инновациялық қызметі туралы. <http://www.stat.kz>
- 7.Ресми сайт. ҚР Ұлттық инновациялық қоры. http://nif.kz/press_center_developments/

ӘОЖ 336.2

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ

Блеутаева К.Б.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

Бұл мақалада Талдықорған қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуы көрсетілген. Тәуелсіздік алған жылдардан бергі уақыттардағы жеткен жетістік, экономиканың дамуы ашылған, берекелі еңбектің нәтижесі қарастырылған.

В статье показано социально-экономическое развитие города Талдыкорган. Рассмотрены достигнутые результаты экономического развития со времен получения независимости и результаты благоденственного труда.

This article considers socio-economical of Taldykorgan. It reviews achieved results of economic development and productive work during the years of obtaining independence.

Кейбір мемлекеттердің ғасырлай өтетін тарих жолдарын ширек ғасырда жүріп өтіп, әлемге танылған Қазақстан үшін ең ұлы мереке – Тәуелсіздік күні. Тәуелсіздіктің ұлы мереке екендігін Елбасының мынандай айтқан сөздерінен

көреміз: «Бабаларымыз ұмтылған аңсарлы мақсат Тәуелсіздікке біздің ұрпақ қол жеткізді. Сондықтан да бұл күн тұтас ұрпақтардың орындалған арманын білдіретін қуанышты әрі маңызды мереке болып табылады. Өйткені, тәуелсіздік пен теңдік, егемендік пен мемлекеттілік- кез келген халық үшін аса құнды ұғымдар. Біз осы тағдырды қабыл алып, бірлік пен еңбек арқылы тарихи жолымызбен шығынсыз жүріп келеміз. Еліміз егемендігін нығайтып, Мәңгілік Ел болуға бағдар ұстады. Сондықтан Тәуелсіздік күні- барша Қазақстан халқы мен әлемнің барлық түкпіріндегі достарымыз үшін ұлы мереке,- деп көрсетті. Қазақстан тәуелсіздік жылдарында көптеген сынақтардан сүрінбей өтіп, өзінің әлеуетін арттыра түсті. Қазіргі таңда Қазақстан халықаралық қоғамдастықтан лайықты орнын алып, өзінің оң бастамаларымен танылуда. Әртүрлі жобаларды іске асырудағы міндет – Қазақстанның тек Кеден одағы шеңберінде ғана емес, сонымен қатар, халықаралық рынокта бәсекеге қабілеттілікті арттыру, 30 елдің қатарында болу, өндірісті игеруде жаңа технологияларды қолдану, өнімділікті тұрақты арттыру, үздік әлемдік стандарттар негізінде техникаларды қатарға қосу.

Бүгінгі күніміз тәуелсіздіктің арқасы. Бүгінгі Қазақстан өз алдына жеке мемлекет болып жайқалын өсіп, тұғыры бекем, мақсаты айқын, келешегі кемел ел. Осының барлығы Тәуелсіздіктің қазығын қаққан Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сарабал саясатының арқасы. Егемендігімізді алған алғашқы жылдарда өндірістің тоқтап, жұмыссыздық белең алған, ішкі жалпы өнімнің жылдық көлемінің құлдырау қарқыны 25,4 пайыз болып, инфляция шарықтап (1992 жылы-3061 пайыз, 1993 жылы-2265 пайыз), әлеуметтік жағдайдың нашарлағанын, сол кезеңдегі жағдайды салыстыратын болсақ, жер мен көктей айырмашылықтардың бар екенін көруге болады. Осындай көріністерді көріп-ақ еліміздің өсіп өркендегенін айқын аңғаруға болады. Осындай қиын кезеңдерден Елбасымыздың басшылығымен өттік, 2000 жылдардан бастап тұрақты даму жолына түстік. Ширек ғасыр ішінде Қазақстан ішкі жалпы өнімі АҚШ долларымен есептегенде 20 есе, орташа еңбекақы 17 есе өсті. 2 млн. жуық жұмыс орны ашылды. Осыны жас ұрпақ түсініп, елін, жерін қадірлеуі қажет. Тәуелсіздіктің жетістіктерін әр аймақтың дамуынан, қол жеткізген жетістіктерінен көруге болады. Соның бірі – Талдықорған қаласы.

Талдықорған қаласының даму тарихы өте тереңде. Әлемге әйгілі 130-ға жуық ғалымдардың, саяхатшылардың, қоғам қайраткерлерінің зерттеу нәтижелерінің мәліметтеріне сүйенсек, Талдықорған қаласының іргетасы тарихтың терең қойнауында, нақтылап айтқанда осы дәуіріміздің бірінші мыңжылдығының шамамен 850 жылдарында қаланғаны дәлелденіп айтылады. Сонымен бірге Қытайда мыңдаған жылдар бойы сақталып келген мұрағаттары, монғолдың құпия шежіресі де дәлел болуда. Зерттеулердің нәтижесінен көретініміз, бұл елді мекеннің орнында кезінде керуен жолын байланыстырып тұрған көне шаһар тұрған.

Бұрын қалалық әкімшілік аумақ орталығы болған Талдықорған 1932-1944 жылдары аудан орталығы, 1944-1959 жылдары Алматы облысынан бөлінген Талдықорған облысының орталығы, 1968 жылы Жетісу өлкесінің өндіргіш күштерін одан әрі дамытып, экономикасы мен мәдениетін өркендету мақсатымен қайта құрылған Талдықорған облысының орталығына айналды. 1997 жылы облыс тағы таратылып, Алматы облысына қосылды. 2000 жылы 14 сәуірде облыс орталығы Алматыдан Талдықорған қаласына көшірілді. Тұрғындардың саны күн санап өсуде. Соңғы он жылдың ішінде қала тұрғындарының саны 30 мыңға өскені көрінеді. Бұл үлкен жетістік. 2009 ж. халық саны – 114 мың адам болса, 2012 ж. – 154,8 мың адам, 2015 ж. – 160 мың адам, 2016 ж. – 170 мыңға жуық адамдар тұрады. Демографиялық көрсеткіштер бойынша Талдықорған қаласы бесінші орында тұр.

Талдықорған қаласы Қазақстан Республикасының оңтүстік шығысында Жоңғар Алатауының батыс және Алматы облысының орталығында орналасқан.

Қаланың орналасқан жері маңызды геосаясаттық мәнге ие. Осыған байланысты, тұрақты дамуды қамтамасыз ету экономиканың ғана емес, саясаттың да тұрақтылығына септігін тигізеді.

Талдықорған қаласы - Алматы облысының әкімшілік, әлеуметтік-экономикалық, білім және мәдениет орталығы, тиімді географиялық орны, жан-жақты даму әлеуеті бар.

Талдықорған қаласының әкімшілік-аумақтық бөлінуіне қала мен құрамына 7 елді мекен енетін 2 ауылдық округ кіреді.

Талдықорған-тәуелсіз қазақ мемлекетінің 70-н астам ұлттың адамы бірлесе өмір сүріп, еңбек етіп жатқан қала. «Өткенді айтпай, бүгінгі еске түспейді» деген нақыл бар. Нарыққа өту кезінде күрделі құбылыстардың болуы, меншік түрлерінің өзгеруі бұрыннан қалыптасқан негіздерді түбірімен бұзуы, халықтың әл-ауқатының, тұрмыс жағдайының төмендеуіне әкелгені белгілі. Қала халқы өзінің даму, өркендеу жолында біраз қиындықтарды бастан өткізгені белгілі. Талдықорған қаласының кешегісі мен бүгінгісін салыстырсақ, жер мен көктей айырмашылықтар бар. Қаланың экономикалық және әлеуметтік-мәдени деңгейі жаңа қарқынмен өрлеп өркендеуде. Игілікті шаралар өрістеуде. Талдықорған бейнесі өзгерген, түлеген, жаңарып, жасара түскен. Кейінгі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, халықтың өміріне айтарлықтай ықпалын тигізуде. Өндіріс орындары жұмыстарын жандандырып, кәсіпорындар еңбек өнімділігін арттыруда. Шағын және орта кәсіпорындары кеңінен қанат жаюда. Осындай берекелі еңбектің арқасында Талдықорған қаласында теңдесі жоқ алып ғимараттар бірінен соң бірі салынып, ел игілігіне беріліп жатыр.

Халыққа білім беру, мәдениетті өркендету бағытында қаламызда көптеген іргелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Мұны біз осы заманғы талаптарға сай салынған мектептер, балабақша үйі, көп қабатты тұрғын үйлер, Салтанат сарайы, Көрме кешені, бес жұлдызды жеке меншік 12 қабатты қонақ үйі, Оқушылар сарайы, көпсалалы аурухана, Жастар саябағы, Достық үйі, Тіл сарайы, Назарбаев зияткерлік мектебі, Спорт сарайы, «Нұр Отан» ХДП облыстық филиалының, «Халық Банкі» филиалының ғимараттары, «Сити-Плюс» сауда-демалыс орталығы т.б. мысал бола алады. Өңірде 2014 жылы құрылыс саласына барлығы 61 млрд. 675 млн. теңге бөлінсе, сол қаражатқа 297 нысан құрылысын салу көзделсе, нәтижесінде 189 нысан сол жылы беріліп, 108 нысан келесі жылға өткен. Ал 2015 жылы құрылыс саласына бөлінген 40,0 млрд. теңгенің 99,7 пайызы игерілді. 2012-2016 жылдары құны 9,3 млрд. теңгеге бағаланған 103 мың шаршы метрлік 1411 пәтерді құрайтын 21 үй пайдалануға берілді. Қазіргі кезде 825 пәтерлі 7 үйдің құрылысы жүргізілуде. Тек саны ғана емес, сапалық жағына да кепілдік бар. Туған жерді түлетіп, көркіне-көрік, ырысына-ырыс қосып жатқан азаматтарымыз қаншама. Есімдері бүкіл байтақ елімізге мәлім, еңбектері ұрпақтан ұрпаққа үлгі болар азаматтарымыз қала мақтанышына айналды. Бұл жерде «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дегендей облыс басшысы Амандық Баталовтың еңбегін ерекше атап өтуге болады. Өз міндетін кемшіліксіз атқарып, халыққа тиімді қызмет етуде. Халық үшін көптеген жақсы істер істелуде, барлығы ел игілігіне арналған. Біртуар азаматтың ел үшін сіңірген еңбегі ұрпақтар жадында қастермен сақталмақ.

Мемлекет басшысы «100 нақты қадам» Ұлт Жоспарында білім беру жүйесін жаңғыртуға ерекше көңіл бөлгені мәлім.

Ұрпаққа сапалы білім беріп, заманға сай, әлемдік бәсекеге қабілетті, талантты жастарды дайындау-ортақ міндетіміз. Жаңа мектептер салу, материалдық-техникалық базасын нығайту, күрделі және ағымдағы жөндеулер өткізу, оқулықтар сатып алу, компьютерлендіру мәселелері оң шешімін табуда. Талдықорған қаласын дамытуда «Өңірлерді дамытудың жол картасы-2020», Шағын және орта

кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі «Даму» қорының бағдарламасы, «Жол картасы» бағдарламасы, «Нұрлы жол» бағдарламасы, «Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020» бағдарламаларының маңызы зор, осылардың негізінде дамуда. Талдықорған қаласын шарапатты шаралар мен шаттықты мерекелерді, әсем ғимараттар мен көрікті көшелерді, тарихи ескерткіштер мен саялы саябақты тарту етті. Жылдар бойы қараусыз қалып, кейіннен қаланың коммуналдық меншігіне қайтарылған орталық демалыс саябағы қалпына келтірілді. Балаларға арналған ойын аттракциондары іске қосылды.

2015 жылдан бастап елімізде аса маңызды 5 институттық реформа жүзеге асырыла бастады. Бұл жаңғыртулар кәсіби мемлекеттік аппарат құруға, заңның үстемділігін қамтамасыз етуге, индустрияландыру мен экономикалық өсімге, қазақстандықтарды болашақтың біртұтас ұлтына топтастыру мен мемлекеттің ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз етуге бағыттталып отыр. «100 нақты қадам Ұлт жоспары қабылданып, оны жүзеге асыру үшін заңнамаларға өзгерістер енгізілді. Біздің елдің басты мақсаты- аса дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылу.

«Нұрлы Жол» бағдарламасының рөлі зор. Бұл бағдарлама жеті бағытта іске асырылуда: біріншісі - көліктік-логистикалық құрылымдарды тиімді құру үшін коммуникацияның барлық түрі; екіншісі- елімізде индустриялық және туристік инфрақұрылымды дамыту; үшіншісі – энергетикалық инфрақұрылымды нығайту; төртіншісі- тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы инфрақұрылымдары және жылумен, сумен қамту, су ағызу жүйелерін жаңғырту қарастырылып отыр; бесіншісі - «Нұрлы Жол» бағдарламасы бойынша 2020 жылға қарай елімізде жалпы көлемі 4,5 млн. шаршы пәтерді құрайтын тұрғын үй пайдалануға беріледі; алтыншысы - білім беру саласының инфрақұрылымын дамыту; жетіншісі - кәсіпкерлікті қолдау. Мемлекеттік бағдарламаларда көрсетілген барлық бағыттар оларды жүзеге асыруға 2015-2017 жылдары жыл сайын 3 миллиард АҚШ доллары бөлінді және бөлінеді. Сондай-ақ, халықаралық қаржы институттарынан 8,1 миллиард доллар, отандық ұлттық компаниялар мен даму институттарынан 254 миллиард теңге қаржы тарту көзделген. Жалпылай алғанда, бес жыл ішінде мемлекеттік бағдарламаны қаржыландыру көлемі 18 миллиард АҚШ долларын құрайды.

Әлеуметтік салаға айырықша көңіл бөлінуде. Денсаулық сақтау нысанының құрылысының дамуынан, көптеген нысандарда күрделі жұмыстар жүргізілуден көреміз. Қаламызда әлемдік медицинадағы озық технологиялар пайдалануда. Медициналық қызметтің сапасын жақсарту мақсатында қызметкерлердің біліктілігін арттыруға көңіл бөлінуде.

Өңірімізде мемлекеттік- жекеменшік серіктестік механизмін қолдануды кеңейтуде ауқымды шаралар жүргізілуде. Былтыр ашылып пайдалануға берілген 99 балабақшаның 88- жекеменшік серіктестікке тиесілі болды. Алматы облысында жалпы жекеменшік балабақша үлесі 61,2 пайыз, ал Талдықорғанда-26 пайыз.

Талдықорған қаласының 2016-2020 жылдарға арналған дамыту бағдарламасы бар, жұмыстар істелуде. Экономиканың дамуына бөлінетін қажетті ресурстар келесі:

2016 ж. – 27,2 млрд.теңге, 2017 ж. – 12,2 млрд.теңге, 2018 ж. – 29,7 млрд.теңге, 2019 ж. – 47,6 млрд.теңге, 2020 ж. – 35,3 млрд.теңге, Барлығы: 152,0 млрд.теңге.

Талдықорған экономикасының негізі тиімді көліктік-географиялық жағдай есебінен құрылған өндірістік өнеркәсіп болып табылады.

Қалада 21 ірі және орта өндірістік кәсіпорын жұмыс жасайды, 60 кәсіпорын орналастыру жоспарланған «Талдықорған» индустриалды аймағы құрылуда.

Қала республикадағы өнеркәсіптің жеке түрлерін өндіретін негізгі өндіруші болып табылады. Олар: аккумуляторларлы батарея, оңашаланған өткізгіштер және сымдар, электр энергиясын есептейтін тұрмыстық есептеуіштер, сорғыштар.

Өндіруші күштің даму келешегі жоғары техникалық, экспортқа шығарылатын өндірісті құруға бағытталады. Болашақта қаланың өндірістік дамуының негізгі бағыттары тамақ өнеркәсібінің ары қарай дамуы, машина жасау, құрылыс материалдарын өндіру және т.б.

Саланың даму жағдайын талдайтын болсақ, ондағы негізгі мәселелер:

- жаңа технологиялық құрылғылармен аз қамтылуы, көптеген кәсіпорындардың өндірістік қорының біршама тозуы;

- шығарылатын өнімге сұраныстың төмендеуі және өткізу нарығының тарылуы; қазақстандық нарықта ресейлік, қытайлық және басқа шетел өндірушілердің көп жылдан бері басым болуы бәсекеге қабілетті өнім шығаратын кәсіпорындарға («Алматы бояулары» ЖШС, «Гранит Стоун» ЖШС, «Қайнар АКБ» ЖШС) республикада нарыққа шығуға жол бермей отыр;

- қолдағы өндірістік қуаттылықтың толық емес жүктелуі;

- шикізат пен материалдардың кейбір бөлігі елімізде болмағандықтан сырттан әкелінеді;

- қазақстандық кәсіпорындармен экспорт өнімдерін өндіру үшін шикізатты әкелу және алыс шетел мемлекеттерінен топтамалық құрал-жабдыққа нәлдік кедендік ставканың болмауы;

- шикізаттық емес кешенге жататын кәсіпорындардың дайын өнімдеріне экспорттық жарнаның болуы;

- облыс орталығында алыс шетел мемлекеттерінен келетін жүкті қабылдау үшін қажетті құжаттарды рәсімдеу бойынша кедендік бекеттің жоқтығы;

- айналымдағы қаражаттың жетіспеушілігі және ұзақ мерзімді төменгі пайыздық несиелерге қолжетімсіздігі;

- салаға инвестиция салу төмен және тұрақты емес сипатқа ие;

- инновациялық белсенділіктің төмен деңгейі;

- жұмысшы мамандығында білікті кадрлардың жетіспеуі;

Ал енді агроөнеркәсіп кешенінің дамуына тоқталатын болсақ, саланың дамуындағы негізгі мәселелер мыналар:

- өсімдік шаруашылығында шаруа қожалықтарының бытыраңқылығы және жер үлестерінің кіші болуы ғылыми-негізделген егіс айналымын ұстануға және заманауи технологияларды қолдануға мүмкіндік бермейді;

- ауылшаруашылық техникасының тозу деңгейі 80%-дан аса құрайды;

- ирригациялық суармалы жүйелердің қанағаттандырмайтын күйі су ресурстарының тиімді емес қолданылуына әкеп соғады;

- мал шаруашылығында орта және ірі тауарлы өндірістер жеткіліксіз дамыған;

- ауыспалы жайылымның жоқтығынан жайылымдық жерлер төмен өнімді, тапшы пішен болып табылады;

- өсімдік өнімінің және мал өнімділігінің көрсеткіштері төмен болып қала беруде;

- дайындау-өткізу желісі әлсіз дамыған;

- бірқатар азық-түлік өнімдері бойынша импорттық тәуелділік.

Енді біз шағын және орта бизнес дамуына тоқталып өтетін болсақ, ондағы өзекті мәселелер келесі:

- шағын және орта бизнес үшін қаржылық-несиелік ресурстарға төмен қолжетімділік, бұрынғыдай шектеулі және қиындатылған несиелік талдама, жоғары

үлес ұсталымы және жоғары тәуекелдің болуы банктерді шағын және орта бизнестің қарыздары бойынша пайыздық мөлшерлемені өсіру жолымен тәуекел құнын несиеге ауыстыруға мәжбүр етеді немесе оларды ұсынуға бас тартады;

- ауылдық округтер тілмесінде шағын кәсіпкерлікті дамыту деңгейі бойынша жоғары дифференцияның сақталуы.

Сауда мен қызмет көрсету саласындағы негізгі мәселелеге тоқталсақ:

- сауда қызметін реттеу саласында заңнамалық қамтамасыз етілудің әлсіз болуы;

- сауда нарығында көлеңкелік айналым деңгейінің жоғары болуы;

- ішкі сауда инфрақұрылымының дамуының жеткіліксіз деңгейі.

Инвестицияны қаржыландыру көздері құрылымына талдау көрсеткендей, маңызды қайнар көзі болып кәсіпорындардың жеке қаражаттары – 39,2 % немесе 19120,0 млн.теңге, банктік несиелер есебінен – 1,3% немесе 619,6 млн.теңге игерілді, қарыз қаражаттары үлесі өте төмен – 0,3% немесе 147,2 млн.теңге, бджеттік инвестициялар – 59,2% немесе 28881,0 млн.теңге.

Бюджеттік қаржы есебінен инвестицияның едәуір көлемі «Қолжетімді баспана-2020» Бағдарламасына сәйкес тұрғын-үй және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның құрылысымен байланысты болды.

2014 жылы халықтың жан басына шаққандағы негізгі капиталға инвестиция 300,3 мың теңгені немесе 2012 жылға 154,4% құрады (162,4 мың адам халық).

2015 жылға халық санының өсімі 164,9 мың адамға, инвестициялар 50517,0 млн.теңгеге артты, халықтың жан басына шаққандағы негізгі капиталға инвестиция 2,0 %-ға өсімін қамтамасыз етті.

Шикізат емес секторының негізгі капиталға инвестициялары (мемлекеттік бюджет инвестицияларын есепке алмағанда) 2014 жылы 19700,2 млн.теңгені құрады, бұл негізгі капиталға тартылған инвестициялардың жалпы көлемінен 40,4%.

Инновациялық қызмеке келетін болсақ:

2014 жылы қалада 33 кәсіпорында инновация бар (2012 жылы – 26, 2013 жылы – 28 кәсіпорын).

Кәсіпорындардың инновациялық белсенділік деңгейі 12,0% құрады және 2012 жылға 0,7 пайыздық пунктке өсті, 2013 жылы 1,3 п.п. (2012 жылы – 11,3%, 2013 жылы 10,7%).

2014 жылы шығарылған инновациялық өнімнің көлемі – 3,7 млн.теңгені құрады (2012 жыл – 888,2 млн.теңге, 2013 жылы – 0,6 млн.теңге).

Сатылған инновациялық өнімнің көлемі 1365,4 млн.теңге, 2012 жылдан 53,7% арттық (2012 жылы – 888,2 млн.теңге, 2013 жылы – 0,6 млн.теңге).

2014 жылы жалпы өңірлік өнім көлемінен инновациялық өнім үлесі 0,02% құрады (2012 ж. – 6,7%).

Өнімдік және үдеріс инновацияға шығын 1422,8 млн.теңгені құрады, 2013 жылға қарағанда 1302,0 млн.теңгеге артық (2013 жылы – 120,8 млн.теңге). Сонымен бірге, кәсіпорындардың жеке қаражатынан шығын 1356,4 млн.теңгені құрады немесе инновациялық қызметті сату үшін жалпы шығынның 95,3 %.

2014 жылы жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар санынан инновациялық белсенді кәсіпорындардың үлесі 12,0% құрады, 2012 жылы керісінше 11,3 %.

Сонымен қатар, 2014 жылы тексерілген 274 кәсіпорындардың 33 ғана инновация бар, 2013 жылы 257-ден – 28 ғана, 2012 жылы 231-ден – 26 ғана, қалған кәсіпорындар инновациялық қызметпен айналыспады.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғауға келетін болсақ, 2012-2014 жылдар кезеңінде қала халықының экономикалық белсенді санының 80,6-дан 82,9-ға дейін өсу үрдісі байқалады.

Жыл сайын қалада 2200 жұмыс орны құрылады. 2012-2014 жылдар аралығында 6809 жаңа жұмыс орны құрылған.

Халықтың өзін-өзі жұмыспен қамту үлесі 2012 жылы 26,9-ден 2014 жылы 27,0%-ге дейін көбейді.

2014 жыл қорытындысы бойынша жұмыссыздық деңгейі 2012 жылға қарағанда төмендеп, 4,4% құрады (2012 ж. – 4,6 %).

Жастар жұмыссыздығының (15-28 жас аралығында) деңгейі 2012 жылмен салыстырғанда төмендеп, 2014 жылы 2,7% құрды (2012 ж. – 6,8%).

Әйелдер жұмыссыздығы 2012 жылғы 7,9%-ға қарсы 2014 жылы 4,4%.

Өндіріс үдерісін тұрақты ұстап тұру үшін, еңбекақыны уақытылы төлеу мен еңбек заңдылықтарының ережелерін сақтауды қоса ала отырып, әлеуметтік-еңбектік қатынастарды тұрақтандыру мен реттеу және халықтың әлеуметтік қорғанысын қамтамасыз ету мақсатында қала әкімдігі және 44 ірі және орта кәсіпорындар мен кәсіподақ ұйымдарымен өзара бірлестік туралы меморандум жасалды.

Қалада 5 мыңнан астам немесе жалпы халық санынан 3,1% мүгедектер өмір сүреді.

Солардың ішінде 01.01.2015 жылға еңбекке жарамды мүгедектер саны 1200 адам құрайды.

2014 жылы жұмысқа орналасу сұрағы бойынша 127 мүгедек жүгінді (2012 ж.-16), солардың ішінде тұрақты жұмысқа орналасқандары – 44 (2012ж. – 16).

2012-2014 жылдары жұмыссыз азаматтарды кәсіби дайындыққа, қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға 1387 жұмыссыз жіберілді, олардың ішінде жұмысқа орналасқандар – 1281 адам (оның ішінде жұмыспен қамту бөлімі арқылы – 1192 адам, Жұмыспен қамту орталығы арқылы – 89 адам).

Әлеуметтік жұмыс орындарына 384 адам жіберілді, оның ішінде 179 адам жұмыспен қамтылды. Қоғамдық жұмыстарға 2544 адам жіберілді, соның ішінде 1113 адам тұрақты жұмысқа орналастырылды.

Жастар тәжірибесінен 868 түлектер өтті, оның ішінде Жұмыспен қамту орталығы арқылы 714 адам.

Жұмыссыз халықты жұмыспен қамту мақсатында бос жұмыс орындар жәрмеңке тәжірибесі енгізілген, онда шаруашылық субъектілер, қоғамдық бірлестіктер және оқу мекемелері қатысады. Бос жұмыс орындар жәрмеңкесінің қорытындысы бойынша 2014 жылы 178 адам жұмыспен қамтылды, 87 адам кәсіби оқуға, 13 адам қоғамдық жұмысқа, 15 адам әлеуметтік жұмыс орынға, 36 адам жастар тәжірибесіне жіберілді.

«Жұмыспен қамтудың жол картасы 2020» бағдарламасының бірінші бағыты бойынша жалпы сомасы 433,0 млн.теңгеге 3 жоба жүзеге асырылды (Ғ.Орманов және Рүстембеков көшелері, Өтенай ауылының Бейбітшілік көшесін күрделі жөндеу).

2012-2014 жылдары бағдарламаның екінші бағыты бойынша жалпы сомасы 391,9 млн.теңгеге 151 шағын несие берілді (2012ж. – жалпы сомас 33,2 млн.теңгеге 12 несие, 2013ж. – 52 – 126,0 млн.теңге, 2014ж. – 87 – 232,7 млн.теңге).

Мұндағы негізгі мәселелер келесі:

- жұмыс күшінің төмен сапасы және тиімсіз жұмыспен қамтылудың болуы;
- мамандардың кәсіптік даярлық деңгейінің төмендігі.

Халық өмірінің деңгейіне талдау жасасақ, нақты орташа айлық еңбекақы 2014 жылы 93140 теңгені құрады немесе 2012 жылмен салыстырғанда 1,2 есе өсті.

2014 жылы арнаулы әлеуметтік қызметпен қамтылғандардың үлесі (жалпы оларға мұқтаж адамдардың санынан) 96,5% құрады (2012ж. – 98,7%).

Жеке сектор субъектілері (оның ішінде, үкіметтік емес ұйымдар) ұсынатын арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтермен қамтылған адамдардың үлесі 2014 жылы 0,6% құрады (2012ж. - 0).

2012 жылдан 2014 жылдар аралығында мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылар санының 755-тен 666 азаматқа немесе 11,8%-ға төмендеу үрдісі байқалады. Аз қамтылған азаматтарға барлығы мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек 57,6 млн.теңге мөлшерінде төленді.

Атаулы әлеуметтік көмек алушылар ішіндегі еңбекке жарамды адамдардың үлесі 2014 жылы 28,9% құрады (2012ж.- 28,7%).

Сараптама көрсетуі бойынша, негізгі алушылар – 18 жасқа дейінгі баласы бар отбасылар (65,4%) және бала күтімімен айналысатындар (11,3%).

Экономикалық белсенділіктің өсуі және қала тұрғындарының табысы, сонымен қатар әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің дамуы кедейшілік деңгейінің төмендеуіне жағымды мүмкіндіктер туғызуда. Кедейшілік деңгейінен төмен тұратын халық санының үлесі 2012 жылғы 0,4%-дан 2014 жылы 0,3%-ға дейін төмендеді.

Жан басына шаққандағы орташа табысы кедейшілік деңгейінен төмен халық санының азаю факторларының бірі – аз қамтылған отбасылардың «Жұмыспен қамтудың жол картасы 2020» бағдарламасы аясындағы жобаларды жүзеге асыру үрдісіне қатысуы, соның ішінде МАӘК алушылар санынан еңбекке жарамды халықты тарту жолымен.

Қаладағы аз қамтылған азаматтарды қолдау мақсатында көпқабатты және жеке үйлерде тұратын аз қамтылған отбасыларға тұрғын үй-коммуналдық көмегі төленеді.

Сонымен бірге, тұрғын үй-коммуналдық көмегін алушы отбасылар саны 1225-тен 1217-ге дейін, 18 жасқа дейінгі балалар жәрдемақысын алушылар саны 2698-ден 2441-ге дейін азаю үрдісі байқалады.

Кедейшілік деңгейінен төмен тұратын аз қамтылған азаматтардың өмір сүру деңгейінің өсуінің екінші факторы әлеуметтік көмектер көрсету – қоғамдық жұмыстардың төленуі, кәсіби оқыту және қайта оқыту, әлеуметтік жұмыс орындарын ұсыну болып табылады. 2011 жылдан бастап «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы бойынша әлеуметтік қызметтер көрсетілуде – жастар тәжірибесі, инвестициялық жоба бойынша жұмыспен қамту және әлеуметтік жұмыс орындары.

Қалада қолдауды қажет ететін 5000-нан аса немесе жалпы халықтан 3,5% мүгедектер бар.

Қаламызда мүгедектер қолданатын инфрақұрылымның 2079 нысаны бар, солардың ішінде 40 нысан паспорттаудан өтті.

Мүгедектердің бөгетсіз жүруі үшін 40 нысан паспорттаудан өтіп, 34 нысанның пандусын орнату мен жөндеуіне 24,2 млн.теңге бағытталды.

Мүгедектерді әлеуметтік қолдау үшін қалада 5 «Инвотакси» қызмет етеді. 2014 жылы жалпы сомасы 23,8 млн.теңгеге олармен 1400 қызмет ұсынылды.

Негізгі мәселелер:

- жұмыссыздық, әсіресе жастар, ЖОО және ТжКО мекемелердің түлектер арасында;

- өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық санының едәуірлігі;
- табыс көлемі төмен деңгейдегі халық санының едәуірлігі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Талдықорған қаласының 2016-2020 жылдарға арналған дамыту бағдарламасы.
2. Егемен Қазақстан, 2016, 25 қазан.
3. Рахимбеков Р. Қыдыр дарыған жер.-Талдықорған, 1994ж.
4. Тарихы терең Талдықорған. Түпкі тарихы мен бүгінгі тыныс-тіршілігін баяндайтын кітап-альбом.- Алматы, 2012 ж.

ӘОЖ 631.1:351

НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКА ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ АГРАРЛЫҚ САЛАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жунусова Г.А.

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
jga_88@mail.ru*

Аграрлық экономика секторын мемлекеттік реттеудің бастамасы ауыл шаруашылығы дамуының жаңа кезеңінен бастайды, сол кезеңде артық өндіру дағдарыстары созылмалы сипатта болды. Осылай, АҚШ-та мемлекеттік қолдау жүйесі міндетті әрі қажетті болып Ұлы Депрессия (1929-1933жж) кезеңінде саналды, ауыл шаруашылығы саласындағы мәселелер елдің тұрақтылығына үлкен қауіп төндірді.

Өзінің сайлау компаниясында Ф.Рузвельт елдегі қалыптасқан экономикалық жүйе жағдайында «ауыл шаруашылығы үшін теңдіктер» жоқ деп жариялады. Ол бірнеше рет «ауыл шаруашылығына тұрақты көмек көрсету мәселесі», «ауыл шаруашылығында ұлттық жоспарлаудың» қажеттілігі жайлы тезистерді бірнеше рет қайталады.

АҚШ президенті Ф.Рузвельттің арқасында Америкада фермерлер қарызының қайта қаржыландыруы және ауыл шаруашылығын қалпына келтіру туралы заң шығарылды. Екінші заң американдық фермерлердің өміріндегі маңызды болмысымен әсер етті. Заң «Төтенше ахуал туралы» декларациямен басталды:

«Осы өткір экономикалық жұтау ауылшаруашылық бағалар және басқа да тауарлардың бағалары арасындағы сәйкестіктің әсерінен болып отыр, фермерлердің өнеркәсіптік бұйымдар сатып алуға қабілеттігін төмендетті, дұрыс тауар алмасуды бұзды және ұлттық қарыздың жүйесіне қызметші болатын ауылшаруашылық құндылықтарға маңызды залалды келтірді. Халық шаруашылығының негізгі саласы болатын ауыл шаруашылығында жалпы ұлттық мүддені қалыптастыратын ауыл шаруашылық тауарлармен келісімдерге әсер етіп, осы тауарлармен қалыпты саудаласудың барысына салмақ салып, қиындатты...»

Келтірілген тұжырымдамаларда АҚШ экономикасының аграрлық секторында болған экономикалық жағдайдың теңсіздігін айқын көруге болады.

Мұндай әділетсіздікті жою үшін осыған байланысты ауыл шаруашылық тауарларды тұтыну және өндіру арасында осы тауарға ауыл шаруашылық өнімге бағаның деңгейлері фермерлердің шығындарын жабатындай деңгейіне жақын болу керек [1].

Мемлекеттік қолдауын қажеттілігі зерттеушілермен кейіндеде атап өтілді. Г.Дюрфельдің пікірін бұл жерде лайықты деп айтуға болады: «Фермер еңбегі қанаушылық сипатында екенін көптеген белгілер көрсетеді. К.Маркс сөздері бойынша, олар салыстырмалы қосымша құнды өндіріп алатындығынан, оның өнімділігі осы уақытта ауылшаруашылық өндірушілердің басқа экономика салаларында, тұрмыс сапасы ақырынырақ жоғарылауға қарағанда тез өседі. Көрсеткіштердің бірлері бұл ауыл шаруашылығы және өнеркәсіптің аралығында айырбас шарты болып саналады, пайда бірінші салада қалыптасқан... АҚШ-та 1946-1970 жылдарда фермер сатып алатын өнімге бағалар ауылшаруашылық өнімнің бағасына қарағанда тез өсті, оған қоса Францияда да 1946-1962 жылдарда осындай жағдай қалыптасты, Данияда 1963-1974 жылдарда тұтыну бағасының индексі ауылшаруашылық өнімнің баға индексіне қарағанда тез өсті [2].

Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау теориясы өнеркәсіптегі монополияның күшеюіменен ауылшаруашылық өндірісінің

монополизацияланбағандығымен сипатталады. Нәтижесінде ауыл шаруашылығы басқа салалармен салыстырғанда теңсіздік жағдайда.

Осындай жағдай өнеркәсіптің монополизацияланған секторында бағалары монополизацияланбаған аграрлық секторға қарағанда тез өсетіні нарықтың тетігімен объективті түрде шартталған. Нәтижесінде ауыл шаруашылығы монополизацияланған индустрияның бағалық қыспақтарында болады.

КСРО кезіндегі қалыптасқан мемлекеттік қолдау жүйесі іс жүзінде нарықтық экономикаға өткенде бұзылды.

Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдауды қысқартудың жақтаушыларының дәлелдері Ресейде Е.В.Серова толық жүйелеген. Ол бағалар және табыстардың диспаритеті қатынасында бағалық тетіктер арқылы мемлекеттік қолдаудың тиімділігі аз деп санайды. Сонымен қоса Е.В.Серова Батыс Еуропа және АҚШ фермерлік секторындағы табыстардың өсуіне сілтейді, «өсім жаппай бағалық қолдаудың арқасында емес, ауылды мекендерден еңбек ресурстардың миграциясы немесе ауылды мекендерде ауыл шаруашылық емес қызмет түрлеріне ауысуына байланысты».

Сонымен бірге «экономикалық жүйе өзі аграрлық сектордағы табыстардың салыстырмалы төмендеу мәселесін реттеу механизмін іздейді» деген қорытынды жасалынады. Нақты айтқанда нарық барлығын өзі реттейді.

Өмірдің өзі ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау жауларының дәлелдерін теріске шығарады. АҚШ және Батыс Еуропадағы ауыл шаруашылық өндірісін қолдауды қысқарту бағдарламасын баяндай отырып, сонымен бірге Е.В.Серова өзі ұсынған цифрларға ешқандай жауап бермейді АҚШ-та фермерлерге жәрдемақылар 1997 жылдан 1999 жылға дейін 20 %-ға өсті.

Экономиканың басқа салаларын мемлекеттік қолдауға келетін болсақ олардың көпшіліктері ауыл шаруашылығындағы дағдарыс салдарынан депрессивті жағдайларда болды. Сондықтанда, ауыл шаруашылығын қолдай отырып мемлекет шартты түрде осы саламен байланысты емес басқа салалардың дамуына жағдай жасайды.

Ауылдық аумақтарды әлеуметтік қолдауға байланысты олардың орындылығы күмән тұғызады, өйткені «Дамытуға қызықтыру орнына мұндай қолдау аумақтардың мешеулігін өсіреді». Е.В.Серованың пікірінше, протекционистік көзқарастар популистік және политикандық сипатта болады. Популизм және политиканство батыс елдерінің аграрлық саясаттарын анықтағанына сену қиын. Е.В.Серованың ұсынған цифрларынан көреміз - Еуропа Одағының 40% аумағы аграрлық өндірісті дамыту үшін депрессивті немесе қолайсыз деп танылған.

Бұл аумақтардағы негізгі қолдау құралы барлық фермерлерге төленетін мал басына немесе 1 гектар жерге есептелінетін өтемдік төлемдер. АҚШ қоғамдық пікірді сұрау нәтижелері, азық-түлікті тұтынушылардың 70% американдық отбасылық ферманы сақтап қалу үшін қосымша бағаны төлеуге дайын болатынын көрсетеді.

Автордың «ұтымды емес» аграрлық саясат феноменін түсіндіретін логикасы қызықты. Әйтсе де, дамыған елдердің заң шығару органдарындағы фермерлердің өкілдері аз болса да, саясаткерлер аграрлық секторды қолдау шараларына дауыс береді. Аграрлық лобби әдетте өте жақсы ұйымдастырылған және қоғам мен саясатта тілектестікті пайдаланып, жеке бастың мүдделерін қудалай отырып, аграрлық бюджетті үлкейтуге қызығушылық білдіреді.

Протекционистік аграрлық саясаттың тағы да бір себебі Е.В.Серованың пікірінше ол – аграрлық бюрократия. «Бюрократия мемлекеттік реттеудің күрделі және қымбат шараларына мүдделі, өйткені ол тексерілетін бюджетті үлкейтеді және ведомствоның жұмыс көлемін өсіреді, күрделі бағдарлама жоғары және арнайы біліктілікті талап ететіндігінен. Ведомстволар бағдарламаның бөлігін өсіруге бәсекелеседі. Мысалы, егер олар ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен немесе Қазынашылық департаментімен іске асырылса Ауыл

шаруашылық министрлігі фермерлерге төлеулеріне қарсы бола алады. Сондықтан да жоғарғы үкіметтік құрылымдар аграрлық саясатқа либералды жолдарды көрсетеді» [3].

Аграрлық саладағы экономикалық қатынастардың толық либерализациясын жақтаушылардың жоғарыда берілген дәйексөздері авторлардың өздерінің саясатшылдық және субъективизмдерін көрсетеді. Олар сол ауыл экономикаларында болған нақты процесстерді мүлде аяққа басады, мемлекеттік қолдау мәселесінің шешімдерін саяси ойындарға апарайды. Авторлардың логикасы бойынша, батыс елдеріндегі аграрлық секторды жоғары қолдаудың негізгі себебі «азық-түлік секторындағы қысымның тобы өте ұйымшыл және ықпалшыл».

Батыс елдерінде аграрлық секторды жоғары қолдауды сақтау қажеттілігі бойынша күдіктер негізінде объективті себептер бар. Көптеген саясаткерлер және экономистер заңды сұрақтар қояды: егер елде азық-түлік тауарлары артық өндіріліп жатса, ауыл шаруашылығына үлкен бюджеттік қаражаттар не үшін беріледі?

Ауылшаруашылық өндірісіне қолдауды қысқартудың теориялық қажеттіліктің дәйектемелері ДСҰ-на елдердің кіруі үшін ережелерді іске асыруларынан тапты. ДСҰ ережелеріне сәйкес ел салыстырмалы артықшылықтары бар тауарларды экспорттап, басқа тауарларды импорттау керек. Саудалық тосқауылдардың жоқтығы әлемдік сауданы кеңейтеді, әрбір елдің салыстырмалы артықшылықтарын қолданып және әлемдегі ортақ экономикалық әл-ауқатты жоғарылатуға мүмкіндік береді.


Азық-түлік қауіпсіздігі позицияларынан батыс елдеріне ешқандай қауіп болмайды. Олардың көпшілігі ауылшаруашылық өнімінің және азық-түлігінің экспортшылары болып табылады. Сондықтан олар ең алдымен, азық-түлікті импорттайтын елдерде саудалық шектеулерді алыптастағаны қызықтыратын [4].

Сонымен, Қазақстанның агроөнеркәсіптік өндірісі ең алдымен ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау АӨК ішіндегі эквивалентсіз қатынастарымен жәнede халық шаруашылығының кешені шеңберінде келесі мақсаттарды көздейді:

- ауылшаруашылық өндірісінің тұрақты дамуы және АӨК өндірісін тиімді дамыту қоғамның өз өндірісінің азық-түлігі өнімдеріндегі қоғамның максималды қажеттіліктерін қанағаттандыруы қамтамасыз етіледі;

- елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және экспорттаушы - ел жағынан азық-түлік экспансиясынан тәуелділік, демек жалпы қоғамдағы және біздің елдің азық-түлік нарығының тұрақтануы;

- қалалық және ауылдық аумақтардың үйлесімдік, баламалы дамуы, жалпы халық шаруашылығының ең маңызды салалардың арасындағы, агроөнеркәсіптік кешеннің, тұрақты экономикалық қатынастарға жету, ауыл тұрғындарының қалыпты өмір әрекетін қамтамасыз ету.



1 сурет - АӨК мемлекеттік қолдау мақсаттары

Ескерту - автормен құрастырылған

Агроөнеркәсіптік өндірістің мемлекеттік қолдау қажеттілігі сонымен бірге, оның негізі саласының ерекшеліктерінен, АӨК салаларының ішінде ең алдымен қолдауға зарығатын - ауыл шаруашылығынан шығады. Жалпыға мәлім ауыл шаруашылығы экономиканың саласы ретінде негізгі экономикалық заңдарға бағынады (1сурет).

Сонымен бірге, ауыл шаруашылығының ерекшелігін ескеру қажет, оның маусымдылығы, өндіріс технологиясының сипаты.

Бұл жерде басты өндіріс құралы болып жер табылады. Басқа өндіріс құралдарымен салыстырғанда жер тозбайды, дұрыс қолданғанда өзінің сапалы параметрлерін жақсартады.

Ауыл шаруашылығында өндіріс құралдары ретінде тірі организмдер, мал және өсімдіктер табылады. Соңғысы биологиялық заңдардың негіздерінде дамиды. Демек, ұдайы өндірістің экономикалық үрдісі тірі организмдердің табиғи даму үрдісімен тығыз байланысқан.

Ауылшаруашылық өнімнің өндірісі үлкен аудандарға іске асады және әр түрлі климаттық аймақтар бойынша орналастырылған. Соңғы нәтижелер көпшілігінде қолданылатын шаралардың саны мен сапасына тәуелді емес, өндіріс іске асатын нақты жағдайларға байланысты.

Өндірістік процесстердің маусымдық сипаты өндірісті ұйымдастыруға, техниканы, еңбек ресурстарын тиімді қолдануға ауқымды әсер етеді және соңында жалпы саланың тиімділігіне септігін тигізеді.

Ауыл шаруашылығының маңызды ерекшелігі бұл жерде жасалған өнім бұдан әрі өндіріс үрдісіне қатысады. Ауыл шаруашылығында өндіріс құралдары ретінде тұқымдар және отырғызатын материалдар, жем-шөп, сонымен бірге қалпына келтіру және кеңейтуге мал басының едәуір бөліктері қолданылады. Бұның барлығы өндірістік бағытындағы объектілерді салуға қосымша материалдық ресурстарды талап етеді.

Ауыл шаруашылығында өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы салаларындағы еңбек үрдістері басқаша ұйымдасады. Бұл жерде орындаушыда мысалы, өнеркәсіптегідей тұрақты жұмыс орны болмайды. Ауылшаруашылық өнімін өндіру үрдісінде жыл мезгіліне және өңделетін өсімдіктің ерекшелігіне байланысты егін жұмысшылары және механизаторлар әр түрлі жұмыс түрлерін орындайды. Олар бір жұмыс күнінің ішінде жағдайларға байланысты күнде өзгермеуіде мүмкін.

Өндірістің маусымды сипаты, табиғи-климаттық шарттардан жоғары тәуелділік және тұрақты табыстардың алуындағы тәуекел, ауыл шаруашылығының көп өнімдеріне сұраныстың бағалық икемсіздігі, өндірілген шығындармен алынған өнімдер арасындағы үлкен алшақтық және басқада ерекшеліктер, қысқа мерзімді несиелер нарығында АӨК салаларының бәсекеге жарамсыздығын күшейтеді. Сонымен, объективті себептерге байланысты ауыл шаруашылығы еркін нарықта басқа салалармен салыстырғанда бәсекеге жарамайды. Сондықтан да, ауыл шаруашылық тауар өндірушілерін қолдау мемлекеттік саясаттың элементі ретінде қарастырылады (1 кесте).

Демек, экономикалық теориялар және тәжірибелер ауыл шаруашылығы өзінің ерекшелігіне байланысты, яғни табиғат жағдайынан жоғары тәуелділікте, тұрақты тәуекелдердің бар болуынан, жоғары қор сыйымдылықтан, сонымен бірге азық-түлік нарығының жұмыс жасауының ерекшеліктері, мемлекеттің тұрақты араласуын талап ететінін дәлелдеді. Аграрлық саланың мемлекеттік қолдауының қажеттілігі келесі маңызды теориялық жағдайда негізделген. Ауыл шаруашылығындағы ғылыми-техникалық прогресс өнеркәсіп саласына қарағанда аз мөлшерде байқалады, нәтижесінде өнеркәсіптегі еңбек өнімділігі жоғары. Бұдан басқа, ауыл

шаруашылығында еңбек өнімділігі жердің физикалық мүмкіндіктерімен шектелген және дамыған елдердегі интенсификация қоры іс жүзінде аяқталған. Бұның барлығы ауылшаруашылық өнімінің өзіндік құны төмендегенінде емес, тіпті өскеніне алып келеді. Нәтижесінде өнеркәсіп саласы кәсіпкерлерінің салыстырмалы табыстары өседі, ауыл шаруашылық тауар өндірушілердің - төмендейді. Нақтылы кезеңде елдегі ауылшаруашылық өндірісі шығынға ұшырауы мүмкін фермерлердің еңбек өнімділігінің төмендегенінен емес, объективті жағдайларға байланысты. Егер ешқандай да шара қолданбаса, онда ауыл шаруашылық өнімін өндірушілер шығынға ұшырайды.

Кесте 1 - Ауыл шаруашылығының салалық ерекшеліктері және мемлекеттік қолдау қажеттілігі

Ауыл шаруашылығының салалық ерекшеліктері	Мемлекеттік қолдау қажеттілігі
Біріншіден:	
Ауыл шаруашылығында негізгі өндіріс құралы - жер 1. Жер- ауыл шаруашылығын жүргізу үшін жарамды, шектелген қор болып табылады. 2. Қазіргі кезеңде жердің сапасы қанағаттанарлықсыз күйде	→ 1. Мемлекет ауыл шаруашылық тауар өндірушілердің жер телімдеріне меншік құқығын ресімдеуде жәрдемдесу керек 2. Мемлекет тарапынан топырақ құнарлығын қалпына келтіру үшін ұзақ мерзімді инвестициялар қажет
Екіншіден	
Ауыл шаруашылық өндірісі көптеген экономиканың секторларына қарағанда, тиімділігі төмен. Оған салынған капитал аз пайда әкеледі және ұзақ жылдардан кейін қайтарылады.	→ Мемлекеттің қолдаусыз ауылшаруашылық тең жағдайда салааралық бәсекеге қатысуға мүмкіндігі жоқ
Үшіншіден	
Ауыл шаруашылық саласында ғылыми-техникалық прогресстің енгізілуі өнеркәсіппен салыстырғанда баяу.	→ Ғылыми-техникалық прогресс үлкен ұзақ мерзімді капиталды жұмсауды талап етеді, олар ауқымды мемлекеттің қатысуымен іске асуы керек. Бұдан басқа, мемлекет ғылым мен техниканың қазіргі жетістіктерін фермерлердің үлкен бөлігіне қол жететіндей жағдайды, орынды бағалар, салық жеңілдіктері және субсидия берумен жасауға ұмтылуы керек
Төртіншіден	
Нарық талаптарына және жағдайына икемсіздік, адекватсыз реакциясы, керітартпалық ауыл шаруашылығының айырмашылық ерекшеліктері болып табылады	→ Мемлекеттік мониторинг, бақылау, реттеу және нарықтың әрекетіне араласу жүйесі, сонымен бірге ауыл шаруашылық нарығында күтілетін конъюнктураны болжалау үшін мемлекеттік маркетингтік зерттеулерді жүргізу және өндірушілерге осы ақпараттарды ұсыну қажет.
Бесіншіден	
Монополияланған өнеркәсіп секторына қарағанда, монополияланбаған аграрлық сектордағы бағалар баяу көтеріледі. Бұл ауыл шаруашылық өнімінің құны мен осы өнімді шығаруға қажет ресурстар құны арасында сәйкесіздікті тудырады, өз кезегінде ол рентабельділіктің төмендеуінен және ауыл шаруашылығының шығындылығын өсіреді.	→ Дербес монополиядан экономиканың аграрлық секторын қорғау қажет. Мемлекет өз күштерін ауыл шаруашылығында шығындарды өсіруі, өтемақысына бағыттауы керек және табиғи монополистердің талаптарын төмендетуі бойынша шараларды қолдануы қажет

Ескерту - автормен құрастырылған

Ауыл шаруашылығы АӨК шеңберінде жұмыс істейтінін есепке ала, мемлекеттік қолдау мемлекеттік реттеудің ең маңызды құралы ретінде агроөнеркәсіптік өндірістің барлық мүдделерінде іске асады. Қазақстанның АӨК халық шаруашылығы кешеннің негізгі бөлігі болып табылады. Салааралық байланыстарында ауыл шаруашылығы елдің халық шаруашылығының 80 салаларынан өнімді тұтынады. Сонымен бірге, өзі 70 басқа салаларға шикізат және әр түрлі өнімдерді жеткізеді. Салааралық есептеулер ауыл шаруашылығының әрбір қызметкері халық шаруашылықтың басқа салаларындағы 7 адамның жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ететінін көрсетеді. АӨК тұрғындардың тұрмыс дәрежесі және әл-ауқаты, тамақтанудың өлшемі және құрылымы, орташа күндік табыс, тауарлар және қызметтерді тұтыну, әлеуметтік хал-жағдайлар көпшілігінде тәуелді болады [5].

Қазіргі экономикадағы агроөнеркәсіптік кешен өнімінің рөлін бөлшек тауар айналымының жартысын алатын тұрғындардың азық-түлікке шығындары сипаттайды. Бұл жағдайлар аграрлық сектордың инфляция, нарықтың тауарлық толықтығының және сауданың жағдайы мәселелерінің шешіміндегі маңызын айтады.

Кенес өкіметі кезінде ауыл елдің индустрияландыруының негізгі қайнар көзі, өнеркәсіп үшін жұмысшы күш және арзан азық-түліктің жабдықтаушысы болып табылғаны белгілі. Және агроөнеркәсіптік кешен қазіргі кезеңде дағдарыстан елдің экономикасының шығуында және оның дамуында ең маңызды рөлді ойнай алады. Сонымен бірге, АӨК даму қарқыны мен жағдайынан халық шаруашылығының пропорциялары, экономикалық қауіпсіздік деңгейлері тәуелді болады.

АӨК-нің соңғы өнімін материалдық-заттық құрамы бойынша және өнім құны бойынша анықтауға болады. Материалдық-заттық құрамы бойынша АӨК-нің соңғы өнімі ауыл шаруашылығы шикізатынан өндірілген және тұрғындардың жеке және қоғамдық және басқа да өндірістік емес тұтынуға, қорға жинауға, сондай-ақ экспортқа жіберілетін ауыл шаруашылығы өнімдерінен тұрады. Өнім құны бойынша АӨК-нің соңғы өнімі АӨК салаларында жасалған өнім құнын, өндірістік қызметтерге амортизациялық аударымдарды білдіреді. АӨК-нің салалық құрылымында ауыл шаруашылығының үлесі – 78%, қайта өңдеу салалары – 22%. Болашақта қайта өңдеу салаларының даму қарқынының артуымен байланысты, қайта өңдеу салаларының үлесі көбейеді, ауыл шаруашылығының үлесі азаяды деп болжануда.

АӨК-нің келесідей өзіндік құрылымдық ерекшеліктерін атауға болады:

- экономиканың негіз құраушы саласы бола отырып, табиғи-климаттық факторларға тәуелділігі;
- негізгі өндіріс құралы ретінде жермен тығыз байланыстылығы;
- еңбектің нәтижелілігін және өнім көлемі мен сапасын алдын ала дәл анықтау мүмкін емес;
- басқа салаларға қарағанда биологиялық ресурстар мен Күн энергиясы басты қажеттіліктер болып табылады;
- меншік нысандарының әртүрлілігі оның әлеуметтік-экономикалық ерекшелігі болып табылады;
- жоғарыдағы ерекшеліктеріне байланысты саланы мемлекеттік реттеу ерекшеліктері бар.

Сонымен қатар, Е.В. Серова АӨК-нің ерекшелігіне жетілген бәсекенің болуын және нарыққа ену мен нарықтан шығудың қарапайымдылығын, яғни еркіндігін қосады [3]. Расында аграрлық нарыққа ену мен шығуда ешқандай экономикалық, саяси, әлеуметтік, сондай-ақ институционалдық шектеулер жоқ.

Біз бүгінгі таңда мемлекеттік реттеу мен қолдаусыз ауылшаруашылығы кәсіпорындарының қызметі тиімсіз екендігін білеміз. Агроөнеркәсіп өндірісін былайша басқару тәсілі нарықтың өзін-өзі реттеу механизмдері мен мемлекеттік органдардың белсенді әсер ету механизмдерінің қосындысы болып табылады.

Мемлекеттің реттеуі мен қолдауынсыз аграрлық сектордың дамуы мүмкін емес. Осы орайда, академик Я.Ә. Әубәкіров «...мемлекет әсері ауыл шаруашылығының барлық секторларының әлеуметтік бағытта болуын, халықты еңбекпен қамтамасыз етуді, ауыл шаруашылығы салаларына жоғары технологияны енгізуді, халықаралық еңбек бөлінісінде, отандық ауыл шаруашылығы өндірісінің енуін қамтамасыз етеді» деп санайды [6].

Сондықтан да аграрлық қатынастарды оңтайлы реттеу үшін мемлекеттік реттеудің мақсатты бағытталған, тұрақты және белсенді саясаты, яғни реттеу мен қолдаудың ерекше мемлекеттік саясаты қажет. Шетелдердің ауыл шаруашылығы саласының дамуында аграрлық сектордың дамуын мемлекеттік реттеу тек қана қажеттілік емес, сонымен бірге көптеген шет мемлекеттердің дамуы үшін заңдылық болып табылатынын әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Аграрлық секторды және агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеу көпқырлы және кешенді түсінік болып табылады. Солай бола отырып, нормативтік-құқықтық актілерді дайындау, азық-түлік тәуелсіздігіне, ауыл шаруашылығы өндірісінің тұрақты дамуына қол жеткізу үшін мемлекеттік органдар іс-әрекетін ұйымдастыру жолдарымен мемлекеттің ұйымдық-шаруашылық іс-әрекетке мақсатты түрде әсер етуін көрсетеді. Бұл өз кезегінде ауыл шаруашылығы өнімдерін, шикізат пен азық-түлікті өндіру, өңдеу және өткізуге, сонымен қатар өндірістік-техникалық қызмет көрсетуге және агроөнеркәсіптік өндірістің материалдық-техникалық қамтамасыз етілуіне мемлекеттің экономикалық әсерін білдіреді.

Экономикалық реформаларды жүргізудің тарихи тәжірибесі көрсеткендей, қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуде аграрлық реформалардың бағыты, дұрыстығы мен жүйелілігі үлкен роль атқарады. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары Қазақстанда аграрлық саясатты жүргізу барысында осы дұрыс бағыт пен жүйелілікті қамтамасыз етуге қажетті көңіл бөлінбеді де, соның салдарынан басқарудың, жоспарлаудың әкімшілік әдістерінен бірден бас тарту орын алып, жедел жекешелендіру жергілікті жағдайды ескерусіз жүргізілді. Мемлекеттік басқару, жоспарлы үйлестіру жаңа жағдайда мемлекеттің экономикалық саясатын жасаудың ғылыми негізі ретінде әлеуметтік-экономикалық мәселелерді, оның ішінде баға белгілеу, қаржы-несие саясаты мен салықтық реттеу, ғылыми-техникалық болжау жүйелерін де қамтиды. Қоғамдық мүдде тұрғысынан экономиканың аса маңызды секторларының (соның ішінде агроөнеркәсіптік кешеннің) дамуын мемлекеттік реттеудің әр түрлі әдістерін – инвестиция, салықтар, несиелер, субвенциялар, әр түрлі жеңілдіктерді пайдалану арқылы қамтамасыз ете аламыз. Агроөнеркәсіптік кешеннің қосалқы салаларының, әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылымының дамуы үшін салықтық жеңілдіктер беру маңызды.

Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақтандыру және әрі қарай дамыту үшін елдің қазіргі жағдайын ескере отырып, мемлекеттік қолдау көрсету қажет. Бұл қажеттіліктер ауыл шаруашылығының ерекшелігімен туындалып отыр, табиғи монополиялар және монополизацияланған салалардың бағалық диктатынан, сонымен бірге, топырақ құнарлығының жоғарылатуы, орнын толтыру және биологиялық қорларды тиімді қолдануы, бағдарламаларын іске асыруы, дамыған елдердің агроөнеркәсіптік кешенінен отандық агроөнеркәсіптік кешеннің техникалық және технологиялық артта қалушылығын жеңуге бағытталған шараларын қаржыландыру қажеттіліктерімен ауыл шаруашылығының жұмыс жасау ерекшеліктері, қорғаудың қажеттіліктерімен түсіндіріледі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Овчинников О.Г. Государственное регулирование аграрного сектора США. - М.: Институт США и Канады РАН, 2012.-357с.

2. Дюрфельд Г. Стабильность семейного фермерства и действительности современного мира. Великий незнакомец. Крестьяне и фермеры в современном мире: Хрестоматия. Сост. Т. Шанин. - М.: Изд. Группа «Прогресс», «Прогресс-Академия», 2005. – 385с.

3. Серова Е.В и др. Агропродовольственные рынки России: опыт исследования. - М.:ИЭПП.-2010.-291с.

4. Кайгородцев А. Государственное регулирование АПК как фактор обеспечения продовольственной безопасности // Транзитная экономика. – 2013. – №1 – С. 30-38.

5. Есполов.Т.И, Бельгибаев К.М, Сулейменов Ж.Ж. Аграрная экономика. /Учебное пособие/ – А.: «ҚазНАУ», 2015. – 320 с.

6. Аубакиров Я.А. Национальная экономика в условиях глобализации. – А.: «Қазақ университеті», 2014. – 340 с.

ӘОЖ 336.051

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КОММЕРЦИЯЛЫҚ БАНКТЕР НЕСИЕЛІК ПОРТФЕЛІНІҢ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

Лухманова Г.К.

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
Irada_@mail.ru*

Мақалада 2013-2015 жылдар аралығындағы Қазақстан Республикасындағы коммерциялық банктердің несиелік портфелінің жағдайына талдау жасалған және проблемалық несиелердің үлесін төмендету шаралары ұсынылған.

В статье проведен анализ состояния кредитного портфеля коммерческих банков Республики Казахстан за 2013-2015 годы, а также предложены пути снижения доли проблемных кредитов.

In article the analysis of the loan portfolio of commercial banks of the Republic of Kazakhstan for 2013-2015 is carried out, and also ways of decrease in a share of the problem credits are offered.

Кілттік сөздер: несиелік портфель, коммерциялық банктер, кредит, заңды тұлға.

Ключевые слова: кредитный портфель, коммерческие банки, кредит, юридическое лицо.

Keywords: loan portfolio, commercial banks, credit, legal entity.

Әлемдік практика көрсеткендей, банк активтерінің көп үлесін несиелер құрайды. Сондықтан, несиелерге қатысты пайда болатын тәуекелдерді болжап, анықтап олардың проблемалық несиелерге айналып кету қаупін жою шараларын жүргізу керек. Банк несиелері қаржы секторындағы маңызды бөлігі болып келеді және ол экономиканың өсу қарқынына үлкен әсерін тигізеді. Экономикаға тән түрлі циклдердің әсерінен банк несиелерінің өсу немесе төмендеу динамикасы өзгерістерге ұшырап отырады, несиелердің қайтарылу ықтималдығы төмендейді. Сәйкесінше, ол банк үшін үлкен шығындарға айналады, экономикаға өз кері әсерін тигізеді. Осындай экономикаға тән факторларды, циклдерді алдын-ала болжау, зерттеу арқылы банк несиелеу процесінің тиімділігін арттыруға және жағымсыз әсерлерді бейтараптандыруға көңіл бөлуі қажет және осыны негізгі міндетіне айналдыру керек.

Несиелік портфель – қандай да бір белгілері бойынша тізілген несиелер жиынтығы, «несиелік портфель» ұғымы банктің несиелік қызметінің сапасын көрсетеді [1, 235].

Несиелік портфельді басқаруда несиелік саясатты дайындау және іске асыру шешуші рөлге ие. Банктің несиелік саясатының стратегиясы мен әдіс-тәсілдері бас банкте, несиелік басқармада, несиелік комитетте дайындалады және банктің басқару органымен бекітіледі.

Несиелік портфельді басқару несиелік процесті жүзеге асыру барысындағы банктің ұйымдастырған қызметі [2, 197]. Оның міндеті-несие тәуекелдерін азайту немесе болдырмау болып табылады. Іс жүзінде проблемалық несиелердің коэффициенті «несие сапасы» мерзімі созылған және күмәнді қарыздар шотының қалдығынан күмәнді қарыздар бойынша шығындар резервін алып таза несиелік портфельге бөлу арқылы анықталады. Бұл көрсеткіш қорытындысы 5%-дан жоғары болатын болса, банкте несиені қайтару бойынша проблемалар бар екендігін көрсетеді.

Қазақстан Республикасында банк саласында қазіргі уақытта 35 екінші деңгейлі банктер қызмет етеді, олардың ішінде 16 банк шетелдік қатысумен, 13 еншілес банк.


Кесте 1 - ҚР банк секторы несиелік портфелінің сапасы

Көрсеткіштің атауы	01.2014		01.2015		01.2016		Ауытқу	
	Сома, млрд. тг	Үлесі, %	Сома, млрд. тг	Үлесі, %	Сома, млрд. тг	Үлесі, %	Сома, млрд. тг	Үлесі, %
Несие портфелі, оның ішінде:	13348	100	14184	100	15553	100	2205	16,5
Банктерге және қаржы институттарына қарыздар	121,1	0,9	102,1	0,7	62,2	0,4	-58,9	-48,5
Занды тұлғаларға несиелер	7472,9	56,0	7016,2	49,5	7307	47,0	-165,7	-2,2
Жеке тұлғаларға несиелер, оның ішінде:	3297,1	24,7	3707,9	26,1	3872	24,9	575,8	17,5
-Тұрғын үй салуға және сатып алуға, оның ішінде:	988,6	7,4	1004,3	7,1	1109	7,1	120,7	12,2
-Ипотекалық тұрғын үй қарыздары	891,8	6,7	935,0	6,6	1039	6,7	147,3	16,5
-Тұтыну несиелері	2241,1	16,8	2639,9	18,6	2622	16,9	381,6	17,0
-Басқа да несиелер	67,4	0,5	63,7	0,4	140,9	0,9	73,5	109,1
-ШОБ субъектілеріне несиелер	2342	17,5	3248,1	22,9	4242,2	22,3	1900	81,1
«кері РЕПО» операциялары	114,8	0,9	109,9	0,8	69,1	0,4	-45,7	-39,8
Ескерту - [3] көзі негізінде автормен талданған								

Қазақстандағы коммерциялық банктердің 2013-2015 жылдар аралығындағы несиелік портфелін талдайтын болсақ, жалпы негізгі борыш көлемі 2014 жылы 13 348

млрд.тг, ал 2015 жылы 6 %-ға өскен (836,2 млрд.тг). 2016 жылы 9% ға (1369,3 млрд.тг) өскен.

Несие портфеліндегі ең көп үлесті заңды тұлғаларға берілген несие 2014 жылы 56,0 %, 2015 жылы 49,5 %, 2016 жылы 1 айында 47 % алып тұр. 2015 жылдан төмендеу – 4,1% болды. Жеке тұлғаларға берілген несие үлесі 2014 жылы 24,7 %, 2015 жылы 26,10% (410 млрд.тг) ұлғайған, ал 2016 жылы 24,90% құрап, 2015 жылмен салыстырғанда 1,10 % төмендеген. Жеке тұлғаларға берілген несиелер ішінде ең көп үлесті ШОБ субъектілеріне берілген несие құрап тұр, 2014 жылы 2342,2 млрд.тг (17,50 %), 2015 жылы 3248,1 млрд.тг, 22,90% алып тұр, 2014 жылмен салыстырғанда 38 % -ға, 905,9 млрд.тг көбейген. 2016 жылдың 1 айына 22,30% 4242,2 млрд.тг құрап тұр. 2015 жылмен салыстырғанда 30%-ға 994,1 млрд.тг көбейген. Тұтыну несиелері 2014 жылы 2241,1 млрд.тг 16,80 % құраған, 2015 жылы 2639,9 млрд.тг болған, 2014 жылмен салыстырғанда 398,8 млрд.теңгеге 17 %-ға көбейген. 2016 жылдың 1 айына 2622,7 млрд.тг, 16,9 % алып тұр. 2015 жылмен салыстырғанда -0,9 %, 17,2 млрд.тг азайған.



Сурет 1 – ҚР банк секторындағы жеке және заңды тұлғалардың қарыздар динамикасы

Ескерту- [3] әдебиет көзі негізінде автормен талданған

2014 жылы жеке және заңды тұлғаларға берілген несие соммасы 10 770 млрд.тг. Соның ішінде көп үлесін алып тұрған заңды тұлғаларға берілген несиелер 7472,9 млрд.тг, ал жеке тұлғаларға берілген несиелер 3 297,1 млрд.тг.

2015 жылғы жалпы несиелеу соммасы 10 724,1 млрд.тг. Соның ішінде заңды тұлғаларға 7 016,2 млрд.тг, ал жеке тұлғаларға 3 707,9 млрд.тг берілген. 2014 жылмен салыстырғанда жеке тұлғаларға берілген қарыздары 410,8 млрд теңгеге, яғни 12% көбейген , ал заңды тұлғаларға берілген қарыздары 456,7 млрд.теңгеге, яғни 6,1% төмендеген. 2016 жылы жалпы сомасы 11 180,1 млрд.тг. Заңды тұлғаларға берілген қарыздары 7 307,2 млрд.тг, жеке тұлғаларға берілген қарыздар 3 872,9 млрд.тг. Бұл көрсеткіштер 2015 жылмен салыстырғанда заңды тұлғаларға берілген қарыздары 291 млрд.теңгеге, яғни 4%-ға өскен, ал жеке тұлғаларға берілген қарыздары 165 млрд.теңгеге немесе 4% өскен.

Кесте 2 – ҚР банк секторындағы несие портфелінің сапасы

Көрсеткіштің атауы	01.2014		01.2015		01.2016		Ауытқу	
	Сома, млрд. тг	Үлесі,%	Сома, млрд. тг	Үлесі,%	Сома, млрд. тг	Үлесі, %	2015/14 жж.	2016-15 жж.
Банктік қарыздар, оның ішінде:	13348	100	14184	100	15553	100	836,2	1369
Негізгі борыш	8745	65,5	10259	72,3	13436	86,4	1513	3177
1 күннен 30 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар	209,9	1,6	357,2	2,5	477,0	3,1	147,3	119

қарыздар								
31 күннен 60 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар	91,5	0,7	158,4	1,1	255,7	1,6	66,9	97,3
61 күннен 90 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар	142,7	1,1	69,4	0,5	147,4	0,9	-73,3	78
90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар	4158	31,2	3340,2	23,5	1236,9	8,0	-818	-2103
Ескерту - [3] өдебиет көзі негізінде автормен талданған								

ҚР коммерциялық банктердің берілген несиелер соммасының көлемі 2014 жылдың 1 айына 13 348,2 млрд.тг, 2015 жылдың 1 айына 14 184,4 млрд.тг, 2014 жылмен салыстырғанда 6%-ға, 836,2 млрд.теңгеге өскен, 2016 жылдың 1 айына 15 553,7 млрд.тг, 2015 жылмен салыстырғанда 9%-ға, 1 369,30 млрд.теңгеге ұлғайған.

Жалпы несиелеу құрамындағы негізгі борыш немесе мерзімі өтпеген берешек көлемі 2014 жылдың 1 айына 8745,9 млрд.тг құраған, 2015 жылдың 1 айына 10 259,2 млрд.тг, 2014 жылмен салыстырғанда 17%-ға, 1 513,30 млрд.тг көбейген, ал 2016 жылдың 1 айына 13 436,7 млрд.тг құрайды, 2015 жылмен салыстырғанда 30 %-ға, 3177,50 млрд.тг өскен. 1 күннен 30 күнге дейін мерзімі өткен несиелер көлемі 2014 жылдың 1 айына 209,9 млрд.тг (1,6%) құрап тұр, 2015 жылдың 1 айына 357,2 млрд.тг (2,5%) үлесін алып тұр, 2014 жылмен салыстырғанда 70%-ға, 147,30 млрд.теңгеге өскен. 2016 жылдың 1 айына ол көрсеткіш 477 млрд.тг (3,1%) алып тұр, 2015 жылмен салыстырғанда 33 %-ға, 119,80 млрд.теңгеге өскен. 31 күннен 60 күнге дейін мерзімі өткен несие көлемі 2014 жылы 91,5 млрд.тг (0,7%) үлесін алып тұр. 2015 жылдың 1 айына 158,4 млрд.тг (1,1%) алып тұр, 2014 жылмен салыстырғанда 73%-ға, 66,90 млрд.теңгеге өскен. Ал 2016 жылдың 1 айына бұл көрсеткіш 255,7 млрд.тг (1,6%) үлесін алып тұр, 2015 жылмен салыстырғанда 61%-ға, яғни 97,3 млрд.теңгеге өскен. 61 күннен 90 күнге дейін мерзімі өткен несие көлемі 2014 жылы 142,7 млрд.тг (1,1%) үлесін алып тұр. 2015 жылдың 1 айына 69,4 млрд.тг (0,5%) құрайды, 2014 жылмен салыстырғанда 51,3 %, -73,30 млрд.теңгеге азайған. 2016 жылдың 1 айына бұл көрсеткіш 147,4 млрд.тг (0,9%) үлесін құрап тұр. Бұл көрсеткіш 2015 жылдың 1 айымен салыстырғанда 112%-ға , яғни 78 млрд.тг ұлғайған. 90 күннен мерзімі өткен несиелер көлемі 2014 жылы 4158,2 млрд.тг (31,2%) үлесін құрап тұр. 2015 жылдың 1 айына 3340,2 млрд.тг (23,5%) алып тұр, 2014 жылмен салыстырғанда 19,6 %-ға -818 млрд.теңгеге азайған. Ал 2016 жылдың 1 айына бұл көрсеткіш 1236,9 млрд.тг (8 %) құрап тұр. 2015 жылдың 1 айымен салыстырғанда бұл көрсеткіш 62,9 %-ға 2103,30 млрд.тг азайған.

Кесте 3 – Занды тұлғалар қарыздарының сапасы

Көрсеткіштің атауы	01.2014		01.2015		01.2016		Ауытқу	
	Сома, млрд. тг	Үлесі,%	Сома, млрд. тг	Үлесі, %	Сома, млрд. тг	Үлесі, %	2015-14 ж.ж.	2016-15 ж.ж.
Занды тұлғалардың қарыздары, оның ішінде:	7472,9	100	7016,2	100	7307	100	-456,7	291,0

Негізгі борыш және/немесе есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек жоқ қарыздар:	4262,1	57,0	4341,2	61,9	6559	89,8	79,1	2 218,6
1 күннен 30 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар	58,3	0,8	140,5	2,0	246,2	3,4	82,2	105,7
31 күннен 60 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыз	24,0	0,3	71,4	1,0	114,8	1,6	47,4	43,4
90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар	3037,2	40,6	2445,0	34,8	296,2	4,1	-592,2	-2148,8
Ескерту - [3] әдебиет көзі негізінде автормен талданған								

ҚР коммерциялық банктердің несие портфеліндегі заңды тұлғаларға берілген несие көлемі 2014 жылы 7 472,9 млрд.тг құраған. Ал 2015 жылдың 1 айына 7016,2 млрд.тг құрап тұр, 2014 жылмен салыстырғанда -456,7 млрд. теңгеге, яғни 6%-ға төмендеген. Ал 2016 жылдың 1 айына 7307,2 млрд.тг болған, 2015 жылдың 1 айымен салыстырғанда 291 млрд. теңгеге, 4%-ға ұлғайған.

Негізгі борыш және/немесе есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек жоқ қарыздар көлемі 2014 жылы 4 262,1 млрд.тг (57%) алып тұр. 2015 жылдың 1 айына 4341,2 млрд.тг (61,9%) , 2014 жылмен салыстырғанда 79,10 млрд. теңгеге, яғни 1,8 %-ға өскен. Ал 2016 жылдың 1 айына бұл көрсеткіш 6559,8 млрд.тг (89,8%) болған, 2015 жылдың 1 айымен салыстырсақ, 2218,60 млрд.теңгеге, яғни 51%-ға өскен. 1 күннен 30 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар көлемі 2014 жылы 58,3 млрд.тг (0,8%) құрап тұр. 2015 жылдың 1 айына 140,5 млрд.тг (2%) үлесін алып тұр, 2015 жылмен салыстырғанда 82,20 млрд.теңгеге, яғни 140,9%-ға өскен.

2016 жылдың 1 айына 246,2 млрд.тг (3,4%) болған. 2015 жылдың 1 айымен салыстырсақ, бұл көрсеткіш 105,7 млрд.теңгеге, яғни 75%-ға артқан. 31 күннен 60 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар көлемі 2014 жылы 24,0 млрд.тг (0,3%) құрап тұр. 2015 жылдың 1 айына 71,4 млрд.тг (1,0%) алып тұр, 2014 жылмен салыстырғанда 47,40 млрд.теңгеге, яғни 197,5%-ға көбейген. 2016 жылдың 1 айына бұл көрсеткіш 114,8 млрд.тг (1,6%) болған. 2015 жылдың 1 айымен салыстыратын болсақ, 43,4 млрд.теңгеге, яғни 60%-ға ұлғайған. 61 күннен 90 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар көлемі 2014 жылы 91,3 млрд.тг (1,2%) алып тұр. 2015 жылдың 1 айына 18,2 млрд.тг болған, 2014 жылмен салыстырғанда -73,10 млрд. теңгеге, яғни 80%-ға төмендеген. 2016 жылдың 1 айына 90,2 млрд.тг (1,2%). 2015 жылмен салыстырғанда 72 млрд. теңгеге, яғни 395%-ға ұлғайған. 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар көлемі 2014 жылы 3037,2 млрд.тг (40,6%) үлесті алып тұр. 2015 жылдың 1 айына 2445,0 млрд.тг (34,8%) болған. 2014 жылмен салыстырғанда -592,20 млрд.теңгеге, яғни 19%-ға төмендеген. Бұл көрсеткіш 2016 жылдың 1 айында 296,2 млрд.тг (4,1%) болған. 2015 жылдың 1 айымен салыстырғанда, 2148,80 млрд.теңгеге, яғни 12%-ға азайған.

Жалпы қорта келгенде екінші деңгейлі банктердегі заңды тұлғалардың несие сапасы 2016 жылы 90 күннен асатын берешегі бар қырыздар, бірақ өткен жылдармен салыстырғанда оның көлемі төмендеп жатыр. Ал қалған мерзімінен өткен берешектер өткен жылдармен қарағанда өсіп жатыр.

Кесте 4 – Жеке тұлғалар қарыздарының сапасы

Көрсеткіштің атауы	01.2014		01.2015		01.2016		Ауытқу	
	Сома, млрд. тг	Үлесі, %	Сома, млрд. тг	Үлесі, %	Сома, млрд. тг	Үлесі, %	2015-14 жж.	2016-15 жж.
Жеке тұлғалардың қарыздары, оның ішінде:	3297,1	100	3707,9	100	3872,9	100	410,8	165,0
Негізгі борыш және/немесе есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек жоқ қарыздар:	2497,1	75,7	2949,1	79,5	3087,0	79,7	452,0	137,9
1 күннен 30 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар	123,1	3,7	144,3	3,9	142,0	3,7	21,2	-2,3
31 күннен 60 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар	51,6	1,6	57,1	1,5	71,0	1,8	5,5	13,9
61 күннен 90 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар	37,1	1,1	44,4	1,2	34,4	0,9	7,3	-10,0
90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар	588,3	17,8	513,0	13,8	538,5	13,9	-75,3	25,5
Ескерту - [3] әдебиет көзі негізінде автормен талданған								

ҚР коммерциялық банктерінің несиелік портфелінің құрамындағы жеке тұлғалардың қарыздары 2014 жылы 3297,1 млрд.тг құраған. 2015 жылы 3707,9 млрд.тг болған, 2014 жылмен салыстырғанда 410,80 млрд. теңгеге, яғни 12%-ға өскен. Бұл көрсеткіш 2016 жылдың 1 айына 3872,9 млрд.тг болған. 2015 жылмен салыстырар болсақ, 165 млрд. теңгеге, яғни 4%-ға ұлғайған.

Негізгі борыш және/немесе есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек жоқ қарыздар көлемі 2014 жылы 2497,1 млрд.тг (75,7%) үлесін алып тұр. 2015 жылдың 1 айына 2949,1 млрд.тг (79,5%) болған. 2014 жылмен салыстырсақ, 452 млрд.теңгеге, немесе 18%-ға өскен. Ал 2016 жылдың 1 айына бұл көрсеткіш 3087,0 млрд.тг (79,7%) болған, 2015 жылмен салыстырсақ 137,90 млрд.тг, яғни 4%-ға ұлғайған. 1 күннен 30 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар көлемі 2014 жылы 123,1 млрд.тг (3,7%) болған. 2015 жылы 144,3 млрд.тг (3,9%) болған, 2014 жылмен салыстырсақ 21,20млрд. теңгеге, яғни 17%-ға өскен. 2016 жылдың 1 айында 142,0 млрд.тг (3,7%) болды. 2015 жылмен салыстыратын болсақ, -2,3 млрд.теңгеге, яғни 1,5%-ға азайған. 31 күннен 60 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар 2014 жылы 51,6 млрд.тг (1,6%) үлесін құрап тұр. 2015 жылы 57,1 млрд.тг (1,5%) құраған, 2014 жылмен салыстырғанда 5,50 млрд.теңгеге, яғни 10%-ға артқан. Бұл көрсеткіш 2016 жылдың 1 айында 71,0 млрд.тг (1,8%) болды. 2015 жылдың 1 айымен салыстырсақ, 13,9 млрд.теңгеге, яғни 24%-ға ұлғайған. 61 күннен 90 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар көлемі 2014жылы 37,1 млрд.тг (1,1%) үлесін алды. 2015 жылдың 1 айына 44,4 млрд.тг (1,2%) болған, 2014 жылмен салыстырғанда, 7,30 млрд. теңгеге, яғни 19%-ға өскен. Бұл көрсеткіш 2016 жылдың 1 айында 34,4 млрд.тг (0,9%) болды. 2015 жылдың 1 айымен салыстырғанда, 10 млрд. теңгеге, немесе 22,5%-ға азайған. 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар көлемі 2014 жылы 588,3 млрд.тг (17,8%) үлесін құраған. 2015 жылы 513 млрд.тг (13,8%) болған, 2014 жылмен салыстырғанда -75,30 млрд. теңгеге, яғни 12,7%-ға төмендеп кеткен. 2016 жылдың 1 айында 538,5 млрд.тг (13,9%) болған және 2015 жылмен салыстырғанда, 25,5 млрд.тг, яғни 4%-ға өскен.

Кесте 5 – 2016 жылдың 1 наурызындағы ҚР екінші деңгейдегі банктерінің қаржылық көрсеткіштері, млрд. тг

№	Банктің атауы	Активтер	Олардың ішінде			
			Мерзімі өткен төлемдері бар кредиттер		оның ішінде	
			сомасы	кредиттердегі үлесі	90 күннен асатын төлем мерзімі өткен кредиттер	сөмасы
1	«Казкоммерцбанк» АҚ	5 132	532	13,09%	345	8,50%
2	"Қазақстан Халық Банкі" АҚ	3 900	418	18,70%	268	12,01%
3	"ЦЕСНАБАНК" АҚ	1 981	100	6,34%	62	3,92%
4	"Ресей Жинақ банкі" АҚ ЕБ	1 502	259	24,10%	121	11,30%
5	"Банк ЦентрКредит" АҚ	1 386	186	19,97%	92	9,90%
6	"KASPI BANK" АҚ	1 235	182	23,51%	74	9,58%
7	"АТФБанк" АҚ	1 278	227	33,01%	74	10,73%
8	"ForteBank" АҚ	1 062	91	17,26%	47	8,92%
9	"Еуразиялық Банк" АҚ	997	119	18,65%	61	9,55%
10	"Банк "РВК" АҚ	979	144	21,47%	21	3,26%
11	"Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ	492	11	3,63%	1	0,41%
12	"Ситибанк Казахстан" АҚ	503				
13	"Delta Bank" АҚ	429	1,34	0,35%	1,29	0,34%
14	"Нұрбанк" АҚ	321	37	19,56%	18	9,87%
15	"Qazaq Banki" АҚ	340	18,69	7,37%	4,28	1,69%

16	«Altyn Bank» АҚ («Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның ЕБ)	276	4,26	4,63%	2,44	2,65%
17	"Альфа-банк" ЕБ АҚ	308	21,84	13,74%	14,2	8,94%
18	"AsiaCredit Bank ББ" АҚ	254	36,7	23,06%	22,01	13,82%
19	"Астана Банкі" АҚ	242	25,4	16,78%	7,9	5,26%
20	"Казинвестбанк" АҚ	116	17,6	23,68%	13,8	18,61%
21	"Банк ВТБ (Қазақстан)" АҚ ЕҰ	154	23,0	25,06%	14,6	15,99%
22	"Қазақстандағы Қытай Банкі" ЕБ АҚ	93	0,51	4,89%	0,246	2,35%
23	"Банк Хоум Кредит" АҚ ЕБ	110	15,4	15,33%	8,7	8,72%
24	"Capital Bank Kazakhstan" АҚ	105	8,7	11,76%	3,2	4,30%
25	"Алматы қаласындағы Қытай сауда-өнеркәсіп Банкі" АҚ	103				
26	"Банк Kassa Nova" АҚ	89	5,8	9,98%	2,88	4,94%
27	"ҚАЗАҚСТАН ЭКСИМБАНКІ" АҚ	69	3,0	6,62%	1,0	2,19%
28	"КЗИ БАНК" ЕБ АҚ	53	11,4	32,10%	2,2	6,31%
29	"PNB Қазақстан Банк" АҚ	55,4	1,5	5,25%	0,522	1,77%
30	"RBS (Kazakhstan) ЕБ" АҚ	33,9	0,002	2,13%		
31	"Al-Hilal" Ислам Банкі" АҚ	32,7	0,087	0,92%		
32	АҚ "EU Банк (ДБ "Еуразиялық банк" ЕБ АҚ)"	20,9	1,24	8,43%	1,05	7,12%
33	"Шинхан Банк Қазақстан" АҚ	20,0	0,493	3,69%	0,444	3,32%
34	"Заман-Банк" АҚ	14,2	3,2	25,07%	0,68	5,31%
35	Пәкістан Ұлттық банкінің Қазақстандағы ЕБ АҚ	6,1	1,86	41,36%	1,4	31,48%

5-ші кестенің жалғасы

Барлығы:	23 705	2 514	16,10%	1 293	8,28%
Ескерту - [3] әдебиет көзі негізінде автормен талданған					

«ForteBank» АҚ-ның несиелік портфелін қарастыратын болсақ, 2016 жылдың 1 наурыздағы жалпы активтер соммасы 1 062 867 889 кұраған, оның ішінде мерзімі өткен төлемдері бар кредиттер көлемі 91,263,473 мың.тг. Жалпы несиелік көлемінің 17,26 % алып тұр. 90 күннен асатын төлем мерзімі өткен кредиттер көлемі 47 177 488 мың.тг. Несиелік көлемінің 8,92 % алып тұр [4]. "Ресей Жинақ банкі" АҚ ЕБ несиелік портфелін талдайтын болсақ, жалпы активтер көлемі 1 502 800 537 мың.тг., оның ішінде мерзімі өткен төлемдері бар кредиттер көлемі 259 280 768 мың.тг, жалпы несиелік көлемінің 24,10 % алуда. 90 күннен асатын төлем мерзімі өткен кредиттер көлемі 121 557 565 мың.тг. Несиелік көлемінің 11,30 % алып тұр. «Казкоммерцбанк» АҚ несиелік портфелін талдайтын болсақ, жалпы активтер көлемі 5 132 146 244 мың.тг. Оның ішінде мерзімі өткен төлемдері бар кредиттер көлемі 259 280 768 мың.тг. Жалпы несиелік көлемінің 24,10 % алып тұр. 90 күннен асатын төлем мерзімі өткен кредиттер көлемі 121 557 565 мың.тг, несиелік көлемінің 11,30 % кұрайды [5].

Қазақстанда екінші деңгейлі банктердің несиелік портфелі ұлғаюда, соның ішінде 50 пайыздай заңды тұлғаларға берілген несиелік. Ал проблемалық кредиттер жеке тұлғаларда – 13 %-дай, заңды тұлғаларда – 9 % кұрап тұр. Жалпы проблемалық несиелер көлемі 2016 жылы өткен жылмен салыстырғанда төмендеген.

Елбасы Н.Назарбаев Ұлттық Банктің алдына 2016 жылы проблемалық несиелік үлесін 15%-ға төмендетуді тапсырды. Банктер өздері шешке іс-шараларды қолдана алатындығын ескерткен болатын.

Инфляция кезінде Үкімет банк секторының құлдырауын жол бермеуі тиіс, өйткені қаржы саласының қиын жағдайға ұшырауы бүкіл экономиканы құлдыратып жібереді. 2016 жылы екі айдың ішінде жеке тұлғалардың төленбеген несиелері 71 миллиард теңгеге жеткен. Ал заңды тұлғалардың проблемалық несиелері 2 айдың ішінде 73 %-дан 57 %-ға төмендеген. Проблемалық несиелердің жылдық динамикасына қарайтын болсақ, негізгі салалардың қарызы 32 пайызға қысқарған.

Проблемалық несиелердің үлесі жағынан Қазақстан әлемде алғашқы орында тұр, оның жалпы мөлшері 27 млрд долларға жуық. 90 күннен асқан несиелердің үлесі былтыр 31 пайыз болған. Дүние жүзі бойынша 2 және 6 орындарда тұрған Елдердің проблемалық несиелерінің үлесі 18 %-дан аспайды.

Әлемде проблемалық несиелерді, активтерді қайтару немесе осы сынды мәселерді шешумен айналысатын мамандандырылған арнайы Халықаралық ұйымдар жұмыс істейді. Қазақстан әзірге олармен тек банктердің сыртқы қарыздары бойынша ғана жұмыс жасайды. Алдағы уақытта ішкі қарыздары бойынша да жұмыстар жасау керек.

Алдағы уақытта коммерциялық банктер ішкі қаржыландыруға, теңгемен салынатын депозиттерді қабылдайтын тұрақты банк жүйесін дамытуды басты мақсат ету керек. Шетел валютасындағы сыртқы қарыздарды алуды қысқарту қажет. Бұл мақсатқа жету ұзақ уақытты керек етеді, себебі халықтың банктерге деген сенімін алу және бос ақша қаражаттарын депозитке салу тиімді екендігіне сендіру қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ұ.М. Искаков. Банк ісі. - Алматы: Экономика, 2013. - 774 бб.
2. С. Б. Мақыш. Банк ісі. - Алматы: Экономика, 2007. - 444 бб.
3. Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің ресми интернет-ресурсы: www.nationalbank.kz.
4. «ForteBank» АҚ – ның ресми сайты: <http://www.fortebank.com>.
5. Ресей Жинақ Банкінің ресми сайты: <https://www.sberbank.kz>.

ӘОЖ 330

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Сейдахметова А.А., Сейдахметов А.А.

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
aiym.seidahmetova@mail.ru*

Мақалада Қазақстанның агроөндірісінің жағдайы мен агроөнеркәсіптік кешенін қамтамасыз етуші салаларының даму деңгейі қарастырылған.

В статье рассматриваются состояние агропроизводства и уровень развития отраслей агропромышленного комплекса Казахстана.

The article discusses the state of agricultural production and the level of development of branches of agroindustrial complex of Kazakhstan.

Кілттік сөздер: агроөнеркәсіптік кешені, жер ресурстары, аграрлық ғылым, агрохимия, агробизнес.

«Халқымызда «Ауыл-ат байлар алтын қазық» деген қанатты сөз бар. Расында, ауыл біздің қастерлі атақонысымыз, тіршілік тынысымыз, киелі алтын тамырымыз. Біз индустриялық-аграрлық елміз. Біздің ел экономикасының екі басым бағыты бар. Бұл

индустриялық және аграрлық салалар. Ауыл шаруашылығы қашанда ел экономикасын алға сүйрейтін жетекші саланың бірі болған, солай болып қала береді де. Мен оған кәміл сенемін» деген еді Елбасымыз Н. Назарбаев. Тәуелсіздікпен бірге ауыл шаруашылығын дамытудың тың жолдары қолға алынып, шынайы қамқорлықты сезінген ауыл еңбеккерлері соны қарқынмен еңбектеніп, жетістіктерге қол жеткізіп келеді.

Қазақтың жаны - ауыл. Қазір шамамен 7,48 млн. адам немесе Қазақстан халқының 45 пайызы ауылдық жерлерде тұрады. Ауылда туып, туған жердің қадірін білетін әрбір азамат үшін өңірлердің жаңа заман ағымынан қалып қоймай, өркендеп дамуы аса маңызды мәселелердің бірі екені анық. Әлемдік деңгейде халықты азық-түлікпен қамту өзекті мәселеге айнала бастаған қазіргі кезеңде сапалы әрі экологиялық таза ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге баса маңыз беріліп отыр. Жер байлығы мол елдің бірі ретінде Қазақстан да жаһандық өзгерістерге үстірт қарамайтыны белгілі. Мемлекет басшысы халыққа арнаған Жолдауларында агроөнеркәсіптік кешен (АӨК) саласын дамытудың маңыздылығы туралы мәселе көтеріп, Үкіметке нақты тапсырмалар беріп келеді. Атап айтқанда, 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығы өніміне өсіп отырған жаһандық сұраныс жағдайында ауыл шаруашылығын ауқымды жаңғырту қажеттігін мәлімдеді. Елбасы біздің алдымызда әлемдік азық-түлік нарығының көшбасшысы болу және ауыл шаруашылығы өндірісін арттыру мақсаты тұрғанын атап өтті. Ол үшін егістік алаңын ұлғайту, жаңа технологиялар енгізу есебінен егістік түсімін елеулі көтеру, әлемдік деңгейдегі мал шаруашылығы жемшөп базасын құру үшін үлкен әлеуетке ие болу міндеттерін алға қойды. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: «Біз экологиялық баса назар аударып отырып, ұлттық бәсекеге қабілетті брендтер құруға тиіспіз.

Нәтижесінде мен агроөнеркәсіптік кешеннің алдына - экологиялық таза өндіріс саласындағы жаһандық ойыншы болу міндетін қоямын», - деді. Елбасының айтуынша, жер өңдеу мәдениетін өзгерту және жаңа ғылыми, технологиялық, басқарушылық жетістіктерді ескере отырып, мал шаруашылығындағы дәстүрлерімізді жаңғырту қажет. Аса ірі экспорттық нарықты меңгеру үшін қай азық-түліктің жаппай өндірісін басты етіп қоюды айқындау керек. Алынған шаралардың нәтижесінде 2050 жылға қарай ел ДЖӨ-дегі ауылшаруашылық өнімінің үлесі 5 есе артуы тиіс. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін Мемлекет басшысы Үкіметке арнайы жаңа бағдарлама әзірлеу жөнінде тапсырма берді. Соның ішінде ең жаңа агротехнологияларды қолдануға бағытталған орта және ірі тауарлық ауылшаруашылық өндірістерін құру жөніндегі заңнамалық және экономикалық ынталандыру жүйесін тұжырымдау міндеттерін қамтуды жүктеді. Соған орай Үкімет өте қысқа мерзім ішінде Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған «Агробизнес-2020» бағдарламасын әзірледі. Бұл құжат Үкіметтің 2013 жылғы 18 ақпандағы арнайы № 151 қаулысымен бекітілді.

Бағдарламаны әзірлеушілер кіріспе сөзінде аталған саланың кешеуілдеп дамып келе жатқанына тоқталған. Қазіргі уақытта әлемдік аграрлық экономика мен демографияның жаңа үрдістері қалыптасуда, өңірдегі ықпалдастыру процестері нақты дами бастады, жаһандық климаттық өзгерістер болуда. Қазақстан Кеден одағына кірді, таяу кезеңде Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) кіруі жоспарлануда. Алайда, саладағы еңбек өндірістігінің төмен деңгейі, пайдаланылатын технологиялардың жетілдірілмегендігі, өндірістің ұсақ тауарлы болуы ауыл шаруашылығы өндірісін қарқынды негізде жүргізуге, материалдық, еңбек және басқа ресурстарды неғұрлым толық пайдалануды қамтамасыз етуге, экологиялық талаптарды сақтауға мүмкіндік бермейді. Осы факторлар отандық аграрлық сектордың бәсекеге қабілеттілігін

төмендетеді, бұл ДСҰ мен КО жағдайларында шетелдік өнім импортының басым болуына, жергілікті өндірушілерді өткізу нарықтарынан ығыстыруға әкелуі мүмкін. Азық-түлік өнімдерін тұтынудың қарқынды өсуімен және тұтыну құрылымының неғұрлым сапалы өнімдер жағына қарай өзгеруімен ел халқының өсуі орын алуда. Елді азық-түлікпен қамтамасыз етудегі, халықты жұмыспен қамтуды арттырудағы және республиканы экономикалық дамытудағы ауыл шаруашылығының рөлін Мемлекет басшысы үнемі айтып келеді. Сыртқы және ішкі ортаның өзгерген жағдайларында саланы мемлекеттік реттеу мен жаңғыртудың жаңа тетіктерін қолдану қажеттілігіне байланысты елімізде АӨК-ті дамытудың жаңа салалық бағдарламасы әзірленіп отыр [1].

Бағдарлама екі кезеңде іске асырылатын болады. Бірінші кезең 2013-2015 жылдарды қамтиды. Осы жылдар ішінде АӨК-ті дамытудың берік іргетасын қалау қажет. Бірінші кезеңде 17 мәселені шешу міндеті айқындалған. Соның бірі - бағдарламада көзделген мақсаттарға қол жеткізу, міндеттер мен іс-шараларды шешу үшін заңнамалық базаны қалыптастыру. Нәтижесінде саланы одан әрі дамыту үшін барлық жағдай жасалады.

Ал 2016-2020 жылдарды қамтитын екінші кезеңде ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндіріс көлемін елеулі түрде өсіру, барлық негізгі тамақ өнімдері бойынша Қазақстанның импортқа тәуелділігін қысқарту, экспорттық әлеуетті іске асыру, бағдарламада қойылған мақсаттарға қол жеткізу қажет. Бағдарлама тиімді орындалған жағдайда күтілетін нәтижелерге келсек, мемлекеттік реттеудің тиімді шараларын пайдалану, АӨК бизнесін дамыту үшін қолайлы жүйелі жағдайлар жасау, қамтамасыз етуші инфрақұрылымды дамыту, секторға тартылатын орташа жылдық инвестицияларды екі есе арттыру, өнімділікті өсіру нәтижесінде бағдарламаның негізгі нысаналы индикаторларына қол жеткізіледі. АӨК субъектілерін субсидиялау есебінен 2020 жылға қарай ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау көлемін 4,5 есе арттыру мақсаты көзделіп отыр. Бағдарламада көзделген іс-шараларды қаржыландыру мемлекетіміздің заңнамасына сәйкес тиісті қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді бекіту кезінде нақтыланатын болады. - Аталған саланы дамыту үшін қолданыстағы заңдарды да жетілдіріп отыру керек қой. Ауыл шаруашылығын дамыту ісіне, осы саланың тауар өндірушілерін қолдауға Парламент депутаттары да атсалысуда. Осы орайда, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне агроөнеркәсіптік кешен мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» жаңа заң жобасы әзірленді. Бұл заң жобасы агроөнеркәсіптік кешен саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіруге және «Агробизнес-2020» агроөнеркәсіп кешен саласын дамыту бағдарламасы шеңберінде ауылшаруашылық тауар өндірушілерін мемлекеттік қолдаудың жекелеген бағыттарын жүзеге асыруға бағытталған.

Бүгінгі таңда өз өңірімізде, тәулігіне 1,5 тонна сүт өндіретін сүт-тауарлы фермасы ашылды.

Нысан иесі Сәбит Ахметовтің айтуынша, 2015 жылы 90 бас ірі қара әкелсе, биылғы жылы тағы 120 бас сатып алған. Енді мал басын 1 500-ге жеткізуді жоспарлап отыр. Ірі қараның барлығы да симментал тұқымы. Кәсіпкердің сөзіне сүйенсек, бүгінгі күні швейцариялық сиырлар тәулігіне 1,5 тоннаға дейін сүт береді. Жоспарда оны 8 тоннаға дейін жеткізу көзделген. Сауылған сүт түгелімен сүт өнімдерін шығаратын «Үштөбе Айдын» ЖШС-ға жіберіледі. Соның нәтижесінде сүт өндірісінің аудандағы көшбасшысы өнім түрін көбейтіп, сапасын арттыруға мүмкіндік алды. - Сүт кешенін ашу - ауданымыз үшін айтулы оқиға. Кешен малдың жоғары өнімділігімен, малды баптауға жасалған қолайлы жағдайымен, жаңа технологияны енгізуімен ерекшеленеді. Бүгінгі күні фермада 50 адам жұмыс істейді. Шаруашылық иесі кейін іргесін кеңейтіп, жұмысшылар санын 100-ге жеткізуді де жоспарлап отыр. Өткен жылы нысанның

құрылысы басталғаннан бері біздің аудандық филиал заңдық тұрғыдағы мәселелерге қатысты жан-жақты көмек көрсетті, - деді Кәсіпкерлер палатасының Қаратал аудандық филиалының директоры Марат Құсайынов. Жалпы, жыл басынан бері Қарасай ауданында 750 басқа арналған жоғары өнімділікті сүт-тауарлы ферма және «Медеу Коммерц» ЖШС-ның прогрессивті технология негізінде қуаттылығы жылына 5 мың тонна болатын сүт өңдеу цехы іске қосылған.

Сонымен қатар, Алматы облысында 6 мың басқа арналған мал бордақылау алаңы іске қосылды. Кербұлақ ауданында орналасқан Шадиев шаруа қожалығы «қазақтың ақ бас сиырын», «алатау» мен «ангус» тұқымын өсіруді қолға алды. Басты мақсат - Елбасының 100 нақты қадамында көрсетілген ет экспорты әлеуетін арттыру тапсырмасын орындау. Шаруашылық бірден жоспарланған қуатына шықты. 6 мың бас ірі қара байлауда тұр. Ал 400-ден астам «қара ангус» сиырын Австралиядан әкелді. Қыстың қамын жаз ойлаған қожалық мал азығын молынан дайындады. Шаруашылықтың іс бақарусышы Жандос Атағожаевтың айтуынша, 35 мың орам шөп, 10 мың тонна жүгері, 5 мың тонна арпа, 2 мың тонна бидай бастырылған. Демек биылғы қыстан қиналмай шығуға қор жеткілікті. Кәсіпорын Алматы қаласындағы ет комбинаттарына жылына 1200 тонна өнім өткізуді жоспарлап отыр. Шаруашылық етті экспортқа шығаруға да дайын. Ал, ауданда орналасқан ет өңдеу комбинаты малды барлық талапқа сай етіп сойып жөнелтуге мүмкіндік береді. Жалпы Алматы облысында ірілі-ұсақты 60 мал бордақылау алаңы бар. Жыл басынан бері 6 мың тоннадан астам сиыр еті өндірілді [2].

Туған өлкеміздің ежелден егіншілік пен мал шаруашылығын қатар дамыта отырып, табысқа кеңелгені бәрімізге мәлім. Сондықтанда болар, өңіріміздің негізгі кәсіп көзі аталмыш саланы өркендетуге тығыз байланысты. Жылма-жыл егін көлемін ұлғайтып, жер-анадан берекелі өнім жинай білген, төрт түлігін түлетіп, ыдысы ақтан арылмаған жергілікті жамағаттың ата кәсібімізді өркендетуге қосып жатқан үлесі мол.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. inform.kz/kz/auyl-sharuashylygyn-damytu-isine-osy-salanyn-tauar-ondirushilerin-koldauga-parlament-deputattary-da-atsalysuda_a2604941
2. ҚР Ұлттық Банкі, «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ 01.01.2015 жылғы есебі.

ӘОЖ 339.138

АЙМАҚТАРДЫҢ АӨК ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАСҚАРУДАҒЫ ОҢТАЙЛЫ МЕХАНИЗМІ

Сюбебаева Ж.К.

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
zhuldiz86.kz@mail.ru*

Бұл мақалада аймақтардағы агроөнеркәсіп кешенін экономикалық басқару мен ұйымдастыру туралы мәселелер қарастырылады. Агроөнеркәсіп кешенін экономикалық басқарудың оңтайлы механизмі көбінесе елдің экономикасында жекелеген аймақтардың рөлінің артуымен, экономикалық үрдістердегі мемлекеттің араласу дәрежесінің өзгеруімен байланысты сипатталады.

В статье рассматриваются вопросы экономического управления и организации агропромышленного комплекса в регионе. Механизм оптимального экономического управления агропромышленного комплекса часто увеличивают роль экономики в

некоторых регионах страны, характеризующиеся изменением степени государственного вмешательства в экономические процессы.

The articles discussing issues of economic governance and the organization of agriculture in the region. The mechanism of optimal economic management of agro-industrial complex often increase the role of the economy in some regions of the country, characterized by a change in the degree of state intervention in economic processes.

Кілт сөздер: аймақтық экономикалық даму, өңірлік саясат, агроөнеркәсіп кешені, тұжырымдама, жаңа ресурстар, экономикалық және экологиялық мәселелер, жер реформасы.

Ключевые слова: регионально-экономическое развитие, региональная политика, сельское хозяйство, концепции, новые ресурсы, экономические и экологические проблемы, земельные реформы.

Keywords: regional and economic development, regional policy, agriculture, concepts, new resources, economic and environmental problems, land reform.

Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын реттеу үшін мемлекеттік билік органдарымен қолға алынған кез-келген өңірлік саясат пен кешенді шаралар негізінде белгілі бір модель немесе теория жатыр.

Қазіргі заманғы аймақтық тұжырымдамада АӨК экономикалық басқарудың онтайлы механизмі көбінесе елдің экономикасында жекелеген аймақтардың рөлінің артуымен, экономикалық процестерге мемлекеттің араласу дәрежесінің өзгеруімен байланысты.

Басқаша айтқанда, көптеген елдердің практикалық қызметінде және ғылыми тұрғыда білім мен инновацияға бағдарланған АӨК экономиканы басқарудағы онтайлы механизм тұжырымдамасы басым болып келеді.

Аймақтық АӨК экономикалық басқарудың тұжырымдамасының онтайлы механизмі экономиканың өсіп-өркендеуін, экологиялық және әлеуметтік қауіпсіздігін, ресурстарды үнемді жұмсау және ұтымды пайдалануды білдіреді.

Аймақтық АӨК экономикалық басқарудың онтайлы механизмі үлгісіне көшу белгілі басымдықтарды іске асыруды талап етеді:

- экономиканы ертаратандыру;
- жаңа ресурс үнемдеуші және экологиялық таза технологияларға көшу;
- әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту;
- ауылдық аудандардың әлеуметтік-экономикалық дамуы [1].

Нарықтық механизмнің мәні - қоғам нарық заңдарын пайдалана отырып, әлеуметтік-экономикалық дамудың одан әрі тұрақты болуын қамтамасыз ететін табиғаттың тепе-теңдік жағдайын анықтауға тырысатынын атап өту қажет. Экономика теориясы тұрғысынан нарықтық қатынастардың мәні тауар өндірушілердің шығындарын өтеу және олардың пайда табуына, сондай-ақ сатып алушылардың төлемге қабілетті сұранысын өтеулі, баламалы, бәсекелестік, еркін өзара келісім негізінде қанағаттандыруға алып келеді. Осыған байланысты, нарықтық табиғатты пайдалану механизмі – бұл табиғатты пайдалану және қоршаған орта субъектісі арасындағы рыноктық жұмыс істеуін және табиғаттың өсімін молайту принциптері мен заңдылықтарына жауап беру мақсатында қалыптасқан сан түрлі қатынастар.

Қазіргі таңда, Қазақстан экономикасы кезіккен экологиялық мәселелерді шешу үшін шаруашылық жүргізудің нарықтық жағдайында Қазақстан өңірлері үшін нарықтық және экономикалық механизмдерді үйлесімді қолдану аса маңызды болып келеді.

1-кестеде көрсетілгендей, жер балансының мәліметтері бойынша 1 қараша 2014 жылғы есепте 2089,6 мың га суармалы жер бар, оның 1667,9 мың га, (79,8%) ауыл

шаруашылығы мақсатындағы жерлер құрамында және 257,7 мың га (12,3%) босалқы жерлерде.

1-кесте. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер құрылымындағы суармалы жерлердің динамикасы, мың га.

Жер санаттары	1991	2000	2010	2014	2014 к 1991 %
ҚР суармалы жердің барлығы	2 379,5	2276,0	2 085,2	2089,6	87,8
Соның ішінде ауыл шаруашылық жерлер	2 308,4	1 640,2	1 673,2	1667,9	72,3
Ауыл шаруашылығындағы жер салмағы, %	97,0	72,1	80,2	79,8	

Ескертпе: Статистикалық жинақ “Қазақстан Өңірлері 2014 ж”. -А., С. 202-215 [2].


1991-2014 жылдар кезеңінде еліміз бойынша суарылатын жерлердің ауданы 289,9 мың га қысқарды, сонымен бірге ауыл шаруашылық алқаптары 244,9 мың га азайды, оның ішінде егістік 483,8 мың га азайды, көпжылдық екпелер – 34,8 мың га, бір мезгілде шоғыры суармалы жүйемен 290,5 мың га өсті.

Жер реформасын жүргізген сәттен бастап суармалы жерлерді қысқарту келесімен негізделген. Мемлекет иелігіне алу және жекешелендіру нәтижесінде ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының бұрынғы колхоздар мен совхоздар базасында көптеген фермерлік және шаруашылық қожалықтары құрылды, суармалы жер телімімен бірге бұрынғы ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының ішкі шаруашылық суландыру жүйесінің басқармасына бөліктермен берілді, бұл олардың тиімді пайдалануына ықпал етпеді.

2-кестеде келтірілген және 1-суретте көрсетілген облыстар бөлінісінде есепті жылға суармалы алқаптар бойынша бөлу.

2-кесте. Суармалы алқаптар үлес салмағының Алматы облысы бойынша бөлінісінде 01.11.2015 ж. [2].

Облыстар-дың атауы	Барлық жерлер	Оның ішінде					
		Егістік	Тыңай-ма	Көпжыл-дық екпелер	Шабынды қ	Жайылы м	А/ш алқап-ның барлығы
ҚР бойынша барлығы, мың га	2089,6	1485,9	342,7	77,9	19,6	110,0	2036,1
Оның ішінде Алматы обл, мың га	572,2	470,1	21,3	22,9	8,5	36,0	558,8
Үлес салмағы	27,4	31,6	6,2	29,4	43,4	32,7	27,4



1-сурет. Суармалы жерлерді облыстар бойынша бөлу, % [2].

Ескертпе: Статистикалық жинақ «Қазақстан Өңірлері» 2015 ж. -А., С. 202-215

Егістік жерлерді суару желісінің ең көп алаңдары (егістік және тыңайма) шоғырланған Алматы -572,2 мың га (27,4%), Оңтүстік Қазақстан - 485,9 мың га (25,2%), Жамбыл - 206,2 мың га (10,9%), Қызылорда -205,6 мың гектар (10,5%), Шығыс Қазақстан -197,5 мың га (9,9%) облыстарында.

Қазақстанда суармалы жерлерде, осы аймақтардың әлеуметтік маңызы бар мәдениет, қант қызылшасы Алматы және Жамбыл облысында, мақта Оңтүстік Қазақстанда және күріш Қызылорда облыстарында өсіріледі.

Негізгі әлеуметтік қажетті өнімдердің күнделікті сұранысы болып табылатыны - қант. Қазіргі уақытта Қазақстанда 95% қант импорттық шикі қанттан өндіріледі және тек 5% - ы отандық шикізат – қант қызылшасынан. Нәтижесінде Қазақстан қант импорттаушы болып келеді, бұл отандық шикізатпен өзін-өзі қамтамасыз етуге экономикалық мүмкіндігі бар деген сөз.

Қазастанның қантқа деген жоғары импорттық тәуелділігі оның экономикалық қауіпсіздігін төмендетеді, өйткені жыл сайынғы қантты сатып алу көлемі валюталық ресурстарды жинақтауға қосымша қысым түсіреді және отандық емес, шетелдік тауар өндірушілер ынталандырады. 2011 жылғы негізгі азық-түлік тауарларының импорт көлемі 1093,7 млн. АҚШ долларын құрады. Негізгі импорт үлесін қант құрады, шикіні қоса алғанда 344,3 млн. доллар АҚШ немесе 31%. Осыған ұқсас жағдай 2012-2015 жылдары байқалды [3].

Отандық шикізаттан жыл сайын шамамен 25 мың тонна ақ қант немесе 5% - ға оның жалпы өндірісінен өндіріледі, негізгі бөлігі 75% - ын шикі-қант кеден Одағына мүше елдерден импортталатын елдерден өндіреділеді (Ресей және Беларусь). 2020 жылға қарай Қазақстан ақ қант өндірісі-ден 750 мың тоннаға жеткізуді жоспарлап отыр, бұл Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы Министрлігінің баспасөз қызметінің хабарламалары бойынша 83% - ға ішкі қажеттілікті қамтамасыз етеді.

Қазір елімізде "Алматы және Жамбыл облыстарында қызылша өндіру бағдарламасы" іске асып жатыр. Бағдарламаның негізгі мақсаты – ҚР да қант қажеттілігін 20% дан кем емес қылып алаңдарға жеткізіп қамтамасыз ету. Ал басты мақсат отанды ішкі нарықты қанттық шикізатпен толтыру мақсатында қант қызылшасын өндеп өсіру, молайту, қантты импорттау тәуелділігін төмендету, қант қызылшасын өндірушілерге жәрдемдесу болып табылады [4]. Шаруашылық экономикалық тетіктің басты элементтерінің бірі аграрлық өндірісті индикативті жоспарлау болып табылады. Сонымен, қант қызылшасын өндіруді жоспарлауда және басқа да ауыл шаруашылық өнімінде келесі 4 кезенді атап өткен жөн: іс қимыл бағдарламасы нарығындағы негіздеме; өнімдер мен шикізаттарды

өндірушілердің мақсаты мен міндеттерін анықтау; мүмкіндіктерді әзірлеу мен өндірістің даму жолдары; шикізат пен өнім өндіру есебінен пайданы анықтау.

2016 жылы Алматы облысында қант қызылшасының алқабы 6,4 мың гектарға, ал өнімділігін гектарына 350 центнерге жеткізу жоспарланып отыр. Бұл туралы облыс әкімі Амандық Баталовтың қант қызылшасын өсіруді дамыту туралы 16 наурыз күні өткізген жиынында айтылды.

Жиын басында өңір басшысы А. Баталов қант қызылшасы өндірісін жандандыру Мемлекет басшысының Алматы облысының алдына қойған үлкен міндеттерінің бірі екенін атап өтті. Осы тапсырма аясында елді қантпен қамтамасыз етуде жыл сайын өндірілетін қант қызылшасының көлемін арттыру қажет. Бұл орайда мемлекет тарапынан едәуір қолдаулар көрсетіліп, алқаптарды ұлғайту мен қант қызылшасының өнімділігін арттыруға қажетті жағдайлар жасалуда.

2015 жылы қант қызылшасы 1,2 мың га жерге себілді деп есептелсе, 2016 жылы оның егістік көлемі 4 020 га болды. Одан 124,7 мың тонна тәтті түбір жиналып, тоқтап тұрған Көксу қант зауыты іске қосылды, барлық қажетті шаралар қабылданды. Өткен жылғы қант қызылшасын өсіру тәжірибесі істі дұрыс жоспарлап, оң бағытта білсе, мемлекет қолдауын, мемлекет пен жекеменшік әріптестік тетігін тиімді қолданып, жұмыла жұмыс істей білсе жоғары нәтижелерге қол жеткізуге болатынын көрсетіп берді. Осы бағыттағы жұмысты биыл да жалғастырып, қант қызылшасының алқабы көлемін 6,4 мың гектарға, ал одан алынатын өнім көлемін 220 мың тоннаға жеткізу көзделіп отыр.

Сонымен қатар, инвесторларды тарта отырып, «Жетісу» ӘКК Ақсу қант зауытын қалпына келтіру жұмысын жүргізіп жатқанына да тоқталды. Биылғы жылы қызылша өсірудің ерекшеліктері туралы облыс әкімінің орынбасары Серікжан Бескемпіровтің айтуынша, осы жылы қант қызылшасын өндіруге тек қызылша себетін аудандардың шаруашылықтары ғана емес, Алакөл ауданы мен Қапшағай қаласының бірқатар шаруа қожалықтары да кіріскелі отыр.

Алға қойған міндеттерді орындау мақсатында бүгінгі күні 6,4 мың га сүдігер жер дайындалды. Облыстық бюджеттен 200 млн. теңге бөлініп, «Жетісу» ӘКК арқылы 8422 егістік бірлік қант қызылшасының жоғары репродуктивті гибридтік француздық тұқымы сатып алынды. Қосымша Панфилов ауданы «Қамқорлық» ЖШС-ның жергілікті тұқымы 2,0 мың егістік бірлік көлемінде дайын тұр.

Жаңа сервистік дайындау орталықтарын құруға облыстық бюджеттен 1,2 млрд. теңге бөлінген. СДО-лардың 5-еуі қант қызылшасын өндіруге бағытталған. Сонымен қатар қызылша өндірісі үшін 85 бірлік техника сатып алынатын болады [4].

Көксу қант зауытының алдағы жұмыс жоспары туралы зауыт директоры Алтынбек Абатовтың мәлімдеуі бойынша биылғы жылы қант қызылшасын қабылдауда сатып алынған тағы 2 арнайы техниканы іске қосу жоспарланған. 15 мамырдан зауыт нысандарының жөндеу жұмыстары басталады, сондай-ақ алдағы уақытта зауыттың жаңғырту жұмыстарын жүргізу жоспарланған.

Қорыта келгенде, агроөнеркәсіп кешені өндірісінің аймақтық жоспарлау тәжірибесінде түрлі секторлары мен кәсіпорындардың ұзақ мерзімді даму жоспары маңызды роль атқарады. Сондықтан, негізгі проблемалардың бірі осы қызмет саласына аймақтық дамуының стратегиялық жоспарлау тұжырымдамасын және әдістемелік негіздерін құрастыру болып табылады. АӨК стратегиялық жоспарлаудың заманауи әдістерін салаларындағы экономикалық даму қызметі үшін бейімдеу, аумақтардың қолжетімді экономикалық әлеуетін тиімді пайдалануды қамтамасыз етуге, қоршаған орта ұсынатын мүмкіндіктерін іске асыруға жәрдемдеседі, шегі немесе оның қауіпін бұғаттауға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Шарипов А.К. Проблемы эффективного развития свеклосахарного производства РК. Монография.- Т.:ЖГУ им.И.Жансугурова, 2012-279с.
2. Статистикалық жинақ “Қазақстан Өңірлері 2015 ж”. -А., С. 202-215
3. Sokratis Barmounakis, Alexandros Kaloxylos, Aggelos Groumas, Lampros Katsikas, Vasileios Sarris, Konstantina Dimtsa, Fabiana Fournier, Eleni Antoniou, Nancy Alonistioti, Sjaak Wolfert. Management and control applications in Agriculture domain via a Future Internet Business-to-Business platform. Information Processing in Agriculture, Volume 2, Issue 1, May 2015, Pages 51-63
4. В рамках ГПФИИР в Алматинской области в сфере АПК внедрены 11 проектов.– Электронный ресурс.-Today.kz. <http://today.kz/news/economics/> 2010-07-27/26900/

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ

Dyusebaeva S.B. USE OF COMPARATIVE METHOD IN TEACHING OF STYLISTIC DEVICES IN KAZAKH AND ENGLISH POETRY.....	4
Буланов Е.О., Умиралинов Б.Б. ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАҒЫТТАРЫ.....	9
Кыяхметова Ш.А., Қайсарова Е. ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ МЕН ҰЛТТЫҚ ОЙЛАУДЫҢ ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ.....	14
Сарбасова Қ.Б. ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ТӘСІЛ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН ЖЕТІСУ ГИДРОНИМДЕРІ.....	20
Сейтжанов З.Н., Нүсіпәліқызы А.Н. ҰЛЫҚБЕКТИҢ АРНАУ ӨЛЕНДЕРІ.....	24
Сейтжанов З.Н., Нүсіпәліқызы А.Н. Ұ. ЕСДӘУЛЕТТИҢ САЯСИ ЛИРИКАЛАРЫ.....	27
Шуқуманова Б.С. МЕКТЕП ПРАКТИКАСЫНДАҒЫ СЫН ЕСІМ СӨЗ ТАБЫН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	34
Ыбыраймжанов Қ.Т. XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙДІҢ ЖЕТІСУ ӨҢІРІНДЕГІ ҚАЗАҚТАРДЫ ОРЫСТАНДЫРУДАҒЫ ЖҰМЫСТАРЫ.....	38

ЕСТЕСТВЕННО-ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ

Аликенова К.Н., Ежембеков М.О., Токанов М.М. ТЕХНИКА ФИЛОСОФИЯСЫ ТУРАЛЫ ОЙ-ТҰЖЫРЫМДАР.....	46
Аликенова К.Н., Еренгайыпов С.Т., Керимбаева Г.Т. ФИЛОСОФИЯ WEB-ТЕХНОЛОГИЙ.....	49
Құрманбаев А.А., Капсаметов С.К. ТЕХНОЛОГИЯ САБАҒЫНДА КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУДІҢ ТИІМДІЛІГІ.....	51

Нургабыл Д.Н., Озенбаев Н.Т. ПОСТРОЕНИЕ РЕШЕНИЯ ВОЗМУЩЕННОЙ КРАЕВОЙ ЗАДАЧИ С НЕОГРАНИЧЕННЫМИ ГРАНИЧНЫМИ УСЛОВИЯМИ.....	55
Рахымбеков А.Ж., Нурбосынова Г.С., Садуакасова Р.А., Саткулов Б.Б. ЭЛЕКТРОТЕХНИКАДАН ВИРТУАЛДЫ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ ӨДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕМЕЛЕРІ.....	59
Токпанов Е.А. ЛЕПСІ ӨЗЕНІНІҢ САҒАСЫНДАҒЫ ҚАРАШАҒАН ШЫҒАНАҒЫНДАҒЫ ЕМДІК БАЛШЫҚТЫҢ РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ.....	62
Шалтабаев А.А., Туганбаев А.А. ЭЛЕКТРОНДЫ ЕСЕПТЕУШ МАШИНАСЫНЫҢ ҚОРЕКТЕНДІРУ БЛОГЫ.....	67

ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

Petkova I.O., Baktybayev Zh.Sh. EUROPEAN MODELS AND BULGARIAN PRACTICE IN TEACHERS' CONTINUING PROFESSIONAL AND CAREER DEVELOPMENT.....	73
Джакубакынов Б.Б., Құрақбаева А.Ж. АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ВОЕННО-ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ.....	81
Ескендиrow К.Б., Уалиев Н.С., Ескендиrow Д.Ж. МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІН АРТТЫРУДАҒЫ ӨДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІКТІҢ РОЛІ.....	87
Капенова А.А., Шалқарбекова М.Ф. ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАҒЫ АРТ-ТЕРАПИЯЛЫҚ ӨДІСТЕР.....	92
Муздыбаев Б.А., Берикболов К.Е., Берикболова Е.Е. ВЛИЯНИЕ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВКИ НА ОРГАНИЗМ СПОРТСМЕНА И ОБЩИЙ МОРАЛЬНЫЙ УРОВЕНЬ БАСКЕТБОЛИСТОВ.....	96
Рысбекова Р.М., Әукен Е. ДЕНЕ ТӘРБИЕСІН БЕРУДІҢ ӨДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	101
Сеитова С.М., Кожашева Г.О. МАТЕМАТИКАЛЫҚ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ БІР ЖОЛЫ ТУРАЛЫ.....	106
Сыдыкбекова М.А. ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ МОЛОДЕЖНЫХ ЦЕНТРОВ ЗДОРОВЬЯ В КАЗАХСТАНЕ.....	110

Сыдыкова Б.Т., Капенова А.А., Жетписбаева А.Е. СЛАГАЕМЫЕ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО МАСТЕРСТВА.....	115
--	-----

Шакирова А.Д., Жетписбаева А.Е. ДЕПРЕССИЯ, СОЗЫЛМАЛЫ ШАРШАУ, ВТД КЕЗІНДЕГІ ӨЗІНДІК КӨМЕК: МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	118
--	-----

ЮРИСПРУДЕНЦИЯ

Алтынбекқызы А., Болатов Е.С. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАРЫН БОЛДЫРМАУ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ.....	122
--	-----

Алтынбекқызы А., Досбатыров С.Қ. ДНИ ЭКСТРЕМИСТИК ЖӘНЕ ТЕРРОРИСТИК ҚЫЛМЫСТАРҒА ҚАРСЫ КҮРЕСТІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ.....	125
---	-----

Байжұманова А.М., Рамазанова Н. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТАРАЛЫҚ БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	129
--	-----

Байжұманова А.М., Толқынова М. БОЛАШАҚ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МОДЕЛІНДЕГІ СОТ ЖҮЙЕСІН РЕФОРМАЛАУ.....	135
---	-----

Байжұманова А.М., Турусбекова Б. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ РЕФОРМАЛАУДЫҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ.....	140
---	-----

Нұрмұханқызы Д., Рысханов А.Т. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ОРАЛМАНДАРДЫҢ (РЕПАТРИАНТТАРДЫҢ) АЗАМАТТЫҚ АЛУ МӘСЕЛЕСІ.....	144
--	-----

Нұрмұханқызы Д., Серікұлы М. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ: ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ.....	148
---	-----

Тинистановна С.С., Егінбаева Қ.Қ. АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ ИДЕЯЛАР МЕН ОНЫҢ БАҒЫТТАРЫ.....	152
---	-----

Тинистановна С.С., Сапархан Н.А. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ.....	155
--	-----

Тинистановна С.С., Шакербек Е. ҚАЗАҚСТАН КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ ДАМУЫ: ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ.....	159
--	-----

Чукмаитов Д.С., Мұқаметқали Д.Б. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ПАРЛАМЕНТ СЕНАТЫ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	163
--	-----

ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ

Беделбаева А.Е. ИННОВАЦИЈАЛЫҚ КӘСІПКЕРЛІК: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙ, МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ.....	169
---	-----

Блеутаева К.Б. ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ.....	173
--	-----

Жунусова Г.А. НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКА ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ АГРАРЛЫҚ САЛАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	181
--	-----

Лухманова Г.К. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КОММЕРЦИЈАЛЫҚ БАНКТЕР НЕСИЕЛІК ПОРТФЕЛІНІҢ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ.....	188
---	-----

Сейдахметова А.А., Сейдахметов А.А. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ.....	196
--	-----

Сюбебаева Ж.К. АЙМАҚТАРДЫҢ АӨК ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАСҚАРУДАҒЫ ОҢТАЙЛЫ МЕХАНИЗМІ.....	199
---	-----

<p style="text-align: center;">ЖМУ ХАБАРШЫСЫ</p> <p style="text-align: center;">Ғылыми журнал 1997 ж. шыға бастады.</p> <p>Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім Министрлігінде жаңадан тіркеліп, 2003 ж. 12 қыркүйегінде № 4188-Ж куәлігі берілген. ISSN 1813-1123</p>	<p style="text-align: center;">ВЕСТНИК ЖГУ</p> <p style="text-align: center;">Научный журнал Издается с 1997 г.</p> <p>Перерегистрирован Министерством информации и общественного согласия Республики Казахстан. Свидетельство № 4188-Ж от 12 сентября 2003 г.</p> <p>ISSN 1813-1123</p>
<p>ВНИМАНИЮ АВТОРОВ!</p> <p>➤ Электронные версии статей доступны на сайте zhgu.edu.kz Мақалалардың электронды нұсқалары zhgu.edu.kz сайтында орналастырылған</p> <p>➤ Electronic versions of the articles are available on the web page zhgu.edu.kz</p> <p>➤ Редакция не несет ответственность за достоверность информации, приводимой авторами</p>	
<p>Общие положения</p> <p>Журнал "Вестник Жетысуского государственного университета" принимает к публикации материалы, содержащие результаты оригинальных исследований, оформленных в виде полных статей, кратких сообщений, а также обзоры (по согласованию с редакцией). Опубликованные материалы, а также материалы, представленные для публикации в других журналах, к рассмотрению не принимаются.</p> <p>Для публикации статьи авторам необходимо представить в редакцию следующие материалы и документы:</p> <ol style="list-style-type: none">1) Текст статьи с УДК, подписанный всеми авторами;2) Резюме, размещенное после текста публикуемого материала, которое должно кратко излагать предмет статьи и основные содержащиеся в ней результаты (3-5 предложений). Резюме публикуется на других языках, отличающихся от языка текста публикуемого материала;3) ключевые слова (5-10);4) файлы всех представляемых материалов на электронном носителе;5) сведения об авторах: должность, ученое звание, ученую степень, место работы (наименование учреждения или организации, населенного пункта), телефоны и адреса электронной почты. <p>Статьи могут быть представлены на казахском, русском и английском языках.</p> <p><i>Редакция не несет ответственность за достоверность информации, приводимой авторами.</i></p>	

Требования к оформлению

Текст статьи должен быть представлен на бумажном и электронном носителе в редакторе Microsoft Word 6.0/95 или в редакторах, совместимых с ним). Гарнитура - Times New Roman, кегль 12, одинарный интервал, для казахских текстов шрифт - KZ Times New Roman. Поля со всех сторон 2 см.

Общий объем статьи должен составлять не менее 5 страниц.

Статья должна быть тщательно отредактирована и аккуратно оформлена.

Библиографические ссылки в тексте статьи следует давать в квадратных скобках в соответствии с нумерацией в списке литературы.

Список литературы должен быть оформлен в соответствии с ГОСТ 7.0.

Список литературы для статьи не менее 5 наименований.

Страницы рукописи должны быть пронумерованы, включая листы с рисунками.

Все буквенные и цифровые обозначения, приведенные в рисунках, необходимо пояснить в основном подрисуночном тексте;

Все сокращения и условные величины должны быть расшифрованы в тексте. Размерности физических величин следует давать в системе СИ.

Названия иностранных фирм и организаций – в транскрипции первоисточников с указанием страны.

Рукописи статей, не соответствующие требованиям, не рассматриваются. Присланные рукописи обратно не возвращаются. Не допускается направление в редакцию работ, которые посланы в другие издания или напечатаны в них.

Пример оформления доклада

УДК 541.124

СИСТЕМА СОВРЕМЕННОГО БИЗНЕС-ОБРАЗОВАНИЯ

Шатырбаева Г.Ж., Молдабаева М.М.

Жетысуский государственный университет им. И. Жансугурова, г.

Талдықорған, Arginbay@mail.ru

Резюме на казахском языке

Резюме на русском языке

Резюме на английском языке

Текст доклада

Список литературы

Корректоры:
Н.Н. Шаяхметов,
Г.Д. Бакытбекова, А.А. Сейдахметова

Компьютерная верстка, изготовление
оригинал-макета Абилямажинова А.К.
Печатник Р.А. Айдарбеков

Подписано в печать 16.09.2016 г.
Гарнитура Таймс. Формат 200x280. Бумага офсетная.
Печать офсетная. Тираж 550 экз. Усл.п.л.11.1.
Отпечатано в издательском центре ЖГУ им.
И. Жансугурова
Заказ № 0025
040009. Талдықорған, І. Жансүгіров атындағы Жетісу
мемлекеттік университеті, Жансүгіров көшесі, 187а.